

ІҢКӘР ДҮНИЕ

(1972 ж., «Жазушы» баспасы)

АДАМНЫҢ КҮНІ АДАММЕН

Дәулетін, даңқын Отанның биік көтерген,
Перзенттік парыз маңдай терімен өтелген.
Қайда да барсам парасат ойлы, құрыш қол
Құрдасын тапқан бақытты жігіт екем мен.

Қайда да барсам қауышып құрдас-жаранмен,
Тағы бір жасап, тағы бір қунап қалам мен.
Жасара түсіп, жасара түсіп келеді
Адамның күні, адамның күні адаммен.

Кеше мен анау Теміртау жақтан қол бұлғап,
Магнитканың іргесін болдым қондырмақ.
Қол ұшын беріп, жетті ғой жайсаң жігіттер,
Жапанға сонда жастықтың үні болды ырғақ.

Еңбектің жырын, ерліктің сырын мол біліп,
Отанның сөзі махаббат бойға қондырып.
Қол сандығын қыстырып алып қолтыққа
Жастық-ай десей, жөнеле берер жол жүріп.

Жарасып көңіл, жас отау тігіп, үй болып,
Еңбегі жанып, ерлігін танып, сый көріп,
Құт қоныс теуіп, Теміртау, Қаратауларға
Даланың аптап, аяздарына үйреніп,
Шаттығын сыйлап шұғылалы әрбір жарық таң

Жасампаз ісін жаһанға және танытқан.

Айналмаймысың осындай құрбы-достардан,

Айналмаймысың өсірген соны халықтан.

Ең қиыр түстік, терістік пе әлде мекені,

Сөз емес тіпті жерінің шалғай екені.

Шын достық деген дәл осы шығар деймін мен

Шақырсақ болды, салып-ақ ұрып жетеді.

Далаға дәннен бақ тұнар кезде шақырдым,

Қапшағай суын тоқ қылар кезде шақырдым.

Шақырдым сені игілік істің бәріне,

Маңғыстау мұнай атқылар кезде шақырдым.

Бірлік пен достық бірауыз сөз жоқ бағаңа,

Одағым күшін осыдан ғана шамала!

Тағы да менің жеттіңдер жаңа достарым,

Арқадағы жас Арқалық деген қалаға.

Қайда да барсам жарқын да жайсаң жаранмен,

Қауышамын да, табысамын да қалам мен.

Ұлғая түсіп, ұзара түсіп келеді,

Адамның күні, адамның күні адаммен.

АЙНАЛДЫҚ СӘБИ КҮЛКІДЕН

Айналдық күлкілерден,

Бақыт пен бал төгілген.

Айналдық күлкілерден,

Атқандай таң төріңнен.

Сендердің күлкілерің
Мұңайсақ – шаттық болған,
Қартайсақ – жастық болған,
Тар шақта ұран болған,
Тарқатып құмарлардан.
Сәбидің күлкілері
Бейкүнә пәктік толған.

Он саусақ өнер тамған,
Айналдық қолдарыңнан.
Келер күн, келер таңнан,
Келешек жолдарыңнан
Күтеміз біз барлығын;
Ерлік пен асқақ ойлар,
Заводтар, жас қалалар,
Шалқыған Шардаралар
Көк жайқын Қапшағайлар.

Бақыт пен бақтың нәрін
Өбіңдер таң гүліндей.
Дүниеде оқтың барын
Өтіңдер мәңгі білмей.

* * *

Ақ қар жапқан даланы аңсадым да,
Кеткім келді алысқа, малшы ауылға.
Күлтеленіп тұр ма екен күрең арша,
Орғыл қызыл құмдардың қамсауында.

Күрең арша күлдіреп кешкі нұрмен
Егіліп бір жылаушы ед, ескі қырмен
Қойлар теуіп елтірі еркек құмды,
Айызым қанып қышырын естідім мен.

Бәлкім соны аңсадым, бәлкім басқа,
Барғым келді «Салқын тау», «Салқын тасқа».
Атың салқын болғанмен, атпал құмым,
Қалпың басқа еді ғой, халқың басқа.

Өліарасы әр айдың ылаңдатып,
Қырбық қар мен қыламық қылаулатып.
Сынық шана шиқылдап шөп тасушы ек,
Ыңырантып інгенді ылаулатып.

Бәлкім соны аңсадым, бәлкім бөлек,
Бәлкім маған бөлек бір салқын керек.
Салқын емес...

салқын ғой Алматы да,
Шөпке бірге баратын қартым керек!

Шөпке барам... сары інген аман ба екен,
Буаз ба екен биыл да, шабан ба екен.
Ақкөз аяз секілді ақи шалым
Биыл бірақ жол бастап барар ма екен,
Белі ауырып бадалып қалар ма екен.
Қамыт-бауды қайтадан тартып жатып,
Басын шайқап аларып қарар ма екен?!.

1969 ж. қаңтар

* * *

Ақ шаңдай артта шұбап қалған жылдар,
Ақшамдай іңіріме жалғандыңдар.
Мехнаты жарық боп жанған жылдар.
Махаббаты қарық боп қалған жылдар.

Жылдар... жылдар,
артымда, алдымда жыл,
Ширек сапар шиырлап қалдым қазір.
Шабандарға бұйрық іс – бүлкіл аяң,
Жараулардың жүйрігі алдымда жүр.

Көрер жарық – жыл болып жетеледі,
Нелер налып, намысым от өреді.
Жолдарымның жап-жақын төтелері –
Арман дейтін аруға некеледі.

Жүргем жолды,
өрде де, ылдида да
Күндер болды малтыққан, құлдилаған.
Жалғыз ауыз жыр болып қалар ма екен
Жаһұт дүнием мен талай жыл жинаған.

1968 ж., қыркүйек

ӘКЕНІ САҒЫНАМЫН

Әкем дүние салды,
Артында бір шаңырақ – бір үй қалды.
«Сырқатым бар» деуші еді сыпайылап,
Көзін жұмбай тіріде кім иланды.

Алтын нарқын кім сезген – «кеш білем» деп,
Ал асылдар ойлай ма «ескірем» деп,
Төсек тартып қалды әкем талай рет,
Ауырғанын ыңырсып естігем жоқ.

Кім әкесін өлімге қия алады,
Тұрды әкемнің қаңырап үй-орманы,
Жемге кеткен қарлығаш қайта оралмай,
Қызылшақа біз қалдық ұядағы.

Біз қозы едік.

Марқаймай кешігеміз,
Қатты қорықтық, тудық деп несіне егіз.
Айналайын заңынан табиғаттың,
Бір түп көде бар екен – несібеміз!

Шөп тасыған таңменен бірге тұрып,
Бір самаурын шай ішіп, бір кекіріп.
Қашарымыз өлгенде қабақ шытпай,
Қамыты сынса колхоздың жүрді өкініп.

Жалап-жеген колхоздан кәні емес ең,
Жалап-жеген қулармен және егес ең.

Қайран әке, мінезің қызық еді,
Бала емес ең, әрине дана емес ең.

Жалған бітті.

Жарқ етті лағыл – арың,
Жарығыңа зәрумін, жанығамын.
Сағынамын, әке, мен сағынамын,
Әке болып қалыппын, не қыламын?!

1970 ж.

АМАНКЕЛДІ ҚАБІРІ

Туған жерге таңнан да ыстық тұлға бұл,
Қабірде өсті, өсті сосын қырға гүл.
Анау жылы аталарың айтты ма,
Ақ алмас боп жарқылдапты бұл қабір.

Пай..., пай, дала! Кеңдігіңе қарық қып.
Бұл қабірге қасиетін де таныттық.
Батырларын бауырына басып ап,
Дамылдаған дала ғой бұл, жарықтық!

Көк сүңгіні көсілте ұстап қырқамда,
Қамшы сілтеп тізгін берді-ау тұлпарға.
Жорық жылы жанар таудай атқылап,
Бір төмпешік жатыр тыныш бұл таңда.

Бәлкім... Бәлкім...

Бұл жалғаннан өтті енді,
Қабірге де орнаттық біз көктемді.

Жер астында жатады адам дем бітсе,
Ерлігі оның жер бетінен кетпеді.

Біздің Торғай енді қалай озбасын,
Бақыт жайлы, батыр жайлы қозғашы.
...Таң алдында қап-қалың шық даланың
Батырды ойлап қалғандағы көз жасы.

* * *

Ән естілді, қоңыр кеш
Қырды қымтап алған шақ.
Кейде адамда көңіл хош,
Өткен жайды толғансақ.

...Ән әуені есіліп,
Сонау жонға жетті де.
Жолпат ағай қосылып,
Бірге шырқап кетті ме.

Ойлады ма жас күнді,
Бар екен деп бір белгі.
Көзі шалып қос гүлді,
Еске алып сол күндерді.

- Шіркін, сол бір қызық күн,
Қарттықты бұл кім күтпек.
Жеңгеңе осы қызықтым,
Көрген сайын ынтық боп.

Сонда осындай бір кеште
Естіп едім сырлы әнді.
Егіз гүлдей бірге өскен,
Бал махаббат жырланды.

Ұқсап кетті-ау бұл соған,
Тамып кетті-ау көзден жас.
Он сегізде тұрса адам,
Болса және қозғалмас.

Түу... түу, мынау ойларым
Жығар мені орына.
... Қайырмақ боп қойларын,
Қамшы салды торыға.

АНА СӨЗІ

Бозторғай онда таң атпай әнге басты да,
Бейкүнә даусын төкті ғой аспан астына.
Сәріде селеу арасын қалың шық жауып,
Сәскеде сәуле балқытты-ай келіп тасты да.

Сағым да сосын ойнақтап шығып қыр белге
Сабырлы дала тұнды да тұрды гүлдерге,
Соқаны салып, төскейді тілді күс қолдар,
Сар адырда әкем қой бағып, жайлап жүргенде.

Бейбіт күн еді ол, мылтықтың даусы естілмей,
Құс атқан жоқ-ау үркітіп көлден ешкім де.
Көктемге салым егіз боп шыққан өскіндей,
Көбейе берді, көбейе берді қос гүл де.

Жанарым әлі нұрға да толып болмаған,
Жүрегім әлі қайда екен дейді сондағы ән.
Келіншек еді сол көктем ғана жар сүйіп,
Жас шыбық едім өмірге енді орнаған.

Қайтесің бірақ... қарғысты қанша жаудырттық,
Аналық үкім, адамдық арды жарлық қып.
Сол соғыс талай жастықтың әрін жоғалтып,
Бізге кеп түсті сол соғыс салған барлық жүк.

Көтердік оны нәп-нәзік мынау белмен-ақ,
Қайғы мен қайрат екеуін қатар теңдеп ап.
Ерлік пен ездiк, өмір мен өлім айқасса,
Өзгереді екен, ер болады екен ел ғажап.

Майданға жарды шығарып сонда салған біз,
Жасырар не бар, көз жасын сығып алғанбыз.
Оралмай кетті, хабарсыз кетті кейбірі,
Қалдырып кетті жүректе қалған арманға із.

Бейбіт күн үшін бердік қой бәрін үлес қып,
Жүрдік қой әр күн әр үйден жоқтау жыр естіп.
Өмірді жұтып қоярдай болған соғыспен
Өмірді біздер өрбіту үшін күрестік.

Бітті ғой соғыс. Кетті ғой жанға жара сап,
Аз болған жоқ-ау адамға деген аласат.
Өлмейді өмір, аналар барда ақ сүтті,
Жоғалмайды екен, тоналмайды екен болашақ.

Аспанда күн бар – туады нұрлы таңғы арай,
Сарыарқа желі соғады енді жанға жай.
Ал енді бізге соғыстың көрген зардабын,
Шыдауға шек жоқ, соққысын оның қарғамай.

Бозторғай шырқап тып-тыныш таңда серпілді үн,
Келешек күндер келбетін көріп желпіндім.
Аналық арман, аналық махаббатыммен
Дүниеге дәйім тыныштық тілеп мен тұрмын.

АНАР

Бар ма екен сенің есінде,
Балқаймақ күндер шайқаусыз.
Бұлтиып бір зат төсінде
Булығып өсті байқаусыз.

Құрақтай қаулап қолаң шаш,
Құралпы қатар қызғанған.
Қынай бел қыпша, қаламқас,
Қашқақтап өстің қыздардан.

Омыраудың дауысын шығарып,
Алқа мен шашбау тағынбай.
Тал шыбық бойың бұралып,
Тәнті етер қимыл табылмай.

Томардан түскен шоққа ұсап,
Томсарып көзің жанғанда.

Тай сезіміңе нокта сап,
Тулатпай ұстап алғанда,
Жалғанда ешкім жоққа ұсап,
Тезекке бірге барғанда
Кезекпен әнге салғанда
Кезіккенімді білмеппін
Қадір түн – қайран, арманға!

Қақпаша жағаң күн қағып,
Қадалған түймең қатарлай.
Кеудеңе кейде ұрланып
Қарайтын едім бата алмай.

Бойың да өсті булығып,
Ойың да өсті булығып.
Тамырын тартпай бәйшешек
Шыға ма жерге сурылып.

...Екінді құлай еңкуге
Елгезек самал елпілдеп,
Жаға мен жеңнен жел гулеп,
Жел тиген етек желпілдеп,
Ақ тезек тердік, арқаға
Алаша қапшық төріндеп.

Көденің түбі қараңдап,
Кіреуке тартты нарт іңір.
Жалқаяқ жалқын талаурап,
Жуасып жатты жалқы қыр.

Қапшықты қозғап бар дене
Көтере берген сәтінде,
Дар ет түсті әлдене,
Күн қақан жаған, нәтінде...

Секемсіз тұр ем алдында,
Сескеніп менен қалдың ба,
Айдындай төсің мөлт етті,
Қос шабақ көлге шолп етті
Оралып өскен балдырға.

Он екі мүшең кетіктей
Қымсыңдың неге алдымда,
Айыпты тозған көйлек пе,
Айымыз басқа тағдыр ма?!.

...Одан соң талай жыл өтті,
Аулыңа талай бардым да,
Сәбиіңді көрдім алдында,
Аңкитып төсіңді иітіп,
Разы боп сонда отырдың
Айымыз басқа тағдырға.

17.02.69 ж.

АНТ

Туған Отан,
тума ұлыңмен мен сенің,
Мен өзіңнің бір тегершік бөлшегің.
Барометр сенсің әмән, барымды

Сенің сынап бағанаңмен өлшедім.

Саған ұқсап биіктерге төрледік,
Досты жебеп, жаумызды жерледік.
Алып ана – алып Отан алдында
Аласарсам, кетейін мен жер болып.

АПА, СЕН ЕРТЕ ҚАРТАЙМА

Апа, сен ерте қартайма,
Қарқара жаулық салынып,
Апа, сен ерте қартайма,
Қара шалыңды ойлап сағынып.

Сағынба деп те айта алман,
Отасқан отыз жылыңды.
Қара шаңырағың шайқалған
Қара шал кеткен күніңді.

Күнде ойлай беріп қайтесің,
Бақыты жансын бұл күнде
Тағдырдың көрдің тәйкесін,
Бүгінде көрдің шігін де.

Бесікпен мені белге орап,
Соғыс жылдары шығырдан
Қайтқанда, сәби жол қарап,

Жүрегің соған жылынған.

Атаңның әлде «тәубесі»,
Ақ пиғылы ма келіннің.
Сол екі тілек тоғысқан
Әкемді әкелді соғыстан.
Көретін жарық сәулесі –
Қарындас-інілерімнің.

Ұлдар да тудың, қыз да ерді,
Соңыңнан сенің «апалап».
Сен өсірдің ғой біздерді
Өсірді жарқын махаббат.

Қаншамыз кеттік жер тартқан,
Қаншамыз аман-сау қалдық.
Басыңа тартқан ақ шаңқан
Аналық туың – ақ жаулық.

Қара шал тілсіз кетті ғой,
Тосылмас жерден тосылар.
Тағдырдың кейде өші бар,
Сонда бір жалғыз сөйлемге,
Екеуің де зар болдыңдар.
Сағынта қалса сол жылдар
Қара шалыңды есіңе ал.

* * *

Асқынып ағатын бұлағың,
Бастығып қалған ба, шырағым.
Басылмай келіп ем құмарым,
Басыңа жеттім де құладым.

Баяғы ағысың қайда асау,
Булығып жатыр ма, бар ма сау?!.
Қара жер қайнарға тоймас-ау,
Қайнарлар ағыссыз қалмас-ау.

Көлдері қол бұлғап талай қыр,
Төсінен шақырды талай нұр
Сабылып сабырсыз келгенде,
Саябыр жатқаның қалай бұл?..

Басылмай келіп ем құмарым,
Басыңа жеттім де құладым.
Мен сенен сусындау орнына
Сені мен суарып, жыладым.

1969 ж., қыркүйек

АУА

Есінде бар ма, ел қонған мезгіл жайлауға,
Көде мен көкпек көз жауын алып сайларда,
Табының жерге тұра алмаушы еді тайғанап,
Сәскенің сәруар сәулесі қырды шайғанда.

Жібектей жұмсақ ауасын айтсай бәрінен,
Және де соны сімірсең-ау бір сәріден.
Сананды үрлеп үр жаңа еткен кезінде
Алқоңыр-шабыт оянар еді әріден.

БАЙҚОҢЫР

Байқоңырым!

Мәртебесі – Отанның
Жиһанға атын жаңғыртың ғой жапанның.
Табанында қалай ғана жатқансың
Талай ғасыр мал өргізген шопанның.

Жоқ.., жоқ, далам,
шыдағанның жөн болған,
(Дала біздің шыдамды ғой таңданбан.)
Дала біздің мінезі ауыр болғанмен,
Талай ғасыр ұшқысы кеп қомданған.

Жұлдыз қала,
жаһутыңды төгілдір,
Корабльдей құйқылжысын көңіл бір.
Ұя салған зымыран құсы заманның,
Жаса дала,
қойдай жуас қоңыр қыр!

БАҚЫТ

Қарағым деймін, қайда әлгі бақыт, қайда арман,
Басымызға біздің бала жылдарда айналған.

Бұлдырап ұшіп, буалдыр кеште кетті ме,
Қолға ілікпейтін суыртпақ сәуле сайлардан.

Балалық бақыт, басқа да бақыт басында тұрса
дәл кәзір,
Адам емес сен «ақ сайтанмын» де әзәзіл.
Бақыт дейтін батпақ емес қой, бауырым-ау,
Бақытты сүйсең, батпаққа батпай таза жүр.

Балалық – бақыт.
Басқа да бақыт бар, сірә,
Бақыт қона ма бәрімізге бірдей қоңсыға.
Шыдау керек пе, жылау керек пе, білмеймін,
Махаббат жасы төге салатын тамшы ма?..

БАЛТА

Алғаусыз жүзің даттанып,
Мұқалғанбысың, мәрт темір,
Қып-қызыл отқа қақталып,
Қунамайсың ба, қарт темір?

Жасамыс темір жүйенді
Жиденің шоғы балқытса,
Қасиетің мен киенді
Қара төс пенен қарт ұста.

Жасығаныңнан ұғынып,
Тамырыңды балға тап басса,
Шойырылған темір буыны
Сытырлап, сынып жатпас па?

Суға емес, желге сусындап,
Қарылған темір қанса бір.
Жапырағы талдың сусылдап,
Жапырып соған салса бір.

* * *

Бұлттар жел қуған жөңкіліп кетті алыс,
Енді болмайды тоқырап, тоқталыс.
Анау ақ бұлттар – тулап түсетін найзағай,
Немесе ашудан атылған ақ барыс.
Туған төбеге төге алмай кеткен соң
Атылып майып болу да мақтаныш.

* * *

Біздің ауыл аржағы көкпеңбек қыр,
Ізгі жауын себелеп көктем кеп тұр.
Қаулап қырға шашадан көк мелдеп тұр,
Қорық болмай әне бір шалғын табан
Өріске өткен көп малға өткел боп тұр.

Тұяқ тимей бұл жерге шығушы еді,
Сал бидайық шайқалып көкпеңбек кіл.
Менің әкем мазасыз қорықшы еді,
Орып болмай сол жерді кеткен дегбір.

Қылаң жорға қылпылдап астындағы
Ой мен қырды ойқастап өткенде бір,
Қорықшының дауысына кәнігі мал
Шашау шықпай қырды асып кеткенде бір.

Салт ат мініп шалғынның ортасында
Тұрсаң шіркін,
 ауасы неткен жеңіл!

Біздің ауыл аржағы көкпеңбек қыр,
Ізгі жауын себелеп көктем кеп тұр.
Шаңдақ қырға шашадан көк мелдеп тұр,
Қорық болмай әне бір шалғын табан
Өріске өткен көп малға өткел боп тұр.
... Қорық көрген құнандар көп келмейді,
Құлын-тайға қайырусыз өкпем кеп тұр.

* * *

Жағалауда құба тал,
Тал арасы жалбыз ғой.
Суат жаққа құдаша
Келе жатыр, жалғыз ғой...

Ақ балтыры қозғалса,
Ақ көйлігін жел қаққан.
Оң аяғын созғанша,
Сол аяғын шаң қапқан.

Қас пен көздің арасы,
Ақшам ба, әлде іңір ме?
Бейсеубет, бір шамасы,
Қонақ бар-ау үйінде.

Жағалауға көз салдым,

Жақындады бойжеткен.

Биыл осы жаз салқын

Тоңазыдым көйлекшең.

Қадала қарап тұр едім,

Қай жақтан... біреу қабакқа

Қарсыдан шығып қылт етті,

Жүрегім менің бүлк етті...

...Жағаның желі жалбыздың

Жас иісін маған үрлеп тұр.

* * *

Жаманатқа жоламан, жаманатқа,

Жазығым жоқ, сен маған жала жаппа!

Алтын жүзік қолыңа салу үшін,

Мен біреуді оқталман тонамаққа.

Жүзік салмай өтерсің көп болғанда,

Қанағатсыз көңілде тоқтам бар ма?

Адам бар ма бізден бай, бізден жомарт

Бір ауыз жыр көңілге дәт болғанда.

Кім біледі боларын қалай-қалай,

Көңіл зауқы соқпайды қалай қарай.

Қазына – кеудем,

қорқамын көздің құрты

Түсіп кетсе үңгір деп абайламай.

19.07.69 ж.

ЖЕЛ

Сәскеде соққан желдердің
Кешке де мүмкін тынбауы.
Кешігіп соқса кезінен
Әсте де мүмкін танбауы.

Лап етіп жалын тіліндей,
Өте де шыққан өткір жел,
Сандуғаштардың үніндей
Сан алуан жұпар төктіңдер!

Табиғат заңы керемет,
Тазалаушысы жердің – жел.
Текемет-қырды, не керек,
Қағып та сілкіп бердіңдер.

Жел тұрып еді, жасанып
Көлдерім шалқып ақты ғой.
Төбемде тұрған маса бұлт
Табанын жалтыратты ғой.

Тек сені бізге, еспе жел,
Табиғат дәйім кез қылғын.
Жел соққан кеш пен сәскелер
Бақытты шағы мезгілдің.

ҚАПШАҒАЙ ӘСЕРІ

Көшелерінен көк жусан иісі кетпеген,
Қалаға қарай көкпеңбек теңіз беттеген.
Даланы іздеп таба алмай тұрмын мен қазір,
Айналам тұтас астасып кетіп көкпенен.

ГЭС-тің шырқау мұнарасынан мұндалап,
Желпіндім дейсің Алатау жаққа бір қарап.
Іленің суы Балқашқа қарай жөңкілмей,
Сызылып ағып келеді қырға сырғанап.

Рахат қой теңіз тебіреніп тулап тереңнен,
Бір жағы дала, данадай сабаз кемел, кең.
Мұнараға шығып не ойлады дейсің,
ойладым
Теңізге қалай айналмас-ау деп дегенмен.

Керек пе теңіз?
Әулетті қолдар «әу» десе,
Көк айдын болып кетер-ақ еді тау неше.
Теңіз бен дала тағдырын ойлап тұрмын мен
Қапшағай ГЭС-тен тараған қуат сәулеше.

* * *

Кешегі қанды майданда,
Хабар-ошарсыз кеткендер
Қайтып келер ме еді бір.

Туған ауылдарын,

Тума бауарларын,
Табысып көрер ме еді бір

Жыламау мүмкін емес,
Бәрі де жылар еді,
Бәрі де сұрар еді:
- От-судан аман ба деп,
Туған жердің құба белі.
Біз игерген тыңды айтар едік,
Су келген құмды айтар едік.
Көрсетіп бау-бақшаларды,
Көрсетіп Қапшағайларды,
Қаратау, Теміртауларды,
Аралап бір қайтар едік.

Туған жер, уыс топырақ,
Бір сәттік көркің үшін де,
Он өліп он тірілсең де,
Пида ғой жан менен тән.
Ұмытылмас бірақ,
Қайран Отан, қайран Отан.

* * *

Көкжиекке бір ымырт қонды келіп,
Жарық дүние тағы бір күнді ұрлатты.
Жалқын сәуле жарығы жонды бөліп,
Сәл қозғалған селеулер діріл қақты.

Бозторғайлар шырқаған талықсып үн,

Қоңыр қырлар қайтадан қалғыды енді.
Қайтсін дала қарсы алды таныс түнін,
Тағы асыға күтеді таңғы желді.

Күннің нұрын іңір кеп жасқаса әрі,
Байтақ дала – бей-жай-ау, белі мүлдем.
...Ымырт пенен таң алды астасады,
Жұлдыз туып жұлдыздар сөнуімен.

* * *

Көктемнің кезі,
 көлдерге құйған қар суы,
Балқұрақ қамыс қозғалып кетсе – бал шуы,
Бойынды кейде дір еткізеді, дүние-ай,
Байкатпай ғана аяулы сезім шаншуы.

Денеңде қалған, тереңде қалған сол бір мұң,
Ояуы сөнген, бояуы семген солғын мұң.
Тап өзі шығар, қайдан білесің, қарағым,
Көзімнен тамбай, көңілімде қалған мөлдірдің.

Тағы да көктем, тағы да, тағы шаншыды, ә?..
Ескі ауруға ұқсап ұстайтын кезі бар, сірә,
Көңілімде қалған мөлдірім бе, әлде кезінде
Тама алмай бекер тат болып қалған тамшы ма?

Дірілдеп жатқан көзіме түссе таң шығы,
Дүрмек көктемнің құлаққа келсе шаң-шұңы,
Бойымды менің дір еткізеді, дүние-ай,
Тамырыма тұнған аяулы сезім талшығы.

КӨЛ ЖАҒАСЫНДА

Кешкілікте көлден самал соқты ғой,
Шабандап есіп, сараң соқты ғой,
Тыншу мезгілде тыпыршып тұрмын,
Самал бола алмай,
ама́л жоқтық-ай!

Жағасы көлдің бозқонақ, өлең,
Қоғасы көлдің қозғалады әрең.
Лап етіп жанып, лып етіп сөніп,
Лықсиды жүрек – бозбала денем!

Кемерді шайып толқын келеді,
Төбемнен қою бір түн келеді.
Тұр өңір тыныш...
жүрегімде ұрыс,
Шаттықтан шалқып күлкім келеді...

* * *

Қорланға ғашық болған есіл Естай,
Көңлінің қаңтарылған көші жастай.
Ойлаушы ем:
«Қолы жетпей Қорланына
Жер басып жүрді екен деп несіне Естай.

Ойлаушы ем, ақылға тіл төселдірген
Тағдырға жібермес деп есеңді сен.
Ойлаушы ем:

Мен егер де Естай болсам,
Қорланға қосылам деп есен жүрсем».

Ойлаушы ем және ойлаушы ем:

«жақсы көрсе,
Қорланға артық па деп басты берсе».
Қайырлап қалады деп ойламаушы ем,
Қос желкен қыр соңына тасқын ерсе.

Ертістің аржағында алаңдаған,
Естайға ақындығы – талан болған.
Ыстығы махаббаттың ішке түсіп,
Мұң болып сыртқа шығып аман қалған.

* * *

Махаббат бір дерт емес пе еді, қарағым,
Өрті емес пе еді назырқану менен наланың.
Енді ұшықса емі болмас бұл ауру,
Аузын тырнап ала көрме жараның...

Махаббат бір көл емес пе еді, қарағым,
Ақ қайраны мен емес пе едім жағаның.
Хош, хош, енді қайырламай қайранға,
Қара суға жүзіп кеткен шабағым.

* * *

Өліара мезгіл...

Он алты жаста едік біз,
Өліара өтсе, өруге жүрген елікпіз.
Сансыз табандар сарсылған дүние сені біз,

Тауыса алмаспыз, «армансыз кезсек» дедік біз.

Жалғыз да жарым жорытпай жайық жапанға,
Тұяғы барлар туған соң тыныш жатар ма!
Қырық құбылып Құралай ертең өткен соң,
Құлындай ойнап шығамыз біз де сапарға.

Түнеріп аспан томсарған бұлттар қарсы алып,
Жауар ма екен ебілде-себіл тамшы ағып.
Жасамыс аспан жаңа бір ұрпақ келгенде,
Жасаурап алып жылайды, әйтеуір, жар салып.

Көк сағымдарға жетердей-ақпын жүгірсем,
Көгіме қарай көтерілсеңші, Күнім, сен.
Көзімді қарып, сезімді жанып, тұр міне,
Бұл көктем жерге келмегендей-ақ бұрын-соң.

Алқынып асығыс аптыққан демін баса алмай,
Өрге асып кетсе, өзендер таудан асардай.
Марқаюы бар, қартаюы жоқ дүние,
Табиғат заңын тоқтатам қалай қош алмай?

Өліара мезгіл...

өте ғой енді тезірек,
Жолыңды ашты жаңа бір маусым кезі кеп.
Безініп тумай, сезініп туып барлығын,
Бүлкілдеп тұрған бір «пәле» екенсің,
Бүйірімде жатқан бір «пәле» екенсің., о жүрек!

* * *

Он бестен он алтыға жеткен кезім,
Өндірдей өлкем де өзім, көктем де өзім.
Жүйткіген жүйрік сезім - өкпек желім,
Масаты мақпал майса көк пен жерім!

Мен – көктем, мезгіл – көктем, маңай – көктем,
Күн шығып көк өзектен арай төккен.
Жасамыс жиде, талдың жапырағы
Жасарды талай қурап, талай кепкен.

Сағымды көкжиекке дала күрмеп,
Жапырақ жанданады самал үрлеп.
Жапырақ шайқалғанда, саусағымен
Шертеді шабытымның шанағын кеп.

Кеудемнің табиғатқа қосқан әні,
Сар желіп, шаужайына қосшы алады.
Күй – дүние, күйтті – көңіл дос болады,
Көктем боп көктем – өмір басталады.

* * *

Қау етіп құныс тамыр, бел көгеріп,
Қаз-үйрек қазоты өскен көлге қонып.
Көз ұшы – қара қырдан қайырамыз
Қозы-лақ көкке құмар желдеп өріп.

Артынан ақ жаңбырдың – олжалы қыр.
Ауылдың бер жағы қыр, ар жағы қыр.

Қан күрең нәлге бояп нау бұлттарын
Адырда алаурап тұр – маржан іңір.

Іңірдің шалығымен солықтаған
Қыр жатыр соңғы сәуле болып тәмам.
Жел тұрса қорым жақтан қыздармен бір
Қозы-лақ қайыруға барып қалам.

Қарсыда қарауытып төбе жатты –
Көмбесі ескі атыз бан көне жаптың.
Бәтима, Балғима кеп шақырған соң
Бүгін де қозы-лаққа келе жаттым.

Мен – көктем, мезгіл – көктем, маңай – көктем,
Мелдеген көк жиектен арай кеткен.
Барады іңір іріп түнге айналып
Қоңыр бұлт қоламтадай қалайы еріткен.

Қалғандай қараңғымен сағынысып,
Жапалық жыртық түнді жарып ұшып.
Қыздардың көйлегінің етегіндей
Көңілім келе жатыр алып-ұшып.

1969 ж., қаңтар.

ОН СЕГІЗ ЖАСАР - ҚҰРАЛАЙ

Он сегіз жасар қыз едің,
Он сегіз жасар өрімдей,

Ойда жоқта бой түзедің,
Қайда жүр едің көрінбей?..

Махаббат дейтін ауылға
Салған жоқ па едің ат-көлік,
Мап-майда жазғы жауынға
Көрген жоқ па едің тап болып.

Қараған көзді қандырмай,
Жандырмай кетпес қалқа қыз.
Қанатымызды талдырмай,
Қасыңа жақын қондырмай,
Қосылар ма екен ортамыз.

Он сегіз жасар – құралай,
Салқының түссе - өрерсің.
Ызғарына да шыдамай,
Ызғытып тұрып желерсің.

Ылдидан ырғып, белге өтіп,
Ылғи да, ылғи желдетіп.
Туған жеріңнің жүргенде
Төбелеріне төрлетіп.
Құмай қуса – құсасыз,
Тап бола көрме төбетке
Жіліншігіңе жел бекіп.

7.06.69 ж.

* * *

Саған, апа, сағынып хат жазайын,
Сағынышым сарғайған мақтадайын.
Сарғайған зат лап етіп жанып кетсе,
Шақпақ көңілім шағынып шаққан уайым.

Жүрегімді жылуы жібіткенде,
Уайымнан да жанамын, үміттен де.
Жанып жүріп бір күні өшіп қалсам,
Күлім ұшып кетер деп күдіктенбе!

Өшпейді, апа, оттарым жанып жүрген,
Жанбай жатып жалынға қарылдым мен.
Қалай жану қасиетін білгендіктен,
Сағындым мен, сағындым, сағындым мен!

* * *

Соңғы салқындар созылып тұрып сіңірдей,
Шарт сынды бұтақ шағырмақтарға ілінбей.
Жаз келді міне,
жапырағын жайқап сол терек,
Желкілдейді енді өткен-кеткені білінбей.

Аяз да өтті,
сәуле де жетті алаулап,
Айығып кетті нала мен наздан анау бақ.
...Көрші бұтақтың омырылып түскен орнынан
Қып-қызыл кеште қызыл нұр тұрды талаурап.

* * *

Сіздің ауыл аспанында
Әлде жаңбыр, әлде қар.
Қалың тұман қас-қағымда
Түсті ме екен жолды орар.

Сіздің ауыл ат байлай ма,
Белдеуіне боз үйдің.
Бойжеткендер қатты ойнай ма,
Қылын бұрап сезімнің.

Ауылыңды сұрай-сұрай,
Елден естіп тапқасын,
Білдіріп кеп ұяң шырай,
Байла, қалқам, ат басын.

Сәті түсіп жол болмаса –
Ата-енеңнен именіп,
Жұрттан бұрын ең болмаса,
Көрпеше сал үйге еніп...

ТАҢ

Бозала таңда бозторғай әлі шыр етпей,
Тып-тыныш дала тұмшанып шыққа сүмектей,
Жылыстап алып, жарығы налып жұлдыздың
Қалтырайды кеп, баяу бір соққан жүректей.

Ұйықтаған бұлттар ұйтқыған желмен жайылып,
Тазарады аспан нұрына талғақ шайынып,
Сейілмей салқын соныға түсіп топ жылқы,

Қотанда қойлар күйісін соңғы қайырып.

Бозторғай ұшып, үлгірді сәтте сайрап та,
Қарашықтай құс қайда жүр өзі, қай жақта?
Табиғат – уыз, шайқалып кетті шелегі,
Әлден-ақ кейін айналып кетті қаймаққа.

ТЕМІРЖОЛШЫ

Ендіктермен, еңкулермен тайпалған,
Құлындай орғып, құлындай ойнап қайқаннан,
Отанның шалғай түпкірлеріне таралып,
Заманның жүгін арқалап алған майталман.

Қатал табиғат қаперіне алмай күйтін түк,
Түстікке қарай, құбылаға қарай құйқылжып,
Самалдан озып, сағымнан сәтте қара үзген,
Жүйріктік пе, әлде байлаған көзді сыйқырлық.

Жарқылдап ағып болат жолдардың бойында
Қаншама жүктің қамытын салған мойынға.
Әр сапарлары бір ғана сабақ жіп болса,
Аптада жерді болады қырық қаюға.

Вокзалдарға кеп қаңтарып тастап ат басын,
Бусанып тұрар... босатқандай-ақ тартпасын.
Қаратаулардың Қапшағайларға сүйрейді
Қазандарынан қорытылып шыққан мәрт тасын.

Теңізден өтіп, таулардың шығып жігінен

Таңды ұрып таңға жүйткіді күні-түнімен.
Паровоздардың сәріде дауысы оятып,
Ұйықтаймыз ұйып тепловоздардың үнімен.

Ей теміржолшы,
теңізден өтсең – толқынға,
Таулардан өтсең – ақбас шыңына мол тұлға,
Даладан өтсең – алыста жалғыз қой жайған
Аттылы шопан... соларға бір-бір қол бұлға.

ШАЛҒЫНДА

Қозы көш жерде, қол созым белде көк шалғын,
Көк шалғын қаулап, желкілдеп кетті ақжал құм.
Ой-хой, шіркін, орақтың кезі қызады-ау,
Қырық күн шілде... одан соң, сексен-тоқсан күн.

Шалғышы шалдар күн шықпай жетіп сол маңға,
Сол маңға сосын қара орақтарын салғанда,
Қылпылдап тұрған қайқы бел темір – алмас жүз,
Көк шалғын түгіл көде мен қауды тандай ма?

Таңдай ма, тәйірі, алмас жүз бітсе маңдайға,
Қалмай ма жайлы сәт туған шақта қолда ойнап,
Шалғынға мана қатарлас түскен қариялар
Бірінен-бірі шақырым жерде шалғайда...

Шалғындар солай орылып, қайта көктейтін,
Биыл да міне... көк шалғын болып кетті ой-қыр.
...Шалғылары өткір, шабыны да мол өңірге
Салт атпен келер сабаудай бір шал жетпей тұр.

ДУБІРЛІ ДӘУРЕН

(1976 ж., «Жалын» баспасы)

ӘУБӘКІР ТУРАЛЫ ЭЛЕГИЯ

Әуелден жалқы, әкеден жалғыз әулеті,
Әубәкір әуей, ақкөңіл жігіт әулекі.
Албарда қой көп, ауласы той боп жататын,
Он саусағы – өнер, қолының кірі – дәулеті.

Әубәкір салсын әуелетіп бір ән салса,,
Топқа да барсын, тойға да кірсін тамсанса.
Ел ақтап кетіп апталап кейде келгенде,
Әйелі жұтқа бастағы беріп қарсы алса,
Қимылына бір риза болмай, әйтеуір,
Ұрмай тынбайтын, оқталып қолға қамшы алса.

Ер-тұрман жасап, тарамыс тартып, таспа өріп,
Келіншектердің қасында жүрді қас керіп.
Байғазыға да байтал мінгізген Әубәкір,
Бәсекелерде бәс алып және бәс беріп.

Сөздегі мәрттік, көздерін өрт қып жандырып,
Сол ауылдарды салт атпен кезді салдырып.
Белінен туған бір перзент еді арманы,
Арманы болса, әдіра қалсын бар мүлік.

Арманда еді, «армансыз адам жоқ қой» деп,
Әйеліне де кигізді қызыл, көк көйлек.
Бойда бар жігер, үміттен күдер үзе ме,
«Келетін күннің кереметтері көп қой» деп.

Әубәкір шапқан ер-тұрман нарқы бір қара,
Бәсеке бар жұрт Әубәкір соққан сырғаға.

Әйелдерге Әукең әзіл айтатын оспадар,
- Сөлкебайым бар, теңгелеріңді бұлдама!

Кереге көктеп, уық пен шаңырақ қашайтын,
Оюы қандай, өрнегі қандай нәші айқын.
Торғайдың талын тоқсанға бұрап, мың иіп,
Түбіттей иіріп ағаштан түйін жасайтын.

Бір жылы әкем жасатамын деп қамыт, бау,
Әубәкірді үйге әкелдік әрең салып дау.
Қарға тамырлы Қарабас бізге – жиен ел,
Қарап отырмай жеңешем және қағытты-ау.

Әубәкір отыр, әндетіп отыр: «Алқоңыр»
Айта алмай жүрген арманы ма екен әлдебір.
Алдамшы сағым алдады ма екен әлдебір,
Әубәкір отыр, әндетіп отыр «Алқоңыр».
Ауыз үйде әжем ас салып жүріп, салды айтып:
- Қайтсін-ай, - деді,- қашаннан жалғыз қам көңіл.

Домбыра сөйлеп перненің пейілі кеңейді-ау,
Нарқасқа жігіт нали ма мынау, не дейді-ау...
Ілуде біреу іліктіретін іңкәрді,
Шаршатқан ба әлде шарана жайлы көп ойлау.

Қозыдай жамырап, құлындай бірге тебісіп,
Көтеріп шаңырақ, жоқ-жұқананы бөлісіп,
Әубәкірменен тел өскен әкем тағдырдың,
Таттырған дәмін татулықпенен жеп-ішіп.

...Кеудеге сыйған махаббат деген мол қайнар,
Қайнарды ашуға қашанда бір күш қол байлар.
Қайнарын ашпай қайран боп кеткен талайлар
Ашар деп сеніп, арттағы қараборбайлар.

Әубәкір атын байлаған үйде ән саулап,
Жиналушы еді қатар да, қолаң, көрші аймақ.
Құнығушы еді, тынығушы еді әніне,
Кенеттен жетіп, көрінбей кетіп келсе айлап.

...Кешкілік біздің төрт қанат үйге сыймай ел,
Қорғасын дауысын қорытып бойға құйды-ай ол.
Керемет дауысы кеудеге сонда сыймады,
Қараша үйге қалайша күйде сыйды-ай ол?

Қараша туырлық құйын ұрғандай қозғалып,
Қанат біткендей ұшып кетуге аз қалып.
Теңселіп тұрды, жел соғып тұрды төр жақтан,
Жанарға тамшы жас үйірді де көз қарып.

Ұйыған сүттей тыңдаған елде тамсана
Үміт бар екен, күдік бар екен қаншама?
- Қарағым, - деді әуенін бір сәт Әубәкір
Үзе бергенде, жанындағы шал Жаншора.

- Қарағым, - деді, - қарға тамырлы ел, жиен ең,
Жамбыдай сақтар жартыкеш қана сүйек ең,
Табиғат берген шашып та төкпей тартуды
Келешегіңнің игілігіне иелен!

Айналаң – сауық, алды-артың – жора-жолдасың,
Әмәнда сені адалдық қана қорғасын!
Адамға қалай зар боласың сен тіріде
Адамды өзіңе баурайтын пейілің болғасын.

Әубәкір үнсіз.

Домбыра қалды томсарып,
Екі-ақ ауыз сөз соққыдай тиді соншалық.
Қалың елді қақ жарып бір сәт есіктен
Әубәкір кетті көпшік пен қолға қамшы алып.

Сәбилік күннен санамда қалған бұл бір жай,
Алыстап кетті алдымнан қашқан бұлғындай.
Атаусыз шаңырақ, ақаусыз қаңырап қалды ғой
Атын бір қосып ешкім де оны жыр қылмай.

Әр үйге тарап құсауызы мен қышқашы,
Әйелін алды әйелі өлген тұстасы.
Жаншора шалдың сөзі еске түсіп ойлаймын:
«Пышаққа қашан жарыған қазақ ұстасы».

1969 ж

АВТОБУСТА ҚАСЫМДА ОТЫРҒАН ҚЫЗҒА

Қыз отырды қасымда қарақаттай,
Маған жазым жабысқан жарақаттай,
Әлде менен қымсынып отыр ма екен,
Әлде мені қомсынып отыр ма екен,
Көбелектей көкті іздеп маза таппай.

Ұшқысы кеп отыр-ау, айналайын,

- Бар ұша ғой, бағыңды байламайын.
Бір көбелек қонды ғой қолымызға,
Қазір бізге, қарағым, сол да уайым...

Бір уайым жетпей ме басымызға,
(Бір уайым шығар-ау осы қыз да).
Бір адамдай қудық қой бірталайын,
Көбелекті қуатын жасымызда.

- Ұш, қарағым, жарыққа үйір болма,
Қырық қадам шықтың ғой қиыр жолға.
Биік, төмен ұшқанның пайдасы жоқ,
Бақ келмейді және де сиынғанға.

Ұлан дала, кездеспей ұшан белде,
Кездестік-ау, кездейсоқ қысаң жерде.
Тілім менің қырқылып отыр, қалқам,
Саған енді серік боп ұшам деуге,
Саған енді ынтық боп құшам деуге.

Шын ұшқың кеп отыр ма, айналайын,
Бар ұша ғой, бағыңды байламайын.
Оттан-судан аман жүр алыс жолда,
Көбелек деп мен сені ойламайын.

* * *

Ақ төбетке әр мезгіл ас құй, апа,
Аңға салдық – қалды ма қасқыр ілмей.
Арлан төбет көкжалға тік қияда
Аңдап тұрып, қадалған тас бүйідей.

Ауыз салған жерінде ақ мойнағым,
Тапжылмастан кірпігін қақпай қалып,
Қанталаған көздері шоқтай жанып,
Қапталына қара күш боп байланып,

Қасқыр алған...

Құмайдан қалған тұяқ,
Өтіп кеткен күндері – жалған қиял.
Қартайды ғой – ғұмырға болмай құса,
Келте өмірге көңілі толмайды сәл.

Жанар алды тартқан соң көмескілеу,
Жон ескілеу, баяғы жол ескілеу
Маңқ етпейтін маубасар маңғаз төбет
Қасқар алды дегенге сенбес біреу.

Сенбес біреу...

Сенгендер тамсанар да,
Кәрі төбет қозғалар қан сонарда.
Енді қасқыр алмайды ол... Жолдан қайтсам,
Шықса болды алдымнан арсалаңдап.

АПАМ

Майысып алтыбақан тепкен апам,
Дауысы алты қырға жеткен апам.
Толысып қызыл күрең тобылғыдай,
Жат жұртқа жаратылып кеткен апам.

Біздің үй қонған кезде жел бетіне,
Келісіп кәмшат бөркің келбетіңе,
Толықсып шығушы едің, әттең, сенің
Жете алмай жүрген кезің он жетіге

Камзолың қара барқын пүліш еді,
Сом теңге сөлкебайың күміс еді,
Сен әлі бейхабар ең бөгде сөзден,
Біздің үй бөгде сөзден тыныш еді.

Көгілдір балапандай көркің, кейпің,
Қолаң шаш қыр арқаңа төркіндейтін.
Төгілтіп қос етегін қоя берген
Желбіршек жібек көйлек желпілдейтін.

Жүзіндей ұстараның сезіміңнен
Сескендік, бозбаладан көзі күлген.
Мінезің майдай еріп, қайран елік,
Үрке алмай жүрдің бірақ өз үйіңнен.

Сақылдап қайнағанда қара шәйнек,
Шай құйдың әрі әсерлеп, әрі әсемдеп.
Жарықтық, жайсаң әкем отыратын
Сен барда артық айтпай баға сөйлеп.

Он жеті таяқ тастам арман екен,
Желдетіп, жақын келіп қалған екен.
Сол жылы саған біреу сөз салғанда,
Жер шұқып төмен қарап қалған әкем.

Жер шұқып төмен қарап қалған әкем,
Ұста еді бір құрдасы, зорлап әкеп,
Бір апта соқтырып ап, жиһаз-жасау
Ту қойын тартты алдына таңдап әкеп.

Жіптіктей жүрісіңе алаңдамай,
Болмады бар-жоғыңды бағамдамай.
Дәм-тұзың көтеріліп бір-ақ күнде
Сен кеттің алды-артыңа қарайламай.

Майысып алтыбақан тепкен апам
Дауысы алты қырға жеткен апам.
Толысып қызыл күрең тобылғыдай,
Жат жұртқа жаратылып кеткен апам.

Қайда екен алты-ай бақан... ай-хай бақан,
Армансыз тебе алдың ба, қайран апам?
Тербетіп алтыбақан,
тел өскен жарқын апам,
Көрем де сіздің үйден жиен қызды
Кей-кейде әкем жайлы ойға батам.

АУЫЛҒА ҚАЙТҚАНДА

Мектептен бірге қайтқан ақсары қыз,
Әжімсіз ашық еді аспанымыз.
Әлдилеп әз көңілді сәби сезім,
Домалап өрге қарай тастарымыз

Қайтқанда міңгесіп ап, атпал қырға,
Әбзелі шекетулі, мақпал жорға.
Біздегі көңілдей боп шайқалатын
Баурына шып еткізіп сап қалғанда.

Сен онда алда отырдың тізгін тартып,
Жел қағып етегіңді қыжым барқыт.
Мен онда артта отырдым ерден ұстап,
Кездейсоқ қуанатын көзім тартып.

Күн қақан күрең жалы күлтеленіп,
Жорғамыз қарашыл мал үркек еді.
Даланың қау-көдесі қураған кез,
Қаңбаққа қаптап кеткен қыр кемері.

Күзгі күн күңгірт нұрын нарау сеуіп,
Аспанға әлсін-әлсін қараушы едік.
Жорғаның басы қатты, тізгін бермес,
Сен бірақ тебінуші ең маған сеніп.

Бір сезім басыма кеп буланады,
Жүрегім өрекиді тулағалы.
...Кенеттен күрең жорға үркіп кетіп,
Жосықсыз жолсызбенен туралады.

Тарпаң ат тарпып тұяқ сілтегенде,
Арқасы бір биіктеп, бір төмендеп.
Бос тартпа, ер мойынға кетіп қалып,
Құйғытып келе жатыр қыр кемерлеп.

Біз сонда әлденеге құмар ма едік,
Әйтпесе аман-сау қап жылар ма едік.
...Ерсі ғой, ерсі-ау, әттең, ерде отырып,
Тізгінді мен ұстасам құлар ма едік?..

БАҚ

Қабағың кіреукелеу солғын, аға,
Жүзіңнен мұң көргендей болдым, аға.
Кермеңнен кетіп қалса бабы болмай,
Бақ деген кейи көрме Керқұлаңа.

Ол рас, шандоз еді, жүйрік еді,
Шаң тимей шаршы топта құйғып еді.
Ол сенің бір өзіңдік олжаң болды,
Ол сенің бір өзіңдік сыйлық еді.

Бейшара құлынынан құрық көрген,
Кезің жоқ ерік берген, ырық берген.
Сан рет оралғанда сүлік термен,
Таң асып кезі бар ма тұрып көрген?
Сен оны суардың ба тұнық көлден,
Сен оны түлік-ау деп ойладың ба,
Тұқымы жер бетінде туып та өнген?

...Керқұла ат Кендебайға бақ болған ғой,
Дүйім жұрт бақытына тап болған ғой.
Иесін тастамаған тар кезеңде,
Қонған бақ қорғаны боп ап қалған ғой.

Мейлі ол Керқұла – бақ, Құлагер – бақ,

Болып-ақ, әлдекімге жолығар-ақ.
Жалқының жүйрігі боп шаба берсе,
Шылбырын кетеді үзіп түбі бірақ...

БІР ШАҢЫРАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

1.

Бейшара кемпір ән салған:
- Домбырам басы дың-дың-ау,
Фашистер өлсін мың-мың-ау,
Ақ түндігімнің желбауын
Жел үзіп кетсе сұмдық-ау .

Бозала таңда шығырға
Барарда шалы ыңылдап:
- Домбырам басы баяғы
Сұңғыла терме деуші еді,
Қарашығымның жігерін
Құм қыла көрме деуші еді.
Баптаған өзім ақ кетпен,
Байыппен салса тасқа өткен,
Қарағай сабын қапыда
Сындыра көрме, деуші еді.

Үмітсіз сайтан болғай деп,
Сұр сақтап жылда соғымнан.
Жалғызым келіп қалғай деп,
Қонаққа бермей қорынған.

- Келер-ау ертең бір хабар
Қаладан, мүмкін, шықты деп.

Келіншекке ұқсап ұл табар
Кемпір де күнде күпті боп.

Аспанның ашық ажары
Тартқанда күнгірт күн ауып,
Жүрегі шалдың сазады,
Сырқырап, сыздап бірауық.

Көңілге күдік «гәп» алып,
Шығырын ерте доғарып,
Қоңыр өгізбен қайтқанда,
Қоңырқай назын айтқанда,
Япырмай, жалғыз қарлығаш
Қанатыменен қағады,
Шырғалап шалды оралып.

Тірліктің тіні – беу, үміт!
Бебеулеп сонда оянды-ау.
Көкжиек қырлар егіліп,
Қып-қызыл нұрға боялды-ау.

II

Сұмдық-ай, сұмдық, сұмдық-ай!
Үзілді желбау бір күні.
Маңдайын ұрды сол кемпір:
- Қойма, ажал, тірі, мені де ал,
Енді өлтір деймін, енді өлтір.

- Сан ұлым сайда қалғанда,
Маңдайын ұрған мен бе едім.

Осынау қысқа жалғанда
Аз ба еді менің көргенім.
Артымда қалған кезімде,
Атан құлатқан желдерім,
Саябыр тауып кезіккен
Самалым еді ол менің.
Соны да маған көпсінсең,
Әдіра қалсын, әй дүние,
Кереметің мен кермегің.

Сұмдық-ай, сұмдық, сұмдық-ай,
Үзілді желбау, сынды сап.
Сөзіне дария шашалмай,
Жиналған жұрттың алдында
Жығылмай тұрған туға ұқсап.
Жалғыз сөз айтты: «Адамдар,
Бола ма бізде бір нысап».

III

Қайғының дерті қатты ұрған,
Шайқалған бұл бір шаңырақ.
Қазаны қаспақ, қақ тұрған
Қалды ғой, қалды-ау қаңырап.

Қазақтың қара шаңырақты,
Шайқалғанменен құлатпау.
Қасиетін сақтап, шал бақты,
Кемпір де соны ұнатты-ау.

Ағайын-тума ағылып,

Қайран ел келіп жұбатты-ау.
Үзілген желбау жалғанбай,
Жалғайтын оны қол болмай,
Қайғының дерті қара бұлт,
Құлатты-ау, ақыр құлатты-ау.

Ажалы келген жандардың
Артынан өлу жоқ дейтін.
Түбінде тамыр қалғанның
Зәу-заты кейін көктейтін.

* * *

Өлімнің бәрі бірдей ме?
Жо-жо-жоқ, оған қарсымын.
Мен өлсем ертең гүлдейді
Тамырым мен менің талшығым.

IV

Ей, сонау қырғын соғысты
Көрмегендер мен көргендер.
Қиянат пенен қылмысты
Қарғандар әлі тергеңдер.

Құлаған шаңырақ аты өшсе,
Қураған сүйек аты өшсе,
Тағы да соғысқұмарлар
Қиқулар еді әтешше.

Сан адам бүгін, расында,
Салюттерменен желпінсін.

Мәңгілік оттың қасында
Мұрагер солдат, сен тұрсың.

Шығырын салған шал менен
Диірменін тартқан кемпірдің
Қабіріне келіп таңменен
Топырақ салып мен тұрмын.

Біз мынау Ұлы Жеңістің
Жөргегінде өскен балғындар.
Қау етіп қаптап жер үстін
Өртеңге өскен шалғындар,
Бас иеміз саған, соғыстың
Тауқыметін тартқан тағдырлар!

ДҮБІР

Күндіз-түні балға ұстап төс ұрған қарт,
Маңдайынан моншақ тер жосылған қарт.
Стахановшымен деп тұрар еді,
Айтқан сөзі – атқан оқ, жасыннан мәрт.

Жұлып алып бас бәйге – сый жарыста.
Бұрын қызып қиқулы күй – дабысқа.
Стахановшымен деп Оңай шопан
Кеуде керіп сөйлейтін жиналыста.

Қырқым кезі. Күзекте. «Сайкешуде»,
Стахановшылардың бәйгесінде.
Отар қойдың жарымын жалғыз қырыққан
Атпал аға Хайдолла қалды есімде...

* * *

Елден де көптен үзіліп кетті-ау хат-хабар,
Ауылда қазір қып-қызыл науқан шақ болар.
Апам да мені бір келіп кетсе деп жүр-ау,
Сандықта сүр ет, сабада қымыз, ақ та бар.

- «Қар қалың түсіп Қаракөл биыл тасыды,
Қырық отар малға жетеді-ау суы, асылы.
Айырылам ба деп малдан да бір күн қорқамын,
Көзімнің көптен бар емес пе еді басыры.
Ғұмырымыз қалды саусақпен ғана санайтын
Елде ойың жоқ па?...» -
Желкесін әкем қасыды.

Елес қой бұл бір...
Елге әлі жолым түскенше,
Қыс та өте шығар, бір барам бағлан піскенше
Шешемнің халін, әкемнің малын ойлаймын,
Шынында биыл қиын-ау қатты қыс келсе...

* * *

Жазға салым жер жіпсіп бу шығады,
Жауыр қырға жауқазын гүл шығады.
Ала баспақ албарда оқыра боп,
Тай-жабағы тебіндеп ту шығады.

Таң алдында тобарсып қара қатқақ,
Томырық жел тоқтады қанағаттап.

Боз тушаны бәйек боп күйттейді апам,
Ерте қашқан жануар дара лақтап.

Екі лақты боз туша жарыта алмай,
Ашқарақтар емеді жағы талмай.
Солқылдатып сорғанда сорлы ананың
Емшегінен қалай жүр қаны тамбай.

Дәрмені аздау ананың дәті қандай,
Емізеді аянып, жатып алмай.
Ана байғұс – оттап ап жарытпай жүр,
Бала байғұс ашқарақ отыға алмай.

Арық туша аяғын шаққа алып жүр,
Сарқыт қалмай сауыры қақталып жүр.
Ананы ана аяйтын әдет қайда?
Апам бір күн саууға оқталып жүр.

5.06.69 ж.

ЖИЫРМА БЕС

Жолдас жиырма бес,
Саған не дейін...

Сенің жолыңды қайтіп бөгейін.
Дәм-тұз жарасқан тату күндерді
Егер тіл жетсе айтып көрейін.

Жолдас жиырма бес, сенсің аяулым,

Үш жүз алпыс бес сенсің – ояу күн.
Түрін аңғарттың сансыз бояудың,
Жігін айырттың шаттық, қаяудың.

Басқа не керек асқақ асулар,
Бар ғой алдымда ширек ғасырлар.
Кейде ойлайсың: «Сиреп кетті ме,
Ширек ғасырға сыймас жасындар».

Жоқ, жоқ, - деймін мен ойдан кенет бір,
Заман шұғыласы заңды, демек бұл:
Сан мың жиырма бес жасын жарқылы
Мынау дүниені нұрға бөлеп тұр.

ЗАМАНДАСҚА СЫР

Табиғат құдіретінен жаралып тән,
Астынан бір аспанның ауа жұтқан.
Ей адам, сен досымсың кім де болсаң,
Еңбекпен ертелі-кеш алабұртқан.

Ағымнан жарыламын саған бүгін,
Тура айтсам, тауып айтсам, маған жүгін.
Заманның құдірет-күші сол дер едім,
Адамның бір-біріне адалдығын.

Дүниенің дариядай мол ағысын,
Топшылап, тоқсан ойлап шоламысың.
Замандас қар талдырып, бас ауыртқан,
Заманның жаз дидарлы қабағы үшін.

Енді ұят қара жерді қанға бояу,
Бақыт қой әрбір атқан таңды аялау.
Дәл кәзір ақ ниетті әрбір адам,
Дүниеге сергек қарап, болмақ ояу.

Сен мейлі, қырда шопан, құмда мұрап,
Диқансың қызыл бидай қырманын бақ.
Адамның игілігін жасап жүрсең,
Күзетіп бейбіт күнді тұрғаның хақ.

* * *

Зинураға

Күнім шыққан сәскеге мезгіл шаңқан,
... Сені сүйеді екенмін, сездім, қалқам.
Мені сүйсең «жоқ-барға» мойындамай,
Уайымдамай, уақытша төзгін, қалқам.

Төзгін, қалқам, шалғайда шетте жүріп,
Сағынышқа сарғайма көп беріліп,
Назырқасаң – босатып буынымды,
Өкпек желдей жеткіз бір өкпелі үміт.

Өкпек желдей есілген сендегі үміт –
Өрге сүйреп шаршаған мендігі жүк.
Бөліп жұтқан бөлменің ауасындай,
Арқалаймыз екеуміз теңге бөліп.

Тағдыр бізге – жазылып қойған жырдай,
Салдың ірге – қанатын жайған жылдай.
Қолаң желдей қазымыр үміттерің

Қоймайды екен қазылтып ойландырмай.

Маған талай үмітті кез қыл, қалқам,
... Сені сүйеді екенмін, сездім, қалқам.
Мені сүйсең бір ауыз тәтті жырдың
Толғағына бір ауық төзгін, қалқам.

ҚАЙРАҚ

Хас қайрақтың да тас нәті,
Қанжарың болса – жанып ал.
Қайысың болса – таспа тіл,
Қайыңның болса – қабық ал.

Қайрағың барда қылпымай,
Темірің қайда қалады.
Алмастың жүзі шырпыдай,
Аударып салсаң жанады.

Қарқара жақтың тасы ма,
Қаратау жақтың тасы ма,
Алатау жақтың тасы ма,
Қай темірмен де ашына
Қайрақтың тасы асыл, ә?..
Қай жақтың тасы болсаң да,
Қара темірлерді қунатып,
Қара темірлерді асыра!
Жарылған жартастан туған қайрағым,
Қажалып, қақ бөлінсең де жасыма!

ҚАРА ТЕҢІЗ

Зіп-зілдей денем,
сүйегім сыздап сынық па,
Жығылғандаймын жұдырық пенен сырыққа.
Қажыдым білем, қай жаққа барып дем алам,
Тынығар жер жоқ,
жуынар көл жоқ жуықта.

О, таптым, таптым!
Қырымға барам, Қырымға,
Шипалы жер деп жұрт айтып жүр ғой шынында.
Малтимын шіркін, Қара теңіздің суында,
Балқимын шіркін, Қара теңіздің құмында.

Теңізден қайтам тобылғыдай боп, гүл емес,
Мақтанар едім, «қақталдым ғой деп, міне дос»,
Қара теңізім, қарайтшы мені, қарайтшы,
Қаралық маған, қаралық саған мін емес.

Қай жақтан алдың шипасын күллі көлдің сен,
Қай жақтан алдың жәннатын күллі желдің сен.
Білген екен ғой, құбылаңнан келіп сұғынып,
Түріктер неге мекендеп алған деп жүрсем?

Қайырлы теңіз, басқаға да жет, бізге де.
Жүзді ғой сенде пәленде-пәлен жүз кеме.
Құрымдай сенде халық та қазір көп шығар,
Бір барам саған,
бара алмай қалсам, іздеме!

КЕШЕУ КҮЗДЕ

Тағы да міне, кешеу күз,
Тағы да тұман боз қырау.
Қабағы кату мешел – құз,
Ондың-ау, орман, тоздың-ау.

Қаланың үстін кешеден,
Туырлық бұлттар тұр тұтып.
«Жауады-ау, сірә» деседі ел.
Күзгі де болса нұр күтіп...

Ойлаймын: «қара суық қой,
Далада, қырда деп қазір.
Қойшылар шіркін жігіт қой,
Азаннан бері атта жүр».

Аспанның сұсты түрі тым
Бұлт ауып кетсе деп жүр ме.
Жаңбыр боп шөпті жібітіп,
Бір жауып кетсе деп жүр ме.

Жүр ме әлде ойлап сол адам,
Қызылды-жасыл қаланы.
Кіндік жіппенен ораған
Қия алмай жүр ме даланы.

Әлде ол энеу бір күнгі
Тырнаның дауысын жүр ме ойлап,
Кешегі алау гүл – қырды,
Кешкен күндерін нұр жайнап.

Менің де көңілім ұйтқиды
Жалаңаш, жайдақ баққа кеп.
...Қабығында әне, шық тұрды,
Күн жаумай жылап ақ терек.

* * *

Көбеген қозым, көк шығып
Отығып кеткен боларсың.
Тоқырап жетіп тоқшылық,
Опынып біткен боларсың.

Бозқонақ басын кеш шалып,
Кейіндеу ордың көк көде.
Не керек енді еске алып,
Салқын да тиді өкпеңе.

Ере алмай қалып отарға,
Байқамай қойшы кешқұрым.
Жамылып түнді, жапанда
Қасқыр дауысын да естідің...

Қабынбай қалған сол өкпе,
Жарылмай қалған сол жүрек.
Кездейсоқтық пен кенетке
Қарыздар болмас орны жоқ.

Марқайған қозым бұл күнде
Кеудеңде бар-ау бұла күш.
Қабакта қалған кірбіңді
Кетті ғой шайып қуаныш.

Жасыл да жайсаң жайлау –төр,
Жалпағын басып жүрсің ғой.
Өткенінді тек ойлай гөр,
Өкінбей және күрсінбей.

Ойлай гөр,
ерінің күмпілдеп
Енеңді еміп пе едің сен?
Қатал да болса – бір міндет,
Көгенді көріп пе едің сен?!

* * *

Көдесі семіп, көлдері солып күзде бір,
Тұнжырап тұрар шақ болады ғой түзде өмір.
Қоныстан безіп, өрісті өзгертіп, жай іздеп,
Құс болып кетсек қайтер еді егер біз де бір.

«Көгерер-ау» деп, сартап боп қалған сары қыр,
Көктемді күтіп қарайлаймыз ғой тағы бір.
Отыққан жері Отан боп кетер оларға,
Құс болып кетсек, Отанның орны толар ма?!

* * *

«Көртоғайда» ауыл...

Көрші қыстап,
Сіздің үй менен біздің үй бірге,
Аяқ-табақты аралас ұстап,
Тату да тәтті, құтты боп ірге...

Құлындай ғана шағыңда сенің,
Тұлымдай ғана шашың бар еді-ау,
Қатар ойнаған қарындас едің,
Әлі бір гүлің ашылмап еді-ау.

Сенің де апаң қолы ашық адам,
Менің де апам төгіліп, тасып.
Ақжарқын көңіл жарасып әман,
Ас түсіретін таласып асып.

Сіздің үй менің сыңайымменен
Бәйек болатын бірге жүгіріп.
Біздің үй сенің шырайыңменен
Ашсаң – алақан, жұмсаң – жұдырық.

Еліктей орғып жасқанамыз біз,
Биік көңілдер баурайына.
Немене, біздің қас-қабағымыз,
Біздің үйлердің ауа райы ма?

Қар жауды бір күн...

Айтары жоқ-ау.

Айнала аппақ көз нұрын алған.
Сырғанық теуіп, қайтарда жаяу
Тоңғанымды мен сездіріп алғам.

Екі ұшық ойдың бір көгеніміз
Бар сияқты еді бүркегеніміз.
Бар сияқты еді бір қызығымыз,
Бір қызығымыз – бір көреріміз.

Әттең-ай, әттең,
ерте кеп көктем
Ажырап кетті іргелеріміз.

ҚОСЫЛҒАН ҚОС АЙДЫН

Айнакөл мен Қаракөл – медиен белдің қос мені,
Суыңа көптен шомылмай суыса ізім, кеш мені.
Жыртқанда көлдің жиегін,
отарын әкем құмға айдап,
Есімде қапты біздің үй екінді ауа көшкені.

Қол созым жерде қос айдын біріне-бірі жарасып,
Тоқыны тайдай тулайтын толағай көлдер таласып.
Көктемгі мезгіл – көк дүние,
сыланған шақта сылқым жер
Көз емес мынау егіз көл – көздегі мойыл қарашық.
Қарашық көлдер қалғымай күндіз де ояу, түнде ояу,
Жататын еді, жарықтық, жазира белге жарасып.

Мойылдай көлге малтимыз, әлсін де әлсін жүгіріп,
Шілдеде суы қара тас, қаңтарда қатпай жыламық.
Шәрбат па деп те ойлайсың, шарап па деп те ойлайсың,
Аңсарың ауып бір жұтсаң аузыңнан суың шұбырып.

Арасы көлдің жыртылып... арпа мен бидай өсті ғой,
Жалбыз бен қияқ қырқылып, қой баққан ауыл көшті ғой.
Құм жақта жүрген қойшылар,
қып-қызыл қырман қызғанда,
Қарашық көлге бір ұшық ақ боп түспе десті ғой.

Аман-сау қалды егіз көл.

Шайқалмай қалды тұнық су,
Қасиетті қандай пай... пай... пай!

Ылдида жатқан ұлық су...
Ышқынып тасып сол көктем қосылып кетті қос айдын,
Тың жыртқан жылы табысты қырық дос түгіл, қырық су.

КӨШУ

(баллада)

Арбаға ақ тары артып жиырма бес пұт,
Арда жер иіген кез. Қырға көштік.
Талма жел теріскейден соқты үздігіп,
Сайлардың сабатынан ылғал есті.

Сар қамыс, сояу қамыс бас алмаған,
Бас алып көк құрағын шаша алмаған.
Саусақтың саласындай сабау қамыс,
Сабағы шашбауланып жасанбаған.

Қол созым қоға көлдер құстар қонған
Күршектің күпшегіндей ысталмаған.
Жағадан апыл-ғұпыл көшкенде ауыл,
Омырауы алқа-салқа қыстау қалған.

Алысқа шығармай-ақ үнін жатық,
Шым-шымдап баяу ғана шымырлатып,
Жеңешем жарқ-жүрқ етіп ақ тамағы
Келеді «Бір баланы» ыңылдатып.

Шоқалақ соққан сайын қырдың жолы

Қамыты бірде кейін, бірде ілгері,
Қара өгіз жұлып жейді жолдың шөбін
Бір толмай көмейіне қырдың көгі.

Артқы арба мен отырған майланбаған,
Алысқа барамыз деп ойланбағам.
Таңғы шақ. Тынық ауа, торғын көкте
Тек қана бозторғайлар сайрандаған.

Өгізі алғы арбаның мұқыл кәрі,
Өзі бір күй талғайтын күтім малы.
Жеңешем шыбыртқысын көтергенде,
Жүрісін жеделдетті, тыпырлады.

Жеңешем желең отыр белін түйіп,
Өткен жел өңменінен өңін сүйіп.
Ойлаймын: «Қайран көкем қосылған-ау,
Қалтқысыз көңіл қосып, теңін сүйіп».

Жеңешем жалғыздыққа елге қарсы,
Жанына шақырғанда мен бе қарсы.
Арбаны тіркеп қойып тік отырмыз
Айналған алдымыздан желге қарсы.

Ауылдан шықсақ та ерте жол өнбеді,
Жеңешем жалтақ-жалтақ елеңдеді.
- Кенжем-ау, көзім тартып келе жатыр,
Көкеңнен хабар-ошар келер, - деді.

Басқарма «шөл егінге барасың», - деп,

Жеңешем қасына ерткен «қарасың», - деп.
Кеше де айтып кетті ол: «Тұқымды алып,
Сәскеде қос басында боласың» - деп.

Жеңешем ала өгізді төпеледі,
Ала өгіз қыр арқасын көтереді.
Алмаса қайыс тіліп көнтері арқа,
Қамшымен қаққанына етене еді.

Жел тынды.

Салқын сабат үрлей тұрмай,
Зауалын зауза күннің күрмей тұрмай.
Өгіздер ілбіп басып, жеңгем отыр:
- Ұят-ай, ұят болды-ау, түннен тұрмай.

Көтеріп жердің түйдек уыс шаңын,
Көтеріп көк бестінің құйысқанын.
Кезеніп жетіп келді салт атты адам
Кезеріп тыңдап тұрдық ұрысқанын.

- Күн-түні біз шабамыз күнқақпай боп,
Топырақ кеуіп кетті тулақтай боп.
Ырғалып-жырғаласың сен екеуің,
Мынаның қарысуын тіл қатпай тек.

Сықырлап былғары ері тақымдағы,
Бір кезде арбамызға жақындады.
Жеңешем бет жыртқан жоқ, кешіккен соң,
Кінәсін үнсіз ғана мақұлдады.

- Әй, бала, ештеме жоқ жасқанатын,
Сенен кем бе басқа ұл, басқа қатын.
Бар, күркеңді тіге бер қосқа барып,
Сендейінде жігіттер тас жаратын.
Жеңгеңменен екеуміз қыстауға анау,
Тұқым жинап қайтамыз кешке жақын!...
...Жан-жағымда иен қыр дала жатыр,
Жеңгем маған жәудіреп қарады ақыр.
Ала өгізді атты адам жетекке алып,
Иесіз жатқан қыстауға бара жатыр.

* * *

Күлдім, ойнадым кезінде,
Бір күн ойладым: «Сезімге
Кеудем жүргенде күмбірлеп,
Құл боп кетпейін, құрғыр», - деп.

Сосын сескеніп, сақтанып,
Судай тазарып, сүттей ақталып.
Жұртқа сыртынан сұқтанып,
Жанасып кетуге шақ қалып.

Жүрдім... қайтейін, заң солай,
Жүрек жұлқынып шаршады-ай.
Кеше көз қырын салмайтын
Қыздар құлпырып қаршадай.

Қарайды о жаққа, бұ жаққа,
«Түспейміз» дегендей тұзаққа.
«Біздер қонған құстармыз,

Сендер ұшыңдар ұзаққа»

Деймін,

деймін де тынамын,

Кей күні шыңылдап құлағым.

Кей күні өректіп жүрегім

Өртім сөнгендей жүремін.

- Бұл не, білсеңдер айтыңдар бір емін!

ҚҰМДАҒЫ АРШАЛАР

(баллада)

Сықыр да сықыр сары аяз,

Сына алмай сыздап тұр аспан.

Қақтаған аптап ала жаз,

Қақаған қысқа ұласқан.

Қылаумен өскен қар биыл,

Бұрқасын боран жоқ әлі.

Қырдағы ауыл малға үйір

Қырық-елу түтін шамалы.

Өзеннің арғы бетінде,

Өзектен өтсең, орғыл құм.

Шетіне шалғай жетуге

Салт атпен үш күн жол жүргін...

Ақтылы қойы колхоздың

Алпыстай отар боп қалар.

Қыстайды құмды, сан көздің

Себебі солай көп қарар.

Ал мынау ауыл шап-шағын,
Көшесі жазда оспа құм.
Қыс болса кешіп омбыны,
Сүйреткен шана-шаңғыны,
Қораштау болар басқаға,
Біз үшін құйттай астана.

Әнеки, қыштан өрілген
Қызыл үй – мектеп-интернат.
Тағлымы соның дедім мен
Тағдырымды өсsem ерте аңдап.

...«Жаңа жыл ертең», - дегенде,
Жүгіріп жапа-тармағай,
Бала біткен елеңдеп,
Қуанып, толқып әрқалай...

Интернат іші гуілдеп,
Ерсілі-қарсылы, у да шу.
Ересек біздер күбірлеп,
Құрушы ек сұхбат, сырласу.

Құлайды-ау ертең құм жақтан
Қырық-елу шана ат-көлік .
Шанасын бәрі сырлатқан
Сәйгүліктері ақ көбік.

Бәйгеге келе жатқандай,
Бәсеке бәрі шетінен,

Малынып тонға мақпалдай,
Қан тамып күрең бетінен.

Қай үйге бұрар ат басын,
Атағы-даңқы барлары.
Сол үйдің барып қақпасын
Ашады-ау және баллары.

Өңкей бір аға қойшылар
Өргізген төлді мыңғыртып.
Біреуін бірі қамшылар,
Қолтықтарына су бүркіп.

- Әбзелің мынау үр жаңа,
Әубәкір жасап берген бе?
- Нарқына берсең бір қара,
Кім қой дейді осы сендерге.

Әзіл мен қалжың ішінен
Шындықтың шоғы жылт етіп.
Табылмай тұрмас кісіден
Бір кеміс пенен бір кетік.

Құр ұстап, қойға мінбеген,
Бәрінде бір-бір қынулы ат.
Құлайды орғыл құмменен
Ор қоян шана зуылдап.

Жаңа жыл тойын мектепте
Балаларымен қарсы алып,

Бой көтеріп бір кетпекке
Артынан айтар тамсанып.

Жиналу әдет-дәстүрге
Айналған бір кез болатын.
Күллі ауыл... Кәрі-жас бірге
Ёлкаға кешке баратын.

Айтпақшы, барлық шананың
Бөктерген бір түп баршасы,
Шыршасы жоқ қой даланың,
Бар бірақ құмның аршасы.

Қызыл да жасыл күреңсе,
Күн нұры тисе құлпырған.
Көберіп құмдар түнерсе,
Көгеріп арша бұлқынған.

Көктемде кейде сарғаяр,
Қаңтарда кейде көгерер.
Бояуда бейбақ бар ма амал,
Құнарын берсе жер егер.

Әрбір түп анау, қаншасы
Өсті екен сазға, тастаққа.
Әйтеуір, құмның аршасы
Әкелген бір-ақ мақсатқа.

Жұрттағы ой: «Ертең кімдікі,
Ёлка боп тұрмақ ортада?»

Бірақ ол сонау құмдікі,
Атауы жалқы картада.

* * *

Мектеп директорына
Ентелей кіріп үш кісі,
Жармасып жатыр қолына
Келгендей қысып құшқысы.
Жүйріктеу сөзге Оңғар қарт,
Отырған жұртқа бір бүйір.
Иығын қозғап, қомдап ап,
«Қарағым, - деді, - жыл биыл...
Жыл биыл жақсы болып тұр,
Кеп қалдық тағы жиналып.
Жиырма жыл бойы көріп кіл
Қия алмай жүрген қиналып
Қызылдың бір түп аршасын
Қиып-ақ ағаң түсірді»...
Деді де, қағып шақшасын
Шалғынбай қартқа ұсынды.

Шақшаны кейін шорт қағып,
Шамданып қалған сыңайлы,
Шалекең жұртқа оқталып:
- Қыстағым құмның шұрайы, –
Деді ол, - қалқам ұға бер,
Өрісім аты – «Аршаорман»
Құр дөненіммен құлагер
Қалыңына өтіп қарсаңнан
Мен де бір арша қиып ем,
Атты адамдай-ау ұзыны.

Шықпайтын ба еді жиіден
Ағаштың түзік түзуі»

Сол сәтте сөзге сараңдау
Абдырап қалған Сағымбай:
- «Менің де аршам биік, дәу
Жұп-жуан Торғай талындай», -
Дегенде, бар жұрт күлкіге
Қыран да топан көміліп,
Сағымбай сыртқа сілкіне
Шықты да кетті шегініп.

Жиналып қалды бар қойшы,
Ішінде және Қабдіраш.
Аршасын мақтап әрқайсысы
Ал даулас келіп, салғылас.

- «Жә, - деді жаймен директор, -
Рахмет пейіл пиғылға.
Орны бар бірақ ерек бір
Сияпаттың да, сыйдың да.
Оқуда үздік кілең бес,
Ортада үлгі беделі,
Бастап бір ылғи жүрер көш,
Жас болса да ойы келелі
Бар еді бізде бір бала».

Директор үнсіз.
Жұрт жым-жырт,
Дау айтар оған кім дара,

Жөні бар іске «күп», «күлдық».

Қай әке қазір төбесі
Қуанар көкке жеткендей,
Үміттің ұшқыр елесі
Бәрін де баурап өткендей.

Бәрі де қазір аршасын
Қондыратындай кең залға.
Қас-қағым сәтте сонша сын,
Сонысы қиын жалғанда.

Жаутаңдап бәрі қарайды,
Жанарларында шық тұнып,
Күпініп келген талайды
Үміт пен күдік күпті ғып.

- «Ол ма, ол – деді директор,-
Келген жоқ білем арша оған».
Тез ұқты бәрі, демек бұл –
Жесірдің ұлы Аңсаған.

Ешкімді ешкім қаумалап,
Ешкімді ешкім сүйген жоқ.
«Қайырлы болсын» саудалап,
Қағытқан да жоқ, ілген жоқ.

Ойлайды бәрі үнсіз қап,
«Орнында қалған оңалды-ау».
Ескірген жара бір сыздап,

Бір сыздап барып жамалды-ау...

- «Әкесі жиен, жиеншар»,

- «Бір жылғы төл ем,» - деп біреу.

Көзіне жас ап бірер шал,

Жалғызға тілеп көп тілеу.

Сол күні келген бір арша

Әкесіз ұлға арналған.

Жарқырап ёлка алауша

Аршасы құмның жанданған.

Есінде бар ма, Аңсаған,

Сонда айтып ем ғой мен саған.

«Құмдағы жасыл аршалар,

Құмдағы асыл аршалар,

Жалғасқан жастық мәңгілік

Япыр-ай, осылар шығар!».

ҚЫРМАН БАСЫНДА

Елу тоғызыншы жылы қырманға барғаным есімде,

Тайынша жетектеп тырбандағаным есімде

Қайрағым да жоқ, орағым да жоқ қолымда,

Күн құлап кеткен бесінде.

Құрдан-құр барғаным есімде.

Кешке жақын дала салқын,

Орып алған егістік – қарабарқын.

Жанымда Хайдолла бар

Хайдолла қара нар-тын.

Сарғайған сабанның торсықтай дәні тырсылдап,
Белі шойырылса да Хайдакең бау тізгіндеп жүр ырсылдап.
Күн қағып әбден бозарып кеткен көйлектен
Тобылғы майдай тамады тамшы шым-шымдап.

Орақ аяқталған,
Күз таяп қалған.
Бармақтай дәнді көріп,
Хайдолла тояттаған.

Нан турап жеген соң ұйыған ащы айранға,
- Шаршадым, - деді, сабанға құлап Хайдолла.
«Нан бар ғой, - дейді, - нан бар ғой», - дейді ол күбірлеп,
Қашпай қалған қашары жайлы ойлауда...

Кешке жақын, дала салқын,
Орып алған егістік – қарабарқын.
Жанымда Хайдолла отыр –
Қырманның қарауылы,
...Екіндіге еңкейді дала күні.

* * *

Пендеге біткен дүние,
Байлық па, бақ па, бірібір,
Көзіңнен бір күн ұшады –
Тағдырдың берік заңы бұл.

Көзіңнен бір күн ұшады

Артына әсте бұрылмай,
Тарқаған базар шуындай.
Көзіңнен бір күн ұшады
Қоңыр суына қош айтпай,
Кеуденің дертін босатпай.
Сазарып қалған сулардың
Қиналып ұшқан қуындай.

Зердеге біткен дүние,
Қайғы ма, сор ма, бірібір.
Кәдесі болса халқыңның,
Салмағын басар алтынның
Тағдырдың тастай заңы бұл!

Уа, тағдыр, осы заңыңнан
Тоқсан да тоғыз айналам!
Тоқсан да тоғыз ойланам.
Қасиетті заңның қармысын
Қалайша, қалай қайыра алам?

* * *

Салт атқа мініп сар желіп қырда қайтар ем,
Шалқақтап жүріп «Айнамкөзді» айтар ем.
Шекетулі ерде отырар едім шайқалып,
Сүріне білмес су жорға болса байталым.

Сарғайған дала сазды әйет құмы бұрқылдап,
Сар жайлауда анау, сері өзен ақса сылқылдап.
Құр-құрлап қырдан қайырып қайтсам құлын-тай,
Әр көде басы дуадақ ұшса, пыр-пырлап.

Тайпалған жорғам, майталман жорғам жараса,
Қайқаңдау жолмен қыраттан, белден әрі асам.
Сағынышымды сейілтер ме екен, сол кезде
Сары адырларға көз майын тауысып қарасам.

СЕВАН

Бір қанып ішіп, суына түсіп көрмей біз,
Ауызымыз жеңіл, тоспа да болса, көл дейміз.
Мойылдай дейміз, моншақтай дейміз, мең дейміз,
Біз де бір аққу, айдынды көлге шөлдейміз.

Қайсыбір көлдер бетінде барлық ашуы,
Қайсыбір көлдер шымырлап түбі тасыды.
Ал туласын-ақ, толқынның бәрі бір ме екен,
Жылымы да бар, жуасы да бар, жасығы.

Қайсыбір көлдер құлазып қырда қалғыған,
Қайсыбір көлдер құйын түртсе де салды ұран.
Қайсыбір көлдер жазықта жатыр,

Севанға

Арарат абай, Арарат қамқор тау бұған.

Қарауылы боп қаншама ғасыр күзеткен,
Севанның көлін кемемен жүзіп біз өткен.
Қалғымайтын тау мұз болып қатып қалыпты,
Табанынан да, арқасынан да сыз өткен.

Шөлдер де келген айлап та жылдап, аптаған,
Жаулар да келген тасына дейін таптаған.
Армян халқы қарашығындай көзінің,
Севанды бірақ шайқамай, төкпей сақтаған.

Құр атқа мінген адамдай болып бой бүгін,
Севанға жүзіп құрдық-ау серуен, беу, бүгін!
...Он ғасыр көрсін, жүз ғасыр көрсін, бұл көлдің
Суынан таза, суынан жаспын деу қиын.

ТАБИҒАТ

Нөпір де нөпір ой бұлты қалың,
Нөсерлеп бүгін тынам ба?!
Немесе түсіп торғын тұманым,
Малынамын ба мұнарға?

Көктем сыңайы, күз нышаны ма,
Өкінішті ме әлде өлара.
Бұлтымнан өлкем сиз құшады ма,
Бәйшешекке әлде тола ма?

Нәзік бұлттардың нұрларын күтіп,
Нөсерлер аңсап тұрғанда,
Тұман түседі тұланын тұтып,
Қырауын жауып қырларға.

Қорғасын бұлтым торлаған кейде,
Тұрғанда қар боп жетер деп,
Жұп-жұмсақ тамшы сорғалар бетке

Самалдан жазғы бетер боп.
Табиғатыма таң қалам мен де,
Ақын емес пе екем деп.

ТАЛ БЕСІК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Көргенде сені сәмбі тал,
Қабағы жанып тұрғандай.
Есіме түсті Сәбіл шал
Және де және бір жағдай...

Есіме түсті ерке өзен,
Құрдымға қарай жөңкілген.
Бұйым ба оған бел, кезең,
Бір рет ырғып серпілген.

Жазыққа тіреп табанын,
Шымырлап ағар толқыны –
Мойнына салған даланың
Мойылдай бұйра елтірі.

Жағасы жасыл тал, орман,
Хош жұпар иіс атырап.
Үп ете қалған самалдан
Үркетін жәудір жапырақ.

Есіме түсті төрт қанат
Тұрмысы – әбеқоңыр үй.
Бір-екі құлын ноқталап,
Жылқысыз тұрмас желі ылғи.

Есіме түсті тал бесік,
Тал құрық пенен тал уық.
Жағалау кезіп, жар кешіп,
Жүгірген ұлы тал мініп.

Есіме түсті тал күршек,
Есіме түсті тал оқтау.
Тал шанасы да бар деуші ед,
Жетегі ғана шолақтау...

Есіме түсті, көк өрім
Қабығын талдың жонғанда,
Балауса балғын дененің
Бойынан сөлі тамғанда.

Тарамыс жіптей тарқатқан
Тоқсан да бұрап, сан иіп,

Тал шебер еді ол,
жан-жақтан
Жататын жұрты ағылып.

...Бір күні тоқсан шақырым,
Сабылып сонау дуаннан.
Сүліктей етіп атының
Қан сорпа терін шығарған.

Келді бір кемтар жолаушы,
Бір аяқ шолақ, қол молақ.

- «Ал, әлей болсын!» - Шал даусы,
Жүр еді ұлым жол қарап...»

Дегенде,

кемтар атынан
Қарғыды жерге бір ырғып.
- Ақсақал, - деді, - отырам,
Келіп ем бір зат ырым ғып.

- Отырам – деді, – асықпай,
Көзінде оттай нұр жанып.
Жалғанға жаңа ғашықтай
Наласыз, мұңсыз бір кәріп...

- Бейшара-ай, – деді шал іштей,
- Қайтсін-ай, - деді кемпірі.
Көз қарақ болған таныс қой
Мүгедектердің әр түрі.

Қырық алтыншы жыл. Қырық күн
Шілденің кемел кезі еді.
Тобылғы, дүзген, шіліктің
Өртеніп тұрған өзегі.

Тек қана өзен бойлаған
Құба тал нарттай тұр қунап.
Үп еткен желмен ойнаған
Жапырағы желпіп, суды ырғап.

Жайғасып кемтар, есіктің

Жақтау жағына қарады.
Иілген талдан бесіктің
Тұр әне, иін – шабағы.

- «Ақсақал, сізге сұрау боп,
Отырмын сірә! – деп алды.
- Жарымжан мынау – бір әулет,
Не арты соның, не алды».

Дегенде демі іркіліп,
Қарт оған «тәйірі, тек!» - деді.
«Үмітсіз шайтан...

Жігіттің
Болады қырық көктемі!»

Жалғыз көз қарттың қолымен
Жасалып тағы бір бесік.
Үміттің алыс жолымен
Жолаушы тартқан тілдесіп...

Жылады кемтар: «Жалғыз ем,
Ақталар ма деп бұл батаң.
Мен перзент көрсем, алдымен
Осы жерге әкеп аунатам».

...Көріпті перзент.

Көгеріп
Кетіпті сол бір көсеге.
Құбыласы тегіс теңеліп,
Бақ қонған бопты пешене.

Бір өзен бойы су-нәрін
Жүрсе де күнде бір еміп,
Топыраққа сонау ұлдарын
Аунатқан жоқ ол бір келіп.

Аунатқан жоқ ол,
дегенмен
Аяулы оған сол бесік.
Тербетті оны өлеңмен
Түндерде не бір ән қосып.

* * *

«Жасап ем жастан сан бесік, –
Депті қарт кейін өлерде.
Тек бесік жырын ән қосып,
Айтыңдар мені көмерде»...

* * *

Төбеде жүзген бұлттарға
Төменнен қарап сұқтанба!
Жел тұрса зеңген жан-жаққа
Салмағы бұлттың салмақ па?..

Жетелеп жүрген жол бәлкім,
Тағдырың шығар жел бәлкім.
Суымнан ұшқан бу едің,
Шығарсаңдаршы жер даңқын.

Бармаған жерің жоқ шығар,
Баспаған тауың жоқ шығар.
Бір күні жерге құлайсың
Талмай-ақ жүзген топшылар.

Жауасың жерге бір күні,
Қақ болып сосын іркіліп,
Сіңесің құмға су болып,
Шығасың гүл боп құлпырып.

Бұлттар-ай, деймін ер көңіл,
Жылайсың бір күн боркемік.
Бұйрық заң сүйреп бәріміз
Құлаймыз қара жерге бұл.
Табиғат тең қып жаратқан
Төбеде жүзген сен де бір,
Төменде жүрген мен де бір.

ТОБЫЛҒЫ САЙҒА БАРҒАНДА

Дүр етіп лезде, бүр жарған кезде дүзген, тал,
Тобылғы сайға торынды сайлап қызбен бар.
Қолаң шағыр мен қоламта күлгін көкпектің
Арасында аршын тұяқтар тиген іздер бар.

Тұяқтар теуіп тастаған таспа топырақ
Қияқтар көміп, аңқасы кеуіп жатып ап,
Шаңқай түсте шекесі шып-шып қызғанда
Қалқалайды кеп қызғаншақ түйежапырақ.

Тобылғы сайға торынды сайлап бар сонда,
Жарауы жетсе, топайдай торың алшандар.
Ізге ұя салған жапырақтан бір құс пыр етіп,
Жазатайымда қайтер ең құлап қалсаңдар?!

ТҮС

Ұйқым сергек.

Мен қазір көп түс көрем,
Жорытар ем – жүрегім дауаласа.
Торғайдан суыт шығып,
Тосынға кеп түстенем,
Ұясына асыққан бал араша.

...Төбешігі Тосынның тау екен деймін,
Таудан өтіп кетейін тәуекел деймін.
Тау артына тығылып қоныпты ауыл,
Таудан асу, әрине, көлікке ауыр...

«Шөміштөбе» басына жұртты иіріп,
Нұрқан ақын сөйлеп тұр мұрт шиырып.
Арқам кеңіп жөнейді, содан ба әлде,
Кеудемді ашам саябыр сараң желге,
«Жауса деймін жарықтық бұлт бұйырып».

Күн жаумайды, шаң құрғақ, ауа құрғақ,
Шәйі сағым шайқайды даланы ырғап.
Өртеңге өскен Қаракөл қамысына
Қараймын да жазамын қаламымды ап.

Жыр тумайды, зіл дене құрысады,

Жырау ақын «жырла» деп ұрысады.
«Қарағайдың әуелі шанағын қақ,
Арқаң бар ма ед, жөнелсей, ал, ағындап»...

Дейді маған Нұрекең, қиналамын,
(Қиын екен қинағаны сыйлы адамың).
Қорықпай-үрікпей түсемін қара терге,
Құдіретің бар, Ақындық,
иланамын!

ХАН ТӘҢІРІ

Аспан тіреп тұрған шың,
Асқақтыққа туғансың.
Ақша бұлтың желпілдеп,
Алыстан қол бұлғарсың.

Әжіміңде мұң бар шың,
Етегіңде гүл бар шың.
Өз бұлтыңмен шыланып,
Өз күніңмен құрғарсың.

Ұлылығың сол сенің,
Кішілігің және сол.
Қабак шытсаң, еңселім,
Әне нөсер, әне сел.

Ту сыртыңнан толықсып,
Ашық қабак ай туған,
Күлім қабак күн туған.

Аңыздарда айтылған
Алыпқа ұқсас түр-тұлғаң.

Мыңқ етпеген мықты шың,
Жалғызбысың, жұппысың?
Шығысында шыңдардың
Шалқақ тұрған ықпысың?

ІҢГӘ

Іңгә, іңгә,
іңгә, іңгә, іңгәла,
Іңгәлай ғой, іңгәлай ғой, бір бала
Жарық дүние кілтін ашқан жалғыз үн,
Адамзатқа сол ғой ортақ тіл ғана.

Іңгә, іңгә...
іңгәлай ғой, шаранам,
Тербетеді, ұйықтатады жан анаң.
Тербеу деген басталғаны қозғалыс –
Секундтарды, минуттарды санаған.

Іңгә, іңгә...
іңгәлай ғой, бейкүнәм,
Анаң сені әлдилейді айтып ән.
Ән басталды дегеніңше, саған да
Сана бітті, бергені ғой ой – қылаң...

Іңгә, іңгә...
іңгәлай ғой, бөбегім,
Кермек дәмді келте айтатын өлеңің.

Түсінерсің, күрсінерсің, ұғарсың,
Інгәлаудың, үһілеудің себебін.

КӨКТЕМ КӨКЖИЕГІ

(1978 ж., «Жазушы» баспасы)

АҚ ШИЛЕР

Құм Тосын жаққа құларда,
Қол бұлғаушы еді ақ шилер.
Малынып мұхит мұнарға,
Тоқындаушы еді ақ шилер.

Алтынмен аптап күн нұры,
Жарқылдаушы еді жел қағып.

Сайрайтын жоқ-ты бұлбұлы
Өздері сыңсып, толғанып.

Табиғат берген тілменен
Үнсіз де түнсіз тебіреніп.
Сусыған қызыл құмменен
Тұратын толқып, еміреніп.

Көрдім мен құмның шилерін,
Желкілдеп қунап тұрғанда.
Қозғалып бірге билейді
Қарауыл төбе құмдар да.

Аршын да, аршын құм іші,
Дастарқан дерсің жайған бір.
Қанаты құмның, дұрысы,
Қаға алмай тұрған қайран бір.

Құмдағы қыруар өскіннің
Сыңары сирек сұңғағы.
Бар екен сенде, кеш білдім,
Жоқ деуші ед сенде гүл жағы.

Қас-қағым сәтте қабығың
Терідей түлеп жаңарып.
Жалғыз-ақ талсың, тамырың
Жап-жайқын құмға таралып.

«Жап-жайқын мұхит бетінде
Жұптасқан желкен – керуендер.

Соққан бір дауыл өтінде
Селдіреп қала көрмендер».

Және де солай тіледім,
Табиғат пейілі кең ғой деп.

Қауышып есен жүремін,
Пенделік оймен сенбей кеп.

Қаз-қалпың қоңыр құмыңнан
Аумай да көшпей еш жаққа.
Қызықпайсың-ау, құбылған
Тауға да, тасқа, асқаққа.

Құмыңның қалды жыры боп,
(Болсақ қой сендей баршамыз) .
О, құмның шиі, бір түнеп,
Кетті екен саған қанша құс.

* * *

Аман ба, туған топырақ,
Аман ба, Ақшығанағым.
Ақ деген сөзден жарқырап,
Жеткендей жақсы хабарың.

Жүйкемді күллі босатып,
Мен сені неге сағынам.

Сенде өткен дәурен – жас уақыт,
Сәулесіне әлі табынам.

Жұмыр жер неге кең деме,
Қасиетті қырлар көп-ақ қой.
Азамат туған жерге де
Аз ғана күндік қонақ қой.

Әйтпесе, біздің бәріміз
Жүрмес пе ек туған төбеде.
Жұмыр жер – кеме, жанымыз,
Жанымыз бірге кемеде.

Шыр етіп түскен уыс құм,
Қасиетті болар себебі,
Алғашқы деммен туыстың,
Алғаш сол сүйді денені.

Қайғысыз, қамсыз күндердің
Қайығында сонда жүзерсің.
Кіршіксіз, кірсіз гүл көрдің,
Үзбессің, мүмкін үзерсің.

Кімде де бар ғой нала, наз,
Күндер бар жолың болмайтын.
Сондайда бірақ адам аз
Туған жерді іздеп бармайтын.

Сондайда бірақ көп пенде,
Тек өзім ғана сүйем деп,

Сен аунап өскен бөктерді
Тұрады жалғыз иемдеп.

Өттең-ай, сонда тіл болып,
Сөйлеп бір кетсе әлгі қыр.
Білер ед, бейбақ, шын берік,
Туған жер сүйер жалғыз ұл,
Жалғыз ол емес екенін,
Сүюдің сан мың бар заңы.
Сүюге оның жетерін,
«Сүйем» деп айту арзаны.

Туған жер, саған қаталап,
Кім қалай сүйсе өз еркі.
Мендегі сендік махаббат –
Жанардың нұры – көз өрті,
Жүректің жыры – сөз өрті.

* * *

Асқынып ағатын бұлағың,
Бастығып қалған ба, шырағым.
Басылмай келіп ем құмарым,
Басыңа жеттім де құладым.

Баяғы ағысың қайда асау,
Булығып жатыр ма, бар ма сау?!
Қара жер қайнарға тоймас-ау,
Қайнарлар ағыссыз қалмас-ау.

Көлдері қол бұлғап талай қыр,
Төсінен шақырды талай нұр.
Сабылып сабырсыз келгенде,
Саябыр жатқаның қалай бұл?

ҒАНИ АҒА

Қара тас түнді шақпақша шағып қақ жарып,
Алтынның түсі секілді бейне ақ жарық.
Аспаннан бір сәт тұрады, - дейді, - нұр сеуіп,
Тілегің қабыл, көрсең бір соны бақ жанып.

Қасиетті нұрдың белгісіз қашан жауары:
Қызыл іңірдің тарқаған соң ба зауалы,
Қоп-қою түннің торлаған тұс па қамалы,
Қаққанша қасты қанатын жайған сол нұрдан
Адалдық тіле, адалдық қана дауалы!

Сипатын нұрдың суреттей алмай тілменен,
Салыстыра алмай Айменен яки Күнменен.
Айтатын жұрттар: «Төбесінде айлап тұрса да,
Бірде бір тілек тілемейді, - деп, - білмеген».

Айтатын және біреулер «мынау қай таң» деп,
«Қап» деген сөзді қадір түн өте айтар деп.
Ей, халқым менің, аңтарылушы ең аспанға,
Қадір түн түгіл, боп шықты көкте сайтан жоқ.

Сен оны білдің, біле де жүріп алдандың,
Сол емес пе деп жұлдызға да аққан таң қалдың.
Қасыңда бірақ қадір түн туып қаншама,

Жарығы болып үзіліп жатты жалғанның.

Қадір түндердің қонысы қара жер екен,
Өрісі – халқы, өсірген орта елі екен.
О, тоба, тоба! Менде де біраз болыпты-ау,
Шарапат түндер, шұғыласы болған мерекем!

Наразы туып нарқын біліп ең халқыңның,
Ширек ғасырға сыя алмадың ба, шарқ ұрдың.
Қамба қазғанда қара топырақтан кезіккен,
Сәулесіне ұқсап сіңдің бе сен бізге алтынның.

Беу, Ғани аға!

Сен де бір қадір түн едің,
«Ұзақтау жан» деп үзіліп тұрып тіледім.
Сәулесі сіңсе сәулетті келешектерге
Өтірік екен «өзекті жанға бір өлім».

ДӘМЕТЕМІН, МАХАББАТ

Шын ләззат күтемін тағы сенен,
Шын рақат күтемін тағы сенен.
Дүр сілкініп жүрегім дір етті ғой,
Дәметемін, махаббат, әлі сенен.

Лебің самал желпитін жел боп жетсең,
Көңілім қалар тағы да келмей кетсең.
Қайтейін мен дәметпей, бұрында бір
Дәметкізіп, дәнеңе бермей кетсең.

ЕКІ ҚАЗ

Көліме былтыр ерте қонып ең, екі қаз,
Көлімнің бетін күлімсіреткен екі қаз.
Кешіктіңдер ғой, сыңайы салқын аспанның,
Жылым сулардың болғаныменен беті жаз.

Кешігіп биыл талықсып ұшып келгенде,
Тәнті етер сыйлық таба алмай жүрмін сендерге.
Көк құрақтарын көп орып едік өткен жаз,
Қарсы алар ма екен жатырқап жайдақ көлдер де.

Көк аспаныңның кеңістігіне тайғанап,
Аққуларменен араласып кел, ай қабақ.
Жалаңаш көлдерді айналып өтіп қаңқылда,
Қаңқылдаңдаршы, қонысым менің қайдалап.

* * *

Ғ. Қайырбековке

Екі-үш үй көшті ме екен Дүбірдегі,
Екі ши өсті ме екен түбірлері.
Желпініп бір өте ме екен қырат-қырды
Жәннат леп жұп-жұмсақ жел іңірдегі.

Жалғыз бұлт көкжиекте қосақталмай,
Жалғыздық жан жүйесін босатқандай.
Жібісе, желпи соққан қияңқы жел,
Шайқай ма шалғындағы шашақтардай.

Елгезек есіле ме ерке бұлақ,
Еңістен көсіле ме ерте құлап.

Ертерек тілі шыққан бұлақтардың
Бал мезгіл балалығы келте бірақ.

Шайқалып шарбы бұлттар сейіле ме,
Шайпау жел ауады екен ойы неге?..
Екі-үш үй төбесіне бұлт айналып,
Иіп бір берер аспан пейілі – ене.

Екі-үш үй қара құрым туырлығы,
Тұр ма екен тарқатылмай уық жібі.
Жүр ме екен бәйек болып бәйбіше - әже
Пісіріп соңғы сауған иіндіні.

...Екі-ши көшті ме екен Дүбірдегі,
Екі ши өсті ме екен түбірлері.
Көшкенде өскен шығар, қараша қос,
Қайда екен бірді-екілі жүгірмегі.

Жайқалып алуан тамыр гүл ашқанда,
Шайқалып бала бұлақ қыр асқанда,
Найқалып өскен шидің ортасынан
Шаншыла ұшса бір құс ніл аспанға...

* * *

Жарқыным-ау, махаббат өрт екен ғой,
Мерт етердей адамды дерт екен ғой.
Он жетіде үйлену ерте екен ғой,
Жарқыным-ау, махаббат жалқы екен ғой.

Жарқыным-ау, махаббат жалқы екен ғой,

Шын ғашықтар зар болу салты екен ғой.
Он жетіде қол жетпеу ойлағанға,
Махаббаттың мәңгілік нарқы екен ғой

Жарқыным-ау, махаббат мұң екен ғой,
У екен ғой, не зәмзәм су екен ғой.
Он жеті жас өзі емес махаббаттың,
Маңайында естілген шуы екен ғой.
Шуылымен, шуымен алдамаған
Ақ махаббат бары рас, шын екен ғой.

ЖАСТЫҚ

Көктемгі бір өзеннің тасқынымысың,
Көбігін көкке ататұғын көкек айында.
Жаз алыс.

Аптабы сорып бастығу үшін,
Жастық-ау, болсашы уайым бөтен ойыңда.

Жағаңда жап-жасыл құрақ, құрай да балдай,
Құсың жоқ шырқатпайтұғын, қондырмайтұғын.
Елесің кетерде жоқ та, туғанда бардай,
Жастық-ау, уақыт па едің қол бұлғайтұғын.

ЖЕҢІС ЖЫРЫ

Өтежан Нұрғалиевке

Қозатын «қоға» десе намысымыз,
Өртеңнің орнындағы қамысымыз.
Жел тұрсын, самал соқсын бұл маңайда,
Бірінші шыққан біздің дауысымыз.

Жел жоқта қамыс басы майда құрақ,

Үкідей үлпілдейді ойланып ап.
Сабағын қағыстырып табыстырған,
Қолаң жел – қойдай жуас қайда бірақ?!

Дауылы соқпай жатып байқалған соң,
Дауысы шықпай қайтсін, шайқалған соң.
Ерлік сол – жел өтінде тұрсаң дағы
Еркелеп шындығыңды айта алған соң.

* * *

Жылдар қалай зымырайды, ағажан,
Шапшып аққан суларға ұқсап сағадан.
Самайыңа ақ кіреді аңдатпай,
Суық қолдай жас күніңді тонаған.

Бірте-бірте көздегі үміт мұнары
Сейіледі, кеудеңе кеп тұнады.
Құйттай жүрек құйын мінез, құрғырым,
Тыпыршиды, қанадан тыс ұрады.

Қанат бұлғап қайтқан құстай төбемнен,
Күн өтеді... көлеңкесін көрем мен.
Мені анау жыл қытықтайтын қыз даусы
Қарт әншінің әуеніндей көнерген.

Көз алдымда керуен көлбеп дәл мына,
Көнерген де, жаңарған көп орнына.
Қысқа жіптей келмесең де күрмеуге,
Қайран жастық, орның сенің толды ма?

ЗАМАНМЕН ДИАЛОГ

Адам кейде албырт та алаңғасар.

Айдай жолда қияс бір қадам басар.

Адам – кеуде жоқ шығар жарақатсыз

Қияс қадам кейде бір жаранды ашар.

- “Әмән нашар болғам ба, әмәнда осал” -

Деген бір ой сезімге камал жасар.

Өзіңді өзің алдымен жегідей жеп,

Ақтарылғың келеді Заманға сәл.

- Жолдас Заман!

Мен саған Замандаспын,

Сан мүдіріп, сүрініп қадам бастым.

Зымырансың, жылдамсың,

кешір мені,

Мен сенімен зымырап аға алмаспын.

Ырза емеспін өйткені кей күніме,

Мырза емеспін өйткені ой гүліне.

Кеше мені бір шаттық шарықтатып,

Бүгін бір мұң көгендеп қойды, міне.

Күйбең тірлік – шеңберге симай кейде,

Кеткеніммен,

шаңырақ үй-жай менде.

Алдымдағы күндерге асықсам да,

Қарайлаймын артыма қимай кейде.

Өкінемін.

Өлердей сан соғамын,
Өкінішке қайсарсып қарсы ағамын.
Жолдас Заман,
бойымнан зая кетті
Саған берер қанша күш, қанша жалын.

Қуанамын.
Жүрегім жарылардай,
Қуаныштың кеудемде таңы бардай.
Жолдас Заман,
келеді таңым менің
Таланттыдай талансыз таныла алмай.

Өкініш пен қуаныш.
Бұларға мен,
“Өзімсіңдер” деп ылғи ұрандап ем.
Мен солармен жүргенде қоян-қолтық,
Жолдас Заман, өзгермей тұрар ма әлем?..

Жолдас Заман!
Сондықтан мына мен де
Болармын бір күйкі жан, сірә пенде.
Кеудемдегі жарам сол, сенен бөлек
Болған күндер, құнын сен сұра, терге!

“ – Жоқ, Замандас,
шын жылап, шын қуансаң,
Сезіміңді өзіңе ту қыла алсаң,
Өмір бойы игеріп үлгіре алмас
Жүрегіңді таусылмас тың қыла алсаң.

Жаңа Адамсың, сен мәңгі жас Адамсың
Армандайтын Азамзат күллі жайсаң.

Соны аңғардым мен сенің лебізіңнен,
Мықты адамдар уақыттан, тегі бізден.
Сан заманды есейтіп келесіңдер
Қуаныш, қайғы сөлін емізумен”.

1977 ж.

ҚАРЛЫҒАШ – АПАЙ

(баллада)

В.М. Панченкоға

Біздің ауыл – айналасы орғыл құм...
Кіреуке күз. Сұрғылт аспан. Солғын күн.
Теріскейден тұрып алып соғады,
Өктім-өктім оғына ұқсап жел мірдің.

Жайдақ құмның жиде талы дірдектеп,
Еспе желді елемейді құм беткей.
Біздің ауыл – он бес түтін, ортада
Қыштан салған төрт кластық тұр мектеп.

Жиналуын күтіп отыз баланың,
Күзембай қарт бастап кетер сабағын.
Отыз бала өзі осында, ойы алыс
Күтіп бәрі, күтіп көке хабарын.

Сабақтан соң класта қап топ бала,
Сурет салып, көркем жаздық тақтаға.
Төрт амалмен шығар алмай әлекпіз

Соғыс қашан бітетінін тек қана.

Құмдағы ауыл... құлаққа ұрған танадай,
Анда-санда ит үргенде абалай,
Жолаушысыз сұрлеу тартқан сорап жол,
Соған қарап, көңіл босар қаралай...

Көз ұшында құмға малтып бір арба,
Сүңгиді кеп күзгі сұрғылт мұнарға.
Оң қабақтар, сол қабақтар сол кезде
Тартады, яки қуануға, жылауға.

Бұйра құмды жалғызаяқ жол бойлап,
Шыбыртқысы шолақ шалдың қолда ойнап.
Бүгін де әне, құлады арба, қажалған
Дөңгелегі шақырымнан ойбайлап.

Қартаң мал ғой жегіп жүрген лекерлеп,
Қоңыр өгіз қозғалады тепендеп.
Жұрт арбаға лап қойды бір кезде
«Екі адам ғой, екі адам ғой... екеу» деп.

Аңғармадық арбаға алғаш кім жетті,
Артқы адаммен көрісуге ол міндетті.
Осы ауылдың боздағы ғой әйтеуір,
Қан майданнан қайтқаны үшін құрметті.

Жан ұшырып жетті де, кілт тоқтады,
Қағыстырып төсіне-төс соқпады.

Жаңа ғана лап-лап қойған үміттің
Лып-лып етіп сөнді сәтте шоқтары.

Желге қамсау болмай жұқа киімі,
Бір орыс қыз үнсіз отыр, бұйығы.
Жұрт арбаға ілескенде үн-түнсіз,
Қыз жылады селк-селк етіп иығы.

Көкшіл көздің тамшы шайып кемерін,
Біз білмедік жылағанын неге оның.
Естіп қалдық хат тасушы қарияның
«Орыс тілі мұғалімі» дегенін.

* * *

«Волга, Волга, матушка»
Ән салады Валя апай.
Біз қараймыз батысқа
«Көкем келсе-ау, алақай...»

Көсіледі қызыл құм,
Есіледі жел үрлеп.
Күн батысқа қызыл күн
Екінді ауса-ақ егілмек.

Жалғыз жиде далада
Құмға қарай құмартар.
Қаулап өскен жағаға
Шулайды кеп шұбар тал.

Тас керең құм егілер

Үнсіз-тілсіз томсарып.
Алып болсын тегі жер,
Байтақ болсын қаншалық.

Тұтас дене, құм мынау
Қара етіндей бір үзім.
Сабырлы құм сұмдық-ау,
Дөңбекшиді күн ұзын.

...Ән салады Валя апай,
Бір ысиды, бір суып.
Сағыныштың сағаты-ай,
Қалар кейде күрсініп.

«Жоқ, жоқ» - дейді ол сонан соң,
Сергігендей қыр, белдер.
«Маған бәрі туған жер
Орыс тілі жүрген жер.

Орыс тілі қай жерде
Жүрсең де тек бақ болғай»
Апай айтқан ой кейде
Құмдағы атқан ақ таңдай.

Жарқырайды құмның бір
Қара бұлтын ысырып.
Бізге жеткен нұрдың бұл
Бір ұшқын, бір ұшығы.

Біз шырқаймыз Волга деп,

Ол қазақша Еділ деп.
Орыс тілі арқылы
Бар қайғымыз жеңілдеп.

Орыс тілі арқылы
Сағыныш та сейіліп.
Көк жиегі кеудеде
Кеңейеді ой үміт.

Бөкебайы ақ түбіт,
Апай құмға жүгірді.
Аппақ сәуле қақ тіліп
Қара қоңыр іңірді.

Әнге бөлеп тұрады ол
Марғау кеште бел үстін.
Қарлығашы сияқты
Құмға келген жеңістің.

ҚАСИЕТ

Ағажан,
самайыңды шалған қырау
Алмастай жас жылдардың сәруәр нұры-ау.
Қартсың сен, қуатыңды сарқып берген
Заманға парасаты заңғар мынау.

Ағажан,
төңкерістің тал бесігін
Тербеткен аға ұрпақ боп қалды есімің.
Әліби, Сәкендермен бірге өттің сен

Дәуірдің тайғақ өткел тар кешуін.

Жалт етіп жаңа дүние нұрға көзің,
Сол жаққа болмысыңды бұрған өзің
Сарбаз боп революция шеруіне,
Темірді қызған кезде ұрған өзің.

Іздеп сен жас дәуірден мұратыңды,
Қосшыға қостың әкеп бір атыңды.
Сосын сен РКП(б) мүшесі боп,
Бұлғадың қызыл шымқай бұла туды.

Қолға ұстап бесжылдықтың балғасын сен,
Бірісің шыққандардың алғаш үйден.
Жаныңа тұңғышыңды ерттің және
Ерліктер жету үшін жалғасумен.

Тіміскі түртіншек жау андағайлап,
Жапқанмен жас дүниеге жала-ғайбат.
Жеңістің туын тіктің сен атойлап,
Жеңістің гүлін тердің алақайлап.
Партбилет жүрді сенің шырағың боп,
Алғыр ой, асыл мұрат, дана қайрат.

Уақыттың ылдиынан, ойпаңынан,
Бақыттың шыңын барлап, ой таныған.
Және де сол биікке шырқап шығып,
Заманға жетелі сөз айтар ұлан,
Болдың сен,
мақтанамын мен сол үшін,

Күн сипат, нұр дидарлы еңсең үшін.
Дүниені қозғаған күш, қозғайтын күш,
Ол сенің тебіреніс пен теңселісің.

Көшелі тұлғаменен көш басында,
Жасампаз болдың біздің Бас ғасырға.
Сен мынау алты құрлық бір-бірімен,
Алғашқы дәнекерсің достауға.

Әділет жауыздықпен ерегеске
Шыққанда жекпе-жекке, төбелеске,
Намыстың найзасы боп жарқылдаған,
Ағажан, сендерсің ғой, сен емес пе?!

Ағажан,
түн қатқан кез, түс қашқан шақ
Бәрі өтті. Қайғы-қатер тұстасқан сәт.
Келесің мәңгі алаудың жанына үнсіз,
Сен қазір қос қолтыққа ұстап балдақ.

Балдақтың сықыры мен бурыл самай
Сыр айтып, таң ғап саған тұрдым талай.
«Осы адам, осы адамдай болсаңдаршы, -
Дедім мен, - жұмыр жердің тұрғындары-ай...»

Ғасырдың тыныштық пен бүлігіне,
Тірліктің іңгәсі мен уіліне.
Достардың жеңуі мен сеніміне,
Дұшпанның күлігі мен күдігіне.

Көш басы коммунистер сергек қарап
Тұрса тек, қоғам керуен өрге аттамақ.
Ол сенің, ол сендердің арқаларың,
Келеміз нұрлы ертеңге тербеп канат.

Қуансаң шаттық нұрын жалқы жағып,
Қайғырсаң көрдің бе сен жалқы қалып.
Жо... жо... жоқ, партиямен бірге болдың,
Керек пе?

Болмысың да партиялық.

Сенің бар бақытың да, бағың да сол,
Сен үшін байлық та сол, жалын да сол.
Жауыңа зауал болған тосқауыл сол,
Жаныңа жақын қонған дос-қауым сол.

Дегенде, қарт коммунист қыран қабақ,
Қонатын қас бүркіттей шығандап ап.
Бас изеп бар сөзіме, сөзін жалғап,
Өзіне берді өзі бірер жауап.

- Бәрі рас,

білесің бе бірақ, інім,

Тау мен тас жаңғыртады қыран үнін.
Қағып ап қия беттер, құз шатқалдар,
Қыранның ұмыттырды сыңарлығын.

Сол кезде тау да қыран, тас та қыран,
Сол кезде Шындық, Ерлік – асқақ ұран.
Қасиет коммунистік басталған ғой

Осы екі ұлы ұғымның дастанынан.

Жаңғыртып, жайлап, баурап күллі әлемді
Жөнелген бөлеп шұғыла нұрға жерді.
Қашанда коммунистер дауысынан
Ұлы рух, ұлы қасиет туған еді.

Түнегін түн ойлардың қақыратып,
Тілемей жалқы жерге жарты бақыт.
Тек қана коммунистер ықпалымен
Дүниені түрлентеді Батыр – Уақыт.

Біз кеше компас едік, дүниеге
Жөн сілтер нұрлы ертеңнің зеңгіріне.
Біз бүгін барометр сияқтымыз
Дүниенің демін тыңдар енді, міне!

Деді де,
қарт коммунист тыныстады,
Алаңда топ көгершін жүр ұшқалы.
Адамдық қасиеттің мен ойладым
Осы-ау деп адамзатқа туысқаны.

КЕЛІН

Ауыл арты айдын көл – қардың суы,
Қар суына қосылған жаңбыр суы.
Тұщы суға барады қыз-келіншек,
Табанына шашырап шалғын шығы.

Кешке қарай көкжиек күреңітіп,

Қою бұлтты балқытып тұр ерітіп.
Боз жусанның түбінен тіп-тік ұшып,
Бір бозторғай аспанда жүр елітіп.

Ауытқыған ауамен бозторғайға
Көп қадалды бір кемпір,
 көз талмай ма?
Кенет ұшқан құстардың қанатындай
Келер болса жақсылық кез таңдай ма?

Құдіретімен тұрған кез көктем буып,
Күн сәулесі алтын зер боп төгіліп.
Қайта оралды әлгі құс...

 қайран дүние,
Келмейді әттең, бұлдырап кеткен үміт!

Көмейінен торғайдың төгілген үн,
Әкеледі көзге жас, көңілге мұң.
Майдан біткен,
мазасыз кемпір күткен,
«Махаббатын ән қылып менің де ұлым...

Менің де ұлым оралар, орнында бар,
Орнында бар болған соң орман толар.
Менде қайта көктермін жапырақ шашып,
Жапырылып жапанда қалған томар».

Күтті кемпір екі жыл, үшінші жыл,
Күтті келін көп естіп қысыр сыбыр.
Екеуі де сұрайды әлдекімнен,

«Құсымызды кенеттен ұшыршы бір».

...Суға барған көп әйел шалқып әні,
Кешке жақын көл жақтан жел тұрады.
Қараша үйдің шығып ап қолдауына
Қадалып тұр сол жаққа кемпір әлі.

Көл маңайы көп жұрттың шуын құшып,
Ерте түсті шалғынға бүгінгі шық.
- Келін, бүгін көлге сен бармаушы ма ең,
Жалғыз қалдың, кетті ғой іңір түсіп.

Және де айтты:

«Қыздардан жай қалдың ба,
Әлде бүгін бір жаққа ойландың ба?»
Келіні тұр таранып, шашын өріп,
Керегеге ілулі айна алдында.

Абыройын қалдырып аманатқа,
Жардан артық жоғалған жара боп па!..
Кемпір де дал,
барғанын айна алдына
Жори алмай жақсылық, жаманатқа.

- Көңілінің шашбауы көтеріліп,
Көлге қарай асығып жетеді жұрт.
Қайда асығам, қашанғы күзетемін,
Бұл босаға мен үшін бекер үміт.

Иінағашы салдырлап иықтағы,

Қараңғыда көл жаққа жуықтады.
Жабамын деп түндікті жатты кемпір,
Құлап түсті бір дәуіт уықтағы.

Келер күні тұрып па келін ерте,
Қолы үйренген қашарын еміренте,
Еміренте сауғанда, елжіреді
Ене емшек секілді көңіл дерте.

Содан кейін кір жуып, шай қайнатты,
Білек түріп шайқады бал қаймақты.
Бұзауы бар қашар да май береді,
Қысыр қалу, япыр-ай, қандай қатты!

Көрші жинап, көп жұрттың батасын ап,
Келін айтты:

- Келгем жоқ жат асырап,
Тайып тұрар тағы да мен емеспін,
Алып ұшқан нәпсімен шатасып ап.

Мүлкін де алмай бұл үйден, малын да алмай,
Кейде орнында тұрмайтын лағылдардай,
Кетті келін,
көтерде енесіне
Еңіреді «кетті деп бағым жанбай».

Қыз-келіншек күлкісі сараласып,
Көлден қайтты жарысып, жағаласып.
Жалғыз кемпір келеді жұрт соңында
Ақ жаулыққа ақ самай араласып.

Жалғыз кемпір келеді...

қайран көңіл,
Артта қалған жылдарға ала қашып.

* * *

“Келіншек пе, екен, қыз ба екен,
Иман жүзді екен, ізгі екен.
Таң алды түскен сонар ма,
Бір жүріп өткен із бе екен?

Махаббат атты құрылықта
Бақытты ма екен, мұңлық па?
Тәрк боп кеткен жоқ па екен,
Тағдыр дейтұғын – бұйрыққа.

Ғашықтық өртке малынып,
Асықтық дертке шалынып.
Көрген жоқ па екен қамығып,
Кеткен жоқ па екен жаңылып?..

Апыр-ау, анау алма бет,
Қарақат көз бен шие ерін.
Тәтті ұйықтап жатқан таңда кеп
Қонатын жері-ау киенің”.

Деп қалдым, досым,
деп қалдым,
(Дерсің сен тағы, айт, айтқыш.)
Саған да сондай тап болсын

Сұлулық дейтін – Жайтартқыш.

07.11.1977 ж.

* * *

Көргеннің бәрін кеудеге қамап, шегендеп,
Көздегі нұрды ақылға матап, көгендеп,
Жиырма бестегі жабырқай ма екен жас ақын
«Күндерде бір күн бізге де қарттық келер», - деп.

Қайғыру неге...,

қайғырмаймын мен өз басым,
Қарттық та жақсы басыңнан күнің озғасын.
Бас жаққа қойған белгің де тозсын өлген соң,
Жас шақта жазған бір шумақ жырың тозбасын!

ҚҰРАҚ ЖЫРЫ

Көл жиектеп желкілдейтін көк құрақ
Жел иектеп селкілдейтін көк құрақ.
Өсе-өсе қамыс болдың сен, міне,
Өсе-өсе жігіт болдым мен, міне.

Ей жас құрақ, біздегі сәл айырма,
Адамға тән... мен айтпай-ақ пайымда.
Біздің жыр да сендерге ұқсас, тек қана
Әр дауыспен айтылған бір қайырма.

* * *

Мен тал көрдім, солқ-солқ еткен құба тал,
Ми далады ыққан қойдай бір отар.
Қайдан ғана қаулап өсіп шықты екен,

Мен – жастық, мен- жиырма бес,
менің күнім,
Құрылықтар құдіреті боп көрін бүгін.
Құлпыртқан туған елді қызуымның
Уақыт, сен берерсің көрімдігін.

Сондықтан өз үніңмен, өз деміңмен
Төре бол, тура қарап көз – көңілмен.
Әр ұрпақ жастығыңның ара өлшемін
Уақыт, сарала өзің безбеніңмен.

Бейбіт күн, биік арман – қос мұратым,
Парасат күші арқылы паш қылатын.
Уақыт мойындаған әлдеқашан
Қоғамның коммунистік жас қуатын.

Мен – солмын.

Қуаты жас, сана сергек,
Көкті орап, жер қопардым дара сермеп.
Дүниені сан танданттым, сан таңғалттым,
Айтпадым: «Мен сиқырдың баласы ем» - деп.

Қиялдың шиырланған қиян көгі,
Ғасырым, көркің – жастық күй, әндері.
Бір айдын «Революция – Коммунизм»
Планета жастығының құяр жері.

Сан алуан әр халықтың тіл мен түрі,
Бірақ та әділ ойдың бір төркіні.
Әне, әне, Африка жастығының
Бет алды сол айдыңға мың толқыны.

Мен де – ағыс.

Шөлін басып талай құмның
Ақтым да, алғы күнге қарай білдім.
Мен – жастық, мен – жиырма бес,

коммунистік

Алғашқы толқынымын сол айдынның.

* * *

Менің бір тұтам өмірім,
Тартсам созылар тарамыс болсашы,
Бірде бай, бірде жұтаң көңілім
Жүйткіп жазылар қаламұш болсашы.

Көп менің жүрген жолдарым,
Кеңістік көп іздеп, кербез көл іздеп.
Мен – қарлығаш!
Қайда ұшпадым, қайда қонбадым.
Бауырыма басқа балапан талмайтын жем іздеп.

Мінез

Адамның сорлы міні – мінезсіздік,
Сананың солғындығы – мінезсіздік.
Ерлік те, еркелік те – бәрі мінез
Болмаса тым есерлік, тым ессіздік.

Мінездан табады адам дос та, жау да,
Табады кейде бейнет – басқа сауда.
Мінезсіз мінсіздерден мінезділер,
Бақытсыз болған емес ешқашанда.

Ей, досым!

Жүз шайысып қалысармыз,
Тобық қағып, аяқ та шалысармыз.
“Ер шекіспей бекіспес” - деген қазақ,

Мінезің болса – болды,
табысармыз!

* * *

Нөсерлеп өтті жаңбыр,
Аспанды күркіретті.
Көкжиек ала шабыр,
Астарын жыртып өтті.

Қара оттың түбі балқып,
Булығып тұр жетілмей.
Жусаған үйір жылқы
Жусаннан үркетіндей.

Жазылып жайылмайды,
Жаңбырға жалдап алып.
Қайық жел қайырлайды
Жазықтан жонға барып.

Боз бие дара мүсін,
Топ малдан биік тұрды.
Теуіп қап жабағысын,
Құлынына иіп тұрды.

НҰРҚАН МЕН ХАЙРОЛЛА

Нұрқан – ақын, Хайролла – төкпе жырау,
Егіз шекті екеулеп жеккен ылау.
Хайроллаға жыр туса, хабар келген
- Жет Торғайға тезірек, жет, жаным-ау.

Колхоз бенен қаланың арасы алшақ,
Көлігі жоқ көп жұртқа қарасар шақ.
Жол жүрер күн, жаз бойы қаңтарулы
Қарағайға жанасып жара саусақ.

Басып-басып қалғанда сағасынан,
Шалқып бір күй шығады шарасынан.
Шекке тиіп кетер деп қорқып отыр
Жазым қолдың Хайролла жарасынан.

Атын ерттеп асығып қамшылайды,
Айдау жолдың бойынан шаң шұбайды.
Ашудастай ащы айран бойға сіңіп,
Кекірген соң кеңсірік қаңсымайды.

Көкжиекке күлдіреп күн құлаған –
Көздің майын тауысып тұр бір адам.
Қызыл толқын ішінде қайық болып
Жалғыз қара көрінді бұлдыраған.

Бір-ақ елі маңдайды баққа бөлеп,
Бақыт келсе – байлайтын қақпа керек.
Келе жатыр ақынға бір жақсылық
Қызыл толқын ішінен аққан ерек.

Нұрқан үйі – шым тезек қабырғасы,
Өтті осында жас шағы, жалын жасы.
Қанатымен осы үйде желпіді оны
Қайран өлең, қанатты қарлығашы.

Құйып кеткен құрдымға қайран жасын,
Сезген ақын сезімге қайралғасын
Селдетіп бір сәуірдей құйып өтіп,
Шөлдеп көріп сағынған Хайролласын.
Аударып ап ерінен, еміреніп
Егіз туған баурындай айналғасын.
Қозы іңірде көгеннен жамыратып
Көтереді Хайролла қайран даусын!

Келген адам қи ойып, сақпан атып,
Ақын жыры бойына от таратып.
Ескі әріппен жазылған қолжазбаны
Ежіктейді ай жатып, апта жатып.

- Зәру жырға зарығып жұтап едік,
Жапырағы бар желпі, - деп, - бұта болып,
Хайролланы қонаққа шақырады ел,
Ол кетеді өңденіп сыпа болып.

Сәтен көйлек жуылып, құты кіріп,
Саптама етік аяқтан сыпырылып.
Дастарқанның басында, қасында ақын
Төкпе жырау төгеді құтырынып.

* * *

Оймақтай көлдің жиегі,
Аққу құс ұшып киелі.
Қырын бұрып қанатын,
Қыл мойынға иеді.
Қарасудан жыртылып,
Дара тұлға құлпырып,

Буынсыз бел майысса –
Қос қанаты қайысша
Қайта-қайта созылып,
Қоғажайға тиеді.
Әуей желге ілессе,
Әсіре әуен біресе
Жіңішкеріп жібектей,
Тарайды осы түбекке.

ОЙЫЛДАН КЕЛГЕН ҚАРИЯ

(баллада)

Орынбор.
Он сегіздің наурыз айы.
Сәске түс. Совдеп үйі. Аула-жайы.
Айнала тұтасқан шу, тұтасқан ту,
Әңгіме – төңкерістің дау-дамайы.

Совдептің шаңырағына бірге қарап,
Алты жүз сарбаз тұрды – кіл делегат.
Тапсырып мандат қағаз екі-үш адам,
Өкілін төрт уездің жүр жағалап.

- Қайдансың, Ырғыздық па?..
- Жүр, Торғайлық.
Бір жатақ естіп соны тоқтай қалып.
- Келді ме атышулы Аманкелді,
Көрсетші? – дейді көзі шоқтай жанып.

- Беу, - дейді қасындағы егде қазақ, -
Бізге ұқсап көрген жоқсың сендер азап.

Болса егер Сардарымыз, әлдеқашан
Байларды кіргізер ек көрге дозақ.

Кіл жатақ, кіл жақыбай, кедей-кепшік,
Әйтеуір дүрбелеңге елендестік.
Өткен жыл Жанкелдиннің керуенін
Бірғыздан қуып жетіп, сәлемдестік.

Бұл өзі не төңкеріс, не дүрбелең,
Ленин кім, не істе деген, неғыл деген.
Ататын таң деген не, тап деген не,
Не нәрсе жеме-жемде жеңу деген.

Соны айтып түсіндіріп, мұртты қазақ:
- Жеңіске қалды, - деген, - тіпті де аз-ақ.
Ойылдың отырықшы он жатағы
Төркінін әңгіменің ұқтық тез-ақ.

Намысын өзімізше елдің жанып
Содан соң әр ауылдан қол жинадық.
Сардары болмаған соң, өңкей жатақ
Бәрібір қанатсыз құс, ол бір кәріп...

- Е... he... he...
Тыңдап тұрған күлді жігіт,
Жүніміз десей солай жүр жығылып.
Аспаннан түсті деп пе ең Аманкелді,
Түссе егер неге бізбен жүр бірігіп?

Өзіңдей ол да жатақ, ол да кедей,

Ревком неміз біздің, қорған емей?
Торғаймен, не Шалқармен хабарлассаң,
Болмас па, «құдай өзің қолда» демей.

Деді де, бала сарбаз бердеңкесін
Бір қозғап, қарт алдында керген төсін.
Заманның аңғарып тұр ағымын ол,
Ертерек ерлерге еріп ел көргесін.

Сол кезде кірді аулаға бір алқа топ,
Әндетіп, ортақ ұран – «Ура! Алға!» боп.
Тағы да ойылдық шал ойлап қалды:
«Әні несі? Шілдехана, думан ба?» - деп.

Көтеріп биігірек туын олар,
Адамдап нық басатын түрі де бар.
Біреулер сыбыр етті: «Итжеккеннен
Анау, - деп – тірі келген Сібір Омар».

Бір жігіт басқалардан мұңы бөтен,
Деп қалды:
- Қолдаушысы – пірі ме екен,
Сұрасам қайтер еді, анау жылғы
Айдалған менің да ағам тірі ме екен?

- Анау кім қасындағы?

- Анау кімі?

Көк күрте, қадап басқан қадамы ірі.

- Чекмарев. Балтық теңіз матросы,

Қазіргі – Қостанайдың командирі.

- «Балтығы жер болды екен қай шамалы,
Бар екен от басында қанша жаны?»
Түртеді жас сарбазды ойылдық қарт
Шарқ ұрып шартарапқа ой-сауалы.

- Қарағым, көп зат жұмбақ, жас ілгері,
Неге оның күртесінің жасыл зері?
Матрос – Лениннің інісі ме?..
Жас сарбаз «иә» деді, бас изеді.

Ап-ашық күркіріндей күннің кенет,
Ауланы қоңырау үні – күмбір бөлеп,
Әсершіл қыр қазағын, революция
Рухы өтті тағы бір-бір жебеп.

Есікке ойылдық қарт ентелеп кеп,
Өзінен қалды өзі елбелектеп.
- Қария, мандатыңыз? – деді біреу,
Қарап тұр: «Ондай қағаз менде жоқ» деп.

- Ендеше кіре алмайсыз, - дегенде, шал
Мінезге басты дейсің алаңғасар.
- Жанкелдин жақын інім, шақырып бер,
Сол болсын жақсылығың маған жасар.

Айт, қалқам, ағаң сонау, түү Ойылдан
Кепті де, қайысып бір уайымнан,
Қас-қағым уақытын бөлсінші деп,
Жалынып қоймай тұр де, құдай ұрған.

- Әй, келмес... – деп қинала кеткен жігіт,
Қуанып келе жатыр өктем жүріп.
- Ойылдың жатағы ма ең?..
- Иә... иә...
- Өт залға, бар тез отыр, еппен кіріп.

* * *

- Жолдастар!

Жорық кешкен дала халқы!

Бұл жорық – революция болады аты!
Жете алмай мәресіне майып болған,
Бұл жорық – ата-баба аманаты.

Сондықтан күресте – есе, дауда - хақын
Жібермеу, большевиктің уәде аты.
Құрылтай – съездерің құтты болсын,
Төрт уезд – бүкіл Торғай Уәлаяты!

Жолдастар,

далалықтар – түз ұлдары!

Халықпыз түрі момын, қызу қаны.

Халықпыз діндар емес, ділмар емес,
Жасалған қолдан құдай-құзырлары.

Жолдастар,

революция жұлдыздары,

Біреу-ақ төңкерістің түзік заңы:

Қолдағы кісенінді үзгеннен соң –

Жұлынын үстем таптың ұзу заңы!

Жолдастар!

Үздік біздер қол кісенін,
Бірақ та тұтқасы емес ол місенің.
Жұлынын ұзу үшін үстем таптың,
Сендерде күллі құдірет, күллі сенім.

Жолдастар!

Албырт елміз, аңғал елміз,
Сан рет санын соғып қалған елміз.
Дейтұғын: «жарылқармыз, теңгерерміз»,
Жан-жағың жолбике жау, жалған лебіз.

Жолдастар!

Жас елміз біз – тал шыбықтай,
Сынамыз заман сырын қалсақ ұқпай.
Секілді ұлан дала – ұлы мұхит,
Жүзгенбіз талай ғасыр май шабақтай.

Жолдастар!

Емес бізге құлдық – мұрат,
Бірақ та аз ғой бізде бірлік – қуат.
Дүниенің аз дейсің бе жайындары
«Шабақты жұтсам дейтін қылғып бір-ақ».

Жолдастар!

Барлық кесел, бар зауалдан
Жалғыз-ақ сақтар қамал, қорғар қорған,
Жасасын Октябрь мен Ленин көсем –

Дүниені дүр сілкінткен, таң қалдырған!

Сөзінен Жанкелдинің зал күркіреп,
Уралап сүт сауым сәт жаңғырды кеп.

Орнынан оңтайланып екі-үш тұрды
Ойылдық айтқысы кеп шал бір тілек.

- Пай... пай... пай...

Білімсізді күшті деме,
Деп қалды ол: «кұр қара күш іс біле ме?»
Өсті деп естіп едім ішкі жақта,
Өзі бар қолға алыпты істі келе.

Қарт оған қадағанша көзін барлап,
Комиссар жөнелді әрі сөзін жалғап.
- Советтер өкіметін тез орнату
Жолдастар, жеңу болмақ, озу болмақ.

Алайда, талай ауыл, талай қыстақ
Жағдайда отыр әлі қиын-қыспақ.
Білмейді революция не екенін де
Сан кедей жүрген қиян, қиыр қыстап.

Құлдықтың ыңыршақты ылауында
Жүр олар әлі үстем шылауында.
Мен оны өз көзіммен көрдім былтыр,
Ойылдан өте беріп бір ауылда.

Он жатақ мені Ырғыздан қуып жетіп,

- Дүрбелең не зат, - дейді, дүбірге елтіп.
Жүр олар күрес іздеп, қолбасшысыз
Құла түз құланындай жүрген жортып.

Жолдастар!

Күрес бар ғой – өмір барда,
Большевик болсаң, соның жолын жалға!
Бір жатақ келіп отыр шақырусыз,
Ойылдан күрес іздеп Орынборға.

Біз оған кел съезге, төрлет десек,
Алаштың алты ауызын меңдетпесек.
Жолдастар, жөн бола ма, осы залға
Кездейсоқ кіріп кеткен топ жоқ десек...

- Ол кімдер? Олар кімдер?

Зал дүр етті.

Сол кезде ойылдық шал сәл дір етті.

- Бас бүлік төрелер ғой!

- Иә, төрелер.

- Ал шықсын,

- Шықсын олар.

- Болды! Жетті.

Оларға он-сан айдар тақты халық,
Бір сәтте шаңын көкке қақты халық.
Тоңмойын тоғыз адам амалсыздан,
Жылысып жүре берді топты жарып.

Сан сарбаз, сан сарғаскер, сан батырлар,
Үн-түңсіз ұғынысты жан-жақындар.

- Делегат – ойылдық шал! Мандатыңды ал!

- Ленинді бір көруге ойым құштар,
Бойымда сан жорыққа дайын күш бар, -
Деп қойып, оларға еріп арсалаңдап,
Келеді Совдеп жаққа ойылдық шал.

- Төрт уезд қолға алды деп Жеңіс туын,
Көсемге хат жолдаймыз тегіс бүгін.
Дегенде, шал тағы да қипақтады:
«Қоймаушы ем қара тани – кемістігім».

- Жә... жә... жә... оған бола қапа болма,
Ленин сынар сені жат адам ба?!
Өзің ол, өзіміз ол,
 ол біледі

Жатақтың өсетінін жатағанда.

- Деуші едік, сондай адам табылса бір...
Мұңымыз құлағына шалынса – нұр.
Кірпігі қыпылықтап шал селк етті:
- Омаржан, ауладағы ел абыр-сабыр...

- Иә... иә... абыр-сабыр, опыр-топыр,
Әнеу бір мылтықты ғой шоғыр тобыр.
Атаман Дутов дейтін ақ банды бар,
Тағы әлек салған болды-ау, сол өртенгір!

Деді Омар,

деді дағы демі бітіп,

Ауаны бір-ақ қарпып, долы жұтып,

Алқынып кіріп келсе, аула ішінде

Тұр екен Қостанайдың қолы күтіп.

- «Жолдастар, жау төніп тұр қаланы орай,

Ойы жоқ тоқтайтұғын табаламай.

Самардан, Күйбышевтен күш келгенше,

Бандымен байқасамыз шамаға орай.

Самарға, Куйбышевке Ленин өзі

Бұл жайды нұсқау берді қадағалай».

Қып-қысқа комиссардың осы сөзі

Аулаға сенім шашып самаладай.

Матрос Чекмарев жеткірінді

Саңқ етіп суға сүңгір шағаладай.

Сардар да Шалқасқаға мінді қарғып,

Омардың от жүрегі тұрды тарпып.

Ырымшыл ойылдық шал «о, тоба!» деп,

Қуантар оң жақ көзі күлді тартып.

* * *

Атаман Дутов – ақ банды

Қалаға кірген бетінде-ақ

Салмақ боп бірден қақпанды

Совдепке қарай лапылдап,

Лапылдап келіп лау етіп,

Меселі қайтып алқынған.

Өртемек болған жау оты
Өзіне қарай шарпылған.

Қап-қара түнек құбылыс
Қаусырып қазір қаланы
Қалтарыс, қуыс, бұрылыс –
Қолма-қол айқас алаңы.

Зуылдап ажал оқтары
Құшты кеп талай кеудені.
Оқ үшін кімнің атқаны
Бәрібір кімнің өлгені.

Ажалдан айла асырып,
Қапысын тауып күштің де,
Алты жүз сарбаз ашынып,
Алысты қылдың үстінде.

Алты жүз сарбаз ұраны:
«Бұйырсын ажал – кәне, кел!»
Ажалды да алып ұрады
Кей-кейде көзсіз тәуекел.

- Болса егер күні сойылдың,
Ұрар ем бір-ақ бас жарып.
Жұлынды шалы Ойылдың,
Жымиды Омар Досжанов.

Совдептің үйін тұр қорғап
Үркердей ғана үш-ақ топ.

Күші көп банды жүр аңдып
Екі күн, міне, екі түн,
Большевиктердің кетуін
Қырық ру, қырық пышақ боп.

Сардар да тістеп бармағын
Байлағандай боп қазыққа.
- Қағатын, - дейді, - шаңдарын,
Шайқасар ма еді жазықта.

Нобайын көрсе қараның
Түсетін үзіп топшыны.
Қол мергендері даланың
Жібермей-ақ тұр оқ шығын.

Жақындай алмай жау дағы
Жапалаққа ұқсап түнде ұшып,.
Қанатын қақса болғаны,
Жалтартпас оқты жүр құшып.

Ал анау Васька Чекмарев,
Басқаша айла-амалы.
Көшеге қыруар зат бөгеп,
Жасап ап қамсау-пананы
Ұядан, ықтан түп-тура,
Ұшардай дауыл өтіне
Түспейтін қыран тұтқынға
Біледі-ау, берки, бекіне.

- Үйгені несі? – деп бірде

Таңданған қария соларға.
- Питерде тумай кеткір, - деп,
Күліп бір алды Омар да.

* * *

...Кіреуке іңір көз байлап,
Томсарды түннің аспаны.

Жау оғы «жыны» қозғандай,
Жандана тағы бастады.

Штабтан келген сол мезет
Шынайы, шындық сөз мынау:
«Болғанмен біздер қанша өжет,
Тегеурінді жау, сезді жау.
Атыссақ бірер сағаттық
Санаулы дәрі-оқ бізде,
Жіберсек құйттай ағаттық,
Адастық. Жеңіс жоқ бізге.

Дутовтың қару-қоймасы
Қаладан сыртта тұр оқшау.
Жансыз боп қана бармаса,
Жақындатпайды бірақ жау.

- Қайткенмен соған, қалайда
Өрт салу керек бүгін, - деп.
Үш қолбасы... бәрі ойда
Таба алмай амал күбірлеп
Тұрғанда шалы Ойылдың

Тілегін айтты тағы тік.

- Тыңдаңдар менің ойымды,
Тиегін кетті ағытып:

- Айналып қала ар жағын
Қойманың келіп артымен,
Білмейтін таптың жанжалын
Қазақы қарттың қалпымен
Жетіп кеп күзетшілерге
«Жан сырымды» айтам еңіреп.
Деп алып: «ізет – сіздерге»
Ойылдан деймін келіп ем.

Ойылдың жалғыз төресі
Балғымбай би ғой, ол рас.
Бар еді сәлемдемесі
Жіберген алаш тобына.

«Қалаға кіре кешқұрым
Қызылдар қаптап кеткенін
Абырой боп ерте естідім,
Сендерге шаққа жеткенім...»
Деймін де демді бір алып,
Қауқылдап жорта қуанам.
Су ішемін деп сұранам,
Балғымбай бидің хаты деп,
Қалтамнан қағаз шығарам.
Жорыққа кәне, жүріңдер
Оқысын деймін бір адам.
Қол мергендігім бар еді

Өткізген жебе сынадан.

Екі рет көздеп жатпаймын,

Бір рет көздеп, бір атам.

- Омаржан, Сардар бірақ та,

Гранат деген не зат ол?

Енді-енді ести бастар-ау

Ондайдың атын қазақы ел...

- Гранат мынау.. «Ф-1»,- деп

Ұсынды Омар сол шақта.

Ойылдық қария күбірлеп,

Ант айтып іштей қонды атқа.

* * *

...Наурыздың тас түнінде, сәтте көкті

Екі от екпінімен қаптай өтті.

Орынбор – оң тұсында от лау етті,

Орынбор – сол тұсында от лау етті.

Біреуі – ескі дүние шалық оты,

Біреуі – жаңа дүние жалын оты.

Ақ банды қоймасының өрті – бірі,

Біреуі – Куйбышевтің салюті.

* * *

Орынбор. Қызыл туды жалын етіп,

Тұр, міне, большевиктер ән үдетіп.

Барады Орынбордан Ойыл жаққа

Комиссар Жанкелдиннің қолы кетіп.

Далаға атқан кезде таң ағарып,
Даламен қызыл керуен дараланып,
Ойылға қарияның мүрдесі мен
Мүддесін болашақтың барады алып.

* * *

Он алты жас.

Алыс ауыл. Апрель.

Бұзылған жол. Өкпек шығар – нәті жел.
Ақшам. Іңір. Көз байланып барады
Бір боз бала қақпа айналып барады.

Ойлайды ол: “Сұп-сұр қақпа мына дәу,
Қырсық болды-ау, ұят шығар сығалау”.
Ойлайды ол: “Сылтау етіп сәл затты,
Ең болмаса, күл төгуге шығар-ау”.

Ойлайды ол: “Бүгін айдың нешесі”
Соғады өкпек кеткендейін есесі!
Қараңғыда қақырайды қатқан тоң.
Құйттай ауыл әлдеқашан жатқанмен
Шуылдайды интернаттың көшесі.

Он алты жас. Алыс ауыл. Апрель.
Тәтті ұйқыда, қатты ұйқыда жатыр ел.
Сұр қақпаның ауласынан сөнді шам
Ойлайды енді ереңгі кеш сәтін ол.

Сен де ойлашы, он бес-жиырма жыл бұрын

Мұндай қорлық көрген жоқ па ең, “кұлдығым”...

08.03.1977 ж.

Он жыл ғой...

“- Япыр-ай,

содан бері он жыл уақыт” -

Дедім де, демім шықпай қалдым қатып.

Ғұмырдың кештім екен қанша жолын,

Арбасын тіршіліктің салдырлатып.

Он жыл ғой...

он күн емес, он ай емес,

(Он жылды елестету оңай емес).

Тағдырдың заңы қалай тастай қатты

Кешегі тамашамның талайы елес.

Он жыл ғой...

Мен он орақ ормасам да,

Сапарда сара болмас жол қашанда.

Жүрдім мен қатарымның алды-артында,

Сан рет бұрылдым да оңға, солға...

Он жыл ғой...

он ылди ма, он асу ма,

(Даурықпан жеттім деп бір дара шыңға.)

Жақсыға жақын жүрдім жанасуға,

Жарадым жол серікке, қарасынға.

Өз ойым, өз бетіммен міне, он жыл

Келемін дүние – көкпар додасында.

Он жылғы тәжірибе, тәлімім бар,
Тағдырым, таланымды таң асырма!
Заманым, енді мені баласынба!

22.08.76 ж.

ОРАМАЛ

Әр апта сайын әйелдер жуған орамал.
Тазарды деген, тәйірі, бір сөз ғой жорамал.
Теріңнің иісі түбіттей қайта бұрқырап,
Өтірдің иісі сәлден-ақ кейін жоғалар.

Сағыныш, сенім – шын махаббаттың тезі ғой,
Орамал берсе... ойлансын деген кезі ғой.
Кім тоқып берсе, орамал соның көзі де,
Кім көп сүртінсе, орамал соның өзі ғой.

Ескерткіш, белгі, сүртін сен мейлі, сүртінбе,
Ол орамалды маңдайға біткен мүлкім де.
Тағдырдың заңы талақ боп кетсе, әйелдер,
Тер иісін жуып тазартуларың мүмкін бе?..

ӨТКЕЛ

I

Шалқардан Ырғыз арқылы
Торғайға тартсаң – Нұрамен,
Тосынның орғыл сар құмы
Томсарып жатқан бір әлем.

Бір шеті – анау «Ұлықұм»,
Бір шеті – мынау «Балақұм»,
Бір шеті – айбын Ұлытау,

Бір шеті – айдын Аралың.

Жиектеп құмды қарт Торғай,
Алқымы кеппей ағатын.
«Балақұмды» асып тоқталмай,
Тоқырап сосын қалатын.

Бастауын Ұлытаудан ап,
Аралға құйған құрдыммен.
Даланың төсін баурап ап,
Құмға да мейірін білдірген.

Жазықтың жалқы өзенін,
Жангелдин көші жағалап.
Өткелдің құрғақ өзегін
Өрең деп өтті әрі орап.

- Жігіттер, өткел басында
Жасайық жақсы демалыс.
Ауыр жол алда, расында,
Дуанға дейін жол алыс.

Дегенде қызыл комиссар
Кілт тоқтап қызыл керуен де.
Құп-құйттай қостар-қоныстар,
Дап-дайын болды сол демде.

Қазылып қазан-ошақтар,
Бүлкілдеп шәйнек мосыда.
Жоқ-жітік өңкей жасақтар

«Азаттық алды осы да!»
Дегендей мәз боп қарады
Өзді-өзі тіккен қосына.

Шалғынға белбеу, орамал
Дастарқан болып жайылып,
Ас ішіп жатыр, әне олар
Апыл да құпыл шайынып.

«Жабасақ – Жантай» жақтан кеп,
Керуенге кеше қосылған
Ұяңдау жігіт Ақпамбет:
«Комиссар жолдас, қосымнан
Дәм татыңыз» - деп айтып қап,
Абдырап әбден қысылған.

«Шын жатақ, бәсе, ағынан
Жарылса керек осылай».
Жангелдин оның соңынан
Жөнелді еріп, қосына.

«Келініңіз қалды үйде, аға,
Жасаған мынау женті ерек...»
Дейді ол,
Бар жұрт жинала
Ойысты солай ентелеп.

Бәрінде бір-бір түйіншек,
Дорба ма, қалта, тағы не...
Орайы келіп бүгін тек

Орауын жазған бәрі де.

- Аралдың мынау балығы,
- Шалқардың қауыншегі еді.
Ойылдық жігіт тарыны
«Сөк еді», - деп кеп төгеді.

- Жігіттер, - деді Жангелдин,
Жолдары бөлек әр белдің.
Зандары бөлек әр елдің,
Дәмі де бөлек әр астың.
Толғағы бөлек әр әйел,
Талғамы бөлек әр Ердің.
Революция – тек қана
Бірегей заты әлемнің.

Аттарыңменен бір мінер,
Астарыңменен бір ішер,

Жан-жақтан келіп қосылып
Ашынып, сосын тасынып
Бүгін де ертең сілкінер
Болсандар егер ұлы сел,
Революция сыры сол!

...Сөйткенше құм жақ қапталда,
Бұрқ еткен бір шаң құйындай.
Жайылып жүрген аттарға
Жасындай ағып құйылды-ай.

- Ойбай-ай, аға, мен білем,
«Ұрыөткел» еді – мына өткел.
Ұрылар анау, ол – кілең
Тас бауыр, қара жүректер.

Біреуі оның құрдасым,
Он бес жыл жылқы бір баққан.
Әй, қайдан... қайдан тыңдасын,
Қарайған қаны жын қаққан.

Деді де,

әлгі Ақпамбет

Өкпесін алып қолына
Әй-шайға қарап жатқан жоқ,
Жылқылар жүрген соныға
Жүгіріп әне барады.
Көтеріп қолын, дауыстап:
- Әй, тоқта, тоқта, әй, Ысқақ,
Әй, тоқта, тоқта, Ханәлі!
Бір жылы туған төл ек қой,
Бірге де жалшы боп ек қой.
Таяғын ұстап тағдырдың
Бұйырып бірге жеп ек қой.
Құл болып ғұмыр кешкенше,
Қарақшы болсақ деп ек қой...
Тұра алмадым мен уәдеде
Уәжсіз ол да себеп қой.
Түсінсеңдерші, мына көш
Басқа көштерден бөлек қой.
Тимеңдер атқа, тимеңдер,

Құла мен жүйрік жирендер
Комиссарға да керек қой.

Қас-қағым сәтте ұрылар
Он-он бес атты қосарлап,
Тосынның орғыл құмына
Енетін болды асарда-ақ.
Қол мерген екен қайбірі
Артына аз-кем бұрылды.
Селк етті құмның ой-қыры,
Солқ етті,
Жігіт жығылды.

II

Ырғыз бен Торғай арасы
Он сегіз бекет қызыл үй.
Тоқтамай хабар толасы
Суымай суыт із ылғи.
Орынбор, Омбы, Верныйға
Тәулікте жетіп баратын.
Жүрсе де Сардар ой-қырда
Құлағы түрік болатын.

Комиссар көші туралы
Жеткенде кенет бұл хабар,
Жүрегі аттай тулады
Аспандай жүзі бұлт алар.

Содан соң Сардар ойланып,

Кесімге келді көшелі.

«Атқа мін, - деді, - әй, Халық,
Ұры ең ғой сен де кешегі».

Бетке алып «Қабак» қопасын,
Айналып «Ұрыөткелді»,
Баспай-ақ құмның жотасын,
Бауырлап жазық бөктерді

Сағалап сонау жыңғылдан
Қырғары шықсаң, ұқтың ба?..
Ұры да қары ін қылған
Қашаннан бері жықпылда.

Ханәлі, Ысқақ жатқалы
Мен білсем, аттай он бес жыл.
Ешкімнің қаппас қақпаны
Солар ма екен «өлмес құл»?

Мақсат жоқ, ой жоқ немесе
Жүре ме үйір жынға ұсап.
Інімде өлем демесе,
Інінен шығар туды шақ.

Бөрісі бейне даланың
«Болса деп тілер жемтік кез».
Ескірген айла-амалын
Доғарсын, тәйірі, енді тез.

Керуенге келіп қосылсын,

Сарбазым болсын, қол берем.
Жорықта тірлік кешірсін,
Бейнет те көрсін елменен.

Көппенен көрген шеруді
Ұлы той ғана демесін.
Аласың деп айт кегіңді
Байлардың ұрып енесін.

Ұрының табын тануы –
Ұрының жауын тануы.
Тәлкекте жүрген тағдырын
Тегеурін қолға алуы.

Намысын жаңа заманның
Найзағайына жануы –
Большевиктердің тәсілі,
Большевиктердің қаруы.

Жақыбай, жарлы, құл-құтан,
Заманның солай ағысы.
Атуы үшін нұрлы таң
Бірге одақ деп айт бәрісі.

Мына ұрлық ұят, далбаса,
Сардардың соңғы сөзі де.
Иланбаса егер, нанбаса,
«Келеді іздеп өзі» де.

Ертеңгі сәске,

«Ұрыөткел»

Комиссар, Сардар табысқан.

Алып та ұшқан жүректер

Сағыныш болып тоғысқан.

- Әлеке-ай, елдің ниеті

Алды ғой қазір бізге ауып.

Кешегі сынды бір-екі

Тағы бар... ептеп түз қауіп.

- Ол рас, Сардар, қоғамның

Безініп қатал заңынан.

Адасқан кейбір адамның

Азабын, мұңын таныған,

Азаттық жолға соларды

Азамат болып бастаған

Большевик дейді ол адамды

Революция – жас заман!

Жарқылдап Сардар жанары

Жүрегі тулап бүлк етті.

Өткелдің арғы алабы

Сол кезде шаңмен бұрқ етті.

- Ұрылар анау ант атқан!

- Кешегі анау бурыл ат!

Жігіттер өре жан-жақтан

Анталай берді шу құрап.

Анталай беріп, топталған
«Мұнысы қалай ұрының?»
...Ұлы сәске боп қалған
Көтеріліп Ұлы күн.

Топқа кеп Халық кіргенде,
Томсарып тұрды Ханәлі.
Жанып та сөніп бір демде
Жиынға Ысқақ қарады.

- Бай айтса, зәре қалмаған,
Бір кезде біз ек жарлы да, ез.
Он бес жыл құмды шарлаған
Қорқумен қазір қанды көз.

Қорқатын түк те қалған жоқ,
Қорқытар тажал – ажал ма?
Келген де жоқпыз сауда деп
Салатын жанды базарға.

Иманның ұлы, сен айтқан
Жығылып келдік бір сөзге.
Не айтса мейлі жұрт өзге,
Біз ғана емес байларға
Көп дейді қарсы бұл кезде.
Дәулетбай байдан кек алсам,
Өлер ем келмей бір сөзге.

Дегенде Ысқақ, демінен
Дірілдеп шыққан ащы ыза,

Қайнаған бұрқ-сарқ лебімен
Жарардай екен тасты да.

- Кешірім, бауырым, сөзің жөн,-
Жұлдызды адам шеттегі,
- Танысайық, - деп, - өзіңмен, -
Ысқаққа қарай беттеді.

- Жангелдин болам,
- Мен Ысқақ.
- Хангелді менмін – қол мерген.
Алақан қысып, қол ұстап
Амандасты олар енді елмен.

* * *

«Ұрыөткел»,
ар жақ қапталда
Арулап қойған ақ жуып,
Оранып қоңыр мақпалға
Ақпамбет қалды мәңгілік.
Қозғалды керуен, жағаны
Жиектеп алған созылып,
Қабірге тағы Ханәлі
Қарады бауыры езіліп.

* * *

Қозғалды керуен.
Кең дала.
Кең дала – туған топырақ.
Ойнайды самал жел ғана,

Тып-тыныш аймақ, атырап.

Жанында жаңа достары
Комиссар бір ән бастады.
Жүрекке ыстық бір жолы,
Қайталап тағы тұрды оны:
«Әлемнің құл мен аштары»,
«Әлемнің құл мен аштары»,
Ханәлі, Ысқақ үн-түнсіз
Ғаламат сөзді қостады.

ПАРТИЗАН САЙ

(баллада)

*Он жеті адам атылуга бұйырылды,
Жүргеннен соң большевиктер жолында.
(Хакімбек Токин)*

... Сарт етті сұр түрме есігі
Он жеті қос жанар жарқ етті.
Он жеті большевик кесімі –
- Тәуекел! Тәуекел!
Ант етті.

Атылып Хакімбек барысша,
Тар кісен қол бұрап тоқталды.
Василий Кулаков орысша
Сыбырлап бірдеңе деп қалды.

- Тәуекел! – деп қалды қарт Омар,

Тәуекел – тағдырдың жазғаны!
Десе де,
Ормандай өрт алар
Тұтана, тұтана жаздады.

Айтар сөз: “қап, әттең, қап, әттең!”
Қабарып, қарысып тұрды әне.
Жарысып ойлары заматпен
Алысып жүректер тулады..

Алқынған аптығы басылмай,
Деп қалды: “не болды, апыр-ау.
Сардар мен Таран да осындай
Түрмеде отыр ма, бәтір-ау.

Әйтпесе, бір апта бойына
Бір амал, бір тәсіл таппас па?
Қол жинап, күш жинап қайыра
Қиқулап қайта бір шаппас па?

Хакімбек теңселе алға аттап,
Сүйенді қара тас жақтауға.
Қаталдық күдіретін салмақтап,
Тас тұрды қабырға, қапталда.
Бала кез табанын тілдірген
Қыземшек Қызбел тау мәрмары.
Не жазды, не істедің кім білген
Сүп суық, сүп-сұрғылт жан-жағы.

“Тасқа адам бұйрығы заң болар,

Сенің түк кінәң жоқ кеш мені.”
“Тысқа шық”- дегенде жандарал
Сұр тасты сипалап “Қош!” деді.

Қара тас түн екен сыртта да,
Тып-тыныш, мып-мылқау ен дала.
Дымқылын сездірген шық қана,
Сыбырын сездірген жел ғана.

Оқасы, жотасы жарқылдап,
Он шақты сары ала жандайшап.
Санайды бұларды саңқылдап:
- Он, он бес ... он жеті...

Қандай шат!

Өкшесі тықылдап біреуі,
Таңдайы тақылдап біреуі.
- Он жеті большевик сапта,- деп
Мәлімдеп қарқылдап күледі.

- Соңғы сөз, соңғы сөз – соңғы үміт!
Деп біреу бұйырып саңқ етті.
Он жеті жүректе сең жүріп
Сенімнің алдында ант етті.

Сенімнің алдында Сардарға,
(Ажалға қолдарын бір сілтеп.)
Мәскеуге, Ленинге барғанда
Комиссар ұялмай кірсін деп.

Ант суы ішілген жоқ бірақ,
Ант сөзін айтуға болмады.
Көздерден ұшқын боп атқылап,
Он жеті жүректі жалғады.

- Ендеше отырғыз арбаға,
Қарай гөр, қайсарын бұлардың.
Әй, Омар, барасың аллаңа,
Аятын айта бер құранның.

Дегенде,
қарт Омар: “Жә, тәйірі.
істеп бақ қолыңнан келгенін.
Тоқтатып бақ кәне, атойлы
Заманның – төңкеріс желдерін.

Тоқтатып бақ, - деді, - тоқырат
Халықтың қаһарын, кегін сен.
Бәріміз барар жер – топырақ,
Көп болса, келерсің кейін сен.

Қан сорған қашаннан қандала ең,
Бетіңе түкірген бүкіл ел.
Бар болса, көрермін сонда мен,
Құдай да бетіңе түкірер”.

... Ырдуан қозғалды ырғалып,
Тас түрме әп-сәтте қалды алыс.
Ызадан үн-түнсіз ыңыранып,
Келеді он жеті жолбарыс.

- Апырмай, дұшпанның алдында
Дәрменсіз өлем деп ойлап па ем.
Болмады-ау, бір айла-шарғым да
Шар болат бойдағы қайратпен.

Сардардың сөзі еді, “текке өлме!”
Тал қармап өлсек те алданыш.
Мынау түн түпсіз боп кеткен бе,
Ататын түрі жоқ таң да алыс”.

- Жоқ, Хакім, - деді Омар жәй ғана,
Бұл таңғы қараңғы - өліара.
Өліара, өткелсіз қайда да
Өмірдің жалғасы бола ма?..

Сол кезде, сол минут, сол секунд,
- Аға, - деп әлдекім қалды тез.
Езілген емендей еңсесін
Хакімбек көтеріп алды тез.
- Аға, мен босандым, қолымды
Әйділде шешті ақыры, тапты амал.
- Сен оған түйістір жоныңды
Шеш қолын, көрсетпе, қапталға ал.

Байқатпа, қимылды, жарығым,
Қазақсың – қыл арқан жіп көрген.
Күрмеуін, шиесін, шалуын
Ағыт тез, бармақпен, сұқ қолмен.

Хакімбек білетін, түрмеге
Кешегі соң келген бес жігіт
Бір бүрін ашпаған гүлге де,
Көлге де ұқсайтын бес тұнық.

Білетін осылар нәтінде,
Заманның асылы боларын.
Білетін осылар сәтінде
Заманның жасыны боларын.

Білетін заманның жолында
Осылар ойнарын озса арман.
Ал мана бұлардың қолында
Кісеннің жоғын да көз шалған.

- Біз болдық.

- Біз дайын.

Бес дауыс

Қимылмен, ымменен бір шықты

Ажалға атылмақ бес барыс,

Күтулі бір ғана бұйрықты.

Деді Омар:

- Ақмырза осы адыр,

Қапталда Торғайдың өзені.

Айқастан пайда жоқ, жасауыл

Бой бермес жүрегім сезеді.

Жігіттер, айла-амал жалғыз-ақ.

Қашу да құтылу, қалайда.

Жан-жағың сары ала, сан тұзақ
Ал қалай үзесің соны ойла!

Омар қарт тағы да үн қатты,
- Алыссаң сен біреу, жау екеу.
Сол кезде Хакімбек ым қақты:
- Жігіттер, тәуекел, тәуекел!

- Әуп, - деді.

Арбадан атылып,
Аттыны қапты кеп қара күш.
Саусақты алқымға батырып
Жіберді тас білек, тарамыс.

- Әуп, - деді.

- О, тоба, о, тоба,
Деп қалды Хакімбек ышқынып.
Тағы бір жолбарыс жотаға
Жабысты.

Жанышты. Түсті іліп.

- Әйділда, таста атты, бұқ жылдам,
Еңбектеп өзенге тарт тура.
Казакты тастай сап қылғынған
Бұйрығын естіді ол қарттың да.

- Ат, ойбай, ананы, мынаны!
Ұшты оқтар зуылдап жалғаса.
Суменен шайғандай қынаны
Қара жер, қара түн қан жоса.

Кісенін – қолдағы қарғыны
Үзе алмай, үздігіп Хакімбек.
Айқайлап жіберді: “Арғыны
алып өл, өлдің ғой ақыр”- деп.

“Әйділда ұзады-ау, е құдай”,
Деді Омар тәубе ғып ішінен.
Қыранды қаңтарған темір-ай...
Хакім тұр өрт лаулап түсінен.

Сол сәтте өткір көз қалды іліп,
Құбылыс – құлардай аспаны.
- Мені өлтір, ат мені, әңгүдік,
Ол – бала он сегіз жастағы.

Дегенше үш атты, төрт атты
Баланы тықсырып ортаға.
Бірдеңе сарт етті, жарқ етті,
Белгісіз, найза ма, балта ма?

- Қош, көке!

Құлындай шыңғырған
жас дауыс шыңғырып түн жарды.
Хакімбек көзінен зығырдан
Жас тамды.

Уһілеп, ыңыранды.

* * *

Таң атты сібірлеп, арбада

Он екі тірі адам, төрт өлік.

Жара ескі.

Таң менен қан жаңа

Хакімбек келеді өртеніп.

- Анау сай сендердің қабірің,-

Дегенде бір жендет демігіп.

Алқапқа шашыратып жарығын

Құдіретті күн қалды көрініп.

Хакімбек жас күнге таңдана

Қарт Омар еске алды жас шықты.

Он қазақ, екі орыс арбада

Шынжырлар салдырлап төс қақты.

* * *

Торғайда “Партизан сайында”

Шымқай гүл.

Ағылған жас-кәрі.

Ортада баяғы Әйділда –

Күрестің көзтірі дастаны.

1977 ж.

РЕВКОМ ҮЙІ

Қаласы кәрі Торғай сегіз көше,

Тарихпен таңданбайсың егіз десе.

Немере, шөбересі мұндағы жұрт

- Өліби, Аманкелді неңіз? – десе.

- Бұл үйден Ырғыз жақтан салт атпен кеп,
Даланың комиссары дәм татқан, - деп,
Айтады қайсібір қарт: «Біздің үйден
Сардар бір қысылшанда жол тапқан» - деп.

Ел-халық төңкеріске «сәт-ай!» десіп,
От кешіп жүргенде ерлер, атой кешіп,
Әр үйге түнеп кеткен боп шығады,
Не Таран, не Токарев, не Қайдосов.

Сарбаз ел ынтық болған отты өмірге,
Ол рас, шежіре көп өткенінде.
«Әліби көпірі» бар өткелінде,
«Партизан сайлары» бар бөктерінде.

Лап етіп шарпылғанда отқа бір күн,
Қызыл ту құдіретіндей боп «тәңірдің»
Қадалған, бар он сегіз бекет мұнда –
Он сегіз отауындай Октябрьдің.

Семсерін сілкінген жер сілтеп Батыр,
Бар мұнда айқас орны – Үрпек, Татыр.
Комиссар керуенінің іздері бар,
Жайқалған қызыл шымқай гүл боп қазір.

Бар талай көне дуал, қораш қорған,
Мүжілген алай-түлей алас таңнан.
Ту тіккен Сардар өзі тойтөбе бар,
Қастерлі сан биіктен, сан асқардан.

Бір кезде талай елдің басын қосқан,
Ішінде Сардар, сабаз ақылдасқан.
Бұрышта – комиссардың тар бөлмесі,
Әрине, қаланбаған асыл тастан.

Қызыл үй тұр Торғайдың ортасында,
Төңкеріс компасындай, картасындай,
Аңсаған әділеттің алқасындай,
Даланың жайсаң жақсы мәртті осында,
Жиналған ревкомның штабына,
Жиналған серттесуге, анттасуға.

...Даланың тас қараңғы түнінде өктем,
Комиссар отырды үнсіз дірілдеп дем.
Сол сәтте Россия жаңалығы
Телеграф хабары боп шұғыл жеткен.

Шуақтай, шұғыладай түнді серпіп,
Комиссар Сардарменен тұрды сергіп.
Осынау тар бөлмеде туды сонда,
Далада Революция – тұңғыш Ерлік.

* * *

Сол үйдің алды бүгін алқызыл гүл,
Сол үйдің ауласында шалқыды жыр.
Сол үйде желбіреген алқызыл ту –
Октябрь, Революция мәңгі ізі бұл.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Көктемгі аспанның жаңғырып дауысы бір күні,

Көз жауын алып құлпырар сосын қыр гүлі.
Хабарын алып жеттің бе, жаңа маусымның
Соңғы қоңырау – он жеті жастың күркірі.

Балалық шақтың оятып күллі өлкесін,
Балауса ойдың қасытып кенет желкесін.
Қимастық шақтың қып-қызыл жібін үзгендей,
Қимастық үні, не деген ғана еркесің!

Ертең-ақ, ертең толқындарымен тербеп кеп,
Теңіздей өмір төріне қарай төрлетпек.
Құлақтың бірақ құрышында қалар мәңгілік,
Сол қоңырау үні, сол бір топ бала, сол мектеп.

Сол қоңырау үні үмітпен бастап жол басын,
Арманға қосып алысқа тартар арнасын.
Сан қоңырауларды күмбірлетерсің,

дауысы тек

Он жеті жастың тазалығынан танбасын!

* * *

Таңғы шықтай тал түбіне ұйыған,
Тағдыр білер, қайда барып бұйырам.
Өзегіңді жарып шыққан әйтеуір,
Ей, табиғат, бір өзіңе сиынам.

Құмға сіңір, мекенім жер – лайым,
Көлге жеткіз, меруерт боп тұнайын.
Ей, табиғат, сен анасың, бір тамшың
Зая кетсе, жалғыз саған уайым.

Тамшы туар,
шырағданың, шырайың,
Аман болсын, кара Жерің, Күн, Айың!
Мен – балаңмын,
сені біреу мүсіркеп,
Аяр болса, жалғыз саған уайым.

ТЕЛЕФОНДА

Төлеу аға, телефонмен сөйлестік,
Сөйлестік те, екі түрлі ой кештік...
Жүрегіңнің естіп тұрмын дүрсілін,
Кей сөзіңді кейде естімей, кейде естіп.

Бір сөз жетіп, бір сөз кетіп ауаға,
Тар будкада жан ұшырдым, беу, аға!
Сен үздігіп, мен үзіліп айтқан сөз
Сағынышқа, жарайтындай дауаға.

- Ел аман ба, әжем қалай, қыс қалай?
Дегенімде ойым зулап ұшқаны-ай...
Ойым зулап,
Ақшығанақ адырдың
Жүрді үстінде,
Жүрекке ыстық тұстары-ай.

Жүрекке ыстық, жыңғыл төбе, арша бел,
Тобылғы сай қиып әкеп, қамшы өрер.
Ағажан-ай, аязында ақпанның
Ай жарықта шөп тасуға барса егер...

Деп ойладым, сен ойладың мүмкін мен
Оның бәрін ұмытты ма деп, кім білген.
...Интернаттың сары шанасы есімде,
Шөпке, отынға барар кезек бір-бірден.

Көз алдымнан соның бәрі бір минут
Зымырады-ай, бір қуаныш, бір мұң боп.
...Тарс еткіздім телефонның тұтқасын,
Ей, Сағыныш!

Сиқырыңды білдім деп.

ТОБЫҚ

Құдаша қыз маған бір тобық берген,
Сұраған соң тобығын тауып бергем.
- Не қалайсыз, - деген ол, меселімді
Қайтара алмай тұрса да қауіптенген.

Сақтасам да қаншама үміт қылып,
Тыншыққанмын,
ішімнен тынып тұрып,
- Іңкәріңіз сіздікі, - деген маған,
Базары өтіп кеткенін біліп тұрып.

Жанбаған соң көзінің әр шоғына,
Қанбаған соң сөзінің кәусарына,
Сақинасын сұрап ем,

сақинасы

Симай қалды тар болып саусағыма.

Құдашаға мен де бір тобық бергем,
Сұраған соң ол дағы тауып берген.
- Не қайлайсыз, - дегем мен үміттеніп,
Қалағанын айтуға қауіпенген.

Ән қалаған,
алдарқап алаңдауға,
«Құдашаны» қайырып тәмәмдағам.
Тәмәмдамай қайтейін – іңкәр дүние,
Оған да арман, айта алмай маған да арман.

ТҮС

Ұйқым сергек,
Мен қазір көп түс көрем,
Өң сияқты түстер бар сараласа.
Торғайдан суыт шығып,
Тосынға кеп түстенем,
Ұясына асыққан бал араша.

...Төбешігі Тосынның тау екен деймін,
Таудан өтіп кетейін, тәуекел деймін.
Тау артына тығылып қоныпты ауыл,
Таудан асу, әрине, көлікке ауыр...

«Шөміштөбе» басына жұртты үйіріп,
Нұрқан ақын сөйлеп тұр мұрт шиырып.
Арқам кеңіп жөнейді, содан ба әлде,
Кеудемді ашам саябыр сараң желге,
«Жауса,- деймін, - жарықтық, бұлт бұйырып».

Күн жаумайды, шаң құрғақ, ауа құрғақ,
Шәйі сағым шайқайды даланы ырғап.
Өртеңге өскен Қаракөл қамысына
Қараймын да, жазамын қаламымды ап.

Жыр тумайды, зіл дене құрысады,
Жырау ақын «жырла» деп ұрысады.
«Қарағайдың әуелі шанағын қак,
Арқаң бар ма ед, жөнелсей, ал ағындап...»

Дейді маған Нүрекең, қиналамын,
(Қиын екен қинаған сыйлы адамың).
Қүдіретіңе, ақындық, өңім түгіл,
Түсімде де сенемін, иланамын!

ҮМІТ

Сенерім жалғыз сен ғана
Кеудемнің қоңыр күмбірі.
Сәбиім болып жол қара,
Бармақтай бағың бір күні
Жарқ етіп саған жолығар
Тал түсте бір таң туғандай.
Таңдайың сенің толы бал,
Маңдайы оның нұр болғай.

«Бәтір-ау, біздер мұнша уақ
Табыспай қайда жүрдік» деп,
Жанарларыңды бір шылап
Жаңа бір жайсаң тірлік боп,
Уыздай ұйып жөнелер

Бәрі кеп бұрау күйіне.
Дәл айтсам бар ғой мен егер
Бұл үміт дейтін дүние.

ШЕШЕМНІҢ БІР ХАТЫ

...Сен кеткен соң кешкісін суға бардым,
Сол шау өзен жататын қырда қалғып.
- Суға неге келдің, - деп тулап алды,
Су қараңғы топас бір толқын келіп,
Толқып тұрған кеудемнен тырнап алды.
Жаулығыммен жасырып, жарқабақта
Жалғыз тұрып жанарды сулап алдым.

- Иініңе иінағаш неге салдың,
Сезілген бе жоқтығы қара шалдың.
Қос ұл қайда, қараға қосып ең ғой
Бөліп беріп текемет, алашанды.

Қайда дейді келіндер, мың майысып,
Құрақ болып жүретін құрдай ұшып.
Тірі ұлдарың тұрғанда жалғыз жүрген
Қияңқысың немесе қимайысың.

Арықтау деп аяды, сөкті мені,
Парықтау жоқ баяғы көк мінезі.
Жарықтау боп тұрды іңір жалқын қырда,
Солықтап кеп самал жел өтті кезіп.

Мен келемін, сендерді ойлап келем,
Ойларымды сендерге арнап келем.

Екі шелек – екі отау,

екі отауды

Бір ағашпен көтеріп жалғап келем...

СӘРУАР

(1980 ж., «Жалын» баспасы)

АДАМ БІР КЕЙДЕ...

Адам бір кейде сарқылған сынды,
Сезімнен дағы, ойдан да.
Денеңде тұтас салқын қан сынды,
Ақпайтын судай сайларда.

Адам бір кейде суалған сынды
Шуағынан да, нұрдан да.
Денеңді жайлап мұң алған сынды,
Малынып санаң мұнарға.

Адам бір кейде жалыққан сынды
Жақсы үміттен де, қиялдан.
Үміттің көзі қарыққан сынды
Қарай да қарай ұялған.

Адам бір кейде жабыққан сынды
Думанынан да, тойынан.
Ұтылған сынды, әрі ұтқан сынды

Баянсыз шақтан байыған.

Ал кейде,

кенет Аплатон сынды

Аяғы Жерде тұрғанда,

Сезімі – сәуле,

ақылы – таң сынды

Сәулелерімен салады түрен,

Болмыстық тылсым – Тыңдарға.

ӘЖЕМІЗДІҢ АЙТҚАНЫ

Бәріміздің әжеміз бәрімізге бүй деген

- Күннің нұрын, құлыным, пейіліңе құй, - деген.

Бәріміздің әжеміз бәрімізге бүй деген:

- Жақсылардың ақылын зейініңе құй, - деген.

Бәріміздің әжеміз бәрімізге бүй деген:

- Ілім қуу, қарағым, құдық қазу инемен,

Бәріміздің әжеміз бәрімізге бүй деген:

- Адамшылық, қарағым, адамзатқа сый, - деген.

Бәріміздің әжеміз айтқан бізге ортақ гәп,

Біреуімізге кешірек, біреуімізге ерте аздап.

Елдің қамын ойлаған, Жердің қамын ойлаған,

Әжемізді сыйласақ,

Қалай ғана ел азбақ,

Қалай ғана жер тозбақ?!

АҚ КӨЙЛЕК

Қаладан маған әкелген көкем ақ көйлек,
Жұп-жұқа сәтен, өзіме ғана шақ көйлек.
Ойлайтын едім, дәл мұндай мата жоқ қой деп,
Киер ем күнде...

Ауылда әттең, көп той жоқ.

Түймесі қандай, тігісі қандай жап-жатық,
Қақпақша жаға қондырған сырма зер қатып.
Айтқа бір кидім, тойға бір кидім... анада,
Мектепке киіп барамын күзде – ең бақыт.

Көйлегім менің көңілімдей аппақ қылаусыз,
Жамауы да жоқ, жасауы да жоқ құраусыз.
Ызадан бірде жарылып кете жаздадым,
Киіп апты інім, қияңқы неме, сұраусыз.

Көйлегім менің өзіме ғана өлшенген,
Киер ем күнде ұяламын тек, жеңешемнен.
Үйде адам жоқта барамын айна алдына
Бозбала болып қалдым-ау деймін, сенсең мен!

Алтыншы біткен,

Жетінші класс баласы

Бозбала болса, бар оған кімнің таласы.
Көршінің қызы көз астыменен қарайды
Көйлегім шығар көз жауын алған шамасы.

...Жазды күн еді.

Жағалай қонған көлді ауыл,

Шаңқай түс еді, аңызак соққан талма бір.
Қаңырық түтеп, шаңытып келген – шөпшіміз.
Алдыға шай кеп, ала бергенде сәл дамыл.

Шар ете қалды жер ошақ жақтан жеңешем,
Тағы бір әйел,
тағы бір дауыс ересен.

Жамырай шығып «ойбай да ойбай» деп қалды.
Деп қалды-дағы сең соққандай боп тоқталды.
— Қайда әлгі құрық?

Қайда әлгі сырық? — дегенше,
Қара жер төсін қақ жарып шыққан еменше,
Шуда да шуда, буда да буда түтіні
Қаратпай бетті сатырлап жанған селеуше,
Үйіріліп соғып,
ирелең қаққан айдаһар,
Табаны - жерде, кекілін - көкте ойната,
Жұтарын жұтып, жұтпасын сілкіп демімен,
Бір үйірім құйын жолының бәрін жайрата.

Қап-қара бұлттай қанаты келіп тигенде,
Жүгіріп шықтым жүрегім соғып үйден де.
Жеңешем маған айқайлап қалды бір демде,
- Белдеуге кірді... көйлегінді де ілгем де...

- Көйлегім! - дедім кеудемді жүрек бір тепті,
- Көйлегім! - дедім маңдайдан терім бұрқ етті.
- Көйлегім менің, ақ сәтен аппақ көйлегім,
Қап-қара топас құйынмен қалай бір кетті?

Көйлегім менің көңілімдей аппақ қылаусыз,
Көйлегім менің жамаусыз әлі құраусыз.
Көйлегім таза, көңілімдей аппақ мүлкімді,
Жоғалтам қалай, жіберем қалай сұраусыз?!

Қара бет құйын құлдилап төмен жөңкіліп,
Соңынан мен де өшкенше өкпем еңтігіп,
Жеткізбей маған көңілімдей аппақ көйлегім
Бозбала болдым.

Балалық көңілім мертігіп...

АЛАТАУ БӨКТЕРІ

Алатау бөктері –
Толған алма ағаш.
Алатау көктемі –
Ылғи қарбалас.

Алатау бұлағы –
Бұйра, бұла су.
Алатау шынары –
Шыңға бір асу.

Алатау нөсері –
Наркескен найзағай.
Шалғын өседі –
Судырлап, ғажап-ай...

Самалы еседі,
Сергек желпініп.

Сау желіп көшеді
Бұлттары жөңкіліп.

Маңғаз шыңдардың
Мақпал шапаны.
Мойыл нулары
Ойға батады.

Ойға батады
Алып тұлғамен.
Тулап жатады
Сулар жылғамен.

Шыңдары мәңгілік
Асқақ ақ отау.
Сұлулық сандығы –
Алатау, Алатау!

АУРУХАНА АУЛАСЫНДА

(Триптих)

1. Бала

Бала жатыр,
аурухана – сары үйде,
Дүние – жұмбақ он үш жасар сәбиге.
Аурухана ес білгелі көргені
Сондықтан да мойымайды ол, әрине.

Бала біткен бала мінез қайталар,
Қорку, үрку дегеннен ол бейхабар.
Екі-үш күнде, кейде аптада мамасы,

Келе қалса көңілі сонда жай табар.

- Кеше неге келмей қалдың, жан мама,
Жалғыз жүріп күттім сені аулада.

- Қалқам кеше қолым тимеді, - дейді ана,

- Қол тимеді...

Айтар сөзі сол ғана.

Жалғыз сөздің ар жағында сыр жатыр,
Анасынан сыр аңғармай бұл «батыр»,
Түйіншегін ала сала жүгіріп,
Палатаны оятады: «Тұр да, тұр».

- Міне жүзім, міне үйдің ақ наны,
Жесеңдерші бөліп мынау алманы.
Суырмадан алып құйттай бәкісін,
Қылдай бөлер майысып ап бармағы.

Сырқаттардың сәтте ашылып қабағы,
Бала дәмін жөн ырымға балауы.
Сексендегі шалдан бастап шеттегі,
Хан көтеріп еркелетер баланы.

«Қалқам, ертең жазыларсың, ертең-ақ,
Кең дүниеден кеш қалмайды өр талап.
Құрдастарды қуып жетіп озарсың,
Шипалы емнен тұла бойға нәр тарап.

Кел, кел, қалқам, дәм ішейік, кел бірге,
Тағдыр сені тез жеткізсін сол күнге!» -

Дейді бәрі,
айтылмайды аяныш,
Өзегінде жарасы бар өндірге.

Сосын бәрі ертегі айтып, жыр айтып,
Бала көңілін тәтті ойлармен тыңайтып,
Қабағына қарайды оның еппенен,
Қайтсек қана алмаймыз деп мұңайтып.

Палатада ең бір қиын құбылыс,
Кешкі ем кезі - әркімде іштей ұғыныс.
Әр жан иесі дір етеді инеден,
Сол жан үшін дәрі ішеді бір уыс.

Болғаннан соң жаның басқа, тән басқа,
Әр жан иесі – ем алдында бір басқа.
Ел алдында ересек жан, есті жан,
«Көрер жарық көп пе, аз ба», - деп қалмас па.

...Бүгін бала тұра ұмтылған далаға,
Сиқыр сәуле жүгірді ме санаға.
Бар палата тұра ұмтылды соңынан
«Мына әдеттің жаманы-ай, - деп, - жаман, ә?..»

Жеткенде олар,
бала терек түбінде
Отыр екен, от жанып тұр түрінде.
Ынт-шынтымен ынтық бала құлағын

Тұрды тосып даладағы дүбірге.

2. Ана

Ана жатыр,

аурухана – сары үйде.

Тәулігіне мың тәубе айтып «тәңірге».

Алпыс бес жыл ыңқ етпеген адамға

Аурухана – тірі тозақ, әрине.

Ана біткен ана мінез қайталар,

Қасиетінен қайырымдылық байқалар.

Тоба, тоба!

Алты шаңырақ – артында,

Дүние – думан,

кім «тойдым» деп айта алар.

Үйелмелі-сүйелмелі алты ұлы

Отау тікті, оты маздап шалқыды.

Әкелерін жұтты соғыс, бұларды

Жарылқады бейбіт күннің жарқылы.

Емшек сүтін біреуі көп, біреуі аз

Емген шығар, берген шығар бұл рас.

Апта бойы несібе аулап теңізден,

Тірлік кешіп жүрген кезде тынымы аз.

Бірақ оған кінәлі ме, бұл бірақ,

Сырқат ана соны ойлады күллі уақ,

«Уызында жарымаған ұлың», - деп,

Деген ана,
деген дағы үнсіз қап,

Арғы жағын айтты жанар тілсіз-ақ.
«Алыс жүрген бауырларың жанына,
Сен кінәлі, түссе құйттай бір сызат.

Түйсік алып қалған әке сөзінен.
Оқы, оқыма, оттың алды - өзің ең.
Жол жүріп те көрген жоқ ең, қайтейін,
Хабар жетсе, жет бірақ та тезінен...»

Деген ана.

Дір еткен-ді тұңғышы,
Мұндай уайым айтпаушы еді бұл кісі.
Дәнекері еріп бара жатқандай,
Өртеніп бір қоя берген күллі іші.

...Қос бүйректен қос түйір тас түйіліп,
Жатыр ана бір уыс боп жиылып.
Ақ халаттар абыр-сабыр бола қап,
Абыржулы,
операцияға үйіліп.

Кетті хабар алты жаққа әр тарап,
Ең ақырғы ана үмітін арқалап.
- Ең болмаса, үлкен ұлым келгенше,
Жасаңдаршы, - деді ана, - сәл тағат.

Әрбір секунд тұла бойын борша езіп,
Минут сайын мүмкіндігін кем сезіп,
Ана жатыр.

Алты құрлығы – алыста,

Бұл ғарышта.

Алты ұлына қол созып.

Жарқ етті елес.

Ақ дидарлы, ай нұрлы,

Алты ұлы боп, Аралы боп айдынды.

Темір пышақ тиді тәнге қылпылдап,

Темір пышақ, темір пышақ – қайырымды.

3. Әке

Әке жатыр,

аурухана – сары үйде,

Жан-жүйесі жауар бұлттай сәуірде.

Тән жарасын жатыр емдеп...

жан иесі,

Жан-жарасын өзі емдейді, әрине.

Тәннің дерті, жанның дерті бой алған,

Дерттен емес, мерт сезімнен аянған.

Әке жатыр.

Көз алдынан сейіліп,

Дүние – мұнар,

отыз жаста оянған.

Отыз жаста ой жүгіріп санаға,

Отыз жаста салса сол ой сабаға...

Ортасында ойлана алмай өмірдің,

Хатты оқыдың,
оқыдың да ойландың,
Тереңіне жүзіп жүрген қайнардың
Шабәкқа ұқсап, тұтқиыл бір секіріп,

Қайырладың жағасына қайраңның.

Қайырладың, қайрыла алмай елге сен,
Ерке қызға болып қалдың пенде сен.
Әкең саған соңғы рет бір хат жазды:
«Қайтем, ұлым, айтқаныма көнбесең...»

Сосын сенің туды қызың, туды ұлың,
От басында – шуақты күн, шулы күн.
Атаң жауып, енең ашар боп алды,
Шаңырағыңның туырлығын, түндігін.

Ал сен болсаң – әл-дәрменсіз ойладың
Елде қалған ата-анаңның тірлігін.
Енең болса – кіжінетін саған кеп,
- Сорлы неме, сүметілген шылбырың...

Ал сен болсаң - дәрменіңе дәнекер,
Зәру едің дос қолына бір мығым...
Жарың болса, «Жарлымыз», - деп кейитін, -
Көрмейсің бе жұрттың алтын, інжуін».
Ал сен болсаң жарым көңіл боп жүрдің,
Жасай алмай тірлігіңнің бірлігін.

Жан жарыңа түлен болып сыр-мұңың,
Тыңдамады ол.

Ал сен басың шұлғыдың.

Содан кейін сезіміңнің сулығын
Шараппенен шаятұғын туды күн.
Содан кейін... жасыратын несі бар,

Сол шараптың шалқарына сүңгідің..
Жағасына шыға келсең –
жан – тәсіл,
Аурухана ауласында тірлігің...

* * *

Уайымдама, уайымдама, жас жігіт,
Бой алған дерт дертімепті, асқынып.
Тағдырыңның ауыздықта асауын,
Енді, енді, бәлемді енді, басқа ұрып.

Отыз жаста ой жүгіртіп санаңа,
Отыз жаста салса сырқат сабаңа.
Екі балаң, ерке жарың, қарт әкең,
Қайын жұртың –
бәр-бәрінің таланы, ә?!

...Бүгін сенің жолға шықты жан әкең,
Бүгін саған ас даярлап жан еркең.
Аурухана ауласында бүгін кеш,
Туар саған таңғажайып – таңертең.

БАЛА ЕДІК БІЗ

Бала едік біз елде өскен.
Жар жағалап көл кешкен.
Тұлымымызды күн сүйіп,
Тұсауымызды жел кескен.
Соғыстан кейін шыр етіп,
Өркенбіз өртең жерге өскен.

Тың көтерген жыл трактор
Тіркемесіне мінгескен,
Бала едік біз елде өскен.

Бала едік біз елде өскен,
Қой жайып қырат, дөң кешкен.
Жаңбырда жазда қойы ығып,
Заматта жазым сел кешкен.
Ғарышты адам айналған,
Асқанда біздер он бестен.
Қиялымыздың тұсауын –
Ғасырлық ғажап сол кескен,
Бала едік біз елде өскен.

Бала едік біз елде өскен,
Шалғын мен сортаң, сор кешкен.
Тағдырымыздың еншісі
Тыныштық болса сол, - дескен.
Тірліктің басқа талқысы
Тай-құлын, тәйірі, қолда өскен.
Жетпісімен ғасырдың,
Осындай оймен тілдескен,
Бала едік біз елде өскен.

Он жеті жасқа толғанда,
Далаға қарай ынтығып,
Қалаға қарай жол кешкен,
Бала едік біз елде өскен.

Бала едік біз елде өскен,

Тағдырдан тәлкек көрместен
Заманмен еркін тілдескен
Қоғамыменен бірге өскен,
Уақытпен сыры үндескен
Бала едік біз елде өскен.

БОЗША ТАЛ

Табанында тесік өкпе тозса қар,
Жазғытұрым жылайды екен бозша тал.
Жаңбыры жоқ көк аспанға телміріп,
Сағымы жоқ көкжиекке көз сатар.

Алты ай қыстан қақ тілініп қабығы,
Дің – өзектен білеуленіп тамыры,
Белін бұрап бозша талдың өтеді
Атан жығар азулы жел әмірі.

Бұтақтары күрт сынадай күлдіреп,
Қабықтары көк етіндей үлбіреп,
Жылап тұрып жасар сонда бозша тал –
Тірлік – тыныс, тірлік – қимыл, тірлік – еп.

Бұл – Өліара.

Бұл бір мысал – қас қағым,
Содан кейін иіп берер аспаның.
Көкжиекке дала күрмеп көк сағым,
Бозша талдың көрерсің бұр ашқанын.

Беу, Махаббат.

бозша талың болайық,

Өліарана – сынауына шыдайық.

Тал екеш тал жылап тұрып күрессе,

Күресейік –

Махаббатқа лайық!

ВАНЯ

- Ал кеттік, Ваня, шүйді әкел, -

Деп қалды ол сонда: «цоп, цоп, ей!»

Қара өгіз қақсал құйма бел,

Қамытқа түспей өкшелей,

Өкшелей кейін тартқанда,

Төрт өрім таспа сарт етті.

«Жануарға түсті-ау, қап, таңба»

Ваняның көзі жарқ етті.

Қара өгіз сол сәт қайқаңдап,

Жортақтап ала жөнелді.

Қамшыдан көзі тайғанда-ақ

Бастайды басқа «өнерді».

Көліктің басын ол ұстап,

Түренді тіреп мен жерге,

Барамыз баяу жылыстап,

Малтығып құйттай өрлеуге.

Ол дағы үнсіз, мен де үнсіз,

Аспан да үнсіз, жер де үнсіз.

Үнсіздік біздің уайым ба –

Үміт пе әлде... белгісіз.

Тек қара түрен тілінен
Шықырлап шыққан қайдағы үн.
Миға ұрып жүрек түбінен,
Қайнатты мұңның қайнарын.

Мен де оны іштей аяймын,
Аяй ма іштей ол мені.
Дәмдес боп қалдық талай күн,
Дәм айдап Ваня келгелі.

Дәм бе айдап келген... сол мезет,
Ойлаймын: «дәмің – тағдыр ма?»
Адамдар неге елгезек,
Тағдырдың сонша алдында?

Өжеттер не бір басы асау,
Сабырлы не бір салқын қан.
Соғысты қолдан жасамай,
Тағдырын қолдан жасаса-ау,
Өзгерер ме едің, дүние,
Осынау сұсты қалпыңнан.

Баланың ойы – бал қиял,
Бұйдасыз бұлттай жөңкіліп.
Қиялмен алып сан қиян,
Қаламыз бір сәт серпіліп.

Алуан ой – ұшқыр алысып,
Ұмытылар уайым, бас қайғы.
Бозторғай даусы талықсып

Талма түс бола бастайды.

- Тоқташы, - дейді Ваня да,
Бас жіпті мен де босатам.
Иінінен деп ап дала да,
Не айтар деп екі жас адам.

Жаутаңдап бізге қарайды,
Бас шұлғып селеу, боз көде.
Қаусырған кеңіс маңайды,
Қалт тоқтап сағым кезбе де.

Дүние бір тына қалғанда,
Шалғынға шарта жүгініп,
Бас салып ащы айранға,
Қойыннан күлше суырып.

Аузымыз тиіп аққа бір
Қарбытып нанды алғасын,
Жасаймыз біздер сәт дамыл,
Сөйлейді сонда жан досым.

Қос сөздің бірі орысша,
Қос сөздің бірі қазақша.
Кей жерін ыммен орап кеп,
Жеткізер жанып көзі отша.

Көкіректің тілі бірге әмән,
Кеуденің тілі бірге әмән.
Сананы ортақ ойлармен,

Ойластырса күллі адам.

Бір барып егіс, малға да,
Бір тартып орақ, қауға да.
Тел болып алдық біз, міне,
Қара бала мен сар бала.

...Тоқтауыл біздің басқарма,
Көліктің басын ұстауға,
Қол күші жетпей сасқанда,
Ауданнан былтыр детдомнан
Әкеліп еді үш бала.
Сары үрпек құйттай үш бала,
Қолғанат – қолы қысқаға.
Қолғанат қана боп қалмай,
Қылпыған бейне ұстара,
Елгезек епті ісімен,
Тиянақты үйде, тыста да.
Емірене сүйді күллі ауыл,
Үш үміт қой деп бұл да бір,
Көрінген көзге үш қара.

Петька мен Васька көктемде
Ата-анасынан хабар кеп,
Шығарып салдық көк белге,
- Болыңдар енді аман, - деп.

- Болыңдар аман, бол аман,
Тұрдық біз қимай қол бұлғап.
Үн-түнсіз Ваня манадан

Жіберді сонда солқылдап.

Селкілдеп біз де жыладық,
Ерік-күш кетіп денеден.
Даланың жолы шұбалып,
Қозғалып арба жөнеген.

Мінеки Ваня – сол бала,
Қасымда менің толғана,
Толғана шертіп әңгіме,
- Бері қара, - дейді, - бері қара.
Аспанға қадап көк көзін,
Түйір бір топырақ қолға ала,
Үгітіп оны күбірлеп:
- Аспан – көк, - дейді, - Жер – қара.
Аспан – көк, - дейді, - Жер – қара,
Мәселе бірақ сонда ма?..
Біздің де жақта осындай,
Көк аспаны бар кең дала.
Түсінде тұрған не зат бар,
Басқа ғой, басқа ғажаптар...
Мәселен, мен ғой – сарымын,
Ал онда не тұр,
сен – қара.

Шешші бір жұмбақ, түссіз не?

- ?..

- Ойланып қойғам мен мана,

Түсі жоқ – қапыл жел ғана

- Ал тұрдық, - деді, - айтар гәп,

Айтар гәп менде бар тағы...
Қара өгіз сәл-пәл қайқаңдап,
Соқаны сүйрей тартады.

* * *

Тұманын бүркіп, сыз бүркіп,
Тұланын тұтып күз келді.
Ауылда қалып қыз-қырқын,
Жіберді құмға біздерді.

Қаркөл ауылы ұшқары,
Ұлан бір дала шетінде.
Күздеуі менен қыстағы
Құмдардың орғыл өтінде.

Он-он бес отар қойы бар,
Тез өте шығар келте жаз.
Мал басын қыста қайырар,
Соғыс қой қазір – еркек аз.

Бір отар құмға малды айдап,
Тартып біз міне, барамыз.
Ақбалдақ кемпір айбарлы-ақ,
Ақылшы, ие, анамыз.

Басқарма бізге кетерде
Қайысы қасаң тон берген.
Құранды құрым ер берген,
Қоймасын бізге көрсетіп,
- Немді аяйын, - деп, - сендерден,

Шиті бір мылтық берген-ді.

- Боласыңдар, - деп, - қол мерген,

Жә, қойшы бәрін:

- Солдаттар,

Сау болыңдар, - деп қол берген.

Көңіліміз сонда шелденген.

- Болмаймыз, - деп, - біз елден кем!

Әйтсе де, мылқау құм іші –

Медиен, мекер, үрейлі.

Жалдардың жықпыл жынысы

Жанарды шектеп тіреді.

Жалғыз бір қыстау, жайық құм,

Көш салдық біздер кешкілік.

Түн түскен кезде, байып күн,

Қорқынышындай ғайыптың,

Қасқырдың даусын естідік.

Түн бойы ұлып қасқыр да,

Жел дағы шулап ұлардай.

Жаттық біз көрпе астында

Жауына қарсы шыға алмай.

Қолтықтан намыс, кек демеп,

Тұрды атып Ваня төс ектен.

- Келе алмай әртең, жекпе-жек,

Қиын екен, - деді, - өш кеткен.

Ақбалдақ кемпір таңға ұзақ,

«Айтақтап» тұрды далада.
Қос үрей билеп, қалжырап,
Көз ілдік біз таң ағара.

* * *

Қиялшыл келіп бала егер,
Жігерді жаныр болса ұстаз.
Отпенен суға сала бер,
Көзсіз ғой қайран он бес жас.

...Біз қазір құмға қожамыз,
Үрейді қуып үркіткен.
Қасқырдан қайтты ызамыз,
Қақпанмен, шиті мылтықпен.

Құм деген, шіркін, жұмбақ бір,
Кілегей қаймақ ақ қары.
Қаңтарда күнгей қырат-қыр,
Тоң майдай жіпсіп жатқаны.

Бүрін көр қыста жыңғылдың
Майдай-ау құмда қыс тіпті.
Ұлытау дейді бұл құмның
Ұласар жерін түстікте.

- Ал кеттік құмның шетіне
Қой жайып желіп қайтамыз.
Жорға желісті лекіте,
Әуелете ән айтамыз.

«Ақбалдақ кемпір аңыз ғып,
Көп айтқан тауды көрелік».
Балауса қиял – тамыздық,
Лап етті.

Қойды иіріп,
Тас-түйін боп жиылып,
Шетіне құмның жөнелдік.

...Ессіз де түссіз бір мезет,
Қағылғанынша қасың бір,
Жазықтың желі тіл безеп,
Ұрғандай жазым жасын бір.
Кіндігін жердің суырып,
Түсі жоқ желдің суылы –
Түсі жоқ жаудың суылы,
Үлгердік қойды иіріп,
Үлгерген жоқпыз бірақ та,
Табанда тас боп түйіліп,
Қоржынды шешіп, киініп.

Аштырмай көзді басырдай,
Алапат бір күш басынды-ай,
Бұршақ па, қар ма, оқ па әлде,
Одан соң ес-түс жоқ менде.
Айналам тұтас ақ дүние,
Ақ кебінге ұқсап анталап.
Көзімді қолмен қалқалап,
Айқайлай бердім «Ванькалап».

Одан соң менің білерім,

Ақбалдақ кемпір екеуміз
Оңаша ғана екенбіз.
Көрінбеді бөлмеде
Бөтен адам, бөтен жүз.
Одан соң мен күбірлеп:
- Жасадық-ау бекер біз,
Жасадық-ау бекер біз.
Дүние саған біз әлі...
Тұтқа емеспіз, лекерміз.
Лекерлесен – не етерміз,
Біз кінәлі ма екенбіз? -
Дей беріппін тек қана.
...Талып кетсем, түсімде
Аппақ дүние ішінде,
Әне, әне, Ваня тұр,
Аққаладай – ақ бала.

БІР БӨЛМЕДЕ

Бір аға ақын үйінде,
Төрінде Ғабдол Сланов.
Бір-екі ақын бүйірде,
Сыбанып сөзге сұранып.

Көңілді бір сәт үй-іші
Кернеген әзіл сөз екен.
Ақындар әбден тынысы
Кеңейіп алған кез екен.

...Бір кезде асау жыр кетті,
Толқынын төгіп, лақтырып.

Жаңағы дуды, дүрмекті
Су сепкен өрттей сап қылып.

Жарықтық, жырдың қуаты-ай,
Жарықтық, сөздің сиқыры-ай,
Төрт қабырғаға құп-құйттай
Қалайша сыйып тұр бұлай.

- Жыр үшін, - деді аға ақын,
Орнынан Ғабдол тік тұрды.
Желпіп бір жырдың қанаты
Биіктік сырын ұқтырды.

Сонда мен жырдың — жалынның
Қызуы шарпып шоқтандым,
Мейірімі, нұры тәңірдің
Осы емес пе екен деп қалдым.

Жырдан соң бәрі жымда-жырт,
Шала сөз, тынды шала дау.
Өзімен-өзі мына жұрт
Есікке сонда қарады-ау.

«Бұл бала кім ед, төрлей ғой», -
Дегенде Ғабдол Сланов,
Жырды мен келіп бөлгендей
Қарадым жерге ұялып.

Тұрып мен сонда есікте,
Кірердей жерге қысылғам,
Аяғын шешпей мешітке

Кеткендей еніп мұсылман.

* * *

Екі ауылдың ортасы жалғыз төбе,
Өзен бойы көк құрақ, жалбыз, беде.
Жасақ ертпей жаныңа, жыңғылдардың
Жықпылымен келмейсің жалғыз неге?

Жалғыз неге келмейсің көп именбей.
Біздің жаққа кеттің ғой көңіл бөлмей?
Жалғыз болып жүрмін мен, жәудір тамшым
Жапырағымнан жәудіреп төгілгендей.

Зәмзәм құяр сен менің құмырамсың,
Зәмзәмімнен бір жұтсаң құнығарсың.
Кездесуге апталап келмей кетсең,
Кермек суға көлденең ұрынарсың.

Қосылмаған зәрулер кемде-кем бе?..
Ғашықтықтың ауруы меңдегенде,
Түтінін де қызғанам екі ауылдың,
Қолтықтасып төбеде көлбегенде.

ЖАҢЫЛШАҚ

Жаңылшақжан, жазық маңдай жаз сипат,
Құрғымыз кеп қиылушы ек наз сұқбат.
Тоқталған көз, оқталған сөз көп еді,
Атқан оқтай аялдамай жөнеді,
Айдарыңнан жастық желі аз сипап.

Бойжеткен шақ ерте айналды басыңнан,
Күнің толмай гүлің тұрды ашылған.
Бірақ сенің бал дәуренің аумады
Жарқ еткенде жазым қылған жасыннан.

Жібек мінез қасиетіндей, киендей,
Көптің сөзі түртті бірақ түлендей.
Беу, сұлулық, сен де адамға сормысың,
Сиқыр болсаң көзге шыққан сүйелдей.

Қос бұрымың Торғай менен Тобылдай,
Көрген адам кеткісі жоқ шомылмай.
Жалт қарасаң жараламай жібермес,
Жанарың бар атқан мірдің оғындай.

Әй, өзің де өртенгің кеп жүр ме едің,
Шоқ ерніңді сонша неге үрледің?
Сол ерінге білмедің бе талайдың
«Мылқау бір түн жалынсын» деп жүргенін?

Тәттілікті үйретпеген тәнге сен,
Тәнің сенің у да десем, бал десем,
Жарар еді-ау, жарасарын білген соң,
Астамшылық жасадың ба әлде сен.

Тағат, төзім кең маңдайда о да тұр,
Жо-жоқ сенде сұлулыққа тең ақыл.
Таразының басып кеткен бір басын,
О, махаббат, о, махаббат, о, қапыл!

ЖОҒАЛҒАН АҚША

- Дәркенжан, - деді жан көкем,

- Дәркенжан, - деді.

- Әу, - дедім.

Апыр-ай не боп қалды екен,

Дірілдей шықты сәл демім.

Көкем ғой біздің бір емес –

Иесі екі шаңырақтың.

Сұм соғыс кеше, сұм елес

Қалтқысы етіп қармақтың

Әулетімізді арбапты,

Әйтсе де жұта алмапты,

Көкемді бізге «сыйлапты»,

Көкеме «сыйлап» балдақты.

Бір әулет бес-он баламыз,

Көкем ғой біздің панамыз.

Тұлдырсыз дағы емеспіз,

Тұғырсыз дағы емеспіз,

Жетім біз және демеспіз,

Жетіліп ертең кеткен соң,

Көкеме серік боламыз!

Сол көкем менің – жан көкем,

Не айтпақ болып қалды екен.

Жалт қарай бердім жүзіне,

Жабырқау ойы бар ма екен?!

Жо... жо... жоқ,

көкем көңілді,

Өзіне-өзі сенімді.

Иінін бүгін тік ұстап,
Басқаша маған көрінді,
Басқармаға ұқсап көрінді.

Сенекке ілген селдір ау,
Торынан тамшы үзіліп,
Босаға жақта бір бұрау
Ақ балық жатты тізіліп.

«Бұл дағы біздің несібе –
Көкемнің маңдай тері-ау» - деп,
Жалғыздығымен есіме
Соңына ерген бір әулет –
Есіме сол сәт түскенмен,
Қолымда, әттең, жоқ қайрат.
Көкемді аяп іштей мен
Көрсетуші едім сыртқа айбат.

Сол кезде көкем қалтадан
Бір бума ақша суырды.
- Сендер деп, қалқам, мал табам, -
Деді де,

сәл-пәл кідірді...

Қып-қызыл қағаз жұтынып,
Қып-қызыл шоқ боп қозғандай.
Көкем де шырт-шырт түкіріп,
Санайды келіп көзді арбай.

- Беріп еді колхоз еңбеккүн,

Еңбегің жерде қалған ба?!
Мен үшін көкем жер-көктің
Ең үлкен Ері жалғанда.
- Уполминзагқа қарыз ем,
Мә, он сом, - деді, - ал, заула!

Қып-қызыл қағаз – қызыл шок
Қолымды қарып кеткендей.
Құйындай менің ізім жоқ
Құмдауыт жаға бетті өрлей,
Үстімде сырма көк шапан,
Қалтамда қызыл он сомдық.
Бұл байлық жұртта жоққа тән,
Ентігім қатты, еңсем тік.
Зауладым дейсің зымырап,
Бататын күнмен жарысып,
Қақпаны қақтым бір уақ
Өкпені қолға ала ұшып.
Қақпаны қақтым... қалт тоқтап,
Қалтамды қалдым қармалап.
Жүрегім қалды сәт тоқтап,
Ақша жоқ, ақша,
ал ғажап!

Ақша жоқ, ақша,
жоқ он сом,
Ал, көке, енді маған сен,
Тапқаныңды біз шашайық,
Жоғымызды бар ғып жамаушы ең.
Ұяттан жанып, қызынып,

Қылғынуға да шақ қалдым.
«Япыр-ай, - дедім кіжініп, -
Ақшаны ойлап тапқан кім?..»
Бір тілім қағаз қарыз боп,
Қамыт боп сәби мойныма,
Жолымды әрі-бері іздеп,
Жыладым үйге қайрыла.

Жан көкем даусы құлақта:
«Сендер деп, қалқам, мал табам».
...Өзіне жайлы жырақта
Туыпты жаңа Ай шалқадан.

* * *

Туыпты жаңа Ай қырынан
Сынған бір семсер шетіндей.
Шаңытады аспан шытынап,
Осынау көлдің бетіндей.

Ауыл шеті.

Аулақта.

Ымырт та түсіп келеді..
Құмарым болмай қол допқа,
Қабағым тарта береді.

- Кетемін, - дедім үйге мен,
Командир Жеңіс «жоқ» деді.
Шапанымды алдым, кимелеп
Қақпаға бергі шеттегі.

Былырғы сырма көк шапан,
Биыл да кигем үстіме.
Төзімді киім басқадан,
Киемін үш-төрт қыс, міне...

Көнетоз киім болғасын,
Қақпаны қоям белгілеп
Еңбеккүн көкем алғасын,
Кимеспін деймін енді көп.

- Кетемін, - дедім, тез іле,
- Кетпейсің, - деді командир.
- Командир болсаң, өзіңе,
Мен солдат емес, әрмен жүр.
Итеріп қалдым.

Шалт адам,
Шалқая беріп керілген.
Мен ұстап қалдым қалтадан,
Ол ұстап қалды өңірден.

Мен дағы қалдым сілкісіп,
Командир болмақ мәрт адам.
Екі ашу келіп жұлқысып,
Дар етті шапан қалтадан.

Шоқ ыршып түскен секілді,
Қып-қызыл қағаз түсті ыршып.
Көк мұзға төсеп бетімді
Құладым мен де тіл қыршып.

Құладым дағы,
жыладым,
Жыладым дейсің селкілдеп.
Жалынып Жеңіс сұрады:
- Тұрсайшы, тұршы, бол, тұр, - деп.

Жоғалған ақшаны уыстап.
Бойымнан балқып от еріп.
Адалдық туын тік ұстап,
Жығылып жаттым, көтеріп.

ЖҰМБАҚ ЗАҢ

Оң қабағыңмен қарайсың маған,
Сол қабағыңмен қарайсың маған,
Оңға басса деп ойлары.
Талай мақтаған, талай сынаған,
Жекіріп алып жағдай сұраған
Жанашырымсың қайдағы?!

Мерт бола жаздап айға атылсам мен,
Майып боп құлап ойда тұрсам мен,
Жанұшырасың сен неге?
Көрсеткім келмей, қайратым семген,
Көзімді бүркеп, ойда отым сөнген,
Жанұшырамын мен неге?!

Бөлек құрсақтан, бөлек құндақтан,
Бөлек толғатқан, бөлек дәм татқан,
Адамның неге жаны бір?
Түйсінгенменен, түсіне алмайтын

Түсіне алмасаң кісіні алдайтын
Болмыстың жұмбақ заңы бұл!

ҚАП, ҚАЛАЙ?

Жастықтың беймаза күндері
Бастықты. Дауылы сиреді.
Басталды басқа өмір. Күйбеңі
секілді құмырсқа илеуі.

Өтең-ай, әттең-ай, әттең-ай,
Тез өткен сонау бір шақ қалай.
- Қош, Жастық, - дегенде тұрдым мен
Құп-қу боп шүберек, мақтадай.

Өтең-ай, әттең-ай, әттең-ай,
Кенеттен сарғайған көк тоғай.
Көркіңнен көз жазып қалғанмын
- Қап, қалай, қап, қалай, қап, қалай?

09.03.77 ж.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ КӨШЕСІ

Үлде мен бүлдедей бүркеніп бау-баққа,
У-шу қаладан іргесін салып аулаққа.
Көкорай Көктөбе бауырында,
Қасым Аманжолов көшесі жатыр тау жақта.

Кеше кешіп жүргенде ақын қиялға,
Тыншу, тар көшеге... Қасым сияр ма?
Есіп-егіліп, тасып төгіліп жырдың рухы

Кіреуке күңгірт аспаннан
Күлтілдеп тамып марғау нұр.
Жонынан жаздай таспа алған
Жалаңаш жайдақ қалды-ау қыр...

Ауыздығымен алысып,
Екінді ауа жел тұрса.
Екпіндеп келіп жарысып,
Жағаға соққан толқынша,
Кіндігін жердің суырып,
Кетердей және елірсе.
Қойшының үйі буынып,
Не лаж етпек, сеніңше?..

Жабындысы жоқ жапанда
Жұлынған сондай жел көрсең,
Қорықпай-ақ қой,
одан да
Қаттырақ соқсын, дем бер, сен.

Моп-момын, маңғаз күйінде,
Мыңқ етпей бәрін өткерген.
Қойшының қоңыр үйінде
Дауылды, желді көп көргем.

...Кереге сәл-пәл ырғалып,
Шайқалып кетсе бір уық.
Шаңырақтан шешем құрды алып,
Жалғайтын еді жүгіріп.

Қарыстай құрға көлденең
Қайқайтып сосын жүк тиер.
- Қайтеді, тәйірі, жел деген,
Қара жер сенен мықты, - дер

Соғады сыртта долы күй,
Күшеніп келіп, күпті боп...

Құйысқаны берік қоңыр үй
Табанын жерге тік тіреп.

Апталап дауыл ұрғанда,
Иіні түсіп еңкеймей,
Табаны жерде тұрғанда,
Тапжылмайтұғын Антейдей.

* * *

Көлдерім, көк жайлауларым,
Сағынып сендерді ойладым.
Ырғайлы белдерді ойладым,
Ырғалған көлдерді ойладым.
Ыңыршағы айналып жатқан
Ыраңды жерлерді ойладым.
Құйысқанын көтеріп соққан
Ылаңды желдерді ойладым.

Шық сіңген қара оттарыңнан
Қара мал күйіс қайырған,
Мүк сіңген қабақтарыңнан
Мүңкіп бір иіс жайылған
Құйқалы қырларды ойладым.

Қоғажай нуларға қонған,
Мамажай мамыр құстарым,
Сәскелік шулардан аман

Сәтінде қолымда ұстадым,
Момын құс сендерді ойлады.

Кірпігім айқасып кетті,
Көбірек ойланып тұрып,
Сағыныш шаршатқаның ба?..
Анау жыл қой бағып жүріп,
Осылай тұратын едім,
Астана аңсатқанында...

КҮДІК

Ерке қалқам, еркін қалқам, жан қалқам,
Елдің бәрі бір өзіңе болған таң.
Сұлулықтың сиқырына сендегі
Сұқтанамын, сескенемін, мен қорқам.

Ал сен болсаң, әлі көзсіз батырсың,
Жүрек ойы – қас-қағым сәт, қапыл сын.
Оны бірақ ойлайды ма – он жеті,
Он жеті тек сезімдерін сапырсын.

Сапыр да, жүз сезіміңнің селіне,
Сұлулық бір жастық шақтың желі де.
Өз желіңнен көтерілген дауылмен
Өр теңізге жетелеші мені де.

МӨР

Мен сені ұмытпаймын, Мерекетай,
Үйіңнен арылмайтын береке ұдай.

Сен бізбен асық ойнап, күрке тігіп,
Бірақ та ойнамадың неге топай?

Мен сені ұмытпаймын, Мерекетай,
Бір үйдің бозтайлағы ең, ерке тотай.
Сен енді қыздарменен суға кеттің,
Асып ап, иінағашқа тең тобатай.

Мен сені ұмытпаймын, Мерекетай,
Толыстың Торғайда өскен төре талдай.
Талайлар тамсанатын «бәрекелді-ай,
Қай үйге қонар, - деп, бұл қараторғай».

Мен сені ұмытпаймын, Мерекетай,
Оқталдым сөз айтқым кеп неге талай.
Жанарың жарқ еткенде айбалтадай,
Жүрекке тие жаздап қалған талай.

Жеңіспен бірге туған Мереке қыз,
Екеуміз ай-күні бір тел екенбіз.
Амал жоқ, оянбаған махаббатқа
Елесін балалықтың мөр етеміз.

ӨЗЕНДЕР

Көктем,
Көлдер ұлғайып қырды асып кетіпті,
Белдер ырғалып гүл басып кетіпті.
Дүние дін аман.
Төбеде шөкім бұлт та жоқ,
Шалғында шашырап жылаған

Жетім шық та жоқ.
Бейбіт бір күнге
Сүйінші сұраған баладай,
Сәскеде сағым жүгірді,
Сіңірдей созылған қайың, қарағай.
Ақиық аспан-ау,
Жұтады лағыл нұрыңды
Жарым көңілдей – жасамыс ағаш та
Жапырақ жарады, жарықтық!
Тобыл да тасиды,
Ойыл да тасиды,
Тасиды Талас та
Арнасын қарық қып,
Алқабын су шықса, арық қып.
Өзендер шалқиды шабыты бір келген мезгілде
Шалшық сулардың шауқатын бетіне салық қып.

Мен де тасимын,
Сен де тасисың.
Бәріміз тасимыз,
Табиғат берген қауқармен

Мен – қапыл өзенмін,
Сен – бақыл өзенсің.
Мен келте көктемде
Тулап ағамын.
Кемерді бұзып
Жеткен жерімді
Суға маламын.

Сен баяу ағасың,
Жайлап ағасың,
Өзіңді-өзің іркіп ағасың,
Кілкіп ағасың
Он рет ойлап ағасың
Суыңды шашау шығармай,
Кемерді бойлап ағасың.
Саған күнә ма,
Таңдайы кепкенге тамшы сыйласаң?
Өзіңнің көктемнің келгенде қуанбай,
Өзіңнің жазың өткенде суалмай,
Қайда барасың,
Қайда барасың
Құрдымға құймасаң?

ӨЛПАРА НАЙЗАҒАЙЫ

Наурыз бенен өліарасы сәуірдің
Сілкінетін кезі көктем – дәуірдің.
Қоңыр төске қонар кезі ауылдың,
Қунар кезі көктем күткен қауымның.

Сәби таңның сәулесімен жылт еткен,
Қаулар кезі қызғалдақтың қылт еткен.
Саумал кезі – шарасында сулардың,
Самал кезі – жел қанаты үлп еткен.

Сондай шақта, сонау ауыл сыртында
Шырқ айналған жаңа маусым бұлтында,
Бір найзағай келе жатты тұтанып,
Көк аспанның көк етін бір жыртуға.

Көк көлдердің селт еткізіп өзін бір,
Көк белдердің ашқызуға көзін бір.
Көк жасылдау, бояуы аздау дүниеде
Оянсын деп басқа бояу – сезім дүр,
Өртенуге қияды екен өзін бір.

Содан кейін кемел көктем құлпырар,
Сансыз бұлақ өзді-өзінше бұлқынар.
Қыршын – жасын пір тұлғасын жер көміп,

Өлара өтер...

Өлкемізге гүл тұнар.

* * *

Сабаңа түсіп кей шақта,
Санаңа түсіп күллі жүк.
Зауқың да шаппай еш затқа
Аулаққа қашар нұрлы үміт.

Сіркең де суды көтермей,
Сезім де тумай сібірлеп.
Өз тәнің бейне бөтендей,
Жүрегің ғана дірілдеп

Жорғалап, жүйткіп, шаба алмай
Жүйкеңді бір жүк иықтап,
Қатты ұйықтап қалған адамдай
Көрпесін қымтап, тұйықтап.

Сағынып думан шақты құр,
Марғау да мақау мынау ой.
Күрсіне де алмай қатты бір,
Түршіге де алмай тұла бой.

Жүретін кезің зәуде бір.
Бола ма, бауырым, басыңда .
Болмай ма, айтшы, әлде бұл,
Әлде бұл біздің ғасырда.

Мен өзім мұндай шақтарға,
Арада тұра кезігем.
Тағдыр бір сілкіп қаққанда,
Тазарған жандай сезінем.

СОҢАУ ЖЫЛҒЫ ІЦІР

Он екі перне қарағай,
Сөйлейтін еді сұңқылдап.
Сөйлеген кезде сұңқылдап,
Қиссасын әкем айтатын.
Қайырған аттай құр-құрлап,
Күйлердің басы қайтатын.
Дүниеде барын байқатып,
Самалға дауысын шайқатып,
Созатын еді шайлатып..
Созатын еді көңіл сәл,
Салқындау сазды ой батып...
Буынсыз саусақ ойнатып,
Сүйексіз көмей сайратып.
Отырған кезде қара шал,

Қараша үй алдын тойлатып.
Жер ошақ жақта апам жүр
Кеш сауған сүтін қайнатып.
...Бара жатты сол кезде
Томсарып толық ай батып.

ТАЛАН

Машинасы, тракторы жоқ тегі,
Біздің ауыл темір жолдан шеткері.
Біз көрген зат қарт ұстаның көрігі.
Төрт кластық алыс ауыл мектебі.

Дүние – жұмбақ,
біз әлі де баламыз,
Дүние бізге әлі ертек, әлі аңыз.
Шал-шауқан сау, әйелдер сау,
кемтар боп
Ал соғыстан қайтқан әке, ағамыз.

Соғыс дейді,
айтпайды ғой ел текке,
Еріккеннен қан төге ме ер текке.
Неге бұлар сап-сау болып келмеген
Ертөстіктей біз естіген ертекте.

Жауды жеңсін.
Біз жеңісті қалаймыз,
«Жар астында жау десе»... жалт қараймыз.
Жауыздықтың білмей жатып не екенін,
Сол бір сөзге елеңдедік талай біз.

Ұлы өмірдің әліппесін замана,
Жаңа ұсынған бәрі жұмбақ санаға.
Мектеп барды тың көтерген жылы сол
Соғыс біткен жылы туған бала да..

...Сол ауылға темір жолдан шеткері,
Темір тұлпар лек-лек болып жеткені.
Қазақ жері тың көтерген құтты жыл –
Мың тоғыз жүз елу төрттің көктемі.

Тың көтерген жылы біздің санаға,
Сәуле шаша бастады ғой замана.
Тумай жатып ғасырдың қос бақыты,
Тап келген – біз, таландымыз,
талан, ә!..

* * *

Таудан тұрған бұлт жаумай тына ма,
Жасауыл-жел айдап, аумай тына ма?
Қайырлы көктемнің найзағай, нөсері
Жомарт жаздарға – сияпат, сыбаға!

Найзағай ойнайды, ойқастап от шашып,
Тына қап...

бұлттарды сынап ап,

ТОҚЫРАП, ТОҚТАСЫП,

Құлап құбылаға барады қызыл күн
Шапақ сәулесін кіреуке тот басып.

Таудың мұнары төмен жылысып,
Қарағай қалтырап, қалқып бу ұшып.
Тауға төгіліп,
 тасқа соғылып, сүбесі сөгіліп,
Беу бұлттар-ай...
 бұл жақтан кетеді-ау, суысып...

ТОҒАН

Торғай тасып,
 «Ұрыөткелден» өтерде,
Сонау жылы сасқан екем бекерге.
Апыл-ғұпыл шыға келсем адырға,
Арғы иінде тоған жатыр көтерме.

Өзенді енді өтем-ау деп айналып,
Шабдар атты салып қап ем, сайланып.
Жолың болғыр, жол қысқарды-ау дедім де,
Неге салған, тұрмын соны ойланып.

«Сарыөзекке» су шықсын деп салған ба,
Қаракөлге ну шықсын деп салған ба?
Торғай - өзен құюшы еді құрдымға
Су қадірін жұрт ұқсын деп салған ба?

Жайқын жазық су қаптаған бар аймақ,
Тұрып қалдым жан-жағыма қарайлап.
Және ойлаймын қапыл келіп өзенге,
Тоған болмай, қойып кетсем не болмақ?..

Қашан салған, кім салғызған бұл тоған,

Құрдым анау – арадары бір табан.

Жақын салған, батыл салған!

Өзенді

тұсадың деп ұрыспас-ау жұрт оған.

ТӨЛЕУТАЙДЫҢ ТӨРТ ҚЫЗЫ

Соғыс бітіп, солдат келіп жатқан кез,

Ел мейрамға, ен мейрамға батқан кез.

Бізге көрші Төлеутайдың төрт қызы,

Бойжеткен кез шеттерінен боп кербез.

Он сегіз бен жиырма бестің арасы,

Төртеуінің тетелес жас шамасы.

Бірін-бірі жетілмей ме жетелеп,

Қатар өскен қыз баланың санасы.

Әрі соғыс,

бес жыл көрген қайғы да,

Ерте оятып есейтпеске қойды ма?..

Жұрт айтатын: «Кетпей ме енді, қашанғы

Төлеутайдың мінбек бұлар мойнына».

Ал Төлеутай:

- Оттамасын ел түге,

Не істесе де өздерінің еркіне..

Жетем, - дейтін,- төрт ботамды төбеме

Көтерем, - деп, соғыста айтқан сертіме.

- Балаң нешеу? – десе, Төкең мақтанып,

Төртеу деуге тұрады ылғи оқталып.
Кейде бірақ өкінетін өлердей:
- Төртеуі де нашар бала, - деп қалып.

Құнықпаған, құмартпаған түсімге,
Ағаш ұста мықты Төкең ісінде.
Сондықтан да төрт бойжеткен әзірге
Төрт көнетоз бөз көйлектің ішінде.

Төкең кейде трофей ішіп лепіріп,
Соғысты айтып демінен бір от ұрып,
Келген кезде кемпіріне кейитін:
«Біздің Ұлдай қалды ғой, - деп, - отырып».

Одан соңғы Ұлжаны мен Ұлмекен,
Біп-биязы, мінезі жоқ бір бөтен.
Жаутаң-жаутаң қарайды апаларына,
Бақты байлап, жол ашпай сол жүр ме екен?..

Кенже қызы, сайтан алғыр, Ұлбала,
Сайтан алғыр, қарайды бір ұрлана.
Әке-шеше, апалардан сытылып,
«Ақсүйекке» сол кетеді түн бола.

Сайтан алғыр, қылығы оның құйындай,
Қарамайды-ау, қадалмай да қиылмай.
Төлеутайдың шаңырағына кенже қыз
Табиғаттың тартқан оқшау сыйындай.

Төрт-бес рет құда келді бұл үйге

Тілек айтып сөз келгенде иінге.

Келді бәрі,

кетті бәрі, дәмесі –

Кеже қыз боп бүлкілдеген бүйірде.

Үлкен қызға қалды отызың жуық кеп,

Ортаншылар жігіттерді жіліктеп,

Санағанмен,

жиырма мен отыздың

Ортасында жібі түзу жігіт жоқ.

Біреу шолақ, біреу молақ, бірі ақсақ,

Күйеу іздеп қызға әдет жоқ қыр аспақ.

Жегідей жеп бітті Төкең кемпірін,

Абысын-ажын сөзге келсе тілі ащы-ақ.

...Жер ошақтан тік-тік түтін көкті іреп,

Мамыражай тағы бір кеш жетті кеп.

Сол кезде ауыл, бүкіл ауыл шу етті:

- Төлеутайдың қызы қашып кетті, - деп.

- Қай қыз екен?

- Кімге қашқан?..

- О, тәңірі-ай...

Ата-анадан кеткені ме бата алмай?

- Ойбай әлгі Ақсайдағы шолақ қол,

Әйелі өлген Сапарбай ше, Сапарбай...

- Беу, бейшара-ай, бағын босқа байлапты,

Бай алмаса қайтсін енді бейбақты.

Біреу күліп, біреулері мүсіркеп,
Қызыл сөзді қыздырмалап ел жатты.

Жай түскендей Төкең сонда үйіне,
Қамшыны алып кемпіріне үйіре:
- Қараң батқыр,
батыр қараларыңды,-
Деді ол алғаш, қыздарына күйіне.

Құс мылтығын керегеге асулы
Ала ұмтылды.
«Кім, кім мені басынды?..
Сүйегіме таңба салған екенсің,
Жалғыз оқпен жоқ етейін басыңды!..

Басынғанның өлейін мен қолынан,
Ұрттап қана ішейін мен қанынан».
Ауыл сырты – Ақсай жаққа жүгірді ол,
Бүкіл ауыл жүгірді оның соңынан...

Көп ұзамай Ұлжан менен Ұлмекен
Кетті олар да басқа жұртқа бір бөтен.
«Күйеулері – жарымжан» деп жатты ел,
Бұл ойлады: «бәрін тағдыр, бақ білер,
Білер өзі, кімнен төмен, кімге тең».

Кетті үшеуі бір-біріне ұласа,
Соңғыларға шамданған жоқ бұл аса.
Басу айтып уататын болды енді,

«Айнакөл» жақтан алқынып, жел соққан кезде бір бұла,
«Жалғызжиденің» бұтағын сілкілеп барып тынды ма?
Шиырлап әкең кеткен соң алақандай бір сор құмды,
Құйындап көп жыл өткен соң табаның басып тұрды ма?

Арасында сен тұрдың ба күп-күрең тобылғылардың,
Баяғы таныс бозторғай берді ме шырқап сұңғыла.
Табаның басып тұрды ма қапшықпен апаң қи терген,
Кебісі тозған үйкелген, үр жаңа жап-жас қырды да.

Жанарың ғашық тұрды ма, қадалып күздің кешіне,
Көзіңнен бұл-бұл ұшқандай балалық түсіп есіңе.
Қанаты қатқан қос үйрек, қол созым көлге қош айтып,
Қатарласа ұшты есіле, қарадың неге тесіле?!

1968 ж.

ЫҢҒАЙ-АУ

Ыңғай да, ыңғай, ыңғай ән,
Ырғағың сенің кімге аян.
Шымшыған үні шымбайдан
Сыздаған іштен мұнды айдап,
Артыңда қалған күнді ойлап,
Айтылмай қалған сырды ойлап.
Қозыға теліп өзінді
Керек-ақ болып бір Баян.
Қуантып құнан сезімді
Қуғандай қырдан ор қоян.
Ыңыранып бастап, ырғалып
Рабайда біреу айтпаса,
Ынтықтыра ма мұндай ән.
Ыңғай да, ыңғай, ыңғай ән,
Сусыған қызыл құмдай ән.
Сағынған кезде сарғайып
Бойыңды басқан мұндай ән.
Бұйырған белдің шөбіндей,
Бұйырған пәлен мың бояу

Бұйығы көңіл еміндей
Булыққан сезім жүрді ояу.
...Ыңғай да, ыңғай, ыңғайға,
Ынтықса салып тынбай ма?
Көп жылға көңіл жасарып,
Көп ойдан әлпет қасарып,
Салғым кеп отыр «Ыңғайға».
Шашбауын бірақ көтеріп,
Шығандап шығар үн қайда?!.
1968 ж.

РЕВОЛЮЦИЯ ПЕРЗЕНТТЕРІ

(1980 ж., «Жазушы» баспасы)

АҚЫНДАР

Түнді түнге ұрған ақын – ағайын,
Мәңгі маздасын отың, лайым!
Жырдың болмысын жасап жаныңмен,
Табу ләззат,
сәтін – орайын!

Бізге рахат бақыт сол болар,
Біздің сазымыз сонда сорғалар.
Зман дейтұғын биік тұғырдан,
Біз ғой қомданар,
біз ғой толғанар.

Бізге шаттанып, бізге күлу жөн,
Бізге құлау жөн, сөз бе сүрінген...
Бірақ майыпқа, мертке ұшырау
Мейлі денеңмен, мейлі үніңмен,
Күнә кешпейтін,
керек шын кешпеу,

Ақын үшін бұл – уақытпен үндеспеу.
Уақытпен үндеспеу – демек ақынға
Жаңа сапарлар, жаң тың кешпеу.

Ақын міндеті – міндет мың қатпар,
Күнде жаңаша,

жаңа міндет бар:

Әлі дүниеде қоршау – шекара,
Әлі келіссөз, әлі тілхаттар...

Әлі алалық, әлі ағаттық,
Әлі санада саяздық, шолақтық.
Әлі елдер бар қайыр тілеген,
Ішер тамағын қару-жарақ қып.

Әлі ездер бар тумыс-туғаннан,
Нысап-нәпсіге шұнақ құл болған.
Әлі тездер бар,
темір тәртіп бар,
Қылыш рухқа түрме қын болған.

Міне, біз неге түнді түнге ұрып,
Жүрек жылуын алау жыр қылып,
Оймен тінтіп төрткіл дүниені
Арқада тұрғандай күллі,
күллі жүк.

Неге дөңбекшіп, тулап шығамыз,
Соның себебін айтсақ мына біз –
Ақ пен Қараның, Шаттық, Қайғының

Тамырында бүлкілдеп соғып тұрамыз!

ӘЛДИ ЖЫР

Мәриям Хакімжановаға

Әлди, әлди, әлди, әлди – Ана жыр,
 Әлди, әлди – бұл Бала жыр, Дана жыр.
 Ей өлең – жыр,
 ей ақын-пір, бар болсаң,
 Адамзаттың бір әлдіі бола жүр!

Тербет – оят,
тербет – ұйықтат, тебірендір,
Тербет – тыңдат,
тербет – ұйыт деммен бір.
Ей Ана жыр, тыңдамаса сені егер,
Тыңдамаса тас шығар ол жермен бір.

Беу, әлди жыр, бейнүнә жыр, бақыт жыр,
Сәбиіңе берер баға уақыт бір.
Қуанған шақ, мұңайған сәт болып дәт,
Жүрсен болды жүректерге қатып тіл.

Өсер сәби кейде шеше, әкесіз,
Кешер пәни қателесіп, қатесіз.
Әлди жырын әкең айту шарт емес,
Әлди жырын анаң айту шарт емес,
Әлди жыры жалғыз емес, жалқы емес,
Әлди жырын естімеген бірақ та,
Сол, сол ғана – нағыз жетім, жетесіз.

ӘСКЕРГЕ КЕТКЕН ЖАН КӨКЕМ

- «Әскерге кеткен жан көкем,
Әкелер сыйы бар ма екен?
Әкелер сыйы көкемнің
Шекер ме екен, бал ма екен?
Әскерге кеткен жан көкем,
Қаншама жауды жеңді екен?
Көңіліміз біздің – көкемде,
Көкемнің көңілі – ел ме екен?»

Сезімтал сол бір сары бала
Ыңырсып артқы арбада.
Шығырдан кешке қайтарда,
Осы бір әнді айтарда,
Жалтақтаушы еді жан-жаққа
Өзінен-өзі ұрлана.

Қарлыққан еппен қоңыр үн,
Сағыныш – будай сары алтын.

Құлазып бала көңілің,
Мөлдірер алды жанардың.

Сол кезде біз де қосылып
Кетеміз әнге шыдамай.
Талаурап көз тесіліп,
Қадалып көкте тұрады Ай.

Ымырттың түнге айналар
Тымырсық, тыншу шағында,
Жылжиды арба жәй ғана
Соғылып соқпақ, шағылға.

Даусымыз – кенеу, қарлыққан,
Жүзіміз – жүдеу, шаң жұтқан.
Аңқамыз кеуіп, шөл қатқан,
Шығыршы баллар – Біздерміз.
Дүние тар, әттең, Біз – кеңбіз.

Біз – кеңбіз, әттең, сәбиміз,
Әлемді ертең танимыз.
Жігерді ересектердің
Ерліктеріне жанимыз.

Біз – кеңбіз, әттең, сәбиміз
Әлемді ертең танимыз.
Өзгертсек дейміз өскен соң,
Соғыстың қатал заңын біз.

Кең болса дүние көкеңнің,
Ағаңның яки әкеңнің
Міндетін саған жүктер ме,
Сағыныш беріп «күт» дер ме,
«Уайымның сырын ұқ» дер ме,
Үміттің жібін үзер ме,
Арманның жалын күзер ме?
Өгей ме біздің балалық
Еркелемейтін біз елге?..

Сезімтал сол бір сары бала
Бүгін де басты сол әнге.
Сағыныш сырын сол ғана
Білетін жандай әлемде.

Қатқыл да емес үні оның,
Мақпал да емес мап-майда.
Елжірер бірақ жүрегін,
Аңсаған үнмен айтқанда.

Үнінде оның бір жас иіс –
Жалбыз бен жусан көгіндей.
Сезімінде оның ұлы күш,
Жеңіске деген сенімдей.

«Жан көкем» деген сөзіне
Тұра алмас адам жібімей.
Балалық сезім сотымен,
Балауса махаббатымен,
Күнаһарларды дүниеге,

Көмгендей жерге тірідей.

Томаға тұйық, тұма көз
Томсарып жүрер сары бала.
Үстінде – көйлек құба бөз,
Сайманы – сақпан, арбада.

Қорғадың торғай,
жан қалмай,
Сәріден сонау іңірге.

Қоламтадағы тандырдай
Тотыққан әбден түрің де.

Көкеңнен биыл көктемде
Қазалы хабар келсе де,
Жолатпай қайғы еңсеңе,
Колхоздың қыруар ісіне
Бел шешіп кірдің белсене.
Ауылға кешке қайтарда,
Арбада толқып теңселе,
Көкеңмен кездесетіндей,
Шаршағаныңа өкінбей
Басталады осы ән сенен!

Ес кіріп қалған жігіттің
Туған ел жайлы ойы ма?
Іңірде өзі – үміттің
Ұқсайды бозторғайына.

Өзіңнен сенде ой алда,
Сөзіңе кейде үңілсек.
Он сегіз жасқа таяуда
Толатыныңды білуші ек...

«Жан көкең» жайлы жырыңды
Жарыса айтып жүргенде.
Сұмдық-ай, дүние бүлінді,
Үзді де кетті үніңді,
Үзді де кетті бір демде.

...Сары алтын күздің соң жағы,
Сабантой жақын қалған шақ.
Дегбірі кетіп ел дағы
Жаздайғы еңбек жанған шақ.

Торғайдың бойын төрледі
Ойылдан келген ақ тары.
Шығанақ – диқан еңбегін
Жеткен кез жұрттың мақтауы

Аңызда қалған түйір дән,
Заяға кеткен бір оқ деп.
Несібемізге бұйырған
Жинадық дәнді күректеп.

Қырманнан қайттық сол күні,
Көңілді ек сондай, дабырлап,
Сезімнің күллі мөлдірі
Сөздерімізден сауылдап.

«Енді бір төрт күн, бес күнде,
Сабантой, шіркін, болады-ау!
Сары бала біздің ешкімге
Ұқсатпай әнін салады-ау»

Деп үнсіз ғана күбірлеп,
Қонғанда біздер арбаға.
Қырманнан шықпай уілдеп,
Бастады әнін сары бала.

Жіберіп әннің тізгінін,
Танытты ол бүгін тың қалып.
Япыр-ай, сонша біз бүгін
Ерекше неге тыңдадық?!

Өзімізше ойға ұрланып,
Кетіппіз қалғып ырғалып.
Артқы арба жақтан әйелдің
Саңқ етті даусы түн жарып:
«Құдайым-ай, саған не болды,
Түн жарып жалғыз дауыс сап?
Жетелеп жүр ме дәм сені
Көкеңмен көрде қауышпақ?

Касірет бардай үніңде
Сенің-ақ даусың одағай.
Жарығым-ау, жалғыз, мұның не?
Жүгірген көрге баладай...»

Сол кезде біздер жалт қарап,
Артқы арба жаққа ұмтылдық.
Ақ жаулық бейне ақ қанат,
Түріліп кетті түн – түндік.

Қос құшақ сол сәт табысты,
Қос жанар үміт жалт етті.
Аспанда сонау алыста
Жарық бір жұлдыз жарқ етті.
Білуші ек биыл бұл кісі –
Қырманның түнгі қорығы.
Көктемде қайтқан тұңғышы,
Жалғызы – осы сары ұлы.

* * *

Үш күннен кейін сары бала
Міңгесіп майшы арбаға,
Көкесі кеткен жолменен,
Көкесі жайлы толғана,
Ауданға тартты, Военком
Шақыртуын қолға ала.
Ойлады өксіп сонда Ана:
- Кешегі туған шарана,
Он сегіз жасқа толғаны, ә!

Бес күннен кейін сабантой
Соңынан біздер қайтқанда,
Сары бала әнін айтқангда:
- «Әскерге кеткен жан досым,
Алдыңда аппақ таң болсын!

Жауыңды жеңіп келгесін,
Балалық шақтың пернесін,
Қайта бір басып көрерміз,
Еркелерміз..» - дегенбіз.

* * *

Өтті ғой соғыс – зіл-зала,
Жетті ғой Жеңіс жарылқап.
Жеңістің әнін сол бала
Шырқады және сол ұрпақ.

Жеңіспен әндер жаңарып,
Жайнады шаттық-шұғыла.
Шыңдалды сол бір балалық
Сағыныш-мұңның сынына.

Еркеліктерін ерлікке
Айырбастаған сол ұрпақ.
Тұтқа боп өсті – елдікке,
Қараймыз бүгін таңырқап.

Елінді сүйе – ол дейтін,
Мәңгі бір – маздақ, от шығар.
Бояуы мәңгі сембейтін
Балалық махаббат шығар.

«КӘЛ, КӘЛ, КӘЛ!»

Ғ. Мүсіреповке

Қыранын шақырғаны ғой «қолыма қон» деп,
Соңыра «сонарды шарлап соныдан іл» деп.
Құс қой ол.

Құстығын жасап қосылмас үшін
Торғайдың топтанып ұшқан тобына дүрмек.

Қыранын шақырғаны ғой «қолымнан ұш» деп,
Қадалсаң жонынан бүріп, жұлыннан түс деп.
Баптап-ақ үйреткен шығар,
байызсыз көзге,
Байқауды қияннан шалып, қырымнан түстеп.

Ұш, қыран!

Іліп түс, қыран!

Сөз ести көрме:

«Бұл қандай ұрынбас жерге ұрынған құс» деп.

Қай тұста ілеріңді біл – шыңдарын шолып,

Қай тұста түлеріңді біл – шығ бағың қонып.

Қолынан ұшырған сені сұңғыла саят,

Ұмытпа,

төрелік жасап тұрғанын көріп,

«Кәл, кәл, кәл!»

Бапкерлер айтқан бір-ақ ауыз сөз

Қыранның қалады алтын құндағы болып!

ДАЛЬНИЙДЫҢ ДАНКОСЫ

Қапыл жел жазғытұрымғы

Құйындай қозды, жүгірді.

Жазықтың жонын жұлқылап,

Жағадан сілкіп іңірді.

Қойтастай қырды қаусырған

Қомына қардың сұғынды.
Ойқастай кезіп өлкені,
Кіндігін жердің суырды.
Арқаның ұлпа ақ қары
Шекердей шып-шып үгілді.
Қолаттан төмен су құлап,
Жаныспай жаққа мың бұлақ
Қаққанша қасты құйылды.

Сол кезде ауыл лап қойып,
Шу ете қалды «Қап та кап!»
Су құлап саймен ақ көбік
Өзеннің бетін өтті орап,
Бер жақта бір топ ел тұрды
Ар жаққа көзді дөп қадап,
Ар жақта бір топ қол тұрды
Тракторларын ноқталап.
Бер жақта бір қарт күбірлеп,
«Сәтті күн еді-ау бүгін» деп,
Дегбірсіз тұрды сәт қалап.
Ар жақтан біреу салды айғай,
Саңқылдап қыран қалғандай:
- Саспаңдар!

Саспа, дэт – қуат!

Саңқ ете қалған сол адам
Жүгіріп жарға түсті де,
Кешелі-бері тараған
Қызыл су мұздың үстіне,
Жасаған талдан, қададан

Су кешіп жүріп үш белгі,
Ақ мата байлап қадаған.

Қаданы қадап, қабакқа
Қайтадан ырғып шыққан ол.
Тұр екен тулап алапта
Жардай атанды жыққан жел.

- Жігіттер! –

Сол сөз күш берді.

- Бітіре алмайсың сасып түк.

Ал кеттік – анау үш белгі,
Сақтайтын ара қашықтық.

Ал кеттік! -

- Кеттік!

- Тәуекел!

Ал кеттік, Даниил, баста өзің.

Адамды анттай тербетер

Қасиеті мәңгі жас сезім.

Сол кезде оның басына

Батыл бір ой боп бұрқ етті.

Қасиетті сезім осы ма,

Жүрегі неге бүлк етті?!

Мәңгілік адам ант етер

Отанға деген сезімге,

Оятады оны тәуекел

Осындай сынның кезінде.

Днепр кешті... тірі өтті,

Ал бүгін – бейбіт Арқада,

Жарқ етті де, жалт етті,
Осылар үшін болмаса,
Кім үшін кеше қан төкті?!

Жол бастау қауіп болса егер,
Ал кетті, өзі ал кетті...»
Жоқ, - деді ол іштей, - бір қауіп
Соңында болмақ тек осы.
Күш түсіп көк мұз ырғалып,
Жыртылған кезде көбесі...
Әйтпесе қауіп болмас та
- Жол баста, - деді ол бір жасқа,
- Жол баста, - деді, жігітім -
Айтқандай әзіл құрдасқа.

Ол да бір жап-жас бала екен,
Ағытты тормоз тиегін.
- Қазақта бір сөз бар екен
«Жүгі ауыр соңғы түйенің»...-
Деп қалды Даниил біреуге,
Дем болар сөзді дәл білді.
Соңынан өзі жүруге
Сондықтан аға бел буды.

Көкпеңбек мұзда тайғанап,
Тағатсыз шынжыр табандар
Аспаннан түнгі ай қарап,
Жаңғырды жансыз дала аңғар.
Көк мұз бен темір қырғыштай,
Үйкелген кезде от болып,

Жағадағы елдің тұрды ұшпай
Алқымда жаны кептеліп.

Жаныспай мұзы жаңғақтың
Қабығы құсап күтірлеп.
Тілегі бер жақ, ар жақтың
«Жарылмай өтсе шүкір» деп.

Өзеннің беті қызыл су
Өзеннің өті ызың-шу.
Ілікті жарға бір жарық,
Қаратпай жарық көз қарып.
Қалғанда бұрыс қозғалып,
Жарықпен бірге жалт етті,
Желбіреп жайнап қызыл ту.

Сол кезде халық шу етті,
- Берді-ау, - деп, - берді тілекті.
Жағаға тоғыз трактор
Әнеки, әне, ілікті,
Жетелеп алға үмітті.

Сол кезде Даниил қозғалды,
Бұлқынып жүрек шым етті...
(Қорқыныш емес бұл бірақ),
Туған жерінің суреті –
Есіктің алды шие бақ,
Есіне түсті бала шақ,
Шие ағаш болып бұған кіл,
Електеуші еді болашақ.

Майданда бес жыл шиенің,
Иіскеп гүлін: «киелім,
Ексем деуші еді өзінді,
Төріне тыныш дүниенің...»

Сандықта жатқан шатырда
Есіне түсті үш көшет.
Сол кезде көк мұз шатырлап,
Байлаған белгі – үш бекет,
Үш бекет белгі желменен
Сағымдай сәтте жоқ болды.
Өзеннің мұзын көлденең
Бір тылсым ырғап қақ бөлді.

* * *

Одан соң елес... Тың дала,
Тың дала – шалқар көк егін.
Шие орман өскен ырғала
Көмкеріп егін кемерін.

Одан соң елес... дән теңіз,
Сабантой – тың жер, соны жер.
Кеудесі күндей жарқырап,
Қасында тұрды тоғыз Ер.

Ал қазір шындық... ғажап-ау,
Осынау елес бәр- бәрі.
Батырмен аттас – бақ анау,
Жаныспай өзен ар жағы.

Баяғы көшет үш түбір,
Сыңсыған шие орман боп,
Сыбыры бейне сыр-күбір,
- Суарған бізді арман, - деп,

Сыр айтып тұрған секілді,
Әуенге бөлеп атырабын.
Тыңдайтып туған секілді
Томсарған дала топырағын.

...Секілді Тыңға – шежіре,
Келеді баққа тоғыз Ер.
Келешек ұрпақ алдында,
Тарихы Тыңның өрілер.
Сонда олар: «Біздің Дальныйдың
Данкосы Даниил еді» дер.

ДӘСТҮР

«Толбухин» совхозында – сабантойда,
Майталман Мырзаш диқан сап айқайға
Суырылып шыға келіп: «Бас бәйгені
Ортаға әкеліндер, давай қайда?!»

Деді ол,
бұйрық рай бар демінде,
«Япыр-ау, ренжулі ме әлдекімге,
Жан емес еді ғой бұл бәйге таңсық,
Не нәрсе, селкеу салған ер көңілге?»

Деген ой жұрттың бәрін елеңдетті,
Мырзашта бұрын мұндай «өнер» жоқ-ты.
- Бас бәйге қайда деймін? – деді ол тағы,
Бәйгеге бұл соншама неге індетті?

Жұрт аң-таң.

Мырзаш енді шықты ортаға,
Аз сөйлер жігіт еді бұл біртоға.
- Жолдастар, бәйгесіз-ақ қуаныштан
Жарыла жаздап бүгін тұрмын, тоба!

- Жолдастар, «Толбухинге» тап бұл егін -
Дәл биыл ашты білем, бақ тиегін.
Біз жеткен екі миллион – миллиардқа үлес,
Қарыны жарылды ғой ақ түйенің!

Бәйгенің керегі жоқ маған әсте,
(Той үсті талай затты салады еске).
Бас бәйге – полтавалық диқандарға –
Достарға,
досты сыйлау – заң емес пе?!

Қайдасың, Макиенко Иван аға,
Көрмеген ерлігіңе илана ма?
Ағажан, дос ниетке – мынау шапан
Ескерткіш, өз көңілімнен – сыйға бала!

Сол кезде жұрт шу етті:

- Беу, Мырзаш, - деп.

Бірі аға, біреуі бел құрдас деп.

- Бұл түйгын, - деп жатыр жұрт, -
танапта да,
Салтыңа санатта да шалдырмас, - деп.

- Бас бәйге,
сабантойдың бас бәйгесі,
- Достарға!
- Дос ішінде кім иесі?
Енді ұғып, шуласты жұрт,
бәйге деген –
Құрметтің ең кәделі дүниесі.

- Он диқан полтавалық, он бірінші -
Басшысы «Толбухиннің» - ең бірінші –
Хатшысы Полтаваның Моргун жолдас
Иесі бас бәйгенің, - деп бір кісі.

Ұсыныс жасағанда, ду қол соғып,
Дүркіреп дуылдады зал теңселіп.
Және айтты ол: - Қай заманда көріп едің,
Бәйгені байлағанды жалқы енші ғып?

Ал Мырзаш орауынан шапанды алып,
Ағаға жаба беріп,
сәт ойланып
Қалғанда, ширек ғасыр суреттері
Өтті бір көз алдынан атой қағып.

...Жыл еді түрен түскен Тыңға жаңа
Ақ шатыр орнап жатқан қыр далаға.
Қызықтап қойлы ауылдан қос басына
Кеп жүрді тыраң арық – тырна бала.

Елтітіп мазут иісі иіндідей,
Қозыдан темір баққан тиімдідей.
Жаулап ап бала жігіт жас қиялын
Қос жаққа жаутандатты биыл бір ой..

Отырып тракторға үзіп-жұлқып,
Зердемен көп тетігін сүзіп, тінтіп.
- Шіркін-ай, мінсем, - дейтін, - «С-80»-ге
Тұлпардай тарап жалын сүзілдіртіп.

Далаға басталғанын ұлы жорық
Бұл бала жақсылыққа жүрді жорып.
Бұл бала түсінбейтін, шыж-быж болған
Шалдарын қойлы ауылдың қырды қорып.

Бұл бала білмейді әлі Тыңның нанын,
Білмейді Тың жұмбағын Тыңнын заңын.
Бұл бала білмейді әлі Тың боп осы
Қонатын кеудесіне Жұлдыз барын.

Білмейді ол кенеп тіккен кер далаға
Диқан қол алтын аптап, зер жаға ма?
Білмейді тап жанында жүргенін ол
Топырақ тамыршысы – зергер аға.

Тың – Байлық бар білері, бір білері -
Таймайтын тыңның өзі тұрғыны еді.
Өйткені жалқы бала, жалғыз шеше,
Шешеден кете алмайды бұл бір елі.

Сол жылы тұңғыш орақ – қоңыр күзде,
Тың дәмін татырды алғаш дала бізге.
Машина аз, қол күші кем, астық ырғын,
Қолқабыс – бала жігіт, пар өгіз де.

Қырманнан астық алып Мырзаш бала,
Әндетіп арбасымен қырды асқанда,
Бозбала қиялындай кеудедегі
Жұлдыздар жымыңдайтын түнгі аспанда.

Арқаның ақ жаңбыры езіп иін,
Кешеу күз тартты тағы мезі күйін.
Бұл бала – қырманшымен, диірменшімен
Табатын тез үйлесім, тез үйірім.

... Сол бала намысқа мәрт, отты, ширақ,
Өзін де, көлігін де қатты қинап,
Жүгі ауып арбасының, сазға батып,
Бір күні орта жолда жатты қирап.

Қораптан сау еткенде сап-сары алтын
«Шыққаны осы-ау, - деді ол – масқарамның».
Ұяттан жанып кете жаздағанда,
Япыр-ай, басалқы айтып, бас болар кім?..

Кешеу күз кешкі деммен салқын теуіп,
Суықты ұят демі шарпып жеңіп,
Жүгірді ол бір күрекке, бір көлікке
Алғандай айдалаға алтын төгіп.

О, тағдыр,
бере гөр сәт – адалға дәт!
Ақ ниет пейілі болса адамға ортақ.
Бұл бала бейкүнә екен, ал әйтпесе,
Біз айтқан зергер – диқан болар ма тап.

Майысқан қаңылтыры «полуторка»
Тоқтады тақай келіп демін тарта.
Ішінен «кожанкалы» түсті біреу
Күлгендей көлгірсітіп өңін жорта.

Иә, иә... келе жатыр әлгің күліп,
Кәзір-ақ шығарады ол бір бүлік.
Сүйектен өтердей сөз естігенше,
Кетер ед тесігіне жердің кіріп.

Кім білген, бастық па әлде, уәкіл ме әлде,
Мынауың кім де болса мақұл дер ме?
Жонынан таспа алатын тас мінез бе,
Шап беріп жеткен кезде жақын жерге.

Жоқ... жо... жоқ, «кожанкалы» шын мүсіркеп,
Күлді шын, күлді риясыз, күлді сергек.
- Ех, беда молодец, ну ничего!

Арқадан қақты мұны, қолды сермеп.

Жүзінен танып шалқар шапағатты
Бала да жақсы ағаға жаутаң қақты.
Оянған ойда жоқта ғұмыры ұзақ
Білген жоқ бұлар ыстық махаббатты.

Бір ерлік жасағандай елеп мұны
Үстіне киім беріп демеп мұны,
Ұядай кабинаға отырғызған –
Ең тұңғыш «Толбухинның» директоры.

Осы еді Федор Моргун деген кісі –
Бүгінгі бас бәйгенің заңды иесі.
Бүгінде – Полтаваның хатшысы ол –
Қазақтың даласының мәңгі досы.

Ал бүгін бала Мырзаш – Еңбек Ері,
Ал анау Иван аға – төрдегі орны –
Жетекші полтавалық диқандарға
Еңбекпен жалғастырған ер мен ерді.

Мәселе бәйгеде емес,
дәстүрде ғой,
Дос ниет, дос жүрек пен дос тілде ғой!
Жерде өскен алтын дәннің миллиардтары –
Жер беті Диқанына бас жұлде ғой!

ДАУЫС ТУРАЛЫ ОДА

Дауысы бар әр дәуірдің әуені бар,
Сұрағы, сауалы бар, жауабы бар.
Бақыттың гиміні еткен әр қоғамда
Дауысын зиялылар, саналылар.

Сонда олар адамзатқа бақ тілеген
Сәулелі парасаттың пәкітігімен.
Әділет әліп жинап сол үндерден
Қанатын революция қақты деп ем.

Ұқсаған ұлы шеру маршына,
Ұқсаған ұлы мұхит ағысына
Дүние жалт қарады жаңғырыққан
Қоғамның коммунистік дауысына.

Ерікті, еркін елдер дауысы еді ол
Ен дария – мол бақыттың ағысы еді ол.
Бостандық, Теңдік, Бақыт, Бейбітшілік
Және Еңбек – Адамзаттың табысы еді ол.

Мыңдардың азат даусы миллиондардың
Қосылып мұхитына құйды арманның.
Дауысы бір шығуға тиісті ғой
Дүниеге бақыт үшін туғандардың.

Ол рас, миллион дауыс – бір-ақ ырғақ,
Арайлы нұрлы ертеңді тұрар жырлап.
Сол әуен коммунизм шұғыласы боп,

Дүниеде емін-еркін жүр адамдап.

Ұлы ырғақ сенде менің бар дауысым,
Жанам мен сол ұлы нұр маздау үшін.
Қоғамның коммунистік күдіреті деп
Білемін дүниенің қозғау күшін.

Паш етіп бақытыңды мына әлемге,
Үн қосу қандай рахат ұлы әуенге.
Толассыз қалалардың көшесі той
Той бүгін жапан дала, құба белде.

Бақыт қой – жалын қосу жанар нұрға,
Бақыт қой – адал болу ар алдында,

Бақыт қой – сенім деген,
соның бәрін
Тапсыру халық сүйген қалаулы ұлға.

Сыңғырлап жан дүниемде күмбір қозып,
Сәуледей өн бойымды бір нұр кезіп,
Мінеки, қызыл урна қасында мен
Адамдық бақытымды тұрмын сезіп.

Отаным, неткен әділ, еркін елсің,
Сондықтан мен тірегің, мен тілеушің.
Бүгінгі азат дауысым, асқақ дауысым –
Өзіңе адалдықтың серті болсын!

ЖАРАСЫМ

Шын сыйластық – үндесуі өмірдің,
Шын сыйластық – гүл кешуі көңілдің.
Сыйластықтар, шын достықтар арқылы
Біз жолдарын белгілейміз жеңудің.

Аға ұрпақтың жарасымы – жас ұрпақ,
Табиғаттың жарасымы – жасыл бақ.
Махаббатың жарасымы – ғашықтық,
Жасай бермек жүз-жүз жылдар, ғасырлап.

Басты шарты – бұл да біздің қоғамның,
Темірқазық – арманындай адамның.
Қанымыздан заңымызға жазылған
Жарастығы Адам менен Заманның.

Бұл жарастық – Адамзаттың аңсары,
Бұл жарастық – революция кәусары.
Біздің қоғам жарастығы үлгі боп,
Жақсылыққа ұмтылады Жер шары.

ЖИДЕК ТЕРЕ БАРҒАНДА

Шолпанға

«Көртоғайдан» кешкілік бір топ бала,
Жидек іздеп, күндер-ай, қыр таптаған.
Адырлардан әрі алып кетуші еді
Бұралаң жол белдегі бұлтақтаған.

Содан кейін іңірде оралушы ек,
Қалтамызды толтырып ала жүрсек,
Онда қайда... қыздармен жұлқысқанмен,
Түк білмейміз, баламыз қара тірсек.

Ол да ... ол да бір қызық өмір еді,
Ерте есейтіп кетті ғой, тегі мені.
Жидек қырмен ауылдың арасына
Қасқа қашар бұзауы көлік еді.

Неге ғана ұмытып барам енді,
Баяғыдай емес пе, дала көңілі.
Бұзауға бір мінгескен ақсары қыз,
Ақсары қыз қайда екен, қара менді.

Күзгі іңірде бу шығып сай-саладан,
Оралушы ек ауылға жайлап әман.
...Бұзауға бір мінгесіп сәби қызбен
Жақсы-ау және ештеңе ойламаған.

ЖЫЛ ТУРАЛЫ СЫР

Бәріміз сапарласпыз бұл ғасырда,
Қол создық нұрлы ертеңге, нұрлы асуға.
Уақыт адамзатқа ортақ құндақ,
Ол жайлы болады ортақ сырласуға.

Жылдардың кемесінде бірге жүзген,
Тағдыры барлық жанның бірге бізбен.

Түзу бір түтін шықса қуанамын,
Мейлі алыс, мейлі мынау іргемізден.

Солардың ұйтқымауын тілеп бірге,
Тіл қатам талай-талай жүректерге.
- Түтіні түзу болсын, - деп тұрамын
Шығыстан сәби бір таң шыр еткенде.

Адамзат бақыт үшін туғаны хақ,
Бақыттың жануына жылдар ортақ.
Айтуы мүмкін емес бақытты адам,
Кетті деп кездейсоқ бір күн жарылқап.

Уақыт,
өзің жайлы толғанарда,
Тұп-тура қарау керек сан жанарға.
Жолаушы күткен үйдің сәбиіндей
Қарайтын анасына жол қарарда.

Тап сондай кіршіксіз пәк сезім керек,
Табысып көңілдегі ой, көзіндегі от.
Сезіну керек және күллі әлемді
Қолтықтан келе жатқандай өзің демеп.

Тербетіп мың сан сезім, мың жүректі
Ғасырдың тағы міне, бір жылы өтті.
Уақыт, өзің жайлы сыр айтқым кеп,
Көңілімді әлде бір күй күмбірлетті.

Жыл өтті. Кеше ғана есік ашқан,

Жыл өтті, Керуені жыр, көші дастан.
Алыста бірден-саран ала бұлты
Төбемде зеңгір аспан, ашық аспан.

Жыл өтті. Жаңа жылға жаңа бұлақ –
Әрқайсысы ағысымен дара бірақ,
Уақыт- ортақ кеме, тағдырын біз
Тағы да ойлай түстік саналырақ.

Көз салсаң кең дүниеге қыран көзбен,
Жер үстін қазір жалғыз ұран кезген.
Сол ұран замананың Тыныштығы –
Дүние бақытын өлшеп тұрар безбен.

Уыздай ұйып әлем дос дауыстан,
Бейбіт күн көгершіні асқақ ұшқан.
Жыл өтті.

Адал ниет, ізгі Адамзат
Табысып дос тілекпен төс қағысқан.

Еске алсақ бар қоғамның бала кезін,
Қадаған бәрі саған дана көзін.
Адамзат арманысың – Коммунизм,
Керуенін тартты саған замана өзі!?

Жыл өтті, болашаққа созып қолын,
Уақыттан ой-арманым озық менің!
Дүние программасы – бейбітшілік,
Шұғыласы дүниенің кезіп төрін.

Жыл өтті.

Ұлы дүбір, туған Отан,
Толағай ұлылығы тұлғана тән.
Мен бүгін кең өлкемді оймен кезіп,
Мен бүгін замандаспен сырға батам.

Заманның зымыран құсы шарықтаған,
Мен бүгін Байқоңырға барып қонам.
Қырымды қойдан жуас құшақтаймын
Сан ғасыр тентек мінез танытпаған.

Қапшағай оттарындай лағылды мен,
Тал түсте туып тұрған таңым дер ем.
Миллиард мекенінің жалғыз уыс
Топырағын жанқалтама салып жүрем.

Теміртау, Қаратау мен Кентау барам,
Ерлікті дастарқан ғып той тойлаған.
Жеткенде кең жазыққа аунғаймын бір,
«Аман ба, есен бе? – деп, ай-хай, далам!»

Тыңдаймын жыл тынысын, ел тынысын,
Сеземін бесжылдықтар серпілісін.
Деймін мен кең өлкеме: «Арма, далам,
Сен әлі талай тыңның төркінісің»...

Айқындап бір бекеттің бел-белесін,
Жыл міне, жетіп қалды кермеге шын.
Уақыт алдындағы парызды ойлап,
Отырмыз... мен де досым, сен де досым.

Жыл өтті...

Біз ұзатар осынау жыл –
Ғасырдың ажарына қосылар нұр.
Бақытты барлық адам, барлық ұрпақ
Жарқ еткен сәуле қосқан осыған бір.

Сол нұрдың суыртпақтай сәулесі боп,
Замандас, күні кеше жол кешіп ек.
Аға ұрпақ арманына жалғасып ек,
Жаңа ұрпақ міндет-жүгін қолдасып ек.

Жыл өтті...

Жо.. жоқ, досым, жыл өткен жоқ,
Соғып тұр дүрсілі оның жүрек тербеп.
Уақыт – кеңістікке, ымырат сап,
Айтады ол, уақыт – шөлге гүл ектім деп.

Самалдай тыншымайтын таңғы сергек,
Секундтар қанаттарын қалды сермеп.
Тағы бір төл перзент жыл төрлей берді, -
«Адамзат адал ниет, армысың» - деп.

ҚАНЫШТЫҢ ҚОЛБАЛҒАСЫ

Бір жылы Қарсақпайдан Жезқазғанға
Асығып, атқа Қаныш тез қонғанда,
Қоржынға қолбалғасын сала салды,
Кәдеге қажет қой деп кез болғанда.

Қолбалға қара мойын, сабы шырғай,
Үгіткен қара тасты сағы сынбай.
Мұқалмас – қол басындай болат еді ол,
Жұқармас – Қаныш аға намысындай.

Бұл балға сол өңірдің талай тасын
Қолда ойнап күтірлеткен жон арқасын.
Тастардың тамыршысы – әміршісі,
Қазақтың шарлап жүрген Сарыарқасын.

Бұл балға барлаушымен арып-ашып,
Қарсақпай, Қаражалға жолы ұласып,
Жезқазған, Жезді, Саяқ тастарының
Тап басып үлгірген кез бағын ашып.

Қаныш та сол балғадай шымыр кезі,
Суарып, сусындатқан өмір тезі.
Жәйремнің тастарына жолаушы өтіп,
Қарады «қайран-ай» деп көңіл көзі.

Жазығын Жайылманың қаусырынып,
Кезегі тұр-ау, әттең, сәл сырылып...
Қашанда туған жердің қара тасы
Қанышқа таңғажайып – таңсық үміт.

Сол бір сәт тәтті қиял толғап, тербеп,
Сол бір сәт зерек зерде қалды «әттең» деп.
Сол бір сәт шәйі орамал желпігендей,
«Ақбақай» – ән естілді жел жақтан кеп.

«Апыр-ау, мынау менің сүйікті әнім,
Көмейден сыңғырлатып құйып нәрін,
Әнді айтқан жебеушім бе, демеушім бе,
Болсын деп асар асу, биік тауың».

«Апыр-ау, апыр-ау» деп үлгіргенше,
Қолатқа көзін қадап бұл көргенше,

Сауырлап қойшы бала шапты осылай,
Аң қуған айдалада бір мергенше.

Ентігіп жеткен бойда көзі жайнап,
Көзінде оттай жанған сезім ойнап,
- Ағажан, кешіріңіз, - деді дағы,
Босаңсып, бәсеңсіді сөзі жайлап.

- Мен сізді завферма ма, басқарма ма,
Деп едім, қос көрінер сасқанда, аға.
Ай болды, сырқат еді жалғыз шешем,
Жан келмес төрт боп көзің тосқанда да.

- Қап, - деді Қаныш сонда, - қап, інім-ай,
Жамандық көрмегейсің жағың сынбай.
Ал кәне, үйге қарай жол баста, - деп,
Қозғалды құс қанаты қауырсындай.

- Айтпақшы, әлгі әнді айтқан сен бе, қарғам,
Әнші боп келеді осы елдегі адам.
Дауысың кең екен, - деп қалды Қаныш, -

Кеңдіктің кетпеуін-ай, кең даладан...

Бейтаныс жолаушыдай – бүкіл үміт,
Қараша қоңыр қостың құты кіріп.
Сүлесок жатқан ана үнсіз ғана,
Жалма-жан төсегінен ұшып тұрып.
Сабадан қымыз құйып сырлы ожаумен,
Сырқаты сап тынғандай нұрлы ажармен:
- Қалқам-ай, жүзің жылы, кімсің? – деді, -
Қыдыр-бақ емессің бе қырда жүрген?..

- Жо... жо... жоқ, жоға, - деді сонда Қаныш,
- Анажан, байтақ дала, жолдар алыс.
Шалғайын сол даланың шарлап жүрген,
Едім мен Қаныш деген бір балаңыз...

- Қаныш па, Сәтпаев па?

Сол сіз бе, аға?!

Манадан тұрған жігіт үнсіз ғана,
Қаныштың құшағына құлай берді,
Талайын тап қылғандай жолсыз дала.

Сезе ғап зиялыны ана-дағы,
Сөз болды қой қайырған бала қамы,
Қамалға туған аға тап болғандай,
Елжіреп тұрды сол сәт ана жаны.

Қамалға Қаныш аға қимай қарап,
Қоржыннан бір зат алды қойған орап.
- Ағаңның көп ұстаған балғасы еді, -

Ұсынды ол, - ұстап жүр - деп, - сыйға балап.

- Қамалжан, кен іздеген барлаушылар,
Балғамен тасты үгітіп, барлай сынар.
Кім білген, кенші болсаң...- деп қалды аға, -
Жассың ғой, талабың да таудай шығар!

- Қой жайып өскенменен ел баласы,
Кенші етпей қоймас кеніш – кең даласы.
Деді ол: - Іздей қалсаң ағанды егер,
Жезқазған – геологтар кен қаласы.

Құп-құйттай қолбалғаға қарап Қамал,
Ұқсады ұшар құсқа қанаттанар.
Биыл күз аман болса Қамал бала,
Тұрды ойда – оқу іздеп талаптанар.

...Сол жылы соғыс оты лау ете қап,
Сап тынды су сепкендей бала талап.
Қаныштың қолбалғасын Қамал – солдат,
Майданға алып кетті матаға орап.

* * *

Сол балға, Қаныш берген құрыш балға
Қамалмен түсті талай ұрыстарға.
Астынан жау оғының шыққан кезде
Ұқсады ол ұстыны бар туысқанға.

Кей-кейде бала солдат шаршап, қажып,
Жүрегі ел жақты ойлап, аңсап, сазып,
Буыны босағанда, болат балға

Бірлесіп көтергендей сан батпан жүк.

Шырғай сап – Ұлытаудың шынары-ау деп,
Сом болат шын ерліктің шыдамы-ау деп,
Туған жер тау-тасының иісі сіңген,
Ағаның қасиетті құралы-ау деп.

Иіскеп шүйдесінен, көк құрышқа
Жанитын жігіт намыс, кек – қылышқа.
Суырылып жан қалтадан болат балға,
Қолда ойнап қолма-қол сан қақтығыста.

Шүйдесі тиіп жаудың шүйдесіне,
Ып-ықшам қол ұрыстың үйлесіне.
Жансерік жанкештіде қол балғаны
Қамалдың хақы қандай сүймесіне.

Алдында ана көзі, аға көзі,
Балғаны берген сертке балады өзі.
...Берлинде бейбіт күнге салют атты,
Қой жайған Жайылманың қаракөзі.

Қолбалға бес жыл бойы төс қағысып,
Темірмен тілі бар жан, досша ұғысып,
Жеңістің несібесі жеткен күні
Жетті ол туған жерге құстай ұшып.

Жарықтық, түске кіріп Жәйрем тасы,
Жақұттай елестейтін қойнау – төсі.

Барлаушы – бұрғышылар салған көші -
Екен бұл еңбек жанып қалған кезі.

Сұр шинель солдат жігіт ойланбастан,
Солардың қосына кеп жайраң басқан.
Баяғы – бала үмітке байлам қосқан,
Кешегі – от кешкен күн қол жалғасқан,
Сандыққа сақтады да қара балға,
Орнына қара бұрғы, қайла алмасқан.

...Жәйремде, жас қалада, жасыл бақта,
Сырласып, жауап алып сан сұраққа
Отырмыз,
ортамызда – қарт бұрғышы,
Бөленіп баққа қонған бал шуаққа.

Кешкі уақ,
Кенші қала сәл тыныстап,
Көшелер көп лекпен толқыды сәт,
Қарт кенші қанаттанып отыр қазір,
Кеудесін қос орденді шалқақ ұстап.

- Қадасын өз қолыммен қаққан қала,
Тез өсті, тез өсті өзі, - деп таңқала.
- Бұл дағы революция шапағаты, -
Дейді ол, көпті аңғартып, көпті аңғара.

Үй жақтан:

- Шәй әзәр ғой, шал-ау, - деген
Дауысқа кезімізде елеңдеген,

Сұр «Волга» баяу сырғып тоқтай қалды
Қақпаның қарсы алдына кеп көлденең.

- Балғажан, Балғатайым, - деп үлгірмей,
Жас жігіт еңсегей бой – еңгезердей,
Қарттың кеп құшағына ене берді,
Қарт та оны сүйе берді сөзге келмей.

Осы екен, осы бір сәт екен мұң-ақ,
Қамал қарт манағыдан бетер қунап,
- Кемпір-ау, той қамына кіріс, - деді,-
Қарынын ақ түйенің бір жарар шақ.

Комбинат директоры Нағи аға:
«Қайырлы болсын!» - деді қарияға.
Кеншілік дипломын ұлы сонда
Көрсетті сәл имене, сәл ұяла.

Көзінен тамшы үзіліп қартың сонда:
- Рахмет, жақсы заман, жарқын заңға.
Болмаса, Ұлы Октябрь кім болар ем... -
Дей берді ол қуаныштан шарқ ұрғанда.

Алдынан таңдай атып бір-ақ үміт,
Шешілді – кенші Мусин, сыры ағылып...
Сандықтан шықты сонда суырылып,
Қол балға – Қаныш берген мұра-мүлік.

ҚАРАПАЙЫМ ПРОМЕТЕЙ

Айекең атты бір ұста,
Болған-ды біздің ауылда.
Әмбебап еді жұмысқа,
Қадірмен күллі қауымға.

Қырқыншы жылдар соң жағы,
Жаралы елдің өзегі.
Ерлердің орны елде әлі
Үңірейіп тұрған кезі еді.

Айекең ұстаханасы
Аталушы еді үлкен «үй».
Ауылдың балта, балғасы,
Білезік, кетпен, білте-шүй.

Бәрі осы қара көріктен
Шығатын еді шындалып.
Көрікке қартың беріп дем,
Тұратын нарттай нұрланып.

Ауылға ұста – қамқоршы,
Ауылға ұста – депутат.
Айекең орны – ел төрі,
Өнері күллі елге ортақ.

Еңбегін елге бұлдауды
Білген емес ол бірақ.
Аралап шығыр, қыrmанды
Халыққа – қыдыр, елге – бақ.

Кенде емес еді сөзге де,
Кезегі келсе жөнімен.
Бет орамалы – кездеме,
Көмір аңқитын терінен.

- Колхозда биыл он орақ,
Он бес-ақ кетпен қалды, - деп,
Қанша айыр барын шамалап,
Қараптан қарап шал жүдеп,
Қайысқан кезде, біреулер:
- Ол сенің неңді алды, - деп,
- Биліктен ойы бар-ды, - деп,
Қағытатын шалды кеп.
Кейитін оған Айекең:
- Қайтейін-ай, - деп, - беу, сені,
Көктеме келсін, - деуші еді.
- Ел қарық болса бізге де,
Бұйырар кебек-кеусені.

Білесіңдер ме, мен деген
Байға да ұста болғанмын.
Алтынмен, күміс, зерменен
Алмасын соққан паңдардың.

Байлардан рахат көрді кім,
Тапқаным қайғы-зар, жала.
Пайдам тек – Аманкелдінің
Мылтығын соққаным ғана.

Сол шиті мылтық «тірлігі» -
Торғайға келді Октябрь.
Советтік заман бірлігі
Жеткізген бізді баққа бұл.

Сондықтан дейтін елден жат,
Жалқының күні жақсармас.
Адамға жеке келген бақ
Азамат болмай, дос болмас.

Бұзауыменен бір сиыр,
Бес-алты ұсақ, бір бие.
Елі етене, жұрты үйір,
Жимай-ақ жиһаз, дүние.

Үлде мен бүлде кимеген,
Қалыпты қоңыр күйменен.
Озам деп жұртпен жарыспай,
Опық жеп және қалыспай,
Бақ іздемей-ақ жол ашар,
Тақ іздемей-ақ таласар,
Қара көрік пен қара шал
Бір ауылды алға сүйреген.

* * *

...Бала едік біздер...

Сол үйге

Жиі де жиі келуші ек.
Көміліп қара көмірге
Көрігін басып беруші ек.

Келер ек сол бір үйге біз,
Ентігіп ұшып оқта-тек.
Тапсақ бір құйттай ине, біз
Тапқандай алтын қартқа әкеп.
Берер ек,
 ал қарт қызығып,
Қарайды бізге тыныстап.
Түп-түйір шоқтың қызылын
Тұрады ол сонда уыстап.

* * *

Балалық шақтың әркімде
Бар шығар бір-бір «тәңірісі».
Мен үшін әлі,
 әлі күнге
Тап сондай «тәңірі» сол кісі.
Жаралған оттан, жұлдыздан,
Заманның ұлы бірбеткей,
Революция туғызған
Қарапайым Прометей..

КҮЛҒАЙША

Соғыс алғаш басталған жыл.

Сұрғылт күз.

Ел қырманда. Масақ теріп жүрдік біз.
Дүңк-дүңк еткен жау дақпыртын естісек,
Дір-дір етіп қорқушы едік сұмдық біз.

Біз баламыз, қорыққанмен не шара,
Біз де бірақ тығылмадық тасаға.
Тәуекелдің қайығына қос ескек,
Қос сөз болды: «Хош бол, жаным! Хош, ана!»

Біз баламыз, біз білеміз – жау барда,
Жігер керек, жүрек керек әр жанға.
Ебіл-себіл жылаған ел ес бізге,
Еркектерді әкелерде майданға.

Жар бойында жапырақсыз мүлгір тал,
Кешеу күзде түскен кезде қырбық қар,
Сыдырылып қалды ауылда шал-шауқан,
Кемпір-кепшік, қыз-келіншек – мұңлықтар.

Кетті не бір жалғыздар мен жартылар,
Бір кіндіктен, бір түндіктен – жалқылар.
Қалды не бір қара шыңырақ, қара орман,
Үміт отын жылтыратып артына

Соның бірі Сүлейменнің үйі еді,
Қара шаңырақ, құт босаға киелі.
Кәріп кемпір төсек тартып төтеннен,
Қаршадай қыз қалды болып сүйеуі.

Екі арыс ұл, егде тартқан Сүлеймен,
Қорыққан жоқ соғыс деген үрейден.
«Түтінімді өшірме» деп тілеумен
Тек сүлеймен тілсіз іштей түнерген.

Мәрт азамат санасында сол тілек
Маздап жанды намыспенен, жігермен.

Кетерде әке:

- Хош, Күлғайшам, - деп келіп,
Көмейінде қалды бір сөз кептеліп.
Емеурінге ерте үйренген есті қыз,
Айтпай ұғып, құшағына кетті еніп.
Екі ағасы – екі азамат нар талап,
Халхин Голдің тауқыметін арқалап,
Шыға сала, Шығыс жақтан Батысқа
Тұра ұмтылды келген жауға анталап.

Күлғайша қыз – гүл майса қыз, сол жылы
Он бойында он жеті жас өрлігі.
Тағдыр – талан, жөнелді енді жетелей,
Қыз балалық қыдай нәзік жол мұны.

Тағдыр – талан, тауқыметін тартты алға,
Ал арқала, алға адымда, тоқталма.
Қасақана қас тағдырға қарсы тұр,
Қас-қағымда дауылдары соққанда.

Күлғайша қыз – гүл майса қыз, сол ойдан,
Қас жауына қанын тартып қарайған.
Ант-суына берік дейтін, сөз рас,
Адамзатта – әйелзаты талайдан.

Естілікті еске салар кескіні,
Күлғайша қыз - әйелзаттың өскіні.

Он екіде ашылмаған бір гүлі,
Тек төсінде бүлкілдейді қос бүрі...

Онжылдықты тәмәмдаған Торғайдан,
Күлғайша қыз – гүл майса қыз, сондай жан.
Жұрт айтатын «ішкі жаққа оқуға
Бара алмапты басталған соң қан майдан».

Жұрт айтатын «Комсомолға ерте өткен,
Пысықтығы кем емес деп еркектен.
Қыз баланың қайсары екен дейтін ел,
Көз жасын бір көрсетпейді-ау, мөлт еткен».

Зейінді екен, пейілді екен, - деп біреу,
Айтылды оған көп мүміркеу, көп тілеу.
- Соғыс мынау, - деп ойлайтын шешесі, -
Маңайында әке, аға – жоқ тіреу.

...Төрт-бес жауып, қара жерге қар бекіп,
Егін бітіп, қыстауларға мал кетіп,
Жетім-жесір, жарымжандар ауласын
Қамыс-талмен қамсау жасап, шарбы етіп,
Бердік біздер... комсомолка Күлғайша,
Қасымызда қамқаршыдай һәм жетік.
Келдік біздер... Содан кейін мектепке
Бала көңіл, бала қиял сәл бекіп.
Жетіншінің жеті-сегіз шәкіртін
Қарсы алды апай.

Кеттік класс – төрге өтіп.
Бастап кетті әдебиет сабағын,

Әдемілік әлемі өзін тербетіп.

- Апай, қазір Ер Тарғындар соғысса,
Сұм фашисті орар еді-ау қамысша?
«Шіркін, - дейміз, - әкеміз бен шешеміз
Ер Тарғын мен Ақжүніс боп табысса».

- Апай, неге шын ғашықтар болған зар?
Бейбіт күнді көп қой адам армандар.
Адамзаттың уақытын тәрк етіп,
Неге керек садып қытай-қорғандар?

Күлғайша қыз қабырғасы қайысып,
Балауса ойы қиялымен сайысып.
- Мұның бәрі – өмір заңы, - дейтұғын,
Өмірзая, қызғалдақтай майысып.

Өмір заңы, өмір заңы деген не,
Өмір заңы – болса әділет жеңер ме?
Өмір заңы - әкеміз бен көкеміз,
Тез келетін күткен күн боп келер ме?

Деп ойлаймыз, көп ойлаймыз, қиял – құс,
Қандай ғана қасиетті – тіл алғыш.
Бой тоңазып бала қиял үркеді,
Терезеден кәрін төгіп қырау қыс.

- Ал балалар, комсомолдар тойы ертең,
Салтанатақа келесіңдер таңертең.
Комсомолға өтесіңдер сап түзеп,

Ұлы Отанның отауына боп өркен.

Деген апай, тап сол күні кешкілік,
«Қайтыс бопты шешесі» деп естідік.
Сүлейменнің шым үйінің сыртына
Үлгіріпті ел құрым киіз қос тігіп.

Іштей айтып «әттеңдерді», «қаптарды»,
Желік көңіл тоқырап сәл тоқталды.
Орақ ауыз Оңғар тентек білгішсіп,
- Өмір заңы – осы, міне, - деп қалды.

Әне, әне, арулаған ақ жуып,
Аяулы ана сапар кешіп мәңгілік.
Ауыл сырты қарым жаққа жөнелді,
Қара қосты жалғыз қызға қалдырып.

- Әне, әне, анау, қара бөкебай,
Күлғайша ғой, - деп қалды Оңғар –
о, тоба-ай,
Бейшараның халі мүшкіл боп қалды-ау,
Әкесі мен оралмаса екі ағай...

- Бүгін бізге не салтанат, не жиын,
Қайғы басып жатқанында өз үйін.
Тарайық та, - деп қалды Оңғар тағы да,
От ауызды әдетімен өзінің.

- Тарамайық, қорымға, әйде, барайық,

Бір-бір уыс біз де топырақ салайық.
Жұмат молда зекіп қалса зытармыз,
Апайға тек бір көрініп қалайық.

Деді біреу.

Дем арасы келістік,
Қорым жаққа қарлы құйын боп ұштық.
Біз жеткенде жатты үлкендер бет сипап,
Бет сипамай – қайғыны іштей бөлістік.

Міне, ғажап! Апай жоқ қой, жоқ апай,
- Апай қайда, - деп қалды Оңғар, - ағатай.
- Тәйт, - деді анау, - қазақ қабір басына...
Сәтте ұғындық.

Қалт бұрылды, доғадай.

Жұрт беттеді Күлғайша апай үйіне,
Біз де ілестік. (Болар екен түбі не?)
Біреу зекіп тастай ма деп қорқамыз,
Естісе апай ұят сол ғой тіріде.

Қақпа ашылды.

Қара шәлі оранып,
Дауыс салып шығар апай, қаралық.
Өң бе, түс пе, салтанатқа шыққандай
Жұрт алдына шыға келді таранып.

Күлғайша апай үнсіз бір сәт тоқталды,
Біз байқадық.

Сөз айтуға оқталды.

Жұрт тым-тырыс қалған кезде, жап-жас қыз:

- Ау, ағалар, ал, ағайын, - деп қалды.

- Ал, ағайын, анашымның ас-суы,,

Молайта алмас, тоғайта алмас тапшыны.

Біздің үйден татар дәмді, тойға бір

Ұластырып, жасайықшы жақсы ырым.

Біз мектепте өткізбекші ек дәл бүгін

Комсомолдың мерекелі дәстүрін.

Анау баллар косомолға өтпекші,

Соны өткізіп, жасайықшы кеш бүгін.

Қарсы келмей өжет дауыс, от лепке,

Айтпады ешкім «тәйт әрі» деп, «тек» деп те.

Бригадир Бердімұрат жол бастап,

Үйге кірмей, тарттық тегіс мектепке.

Қызыл мата қиып алып бір байрақ.

Күлғайша қыз әне, әне жүр байлап.

Отан туы, Жастық туы, Біздің ту -

Құйттай мектеп төбесінде тұрды ойнап.

МАЙ ЖЫРЫ

Алма ағаш гүліндей ақша бұлт,

Аққудың үніндей пәк шабыт.

Алқынған тұмалар тас жарып,

Айдын көл керілген қас қағып.

Алаңның алқызыл тулары,

Заманның сан дүбір думаны.

Адамның сезімі сияқты
Аспанның мәңгі бір нұрлары.

Қозғалған мұхиттың мұздары,
Гимні – достықтың ізгі әні.
Қол созған біреуі біріне
Құрлықтың ұлдары, қыздары.

Даңғайыр диқанның табысы,
Ерлердің дәстүрлі әр ісі.
Жаңа өскен тұлымның желкілі,
Тәй басқан құлынның дауысы.

Немесе Байқоңыр атағы,
Немесе Шұбартау шопаны.
Немесе Арқаның даласы –
Атанған миллиард Отаны.

Тік шыққан түтіндер төбемде,
Тік ұшқан бозторғай белеңде.
Тыныштық белгісі емес пе,
Жүйріктер жарысы – Медеуде.

Алатау суындай мың бұлақ,
Жаңа таң нұрындай тың қуат.
Дүниені тербеткен тыныштық –
Заманға жарасым, ынтымақ.

Бәрі-бәрі, май сенің тынысың,
Әуенің, әуезің, дыбысың.

«Ырыстың алды ғой – ынтымақ»

Сен солсың – сұлу Май,

ұлысың!

ӨЗЕН

Арқасы қозып, әл бермей кетіп ырқына,
Ақ иық өзен ағады келіп бұрқырап.
Ақ азу толқын жағаны теуіп жұлқылап,
Ақ еділ шабыт сілтейді сонда сылтымай.

Сәуірдің сәркіл аспаны сыздап сіркіреп,
Сері өзен сонда риясыз ырғып сілкінер.
Таңдайды қақпа,
қандай бұлақ та бұл кезде,
Таңырқайды екен тына қап бір сәт сілтідей.

Көлге де құйып, шөлге де құйып бәлсіндей,
Құмға да құйып, құрдымға құйып, һәм сіңбей.
Кезермес еді көнтақа ернің, шөлейттер,
Осындай асау өзенге толы болса іргең.

Ырқы жоқ кезде ағыстар нені байқамақ,
Көпірлерді де кетеді бірге шайқап ап.
Өзіндерге біз бұғалық салмақ боламыз,
Әбестіктерді, әуестіктерді қайталап.

Қасиетті өзен ағады бірақ шұбала,
Қаншама толқын... тоңмойыны бар ішінара,
Өзендер осы буырқанып, бусап жатпаса,

Жазыққа шалғын шаш етектен кеп шыға ма?..

* * *

Сенде бір үміт, менде бір үміт,
Салдай шайқалған сеңге ілініп.
Қандай Байкалдан, қандай Каспийден
Бөлінген екенбіз, бекер бүлініп.

Жырақтап, жуықтап кейде арамыз.
Әйтеуір екеуміз асықпыз, алаңбыз.
Ақжал бір дауыл жұтып қоймаса,
Алда бір біздің жасыл жағамыз.

Бір күн үрейлер үйіріп,
Бір күн желдер бұйырып.
Қалт-қалт дүние-ай, саған біз,
Сонда қараймыз қиылып.

Сонда дүние-ау, бізді ая бір,
Суыт желіңді соққыз, саябыр.
Желің тоқтаса – жалтаң аязы
Түсіп кетпесін суық ноябрь.

Саған, дүние-ау, қарыз боп қалмаспыз,
Және барыңды сарқып алмаспыз.
Рақым сұраған әлде алғаш біз,
Жоқ... жоқ!

Соңғы да болмаспыз.

ТАСТҮЛЕК

Әке буын, аға буын, жас буын
Отан үшін болды кеше тас түйін.
Қан майданға кетті әке мен ағалар
Жаудан алып, жастанбаққа жастығын.

Сонда олардың шаңырақтарын шайқалтпай,
Желпілдетпей желбауларын, басқұрын,
Балалық шақ ерте есейіп, ержетіп,
Ерте жарды гүл қауызын, жас бүрін.

Әкелердің көліктерін сол жекті,
Көкелердің айтқан әнін тербетті.
Ұрды оларды қаһарлы жыл қырауы,
Бірақ олар үсімепті, сембепті.

Қайта олар тасқа өскен гүлге ұқсап,
Татып өсті ащы, тұщы, кермекті.
Біздің Отан тас түйін бір кезеңде
Тастүлектей жаңа буын ержетті.

Сонда оларды шала алмады неге ызғар,
Емес пе еді – жетімдер мен жалғыздар?
Жеңіс келді.

Тың далаға айналды,
Солар жыртқан атыздар мен аңыздар.

Сонда оларға кімдер пана, болды, жар?
Деген сұрақ біреулерде андыздар...
Сонда ойланам: Революция рухына
Қарсы келіп, қарсы тұрар бар ма ызбар?!

Әкелері – революция сарбазы,
Көкелері сол жылды алға жалғады.
Сол шаңырақта туған ұлдың, әрине,
Революция – бесігі, әрі арманы.

Демек, демек... сол тастүлек буынның
Қырау шалмай, үсік шалмай қалғаны.
Қаһарлы күн қанын қанша тартса да,
Революция рухы күндей жанғаны.

ТАУДАҒЫ АСУ

Сағат Әшімбаевқа

Бір жылы Сарыжаздан Сарбастауға
Сәті түсіп сапарымыз жалғасқанда.
Аса алмай қалмас үшін қарлы асудан
Көзқарақ қарт еріттік жол бастауға.

Үрейлі тау қиясы – ұңғыл-шұңғыл,
Қаптаған тау бұлағы сыңғыр-сыңғыр.
Тау асқан адамдардың тағдырының
Шежіре тарихы ма кім білсін бұл?...

Құзар шың – Хантәңірге жалт қарадық,

Сол сәтті қалған екен қарт тағы аңдып.

- Қорықпаңдар Тәңірішың – темірқазық,
Деді де, қонғанда қарт атқа қарғып.

- Шу, - дедік, - сенде – жирен, менде – құла,
Мен сенің шығып кеттім жел жағыңа.
Сен айттың «Бұл ақсақал бір адасып,
Берітінде оралған жан елге мына»...

- Қой, таста, естіп қалса, кейіп жүрер,
Есті шал емеуріннен ойың білер.

Шал айтты:

- Тау жолымен жүрмейтін боп
Кетті ғой, қарақтарым, кейінгілер.

Біз айттық:

- Жолы құрғыр, уақыт құрғыр,
Мұршаға келтірмейді қағып шылбыр.
- Ол рас, өздеріңдей жігіттерден -
Деді қарт, - маған дағы қанық сыр бұл.

Бізге қарт басын изеп рас сенген,

Тағы айтты:

- Тауға келсең, шың асқан жөн.
Тек сонда сезесіңдер мына таудың
Бір туған екеніне мына аспанмен.

Біз күлдік сәл ойланып, сәл жымыып,

Қарт сол сәт ат тізгінін алды жиып.

- Ал кеттік, анау асу қарлы биік,

Деді ол сәл бұйырып, сәл қиылып.

Қарлы асу құзар шыңға тарттық тура,
Жан серік – тәуекел мен мәрттік мұнда.
Айналдық, ұлы асудан!
Дір еткізген
Жүрегін жастықтың да, қарттықтың да.

ТЫҢ ИГЕРУШІ ВАСИЛИЙ РАГУЗОВТЫҢ МОНОЛОГЫ

- Аяулы жарым, Симашым,
Аяулы жаным, сыйласым.
«Кеш» деуге – ешбір кінәм жоқ,
«Хош» деуге – есіл қимасым,
«Хош» демеске енді жоқ билік,
Ақ боран ашкөз – боп бұйрық,
Ажалға тағдыр қиғасын!

«Өзегін жарып – Анамыз,
Өзіңді туған табиғат.
Табиғат түбі боламыз,
Айналу соған заңды шарт».
Дейтіндер бар ғой, сенбеймін
Дем бітіп бара жатса да.
Сенбеймін, Сима, сен мейлің,
Жоғалттым десең – жат сана!
Сенбеймін,
себеп – сенімім,

Артымда бар ғой қос қара,
Сенбеймін себеп – серігім,
Жасампаз мынау жас қала.

Сенемін, мынау ақ боран
Ақбидай селі деп қана.
Сенемін мынау ақ дала
Томсарып қазір жатса да,
Мыңдарға қоныс, баспана,
Тыңдарға – өріс, астана
Сен де сен, жаным,

жол қара,

Қосағың жатқан кең дала
Қарсы алар сені толғана!
Сенбеймін, Сима, ажалға,
Келеді маған азанда
Жан досым менің Өтеген
Салдыртып жеккен ат шана.

Айтпақшы, Сима,

Өтеген –

Даладай көңілі өте кең,
Қазақтың қара жігіті
Көмірдей көзі – отты ерен.

Парторг бізде, мәрт жігіт
Сырласым да сол тетеден,
Мұңдасым да сол секілді,
Сөйлесе қалсам жеке мен.
...Үйіне алғаш келгенде,

Бас та жоқ, көз де сол демде
Ту қойды атып ұрғаны
«Қонақасым» деп төтеден.

Халықтың көңілін дейді ғой
Дастарқанымен шамала.
Қонаққа қолдан келгенше
Дастарқан жайып дәм берсе,
Даракы деуге бола ма?!
Қазақтың көңілі далаға –
Секілді, Сима, балама!
Тың өлке,

ой мен санаң да,
Тың қуат, тың күш қайнары
Адамдар мұнда әмәнда
Табысады екен табанда,
Өзі өмір сүрген заманға
Өзектес болса ойлары,
Тың өлке әлі, Тың өңір,
Тың дүние әлі, тың өмір.
Адамдар тыңнан табысу,
Тағдырлар тыңнан қауышу
Осы екен, Сима, шын өмір!

Осылай, Сима, Тың заңы,
Ерліктің Заңы бұл дағы!
Ерліктің Заңын игеру –
Ең асқақ міндет Тыңдағы.

Есіңде шығар, Симажан,

Қалтырап оқтан, минадан,
Біз туған Львов қоршауда
Қолында жаудың тұрғаны.
Есінде шығар, екеуміз
Кешкі бір шақта – кешеу күз,
Аш өзек қара тас болып,
Жәудіреп көзге жас келіп,
«Бір үзім нанға жетсек –ау,
Жетсек-ау, - дедік, - есен біз».

Сонда біз жаудың оғынан,
Сескенген жоқпыз табынып...
Бір үзім нанның жоғынан
Намыс буып, налыдық.
Тіршілік демін үрлеген,
Нан деген сөз ғой – Тың деген!
Тіршілік демін – үзім нан
Үздігіп сонда білген ем...
Ендеше, Сима, бұл Тыңға,
Біз болсақ керек – шын тұлға.
Тағдырымды мен сондықтан
Көгендеп едім Тыңменен.

Айналам міне, ақ боран,
Ақ боран дүлей – қаптаған.
Мінезі қатал далада,
Тап болды қапыл сәт маған.
Мен мүмкін, Сима, мұратқа
Жете алмай ерте аттанам.
Қос ұлымды сен жылатпа,

Жылама өзің, дәт болам!

Дәт болам!

Саған, бәріңе,
Сабантойлардың әніне
Әуені болып жатталам.

Сол кезде, Сима,

сен мені

Сіңді деп Тыңға еңбегі
Көрерсің елді мақтаған.
Көрерсің дағы сенерсің,
Адал болса адам егер шын,
Антына және халқына,
Бір үзім нанның нарқына!
Мен мынау Тыңның төсінде
Тиісті көктеп өсуге
Бір түйір бидай боп қалам!

Ал, Сима, Вовка, Сашенька,
Көздеріңе әсте жас алма!
Заман бір ерлік жасарда,
Қоғам бір алға басарда,
Қиындық болмақ қашанда,
Тың белестерге асарда!

Ұлы істің өлсек өтінде,
Ол өмір сүру деген сөз.
Тың деген тарих бетінде,
Қауышар бізге келер кез!

Ал сендер, соны бақ сана,
Даңқ деп сана, дәт сана.
Сенбеймін тіпті өлімге
Құрсаулап аяз жатса да...
...Алқынып түздің бораны,
Азайып жонның селеуі.
Ақ бидай жалпақ даланы
Көріп тұр көзім... көреді.
Көшкіні қардың денемді
Айқара қымтап жапса да,
Өлмейді мені деп сана.
Өлмеймін, оның себебі –
Өтеген қырдың өрені.
Жан досым менің келеді –
Салдыртып жегіп ат шана...

ШАРАПАТ

Революция шарапаты – сәуле берген санама,
Революция шарапаты – сәулет берген Далама.
Революция шарапаты – асыл ойдың ақ сүті,
Революция перзенттерін туғызады Замана.

Сол шарапат Революция рухынан нәр алған,
Сол шарапат қасиет болып қанымызға таралған.
Жақсылықтан – шарапат қой. Революция перзенті –
Жақсылықтан,
ізгіліктен,
ұлылықтан жаралған.

* * *

Япыр-ай, білсе дедім мен,
Тілде де жоқ оны айта алар.
Тек іштей жүдеуші едім мен,
Мен – ғашық,
ал сен бейхабар.

Тұрмыстың ерттеп торысын,
Аяңдап, желіп жүрдім мен.
Алыстап кетті өрісің,
Ауданың қайда, кім білген.

Жоғалтпадың да отыңды,
Сөніп те бірақ қалмадың.
Балалық махаббатымды
Жетімсіретпей, алдадым.

Ғашықтық – ол да жас сәби
Жүректе туар, қарағым.
Кешті ол бөлек, басқа күй,
Ойласаң етті... обалын.

Жылады-ай дейсің, бейшара,
Жатқа әкеп телу оңай ма?
Махаббат деген – ой-сана,
Өзіңді көрер шарайна.

Төрт-бес жыл, он жыл, он бір жыл
Арада жатты белес боп.
Сен бірақ маған сол бір нұр
Қалпыңда қалдың елестеп.

Мендегі жетім солығы,
Созылып барып басылған.
Өртімнің сөнді шалығы
Денеме тегіс шашылған.

Махаббат заңы – заманнан
Құмарту, аңсау қаталап.
Елестеу үшін жаралған
Аяулы күллі махаббат.

ЗАМАНДАС СЫРЫ

(1982 ж., «Жазушы» баспасы)

АҒАҒА МҰҢ

Аға, сізбен бола ма сырласуға,
Сырласа алмай кеттік қой расында.
Сырым – мұңым, мұғымда шындығыс бар,
Мұңға құмар емеспін, туасымда.

Заман жақсы.

Білесіз оны өзіңіз,
Керек емес қаржылай көмегіңіз.
Керек емес қолайлы қызметке
Қоңырау шалып, қолтықтан демеуіңіз.

Сіз өзіңіз өскенсіз қолтықтаусыз,
Қызмет етіп қоғамға жалтақтаусыз.
Қызметтен өскенсіз қызметке,
Лайықты боп, әнтек сөз, әнтек даусыз.

Сіңір кедей шыққансыз жарлы әулеттен,
Баяғыдан ісің жоқ бақ-дәулетпен.

Маңдай термен көрінер көгергендей,
Сізге мынау дүние, жалған біткен.

Солай аға, сондықтан егер сізге,
Деп қалсам бір: «қолтықтан демерсіз бе?»
«Отыз беске келгенше не бітірген
Осы бала, япыр-ау,» - демейсіз бе?

Бітіргенім мүмкін аз өз шамамнан,
Артық таси алмадым өз сабамнан.
Аз ба, көп пе... ақы адал маңдай терім
Заманыма жараса, жазса болған.

Аз, көп те емес, мәселе - адалдықта,
Бірдей емес мүмкіндік тәмәм жұртта.
Қоғамына аз беріп, көп алу бар,
Ал көп беріп, аз алу - надандық па!...

Азаматтың қоғамы - Отаны ғой,
Анаға ұлдан керегі - атағы ғой.
Анаңды егер алдасаң -
ана байғұс,
Айтпайды ғой, жанына батады ғой.
Анаңды аяу, аялау - ең асыл мұң,
Бақыты осы заман, бар ғасырдың.
Бақыты осы бар ұрпақ - жалғасыңның.
Бар ма менде осыдан құйттай ұшқын,
Мұңым осы -
Айтшы, аға,
Жанашырым!

25.IV.81 ж.

АДАЛДЫҚ ПЕН АРБАУ

- Махаббат суый ма екен?

- Суыйды екен,

Зардабы да зарығып сүюге тең.

Қайғысы да жүйкеңді жеген құрттай,

Тұла бойың оған да ииді екен.

Суынғаны шын себеп болғаны ғой,

Берген серттен біреуі танғаны ғой.

Әлде біреу біреуін алдады ғой,

Соған сорлы-ай,

алданып қалғаны ғой.

Әлде бірі әуелден әсіре ме,

Әсіренің өрледі тасы неге?

Әлде бірі білмейтін бейшара ма,

Махаббаттың бағасы, бәсі неде?!

Біреуінен, әйтеуір,

себеп біреу,

Не жетпеді деу қиын, не жетті деу.

Әлде оны сүйді де -

тартып алды,

Бұдан гөрі көзсіздеу, өжет біреу.

Бір-ақ себеп,

және де біреуінен

Бір жүректің шықты ақау жүрегінен.
Оны енді жаңарту мүмкін емес
Ешбір мораль, ақылдың түренімен.

«Біреуінде қалды ғой - бар зардабы,
Біреуі ғой шынымен алданғаны».
Дейміз ғой біз, ал сонда айтыңдаршы
Қорлағаны қайсысы қорланғаны.

Махаббатта болмайды қорлау, зорлау,
Қақпан құру болмайды, томен қармау.
Алданғаны -
 шын сүйген бақыттысы,
Махаббатта сүйгендер сормандайлау.

Махаббаттың бұл емес суынғаны,
(Зандылық қой, зандылық мұның бәрі).
Бірі - мүмкін әйелдңы сүюі де,
Бірі - мүмкін ерекетің қырындауы.

Махаббаттың сол деп біл - суынғаны,
Бірі сотта «сүйем» деп шырылдауы,
Бірі - сонда аяққа жығылғаны.
Зандылық қой заңдылық мұның бәрі:
Бірі мұның - әйелдің ащы айласы,
Алданбасқа еркек те буынғаны.

Болды оларда оттай ыстық Махаббат
Айы-күнін жаза алмаған Замана.

Бізге жеткен аңыз ба әлде сәл оғаш,
Екі ынтықтың кездесуі – жалаңаш,
Сезім кейін жасанды ғой ақылмен,
Киім киіп, тән көркейту шамалас.

Одан бері өтті талай сан ғасыр,
Бәрі ескірді.

Тек Махаббат – мәңгі асыл.

Ей, бүгінгі Адам ата, Хауа ана!

Бір-біріңнен жан жасырма, тән жасыр!

* * *

Адамзаттың әулетіміз – бәріміз,
Жер – кемеде бірге біздің жанымыз.
Адам ата, Хауа анадан таралған
Әуел баста нәсіліміз, қанымыз.

Адамзаттың әулетіміз біріміз,
Туу, өлу – ортақ біздің заңымыз.
Бөлек біздің тілегіміз, тіліміз,
Жүрегіміз, түсі бірдей қанымыз.

Адамзаттың әулетіміз бәріміз,
Сол әулетке жалғасамыз әлі біз.
Бірдей біздің шығатұғын жанымыз.

Біз – бірдейміз,
біз – біргеміз, о, ғажап!
Бізге бақыт, бізге рахат, тән азап.
Бірдей еткен Табиғат қой – анамыз,
Анамызды етпейікші, зәрезап!

АДАМЗАТТЫҢ ӨНЕРІ

Өтеді уақыт.
Тағдырдың болмақ жазғаны,
Қағида заң ғой адамнан уақыт озбағы.
Уақыттың жалын қаламыз сипап бәріміз,
Уақыт па?
Уақыт - алтынның буы, көз жауы.

Алтынның буы -
буымен алғаш мас қылар,
Айналтып біраз апиын болып басқа ұрар.
Айналымға да келтірмей сосын ләззаты,
Алтынның түсі айбатыменен састырар.

Алтынның буы - уақыттың нағыз теңеуі,
Шебер ғой өмір,
шебердің біздер шебері.
Алтынның буын заманға зерлеп өтетін
О, адамзаттың тіршілік деген өнері.

ӘЗІЛ

Мен туған төбе, сен туған төбе - бір дөңес,

Дүниелік бақыт - балалық рахат күллі елес.
Қалды ғой сонда,
қалды ма сонда қапыда,
Мақсаттас күндер, мұраттас күндер, мүдделес.

Мен туған төбе, сен туған төбе - бір қырат,
Дүниелік бақыт - балалық рахат бұлдырап.
Қалды ғой сонда,
қалды ма сонда қапыда,
Бір туған арман, біркелкі талғам, бір мұрат.

Мен туған төбе, сен туған төбе - шалғайда,
Қырық-отыз жылды орадық ғұмыр шалғайға.
Дүниелік бақыт, балалық рахат - бал қайда?!
Ол жоқ қой,
Ол жоқ!
Шашыңды жұл да, ойбайла!

* * *

Ақын болу – Абай болу емес тек,
Ол – мұрамыз,
мұрат емес теңеспек.
Мұрамызды сақтай алсақ мұнтаздай,
Абай – тірі.
Айдарынан жел еспек.
Абай тілі – біздер жазып жүрген тіл,
Бір сөзімен бірде жылап, күлген тіл.
Осы тілмен Абайды да, бізді де

Әлдилейді Зере сынды бір кемпір.

Рас, бізден Абай мұңы бөлек ед,
Сол мұң шығар оны ойлантқан керемет.
Біздің заман көксегені – Абайдың,
(Адамға тек мұңсызбын деу не керек).

Біздің заман жасампаз да, жақсы да,
Біздің заман жойды тапты, тақты да.
Біз де Абайдай ренжиміз адамға,
Біздің мұнда қоғамға тек жоқ кінә.

Абай мұңы – өз халқының мұңы еді.
Ал біздің мұң – адамзаттың тілегі.
Адамзаттың ақ тілеуі сан рет
Қыл көпірде тұрған жоқ па бір елі?!.

«Абайдың да заманынан күрделі,
Бұл заманда айту керек жыр нені?»
Десек тағы,
адам барда ұлы Абай
Замандарға зымырайды ілгері.
Абай тілі – сен де қоса зымыра,
Салқындама, солғындама, суыма!
Қашан, қайда туса да ақын мас болсын
Ана тілі – алтынының буына!

**АҚЫН ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ
ТУРАЛЫ ЖЫР**

Қазақта төкпе ақынның бірі – Ғафу,
Түйіліп жыр жазарда түрі қату.
Секілді сөзмергеннің – қолмергені
Білмейтін бұқпантайлап, бұғып ату.

Білмейтін ешқашанда күштеуді өзін,
Көргем жоқ күштенгенін, тістенгенін.
Қарасөз – қысқашындай іскенженің
Қақпандай жібермейтін түскен жерін.

Көрінсе,
 көздегендей дәл ататын
Сезінсе,
 болжаммен-ақ дәл айтатын.
Сонда да сөзмергеннің – қолмергені
«Қап!» деген бар шығар-ау талай қапың...

Дүниеде «қап!» демейтін мерген бар ма,
Сан соқпай, ләззат, рахат көрген бе ол да...
Мергеннің мың түрі бар,
жүрек жұтқан
Көзсізі – қолмергендік қолданғанда!

Қапысыз көздегенін тануында,
Мергендік көзінде емес – тамырында.
Қапысы – «қап!» дейтіні, сан соғуы
Табиғи заң секілді тағдырында.

Қолмерген!

Қолмергеннің болмысы осы,

Құдіреті – көтерілген көңіл хошы.
Сол кезде омырауды ашып өрге шапса,
Па, шіркін! Төгіледі сөз жүйесі.

Заң емес – бар атқаны дөп тиюі,
Заң емес – бар айтқаны боп тұруы.
Мергеннің мың түрі бар,
қолмергеннің
Өзгеден өзгелігі – оттылығы.

Оттылық,
оты – өзі, нұры – бақыт,
(Тараған жарығының тіні жатық).
О, пәлі!
Сөзмергеннің – қолмергені
Қолыңа домбыраны ал,
бір уақыт!

* * *

Ақындықтан қорықпаймын –
 қиын емес,
Ұйқастыру, сөз құрау бұйым емес.
Тілдік қорым жетеді, орамдымын,
Тілім менің татусыз, сұйық емес.

Он жеті жыл ауылда, қырда өскенмін,
Абай, Нұрхан жырымен тілдескенмін...

Жесірлердің жоқтауын естігенмін,
Жеңгейлермен тілдесіп, үндескенмін.

Қалада мен ұмытқам жоқ ана тілін,
Ана тілі – болды нан табатыным.
Тағдырыма ырзамын –

талай талант

Алды мені астына қанатының.

Өмір көрдім, замандас, бір адамдай,
Болды талай басымда бұралаң жай!
Заманыма ырзамын —

қайтер едім,

Тыпыршысам түнекте ұлы Абайдай.

Тыпыршытпай өсіріп заман мені,
- Қабағынды қалтқысыз бағам, - деді.
Қоғамыма ырзамын –

ТАПСЫЗ, ТАҚСЫЗ,

Толып жатыр талантты қаламгері.

Талант болсаң – тартыссыз жазбауың хақ,
Заманыңның сауалын қозғауың хақ.
Жұрт көрмеген көріністі көруің хақ,
Көргеннен соң көзінді жазбауың хақ.
Көргеніңнен көшірме жасамау хақ –
Фотоаппарат секілді тез қабылдап.

Мұның бәрі, жарайды, келсін қолдан,
Шеберліктен өзіндік еншінді алған,

Суреткер деп, ақын деп таныды елің,
Ал енді ойла,
 қай тұсың кемшін қалған?..

Білімнің де жетіпсің биігіне,
Бастауы не, білеміз иіні не?
Тақырыпты білеміз игеруді,
Қосуды да білеміз, қиыны не?!

Мен білемін бұларды,
 бұлар басқа,
Мен іздеген құдірет, құмар басқа.
Сол заманда шырқауға шыққан Абай,
Бүгін туса биікке шыға алмас па?!

**«АЛТЫН КЕРУЕН» НЕМЕСЕ
АҚАЙ ПШЕНБАЕВ ТУРАЛЫ ЖЫР**

- «Мінеки, Торғай – бұл өлке,
Туырылып жатқан сары алтын.
Сейітқұл қыпшақ тым ерте
Болжаған мұны болатын.

Кетпенін әкеп арқалап,
Әйтпесе, қоныс тебе ме?!» –
Дедім мен досқа, мархабат
Сезімі теуіп денеме.

- Иә, - деді ол да бас изеп, -
Әңгіме ғой бұл басы ашық.
Сары алтын дала жасыл көк
Аспан боп, жер боп астасып.

Аспан мен жердің арасын,
Ақ бидай зерлеп буымен,
Одақтың Орақ, Балғасын
Көтеріп шымқай туымен.

Кемедей қызыл «Нивалар»
Бет алған күнге керуендей.
Баппенен бірдей ырғалар,
Бір жүрек тыныс бергендей.

Бір жүрек тыныс бергендей
Бүлкілдеп дала дем алып.
«Нивалар» алтын зерлердей,
Алыстап барып, оралып.

Алыстап барып, оралып,
Сапырған кезде алтын дән,
Автопоездар орамы
Жұлдыздай ағып шарқ ұрған.

Жұлдыздай ағып шарқ ұрып,
Қырманға қарай сіңгенде,
Бұл дала орақ арқылы
Көрінер ыстық күннен де.

Көрінер ыстық күннен де.
Көрінер қымбат алтыннан,
Осынау ғажап, білгенге.
Жаралып жатар маңдай тер –
Мөп-мөлдір тамшы, там-тұмнан.

Маңдайдан тамған тамшы да –
Мехнат, рахат, жарасым.
Астастырып тұр сол, сірә,
Аспан мен жердің арасын.

Аспан мен жердің арасын
Тұрдық біз көзбен тінітіп,
Шулатқан даңқы даласын
Көрсек деп қазақ жігітін.

Көрсек деп қазақ жігітін –
Пішенбай ұлы Ақайды.
«Қалай ол ақтап үмітті,
Қанаты қалай қатайды.

Дақпырты, мүмкін, дүмпу ме,
Көрсетпей кеткен топқа өкше?
Ұшады-ау қыран бір күнде,
Ұсынсаң, қалың жетпеске.

Көріпкел диқан – Сейітқұл,
Ғарыштық қимыл – Ақайда» -
Осылай бізде ой ұйтқып,

Тұрдық бір толқып сан ойда.

Тұрдық та Торғай төрінде,
Жөнелдік «Терісаққанға».
Басылар күпті көңіл де,
Батырмен таныссақ қана!

«Миллион тонна дән тасу!» -
Серт қой ол меже алғасын.
Орақта, отты күндерде
Тоқыру, тоқтау болмасын.

Білді ғой, білді ол, демек;
Тіркеме – бесеу, бір – мотор.
Бойында қырық дөңгелек,
Бәріне соның бір-ақ қол.

Білді ғой, білді ол демек;
Бұзыла қалса жол кенет,
Жүз жиырма тонна – бір кезек,
Бір сапар үшін мүлде көп.

Білді ғой, білді ол, демек;
Мұндайда көзсіз ер керек.
Көзсіз ер емес – сөзсіз ер,
Әдістен ақыл бір бөлек.

Білді ғой, білді ол бәрін;
Ұйқыдай тәтті бал барын.
Жазым бар секунд жалғанын

Үзерін дағы жалғарын.

Білді ғой, білді. Тікті бас.
Бас тікті. Сөзден шықты рас.
«Аңызға қалай айналды
Осынау қазақ – мықты жас».

«Аңызға қалай айналды!»
Талайлар бұған ойланды.
«Аңызға қалай айналдым?»
Ақай да бұған қайран-ды.

...Кейіннен министрлікте,
- Табысқа жет, - деп, - тірлікте,
Министр тұрды құттықтап,
Ақайда қалмай сыр бүкпе;
Сауалға әлгі жауапты
Өзі айтты Ақай, дәл айтты:
- Заманда мынау жауапты,
Жауапкершілік сан артты.
Жетесің ойға діттеген,
Ғарыштық жылдамдықпенен
Шаруасын жердің жасасаң,
Салмағын жердің көтерсең,
Перзенттік парызыңменен,
Жүрекке жылдар жүктеген.

...Тағы да көзім алдында,
Туырылған дала сары алтын.
Саралжын сәуле таң мұнда,

Сары алтын тасып сапырған,
Ақайдың автокеруені –
Зымыран құстың қалпында,
Қанаты қағып кермені.

Зымырап бара жатады
Диқанның тарих – тұрағы,
Сейіткүл – дала жатағы,
Ал Ақай – дала қыраны.

Зымырап бара жатады,
Заматтан озып заманға,
Диқанның аңыз, атағы –
Бір үзім Нанда,
тек Нанда!

**АРДАГЕР АЗАМАТ НЕМЕСЕ
ҚЫЗЫЛБАЙ НҰРҒАЗИН ТУРАЛЫ ЖЫР**

Тік мінез, тік қарайтын бір көргенге,
Үйренген үзіп-жұлып сыр бермеуге.
Ұқсайтын айналасын мысы басып,
Сыртынан жауы жүрмес сұр мергенге.

Кең кеуде, қыран қабақ, қырағы көз,
Қайратты қара шаштың қылауы боз.
Ат жақты, атан бойлы атапал кісі,

Сыпайы, көңілі қалса сынауы ілез.

Іс келсе – ұйытқысы бола білген,
Сөз келсе – ұтырлысын таба білген.
Торғайда Октябрьді орнатысқан,
Табаны тілім-тілім бала күннен.

Большевик бала атанып Бақайдағы,
Заманның жалында ойнап, атойлады.
Қоғамның құдіреті сол –
болғандығы

Әр ауыл, әр ауданның Чапайлары.

Қып-қызыл партизаны осы өңірдің,
Кедейдің баласы еді кеше бір күн.
Ал енді заман-тұлпар жалында ойнап,
Құлады... қарғып мінді неше дүркін.

Колхоз жоқ ол Торғайда басқармаған –
Басқарып тағы талай аспандаған.
Құлдилап колхозшыға басқармадан
Тағдыры талай сынын тосқан оған.
Тайқып бір құлай қалса – жасқанбаған,
Артық бір ұпай алса – мастанбаған.

Әулеті – шаруажайдың сіңірлісі,
Әуелден дау-дамаймен қырын кісі.
Артылған бүгінінен кешегісі,
Қосылған ертеңіне бүгінгісі.

Дәулеті, несібесі, нәсібі мол,
Бақтың да, байлықтың да бәсін білер
Іс білмес уәкілдің ашулысын
Жан еді ол уәжімен басып жүрер.
«Завферма»... «Райсоюз»... «Уполминзаг»,
Атқарған қызметтер талай жылдап.
Бұл барса – артта қалған мекеменің
Жұмысы кетуші еді алға зулап.

Төмендеп, қызметі жоғарылап,
«Тәйірі-ай» деп мән бермейтін соған бірақ.
Жүргенде Торғайының топырағында
Жүретін жоғарыдан жоғарырақ.

Ескінің ертеңді ойлар ес көзіндей,
Сөзінен жалған, жаттан еш сезілмей.
Табиғи тумысынан айтады ақыл
Мәңгілік монументтің эскизіндей.

Торғайда қанша отар қой, қанша жылқы,
Білетін мәліметті қанша жылғы.
Білетін қай жерлерде мал өсіріп,
Білетін қай жерлерге дән себуді.

Білетін қорық қайда, қорым қайда,
Білетін қоныс болар орын қайда.
Жайқалған дән дариясын кешіп жүріп,
Тұратын қан жайлау мен соғымы ойда.

Білетін... кезі сирек жаңылысқан,

Ол емес өрісі тар, қолы қысқа.
Ауылдың әкімдері тыңдамаса,
Танысы астанада, облыста.

Тұратын,
қалмайтұғын көңілден шет,
Тобылғы ысы кетпес қоңыр күршек.
Үйінен ағамыздың қымыз ішіп,
Саулыққа ара-тұра соғып жүрсек.

Көп емес парқы бөлек, нарқы бөлек,
Азамат қабілетті қарпымы ерек.
Соларды іздегенде жаутаңдаймын,
Соңында қалды екен-ай... халқы не деп?!

АТБАСАР ӘУЕНДЕРІ

1. Болмыс

Сері Ақан Көкшетаумен қоян-қолтық,
Өтіпті Атбасардан талай жортып.
Ат базар – Атбасарға
Құлагерді
Бірақ та әкелмепті талай толқып.

Ол жайлы жеткен бізге долбар сөз көп;
Сескенткен сері ақынды тіл мен көз деп.
Жә, тәйірі-ай,
Ақан сонша қорғансыз ба ед,
Өткеннен ұсақ-түйек ілмекке іздеп...

Біреулер: «Құлагерді топ көрсетпей,

Қу Ақан ұстады жер оқшау шетте.
Топ көріп,
 топқа еріп қалмас үшін
Жоғалтып қасиетін хас жалт етпе».

Біреулер: «Әуей Ақан елді елемей,
Өз елін өзіме сай, тең де демей»...
Ел сосын кіжінді дер: «Көктен түссең –
Көрейік көктен түскен пенде неме-ей!»

Осындай жеткен бізге мың-сан долбар,
«Бәлем» дер, балағаттар, ұрысар, қолдар,
«Арам» дер, жала жабар, арашалар,
Мың түрлі мінезінен сыр сауғалар.

Ақанның жетті аяғы ат базарға,
Бәстессе – ол да ақын ғой,
 өкпе қолда.

Базар мен барымтаға болмысы қас,
Сол болмыс Құлагерді сақтаған да...

Әйтпесе, әйтпесе егер,
 Құлагер – мал,
Ақынды біреу арбар, біреу алдар.
Соны ойлап Атбасарда түсті есіме
Базаршыл бір адамдар, бір адамдар...

2. Бұлақ басындағы теңеу

Бір мөлдір Атбасарда көрдім бұлақ,

Бір қанып ішкім келді көңілім құлап.
Кешеу күз. Кешке жақын шөл бола ма,
Сонда да тіл тигіздім ернім шылап.

Сонда да сол бұлақты көзбен іштім,
(Мұнымды маңайымда сезбеді ешкім).
Мұңымды мейірімді бір қандырмаған
Мұхиты жұтып қойды өзге күштің.

Сонда да сол бұлаққа жәудіредім,
Бір ынтық ындыныма ауды менің.
Хал кештім,
Іздегендей сау басына
Сақина тілеп алған саудың емін.

Сонда да сол бұлаққа ауды аңсарым,
Ол болса – жайды алдыма бал-кәусарын.
Мен болсам – пейілін берген тұма судың
Тіледім тұнықтығын, аман-сауын.

Сылқылдап қас-қабағын іркіп-қақпай,
Сыпсыңдап сырыңды да түртіп тартпай.
Тіл жетпес қылықпенен қыз сияқты
Қоймайтын жүрек қылын тінтіп тапппай.

Немесе, келіншектей оқшау жарқын,
(Сұлулар сұлулықтан көп сорлайтын).
Мың жерден мың әзәзіл арбаса да
Көзіне күйеуінің шөп салмайтын.

Теңеуі тап осындай – тұма бұлақ,
Мөлтілдеп қала берді жырағырақ.
...Бір кезде ат базарға аты өтпеген
Кедейдей алғым келді жылап-жылап.

3. Күздіктен өтерде

Атбасарда қоңыр күз ала бұлтты,
Астық... астық...

астықтан – дала күпті.

Жаялықтай сарғайған сары адырдың
Бір пұшпағы кенеттен қарауытты.

- Ау, анау не?

Таңғалып мен тіл қатқам.

Күлді шофер:

- Күздік қой жыртып жатқан.

«Жер жыртқанды көрмеген біреу ғой» деп,
Іштей мені ол мүсіркеп... қутың қаққан.

- Күздік, аға,

Жер-ана демалсын деп,

Топырағы тыңайып жаңарсын деп,
Күздік жыртып тастаймыз мың-сан гектар,
Ақ қарымен Арқаның адау сүрлеп.

- Ә... ә..., - дедім ұққандай бәрін қазір,
(Шофер бала қалған жоқ жанында зіл).

Шүкір, шүкір!

Шаршаса тыңая алар,

Даламыздың саулығы бабында әзір.

Сары адырдың бір шеті қара барқын,
Күздікпенен тынығар дала, бәлкім...
Тынығар да тыңаяр талай ғасыр
Бауырынан тұлпардай жарған тың.

...Тыңды теңеп тұлпарға Атбасарда,
Ақын қиял толқитын сәт тосарда:
Қара барқын күздікке қарай бердім,
Қарығандай көзімді шоққа сонда.

БАЛАЛЫҚ ШАҚПЕН ЖОЛЫҒУ

Түсімде – түнде балалық шақпен жолықтым,
Жорытқым келді – жоруға өзім қорықтым.
...Баяғы біздің құм шетіндегі қыстауға
Қаршадай бала қорықпай жалғыз келіппін.

Қыстауда жан жоқ.
Қалыпты қыстау қаңырап,
Қыстаудың көңін басыпты саңырауқұлақ.
Қыстаудың шымын қарлығаш шұрық тесік қып,
Салыпты ұя – ұшып жүр содан жамырап.

Іргесін үйдің індікеш қаптап кетіпті,
Терезесіне өрмекші торын тоқыпты.
Қышпенен өрген мұржаның тозаң, ысынан
Танауым менің таныды таныс тотықты.

Шаңыраққа салған Тосынның қызыл жидесі
Морт сына жаздап, мертігіп біткен шүйдесі.
Ойлаймын іштей: «Жиденің бар ма киесі,
Әйтпесе мынау қыстаудың бар ма иесі?...»

Жиденің анау шытынап біткен жерінен,
Суалған малға шарана төлдей теліген.
Уызға құмар уылжып үш-төрт көк тамыр
«Табиғат заңы – тіршілік» дейді демімен.

Зым-зия інге ысқырып жылан зу етті,
Шым ұя, міне... балапан бір топ шу етті.
Түсім ғой менің – сәбилік жүрек зу етті,
Ересек денем – орнында ұстап жүректі...

Оянып кеттім.

Оянып кетсем – түс бәрі,
Жоруға келмес көріністер көбі ұшқары.
«Түсінде қорықсаң, қуанасың» деп жатушы ед,
Жориын енді.

Өңімде болғай ұшпағы.

БӘРІН ОЙЛАП ТАПТЫ АДАМЗАТ

Бәрін ойлап тапты адамзат баласы,
Бәрінен де күрделі адам санасы.
Тапты тақты -

ойлап тапты. Құлатты

Ақыл-ойдың асыл маржан сарасы,
Біздің қоғам - қоғамдардың данасы.

Бәрін ойлап тапты адамзат баласы,
Бәр-бәрінің ортақ еді анасы.
Бір анадан туды дағы бөлінді,
Ал бірігу қандай қиын, қарашы!

Бәрін ойлап тапты адамзат баласы,
Жұмыр жердің біз жұтатын ауасы
(Тапқырлығы кейде қайғы-наласы)
Атом улап, атом жұтқан ауаға
Адам зәру - қандай қиын, қарашы!

Бәрін ойлап тапты адамзат,
табады!
Табады ұрпақ жаңадан да жаңаны.
Ей тапқырлар,
шын тапқырлық білсеңдер,
Әліппе мен Ана тілі сабағы,
Адамзаттың келешегі болса рас,
Мәңгі,
Мәңгі,
Мәңгі екеуі болады!

22.09.81 ж.

БЕУ, БОЗТОРҒАЙ!

Беу, бозторғай!

Шырқайсың баяғыдай,

Көмейіңнің көріпкел ояуын-ай!

Көк көдеге байланған кіндігіңнен

Аяулым-ай,

мен сені аядым-ай...

Аяйтыным -

алысқа ұшпайсың-ау,

Сар даланы сарғайып қыстайсың-ау.

Аяйтыным -

аяулым құйттайсың-ау,

Тағдырыңның кәрінен ықпайсың-ау.

Аяйтыным - аяулым нәзіксің ғой,

Демалсаңшы бір-ауық, қажыпсың ғой.

Ауытқып, толқып ұшқанмен,

Кең далаға

Аумайтұғын сен Темірқазықсың ғой.

Аяйтыным - қорығың, қорғаның аз,

Бір сәт тыным таппайсың болғалы жаз.

Шындықты айтқан адамдай шырылдайсың,

Шырқап жүріп батасың сорға біраз.

Беу, бозторғай! Шырқайсың баяғыдай

Дауысыңның бабын-ай, бояуын-ай.

Баяғыдай шырқағым келген кезде,

Еске түсер елесім, аяулым-ай

Беу, бозторғай,
шырқай бер, шырылдай бер;
Дауысыңды сен даланың сырындай көр.
Дала өзгерсе өзгерер, қала болар,
Сен өзгерме,
сен, сен, сен құбылмай көр!

БОЗ БИЕ НЕМЕСЕ ТЫҢ ЖЫРТҚАН ЖЫЛ

Нағашы ауылымның арасы бізден бір-ақ қыр,
Қозы-лағымыз қосылған шүйгін қырат бұл.
Тың жыртқан жылы төбенің түбіт көдесін
Тарап әкетті тарақ табанды трактор.

Айызы қанып айбалта – темір тілгілеп,
Сақталған сүрдей шым топырақтарын сүргілеп.
Құрым іңірде қылт ете қалып құйрығы
«ХТЗ»-лар қытықтап қырды жүрді көп...

Қуанды қарттар жанардан жасы мөлдіреп,
«Көде өскен жерге көк бидай шығар болды» - деп.
Боз бие біздің түн жамылып кеп сол жерден
Көденің тамырын кірш-кірш шайнады соңғы рет.

Қартаң мал еді – әкеме біткен артық бақ.
Тарпаң мал еді – қасқырды өлтірген тарпып қап.

Қаңтардан өзін асырып шығып аман сау,
Құлын туатын жылқы көбейтіп, жал жұптап.

Саумалына алғаш ақырған айранды ұйытқы ғып,
Сәуірдің қымызын ашытады апам күйітті ғып.
Жыл сайын ерте туатын жануарды әкеме
Қайын жұрты мінгізген екен киіт қылып.

Жыртылған жерге көп қадап тұрып көз нұрын.
Құлын-тай шағын ойына оралтты – өз күнін.
...Қар қалың түсіп, титықтап қыстай тебіннен
Осы жерге кеп туыпты енесі боз құлын.

Боз құлын тай боп, құнан да шықты, бесті боп,
Жал жұптап жылда үйіріне үйір қосты көп.
Туған төбеге жығылып жетпей боз бие
Құлындамасын талай да талай естіп ек...

Боз бие біздің қырға өруші еді желдесе,
Қыр беруші еді құнары тасып селдесе.
Апам айтатын: «Іімейді – деп, – бұ жануар,
Көдесін қырдың бір мезгіл қажап келмесе».

Ақылды жануар соңғы рет келіп сол түні
Таныс көденің тамырын иіскеп толқыды.
Ылғал құм ішінде іркілдеп жатты тамшылар
Ұзатқан қыздың жылағанындай төркіні.

Тамырын тартып, қау етіп қырға көк шықты,
Сабағын дәннің себелеп жаңбыр көпсітті.

Қыр жақтан бірақ көденің иісі сезілмей,
Тұшынбай тілі, боз биені сол өксітті.

Есті мал қырға – егіске барып түскен жоқ,
Қыр жақты кетті көкпеңбек барқын түс меңдеп.
Көз қарып қырға қараған сайын биеде,
Көдеге талғақ келе жатты бір күш меңдеп.

Орылып егін аңыз боп әбден қалған соң,
Аңсатқан сезім бойынан еркін алған соң.
Боз бие қырға түн жамылып тағы келді де.
Масақ дәміне мекіреніп әбден қанған соң:

Былай деді оған,
бірге еріп жүрген қара айғыр:
– Көденің дәмін татқан жоқ па едік талай жыл.
Қара оттың өті жарылды ғой деп келгенде,
Тілімізді бір тұщындырмағаны қалай бұл?..

Түн құшағында түнеріп жатты байтақ қыр,
Боз бие басын сүлесөк қана шайқап тұр.
Астары мынау аударылып қалған тың жерге
Ащы көденің шықпай қалғанын байқап тұр...

1969 ж.

* * *

Бұлдырап қалған балалық шақтың елесі,
Түсіме неге көп кіріп кеттің сен, осы?!
Түн ұйқым менің бөлінген кейбір кездерде,

Төтеннен келіп, боласың маған төреші.

Төреші болып басымнан өткен жылдардың,
Жасаған өзім,

жасырған жұрттан сырлардың,
Шиелеп өзім, шеше алмай жүрген шырмаудың
Бағасын беріп,
байыбын айтпай ұрландың.

Дейсің сен маған: «Ақкөңіл бала-ау, бейкүнәм,
Жасытқан сені жасаған сенің қай күнәң?..
Кінәң көп сенің,
күнәң жоқ сенің бірақ та,
Басыңды шайқап кетесің жоқ боп бейкүмән».

Білемін, білем,
төреші – менің елесім,
Бәріне де айғақ күнәлі менің емесім.
Жүрегімді мен алдағым келмей,
сондықтан
Жүрек пен мидың келемін көріп егесін.

Өзіңнен қалған өзгермей қалған мінезі,
Жүректің бірақ сүре алар ма Өмір, бір өзі,
Миға ырық берсем –
болмыстың бәрін билеп ап,
Болғысы келер ұлық та өзі, ұлы өзі.

Кешір сен мені, кешір сен мені, тәтті елес,
Күнәм да болса, кінәм да болса – текке емес.

Жүрек пен мидың ынтымағы үшін күресте
Жүрегі барлар жеңісім менің жоқ жемес.

Біреуі, міне,
үлкені және - өзіңсің,
Аян кеп берген аяулы менің – кезімсің.
Адалдық болса – жүрек пен мидың жемісі,
Балалық шақтың тәтті елесіндей сезілсін.

БІР БІЛГЕНІМ

Білмеуші, ем,
өмір сондай күрделі екен,
Күрмеуіне кездеспей жүрген екем.
Арман деген алыста – әріде екен,
Жалған деген жаныңда – іргеде екен.

Арман менен жалғанның арасында
Туады екен тартыс та, таласың да.
Балалықтың аулынан асқан соң-ақ
Сұрыпталар жауың да, жанашыр да.

Жауың көп пе, жанашыр досың көп пе?!
(Досым көп деп кетпесін есің текке).
Дос ұстағың келсе егер, заңдылық сол –
Болмысыңмен берілме есіл-дертке!

Болмысыңды бірақ та бүркелеме,
Болмысыңда жоғыңды білтелеме.

Күрделі деп өмірден күдер үзбе,
Батыр болып кетесің үрке келе...

«Күрт-күрт үзбей шиесін, күрмеулерін,
Күшім аз деп кіжінбе кімнен менің?!»
Күшімізді табиғат тең жаратқан
Іс-әрекет әр түрлі – бір білгенім...

Бір білгенім –
 бәріміз аман жүріп,
Заман жасап, өтеміз қоғам құрып.
Бір білгенім – күрделі, күрмеулі өмір,
Күрделі өмір – жүр бізді Адам қылып.

БҮР ГЭП

Бүгінгі жеңіс - бір күнгі құдірет деменіз,
Өткеннің кейде рухы демеп жеңеміз.
Руы емес,
 рухы барда халықтың
Кейінгіге де, келешекке де сенеміз.

Халықтың рухы -
жарылып жаны ағынан,
Жаралғанындай жанының нәрі - қанынан.
Халқының күллі қасиетін көпке танытар
Көппе ол аз ба, сөз емес саны жағынан.

Халықтың рухы - халықтың жаны бір құндақ,
Бөбек қой ұрпақ,

бөленген соған мың жылдап.
Бүгінгі жеңіс - бір күнгі құдірет деменіз.
Өткеннің кейде рухы демеп -
Жеңеміз,
Есінде болсын, есінде болсын бұл бір гәп...

БІР ҚИЫНДЫҚ

Халықаралық жағдайлар -
Адамзаттың жағдайы.
Адамзатқа қол байлау
Ең қиыны қандайы!..

Ең қиыны соғыс па,
Соғысқан соң - жеңу ме?..
Ұшу ма әлде ғарышқа
Ұзақ ұшып келу ме?

Бәсеке ме - қиыны
Бәсеңдік пе - қиыны.
Адамды адам сүйгендей
Адамдардың кеміс пе,
Адамзатты сүюі?

Қару жасау қиын ба,
Қыру-жою қиын ба?
Тарихты артқа шегеріп,

Бәрін қою қиын ба?!

Қайсысы болса қиыны
Сол ғой, сол ғой түйіні.
Тойып толық көрді ме
Күллі адамзат бүйірі.

Бүтінделіп көрді ме,
Күллі адамзат иіні.
Міне, осының барлығы -
Күллі адамзат күйігі.

Күллі адамзат күйігі -
Бір қиындық түйіні.
Бір қиындық,
бірақ көп -
Иір, иір, иірі.

5.10.81 ж.

ҒАЙЫПТАН ТАЙЫП

Екеуің егер ғайыптан тайып жолықсаң,
Ғашық боп қалсаң,
және де содан – қорықсаң.
Кездескің келіп, жүздескің келіп – тарықсаң
Және де соған мүмкіндік болмай зарықсаң.

Ғайыптан тайып бір бақыт басқа айналса,
Қонғысы келіп, қона алмай және ойланса...

Екеуіңнің де ең асыл сезімдеріңді
Басқа бір жандар қанжығасына байласа.

Қиялы ғажап қиямет-қайым күн кешсең,
Бөлек-ақ жүріп, бөліп бір ойды тілдессең,
Төлеген де емес, Бекежан да емес,
басқасың,
Олардай болсаң бұл күннің нарқын білмес те ең...

Бас бәйгесі үшін тікпеген басын палуандай,
Біріңнен бірің шәрбат та татпай, бал да алмай.
Бақыт боп баста кездеспеген соң,
заң солай,
Өтуің керек басқаларға енді сор болмай.

Бірақ та, бірақ...
Махаббат – сұрақ мәңгілік,
Жұмбағын шешкен жүрегі жеткен нар жігіт.
Ғайыптан тайып жұмбағын шешсең,
не істер ең,
Ғайыптан тайып айнала ма өңге түс деген?..

ДИАЛОГ

Өмір мен Өлім ойда жоқ жерде жолыққан,
Әрине Өмір зәресі қалмай қорыққан.
Әрине Өлім, миықтан күліп қағытқан:
- Қаққанда түспей кеттім деуші едің тобықтан.

Қалайша бүгін қалғансың досым, қапыда,
Таңба ғой мұның – ақылың, айлаң, атыңа.
Кесімнен ерте кезіккеніңі аң-таңмын
Көбелекке ұксап көзсіздік жасап отыма.

Қуқыл ғой өңің, сынық қой тіпті сыңайың,
Иықтан басқан мезгілсіз бұл не уайым?!
Құлығың асса-ақ,
 кұлпырып қызыл түлкідей
Қуақы күліп шыға келуші ең ылайым...

Соныңның бәрі заматта қалай сап болған,
“Сақтансаң, сақтар...”, жөн дейтін ең ғой сақтанған.
Қалайша қажып, қалайша қалғып кеткенсің
Білмейтін бе едің,
калмайтынымды қапталдан.”

Білмейтін бе едің,
мен саған егіз өрімдей
Елестеп, бірақ еңсеммен басып көрінбей.
Саныңды сенің сабасына әкеп салушы ем,
Тәубаңның сенің топсасы болып темірдей.

Сонда да мені сұп-суық көрдің, жат көрдің,
Кездейсоқ талай кезігіп қалып жалт бердің.
Сытылып кетсең, “асырдым айла” дедің де,
Шырмалып қалсаң, астында қалдың “әттеңнің”.

Жазығым менің,
жазығым сонда не саған,

Ажалын жұрттың мен бе екен қолдан жасаған.
Екеуміз-дағы өлшеміміз уақыттың,
Біреуін - жарық, біреуін - түнек қоршаған.

Осының бәрін біле де жүріп,
алдадың,
Өзіңді-өзің алдадың жарық жалғаным!
Өмірдің Өлім иығына қарай асылды
“Тас түскен жерге...” ал, қалай екен салмағым?!”

Сол кезде Өмір құлында даусы шыңғырып,
Қылша мойынға түскендей келіп қыл құрық.
- Құтқаршы, - деді,- құтқаршы,- деді, - соңғы рет,
Өзінен-өзі жыларман болып қиылып.

Қиғылық атып қиылып Өмір сөйледі,
(Ақ көңіл бар ма Өмірдей аппақ жейделі).
Өмірдей қызу, өмірдей жылу от бар ма,
Тартқанмен қуқыл, болғанмен сұп-сұр кейде өңі.

- Алдаған жоқпын,
адалмын Өлім, саған мен,
Күйдірсең дағы күйелемеші таңбаңмен.
Табаларына тап болмау үшін күрестім
Тіршілікте мен залалдарменен, зауалмен.

Ессіздер менен ездерге кеуде көтердім,
(Сезімсіздерге дәрменсіз мен де екенмін).
Арамзаларды алдыңа жықсам деуші едім,
Япырай, қалай

итжығыс болып кетермін?!

Соларды жеңіп, соларды жығу үшін мен
Өзімнің кейде беделімді де түсіргем.
Сондықтан сенің алдыңда бекер шалқайып,
Алдыңда кейде бекерден-бекер кішіргем.

Әйтпесе, нем бар,
шалқайып сендей егізге,
Әр өмір сені келеді бір күн өзі іздеп.
Ал, кәне, мені, ал кәне мені бауырыңа
Баса ғой мені, баса ғой “қоңыр қозым” деп.

Құлында даусы шыңғырып шыққан әлгі Өмір,
Сабырлы күйге ауыса берді сәлде бір.
Өлім де сонда езуін тартып.. мырс етті,
Өмірді Өлім аяғаны ма әлде бұл,
Өмірден Өлім жеңілгені ме әлде бұл?!..

2.01. 1982 ж.

* * *

Дүние зыр-зыр
Көзден бұл-бұл
Дем арасы ұшар ма?
Қағып шылбыр,
Уақыт құрғыр
Келмей ме екен тұсауға?

Өткен-кеткен,

Көп селдеткен
Сарқыла ма сезім-сел?
Көп індеткен,
Көп күнге өткен
Ал, өкпеле, өзің сен!

Өкпеле де,
От денеңе
Сабыр күзет қойып қой.
Көктемеңе
«Кет» деме, тек,
Қоштаса біл кейітпей.

Тауға бас ұр,
Тасқа бас ұр,
Дауысыңды асыр, даурықпа!
Ұлан-асыр,
Ұлы ғасыр,
Ұлысың ғой, һәм ұмытпа!

ДЫБЫС НЕМЕСЕ

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ ТУРАЛЫ ЖЫР

Меніңше, бұл адам,
«Дың» еткен дыбыстан жаралған
«Дың» еткен дыбыстан –
Туатын «үп» еткен самалдан.
Тырс еткен тамшыдан –
Тырс еткен жасыңнан жанардан,
Сарт та сұрт найзағай жасылдан.

Іңгәдан,
Үһіден –
Жыласа мұңды адам.
Қуанса туатын дыбыстан –
Күлкіден.

Аққудың сұңқылы,
Бозторғай шырылы,
Қыранның саңқылы,
Ұлардың шуылы.

Осының бәрі бар бойыңда не керек,
Адамсың, ағажан, керемет!
Дыбыс қой қайғының үрейі,
Дыбыс қой бақыттың реңі,
Дыбыссыз соқпайды адамның жүрегі.

Ақын да дыбысқа табынар,
Атом да дыбыспен жарылар.
Завод та,
Құрылыс та,
Затың да, шегең де
Дыбыспен салынар,
Дыбыспен қағылар.
Бойыңда дүниенің дыбысы,
Дүниенің дыбысы –
Мөлдір үн, мөлдір ән,
Тартшы, аға,
 қайда әлгі
Ахмет Жұбанов сыйлаған домбыраң?

Қырық бес жыл ұстаған,
Құп-құйттай күрең сал домбыраң.
Қырық бес жыл басыңа қыстаған

Бағың ба, киең бе – құдірет,
Тартшы, аға, тағы да, тағы да бір рет.

Бір рет,
Бір рет,
Тек біреу.
Өнердің құдіреті – біреуде,
Бір рет – жандыру, сөндіру, от күреу.
Бір бала,
Бір бала,
Сол бала өзіңсің
Ахмет Жұбанов таныған –
тентектеу, тектілеу.

Ағажан түсінем,
Қырық бес жыл дыбысты «құраулап»,
Қырық бес жыл дыбыстан сыр аулап,
Жылмай жыларда
Күле алмай күлерде,
Өзіңнен гөрі сен,
Өзгенің жүрегін жиі аңдап
Өмір сүру оңай ма,
Дыбыспен қияладап.
Дыбыстың қиялын
Шындыққа жалғастыр.

Жүректің дыбысын
Жүрекке алмастыр.

Оңай ма?!
Ағажан, түсінем,
Тартшы, аға,
 қайда әлгі
Ахмет Жұбанов сыйлаған домбыраң!?

Тартшы, аға,
Есімнен тандыра!
Алқалы ел жиналсын алдыңа.
Алдыңа жинап ап халқыңды
Тойда да,
Дауда да
Бәрінде, бәрінде, бәрінде
Дыбыспен жинайды – дағды да.

«Дың» еткен дыбыстан жаралған, жан аға,
Қайда әлгі киелі домбыраң –
Шанағын сабала,
Сабала,
Сабала,
Сабала дыбысты,
Дыбысты бағындыр,
Дыбыстан тұрады шежіре – замана!
Дыбыстың иірімі арқылы
Айтамыз барлығын
Немере,
Шөбере,

Шөпшекке – балаға.

Жан аға, жаныңды аяма,

Аянба!

(Аяну – болды ма?!)

Қолыңда не нәрсе,

Таяқ па?...

Таянба!

Мә, саған домбыра!

ЕГІНЖАЙДА

Нәркен аға,

Ерке дала -

Егінжайда екеуіміз

Атбасарға,

Қоналқыға

бүгін... бүгін жетерміз.

Атбасарда -

ақ жеңешем

Шайын әлде... сағындың.

Ауылдарға әлденеше

«қонайық» деп жалындым.

Жоқ, қонбайсың,

Жол бастайсың,

Қой бастаған серкедей.

Тоқтамайсың,

Тоқтатпайсың

Алға түсіп ентелей.

«Алтын орақ,
Жатып қонақ
Бола алмаймыз біз кәзір».
Дейсіз маған,
Мен көз салам -
Қырмен жақта қыздар жүр.

- Әне, Самар,
- Әне, Атбасар
- Әне, Ақантау,
- Ақанкөл.

Жер аттарын ұзын-сонар
Жіліктеп кеп атайды ол.

- Ал жарайды,
тоқтамаңыз,
Тарт, агажан - көңіл жай.
Ішпей-жемей мас боламыз,
Айналамыз - егінжай.

EPTEK

Ерте, ерте,
Ерте, ерте, ертеде,
Жер бетінде болыпты бір жертөле.
Жертөледе тұрыпты бір жас жігіт
Тері киіп, құрақ төсеп көрпеге.

Мерген екен –

көз мерген де қол мерген,

Талай аңды алды-артына өңгерген.

Асқандығын теңестірет пенде жоқ,

Шапшаңдығын салыстырған желдермен.

Ауа таза, аспан ашық, кең әлем,

Бар табиғат соған шипа, соған ем.

Атса құлап,

қуса жеткен... керемет!

Жұмысы жоқ жүйке жейтін санамен.

Сол, сол мерген, тап сол мерген –

бір күні,

Көріпті бір қырдан қызыл түлкіні.

Қыл садақтың зымырапты жебесі,

Түлкі бірақ құламапты... күлкілі.

Қызыл түлкі қайқаң етіп

құламай,

Құйрық бұлғап мерген алдын бір орай.

Орғып, орғып жөнеліпті...

шыдамай,

Жігіт көзін ашыпты алғаш шырадай.

Жігіт көзін ашыпты алғаш шырадай,

Ойлапты алғаш: “кетті қалай құламай?”

Қызыл түлкі қылығы мен қулығы

Санасына қадалыпты сынадай.

“Дүние түлкі” – дейді қазақ,
ойдан бұл
Айта салған емес шығар байлам құр.
Ер жігітті есіркеп ап, дүние-ау,
Есінен бір танатындай ойландыр.

* * *

Ертелі-кеш ертеңімді ойлаймын,
Қандай рахат, кездесер деп қандай мұң.
Қандай рахат болса дағы қандай мұң,
Қарсы алудан тайқымаймын, танбаймын.

Қарсы аламын.
Тағдыр ма, әлде талан ба,
Рахат пен мұң екі бет қой медальға.
Рахат пен мұң жат болмаса екен тек
Адамзаттың қоғамында адамға.

Сонда, сонда -
мұңның рахат кезі бар,
Рахаттың да артар салмақ тезі бар.
Рахатыңның сыйла бәрін - ертеңге,
Қайғы-мұңның бәрін... бәрін өзің ал.

ЖАҚЫНДАСУ

Кең заманда,
қоғамда кемелденген
Жақындасу - жақсылық ел-елдермен.
Дәстүрлерді дәстүрлер дамытады,
Өнер өріс алады өнерлерден.

Салт-саналар бір-бірін жаңғыртады,
Жас қалалар көркейтіп жон-қырқаны.
Өмір сүру заңы ортақ жер бетінде,
Ғарышқа да ортақ қой жолдың қамы.

Ауамыздың жұтатын құрамы бір,
Суымыздың құны бір - сұрауы бір.
Жақындасу сондықтан керек бізге,
Жақындасу - уақыттың сынағы бұл.

Жақындаса аламыз қайтіп, қалай?!
Жақындасу - тайсалмай, тайқақтамай.
Жақындасау - жан беріп, жан аяспай,
Сертті бұзып, уәдені қайта аттамай.

Жақындасау - заманға зіл келтірмей,
Жақындасу - қоғамға кір келтірмей.
Туған ана -Отанды кірбің етпей,
Туған ана тіліңе тіл келтірмей.

Жақындассаң - жақындас, тап осылай,
(Ылдым-жылдым жақындық жарасы жәй).
Жақындасқан талайлар жазым болған,
Қасиетіне халқының жаны ашымай.

Кең заманда,
 қоғамда кемелденген,
Жақындасау жақсылық ел-елдермен.
Төрткіл дүние туысып кетсе егерде,

Көкке менің тиер-ау төбем жерден.

4.05.1981 ж.

ЖАСТЫҚ

Көктемгі бір өзеннің тасқынымысың

Көбігін көкке ататұғын көкек айында.

Жаз алыс.

Аптабы сорып бастығу үшін,

Жастық-ау, болсашы уайым бөтен ойында.

Жағада жап-жасыл құрақ, қурай да балдай,

Құсың жоқ шырқатпайтұғын, қондырмайтұғын.

Елесің кетерде жоқ та, туғанда бардай,

Жастық-ау, уақыт па едің қол бұлғайтұғын.

ЖЕР МЕН ҒАРЫШ

Ғарышты адам айналады шыр көбелек

Өр корабль - бір ғажап, бір керемет.

Корабльдер ғарышта түйісіп ап,

Бірін-бірі сүйрейді тіркемелеп.

Ғажабына ғарыштың үйреністік,

«Ұшты, қонды» дейтұғын күйге көштік.

Басқа әлем болса да мүлдем ыстық,

Құмырсақаға өзінің илеуі ыстық.

Жер жарықтық,

адамға әлі солай.

«Жер бетінің бәрі кент, бәрі сарай».

Десек тағы, ғарыштан көріп-білдік,
Жермен тұтас жүріппіз таныса алмай.

Құндақ етіп,
аяулы ұғымға сап,
Жерді аяймыз, аялап бүгінгі шақ.
Тарту күшін үзіппіз, тарпып-тарпып
Өз желісін өзі үзген құлынға ұксап.

Жер мен ғарыш,
болса да арасы алыс,
Жер қамы үшін ғарышқа жол асамыз.
Жер ананың туады ақ сүтінен
Ғарыштағы ғажайып тамашамыз.

ЖОЛДА

Қайқиған қырдың қарсаңы-ау деймін,
Сар кідір өгіз шаршады-ау деймін.
Бір білем шүйге біріккен жиде
Желкесін, сірә, жаншады-ау деймін.

Жаздың бір жолы қиын шағында,
Ырдуан арба ыңырсығанда,
Үргедек шіркей үйір боп қонып
Өгіздің ылғал құймышағына.

Шілденің шыбын-шіркейі шалдуар,
Құйрығын қағып үркеді жануар.
Шалқайып кетіп шыңылтыр аспан,

Сәулесін сәске бүркеді сәруар.

Жалғыз аяқ жол қосығындай –
Жараған өгіз арқасы қырдай.
Тобарсып таңдай, сілекей селдеп,
Аптапта кепкен аңқасы құмдай.

Аңқасы құмдай, айызы қанбай –
Кеберсіп қалған қызыл құмдардай.
Келеді өгіз кешеден бері
Үзіле де алмай, үздіге де алмай.

Көз сүзе қарап айналамызға,
Өгіздің жайын ойланамыз ба?
Май толы барлық ыдысты шандып,
Белтемірден ап байлағанымызда:

«Қақсал ғой жануар, қара өгіз шыдар,
Майымыз да аман баратын шығар.
Басқарма бізді бастан бір сипап,
Арқамыздан да қағатын шығар».

Көңілдей сағым көлбеңдейді алдан,
Сағымнан да асып серуендейді арман.
Көңілің – самал, көлігің – шабан,
Тымырсық ауа, жел келмейді алдан.

Сірке кірпіктің қарашығы аунап,
Қарайды өгіз дала шығанға...
Шабына бір кез шынашақтай жәндік

Албаты тиіп, алас ұрғанда.

Шыдамды жануар шайқалып қалып,
Шолақтау мүйізі қайқайып барып,
Молақтау құйрық шабына тиіп,
Науадай бітім найқалып барып,
Жұлқынған кезде, шайқалып қамыт,
Жөнелді өгіз тайпалып алып.

Күтпеген жерден қыра-сай келіп,
Даланың жолы ұрады-ай келіп.
Қыл арқан бас жіп тарта да тарта,
Қанады қолым қынадай болып.

- Қарғиық, - дедім, - майыпқа адам
Кездесуші еді ғайыптан әман.
Қайызғақ шаңға күрп ете түсіп,
Қозғалмай қалдым, тайып бұғанам.

Бауырына ап мойнын, мөңкіп те, мөңкіп,
Керуендей белі керіліп-керкіп.
Кетпендей тұяқ кенеттен тиіп,
Көк соқта құмды тебініп кертіп.

Қайырылмай тартып, құлаған бізге,
Жөнелді өгіз қыр, адыр түзге.
Әбдіра арба аударылғанда
Шатқаяқтап кеп құлады өгіз де.

Құлады өгіз де... талма түс кезде,

Қырық адым жерден тағдырын сезбей.
Бәріне төзген көнтері жануар
Шынашақтай жәндік кәріне төзбей.

Қалдық біз, жүрек ұрғылағанда,
Басымыз зеңіп, бір құлағандай.
«Аман қалдық» деп айғайлай да алмай,
Солқылдап сонда бір жылай да алмай...

ЖҮЙРІК - ТІРЛІК

Өтеді өмір.

Барлығын да көрерсің,
Өкінерсің, бекінерсің, көнерсің.
Жығыларсың, жүгінерсің, жеңерсің,
Жарысарсың: озып, қалып келерсің.

Өтеді өмір.

Барлығын да көрерсің,
Балдай ләззат, удай азап шегерсің.
Талай гүлдеп. Талай жүдеп семерсің,
Бірден емес, бірте-бірте өлерсің.

Өтеді өмір.

Барлығын да көрерсің,
Көре-көре дүниеге сенерсің.
Көзің жетер: өзіңе-өзің дұшпансың,
Өзіңе-өзің демеушің мен жебеушің.

Көзің жетер,
көзің жетер бір күні,
Өзіңе-өзі жеткізбейді тірлігің.
Жүйрік - тірлік!
Жеткізбесең - жеткізбе,
Ұрпағыма іліксін тек - шылбырың!

17.08.81 ж.

ЗАМАНДАСҚА СЫР

Замандас – сырлас,
сырыңды аш,
Сырласпай жүрек жылынбас.
Ғасырлас, мұңдас, ғұмырлас,
Тамырлас, түптес, буындас
Ұрпақпыз –
Біздер заманның
Жалында емес қанында,
Қанында ойнап суынбас!

Қанында заман ойнатса,
Жанының біз ғой жылуы,
Арының біз ғой тұнығы,
Бағының біз ғой тұғыры.
Заманға – бәрі перзенті,
Болмайды кішік, ұлығы.

бәрі замандас,
Ал заман – негіз түбірі.

Заманыңа тіл тигізсең,
Түсерсің өзің табанға.
Заман да бірдей, анаң да,
Анасына тіл тигізген
Адам ба, тәйірі, адам ба?...

Замандас,
мүмкін екеуміз
Бөлекпіз мүмкін, бөтенбіз.
Бөтен-ақ болып өтерміз,
Мекендеп Жерді,
еншілеп,
Бөлек те бөлек етерміз.
Замана – уақыт,
уысқа
Сыйғыза алар ма екенбіз?!
Заманның – бәрі тұрғыны,
Дей алмас ешкім: «бөтенбіз».

Бөтені жоқ қой уақыттың,
Шеткері де жоқ заманға.
Заманға айтсаң – айтқаның
Замандас әрбір адамға.
Қоғамың – Отан ең ыстық,
Заманың – уақыт, кеңістік.
Ортақпыз тегіс Заманға.
Замандас,
заман ортақ қой
Маған да, саған, оған да!

**ЗЕРДЕ НЕМЕСЕ АКАДЕМИК
ТЕМІР ДАРХАНБАЕВ ТУРАЛЫ ЖЫР**

Саздыәйет туған жері Тобыл бойы,
Тобылдың томарындай шағын бойы.
Шаппа-шап шапашоттай алып түсер
Айтысса – айтқаны дәл, шалымды ойы.

Бірақ та шапшаң мінез, шыж-быж емес,
Тез шешім – болмысының тізгіні емес.
Ғылыми советтерде бір-ақ сөйлер
Болса да жүз күн айтыс, жүз күн егес.

Мұнысы – бей-жайлығы емес бірақ,
Жүрмейді талас, тартыс, егес құрап.
Кей-кейде академик басыменен
Қалады хатшы қыздан кеңес сұрап.

Мұнысы –

«көп білемі» жоқтығынан,
(Кішірмес академик аты бұған).
Қорғаған кандидаттық,
соғыс жылы
Сабын ап сексеуілдің тотығынан.

Мұнысы –

табиғатты танығаны,
Тылсымын тез аңғару дарығаны.
Тыңайтқыш іздеп кейде тың далаға
Қотанның сары қиын сағынады.

Мұнысы –

бала кезден қой баққаннан,
Мал күтіп, құрт-ірімшік қайнатқаннан.
Тепе-тең табиғаттың заңдылығы
Тағдырын даласының ойлантқаннан.

Омбыда он бесінде хат таныған,
Сонда да озып кеткен қатарынан.
Жинаған тәлімі көп,

санай қалсаң,
Жетпісте маңдайдағы қатпарынан.

Тұрғанда талай-талай бағы аспандап,
Болған жоқ жұртты алалап, санасқан гәп!
Андыздап Академия алдында әлі
Тұрады кеңескелі сан аспирант.

Қумаған ешбір мансап, ешбір атақ,
Еңбегін еш еткен жоқ ешкім отап.
Болатын студенттер мекен-жайы
Ректор кезінде де кешкі жатақ.

Сол аға жетпісінді кетті көктеп,
Жүректің қақалғанмен оттығы ептеп.
Қазақта атауы жоқ бір ғылымға
О, шүкір, осы кісі – текті мектеп.

Қазақтың даласының табиғатын
Сан ұрпақ өзді-өзінше таныр бәлкім.
Сол кезде еңбектері салар еске
Тобылдың томарындай шағын қарттың.

ҚАРЛЫҒАШ ДӘУРЕН

Қарағым, біздің баста да,
Қарлығаш дәурен көп тұрмас.
Қанатсыз қалсақ,
масқара,
Қанаты барлар жақтырмас.

Көнбей-ақ желдің иіне,
Қонбай-ақ жапан түздерге.
Ұшайық,
байтақ дүние,
Жеткізер болса біздерге.

Бар шығар біздің жолда да,
Ылдилар менен ылайлар.
Қиын ғой ұшу,
 сонда да,
Жете алмаймын деп кім ойлар.

Бар шығар шөлде бізге бір,
Жалтақтап жүрген жүргінші.
Терілмей қалған
 түзде бір,
Мұрныңды жарар гүл иісі.

Жапан далада жаз болар,
Жалғыз үйлерге жетейік.
Шаңыраққа қону аз болар,
Ұя да салып кетейік.

Қол бұлғап бізге,
 әр жақта,
Сағынтып қалған екенбіз.
Бұрылмай қалай кетерміз,
Бір қонбай қалай өтерміз.

Манадан ұшқан жеріміз,
Қозы көш қана секілді.
Мезгіл ме,
 мезгілдеріміз
Еңкейіп кеткен екінді.

Қонбай-ақ желдің иіне,

Қонбай-ақ жапан түздерге.
Ұша берейік, дүние
Жеткізер болса біздерге.

Қарағым, бізді баста да,
Қарлығаш дәурен көп тұрмас.
Құласақ жер ғой – баспана,
Жер бізді көкке лақтырмас.

КЕЛДІ ШЕШЕМ АЛПЫСҚА

Келді шешем алпысқа
Мен қырыққа тақаумын.
Шешем елде – алыста
Мен қалада.

Отаумын.

Қара шаңырақ орнында
Отыр шешем қалқайып.
Үлкені елде, мен мұнда
“Қос қараға” марқайып.

“Қос қарасы” – екі отау,
Бір-бірінен тұр бөлек.
“Тағдыр бөледі екен-ау,
Өсірсең де бір бөлеп...”

“Ауылдағы ұл уайым –
Ылғи алыс сапарда.”

Қаладағы ұл уайым –
Қосылды ма қатарға?

Ауылдағы ұл уайым –
Ел басқарар қалпы жоқ.
Қаладағы ұл уайым –
Дақпырты бар, даңқы жоқ.”

Деп ойлайтын күн артта
Қалды кәзір, “о, тәуба!”
Немере көп – бірақ та
Екі бөлек отауда.

Екі уайым, екі үміт
Түсіп талай шарпысқа.
Кетті ұлдары жетіліп
Келді шешем алпысқа.

Келді шешем алпысқа
Бара жатыр жүдеп тым.
... Немерелер әр тұста
Тамырындай жүректің.

03.01.1982 ж.

КЕЛЕДІ БІР КҮН МАХАББАТ

Ерте ме, кеш пе, келеді бір күн Махаббат,
Болмысыңды да жеңеді бір күн Махаббат!
Көктемгі нөсер, мүмкін ол – күзгі ақ жауын,
Сездірсе болды қалғаныңды әбден қаталап.

Сезінсең болды – әжім жүзіңе өң кіріп,
Сезінсең болды – сезімдеріңе сең жүріп.
Сезінсең болды – жүрегіңе алмай сәл күдік,
Махаббат сол ғой,
қас қағым сәттік – мәңгілік.

Келер ол мүмкін – түсі аппақ қырау қар болар,
Еридi қар да, несі бар одан қорғанар.
Табиғатыңның тілеуіменен туса егер
Табиғатыңа табиғат өзі жар болар.

Ерте ме, кеш пе,
ертең бе, әлде бүгін бе,
Басыңа келмей кетпейді ол түптің түбінде.
Боз өкпе бала, әй,
Махаббат іздеп жүгірме,
Боз шулан ағай,
Махаббат жоқ деп түңілме!

КЕЛЕДІ ӨСПІ БІР БАЛА

Алыста - алыс,
алыс бір түкпір ауылда,
Қырық-отыз түтін қарға тамырлы қауымда.
Әдеті-салты қазақтың қалпы кәдімгі,
Қысы да, жазы ниеті шаруа қамында.

Ауданнан алыс, облыстан да одағай,
Бір жағы құмайт, бір жағы шөлейт жадағай.

Бір жағы қорым, бір жағы құрдым үрейлі,
Қысы да қапыл, жазы да жазым жағалай.

Қонысы оңды, малдары қоңды сонда да.
Жетеді бәрі, жетпейтін еркек қол ғана.
Ересек еркек шетінен тегіс жарымжан,
Ал біздер болсақ...

ал біздер әзір - ерқара.

Мектепке бардық.

Елу бірінші жыл биыл,
Бітік боп өскен егін бірінші жыл биыл.
«Келмей ме көкем?!»

Есімде сұрақ қойғаным
Жеңгеме қарап менің бірінші - бір бүйір.

Келмей ме көкем?!

Келетін болса, келмей ме,
Намыстан жанып кете жаздаймын мен кейде.
Шолақ басқарма байлайды атын белдеуге,
Шіптадан сусын құя бастайды жеңгем де...

Алыста - алыс,

алыс бір сондай түкпірде,
Соғыстан соңғы тірілікпенен жұп бірге.
Келеді өсіп, келеді өсіп бір бала,
-Түбінде, - дейді, - түбінде,- дейді ол, - түптің бе?!.

МАМА ҚАЗ НЕМЕСЕ
МАРИЯМ ХАКІМЖАНОВА ТУРАЛЫ ЖЫР

Мама қаздай Мариям апай –

мамамыздай Біздердің,

Ақын жыры – ана сүті.

Әлдилеген санамыздай Біздердің.

Айналайын тегіңізден,

түзде өскен түбіріндей дүзгеннің

Айналайын есіңізден, адаспаған арасында

қиыр-шиыр іздердің.

Айналайын апатайым, тағдырыңды түсінем,

Ақындықтың аруағы үшін алаң болмай

пенделіктің ісімен.

Кішілерден кіші болған кездеріңді түсінем,

Алыптардан именбей-ақ қатар тұрып, қатар айтқан

сөздеріңді түсінем.

Мама қаздай керуен бастап – ұшқан ұзақ сапарың,

Ақын – құс қой, ақын апа!

Біледі жұрт ұшу заңы қаталын.

Ұшпаған соң ойлайды жұрт: «Ұшу деген рахат!»

Ұшып көрсін,

Құлап көрсін.

Аямайық!

Алсын сосын дүрілдеген атағын.

Ақын – құс қой, айтшы апатай,

басына бақ қона салған кенеттен,

Жылы жақта жүре ме екен жанын күтіп қыста ол.

Алтын құс па, айтшы апатай,

басына бақ қона салған кенеттен,

Астына тақ сала салған әлдекімдер
көпшік етіп себеппен.

Жоқ, әрине!

Олай емес, олай емес, емес екен, о, тоба!

Баққа, таққа әуелден-ақ жоламапсыз,
жолама!

Табиғатың талант берсе, тағдыр берер Заманың,
Келсе өзі, қонса өзі қарсы алмасқа бола ма?!

Әдетіңіз бізді кейде еркелете қамшылау,
Сәл лепірту, сәл тұқырту, сәл мадақтап, сәл сынау.

Өттең, апа-ай, ақынсың ғой, әкім болсаң егерде,
Қара қылды қақ бөлетін әділ қазы жансың-ау.

Мама қаздай Мариям апай – мамамыздай Біздердің,
Біз, ақындар, сәл лепірсек –
түсетұғын сабамыздай Біздердің.
Ардақты апа, аман-сау бол, жүзін көрші жүздердің.
Біреулермен салыстырсам... бір күні,
Басып кеткен ізінді де іздермін.

МӘҢГІ ТОЛҒАҚ

Адам қызық.

Пенде ғой адам деген,
Күресесің өзіңнің санаңменен.
Күрмелесің өзіңнің мінезіңмен,
Құрмет тұтар - қоғамың бағаңменен.

Баға деген - бағыңның алғышарты,
Бағалады-ау дей көрме,
жалқы-жарты.

Жалқы-жарты бағалау жарым ырыс
Азаматқа болсын да халқы тәнті.

Халқың сүйсе,
халқыңды сен сүйгенің,
Еңбегіңе береді еншіңді елің.
Қоғамыңмен санасып, кешірерсің
Халқыңның сен кешпеген кей сүрлеуін.

Ол кінә емес.
Қоғамның дамуында,
Өткен-кеткен ... орнымен жаңғыруда.
Өкініш жоқ өткенге,
тек өкініш
Болмасын де болашақ тағдырында.

Жатпай-тұрмай соны ойла,
сонда ғана,
Бізге де аға боласың, елге де аға.
Халқы бір күн төбеге көтергенде
Басы айналған «бақытты» пенде ғана.

Пенде болма,
ел қамын ойлағанда,
Және айналып кетпеңіз пайғамбарға.
Адам - пенде,

Халқының сүйіктісі
Көктен түсті дейсіз-ау қай жалғанда.

Сүйіктісі халықтың өз ұлы ғой,
Сүйгізетін санасы, сезімі ғой.
Азамат та ана ғой,

халқын сүй -
Мәңгі толғақ, толғаққа төзуі ғой.

МАХАББАТ МҰҢЫ

Қайрат Байбосыновқа

«Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде»,
Дегенде,

ән бүлкілдеп кең көмейде.

Баяғы бір махаббат мұңыменен

Пай... пай... пай,

періштедей пенде кейде.

Бұл әннің шыққан кезі, заманы ескі,

Ал кәзір қоғам басқа, сана да өсті.

Ескі әннің ескірмеген мұңы бірақ,

Ескіру махаббаттың заңы емес-ті.

Ә, бәсе!

сол екен ғой баяғы мұң -

Жүргені бойымызда бояуының.

Ә, бәсе!

«Қайрат қайдан қағып алған»,

Деуші едім, «баяғының қаяу үнін...»

Қайрат-ау,

«Қарғам-ау»-ға салғанда сен,

Мәңгілік мұны өзгермес жалған кешем.

Кетердей махаббаттың мұны өзгеріп,

Егерде «Қарғам-ау»-дай ән бар десем.

«Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде»,

Деп алып,

демінді бір демдегенде.

Махаббат мұңын көрген Адам болса,

Қарайды төбесінен пенделерге.

10.05.81 ж.

МАХАББАТ ТЕЗІ

Әуелде сені ойлаған жоқпын сүйем деп,

Игеріп мені әкетеді-ау деп иемдеп.

Жүйкемді бұлай алар-ау,- демей жүгендеп,

Жігіттік шаққа болар-ау,- дегем бір ермек.

Ойымның тегіс ойранын сәтте шығардың,

Құрдымына әкеп сүңгіттің мені құмардың.

Азабыңды да, ғазалыңды да құп алдым,

Мұхитын кештім Махаббат деген мұнардың.

Есімнен танған еске алсам кейбір шағымды,

Уысыма ұстап тұрғандай құйттай лағылды.

Және де содан айрылып қалар адамдай

Және де соған салатын едім жанымды.

Жанымды салып,
жанымда болған кезінде,
Теңемес едім жұмақтың оған өзін де.
Еш адам сенбес - тәттілік бар ед тәніңде,
Еш адам көрмес - пәк қылық бар ед көзіңде.

Еш адам сезбес еркіндігіңе кез келдім,
Еш адам төзбес тентектігіме тез болдың.
«Сүйемін» дедің, сен дағы маған сөз бердің,
Сүйетінімді мен сонда ғана сезгенмін.

Тең тартып едік тасындай - Тағдыр безбеннің
Тауқыметтерге тәтті еді-ау бірге төзген күн.
Салмағың, жаным, жеңілдеп неге өзгердің?!.
Махаббат - күрес,
Әрекеті емес ездердің.
Жеңілдегенің - жеңілгенің бе, жарығым,
Уәдеңнен тайып - шегінгенің бе, жарығым,
Тегеурініне төзе алмай темір тездердің.

* * *

Мертіге жаздап, мерт бола жаздап кенеттен,
Қаламын аман қалтылдап құйттай себеппен.
Соққанда дауыл солқылдап басын жерге ұрып,
Айрылмай қалған айыр бұтақтай теректен.

Қаламын аман.

Қорқамын жаман соңынан,
Бір күні бірде «шарт сынам-ау» - деп, торығам.

Сақ болып біраз, сақтанып біраз жүрем де,
Сап етіп тағы кездейсоқ кепке жолығам.

Қаламын аман.

Қорқамын жаман тағы да,
Кездесер себеп, кезігер салдар бағыма.
Тірлігім менің сан жеткен күні таусылар
Тіршіліктегі себеп пен салдар санына.

* * *

«Мынау - бақытты, мынау - бақытсыз»

Деуге болмайды,

пайым-парықсыз.

Дүмеп жатпайды тойың дамылсыз,

Думан болмайды уайым-налусыз.

Тойдың барлығы бақыт тойы емес,

Бір сәт көрген мұң мәңгі сор емес.

Бақыт - мәңгілік емес татулық,

Қайғы - мәңгілік емес төбелес.

Біреу - бақытты жылап тынса да,

Біреу - бақытсыз күліп тұрса да.

Бақыт біреуге өткен бір күні,

Бүгін басына жұмақ туса да.

Түсі қайғының түндей қара ма,

Түсі бақыттың таңдай бола ма?

Солай сіңгенмен шартты санаға,
Бұлай деуіміз - нақты баға ма?

... Жоқ, жоқ әрине,
нақты баға емес,
Бақыт кей-кейде тәтті бал емес.
Қайғы дегенің қара тұз емес
Нақты теңеулер сәтті, дәл емес.

Бірақ екеуі - егіз,
бары рас,
Бірі-бірімен бақталас, жаны қас.
Жалқы жүрекке жұп боп ұялап,
Бірі-біріне тәкаппар, танымас.

Жұмыр баспенен көріп екеуін,
Кезіп келеміз -
дүние мекенін.
Адам адамға тіріде айта алмас
Кімнің бақытты,
Кімнің бақытсыз екенін...

02.05.1981 ж.

* * *

Өмір – түйткіл.

Жаңа-жаңа аңғардым,
Көбі-көбі алдамшы екен арманның.
Көбі-көбі көбік екен сезімнің,
Көбі-көбі рас екен жалғанның.

Олай деген дүниені кейде былайлау,
Тұнық деген дүниені кейде ылайлау.
Ұлағат па деп қалғаның ұрандау,

О, ғажайып,
 сонда да бұл Ұлы өмір,
Таразысын тең таратады, біле-біл.
Таразының тастарымыз, орныңды
Біле білу, нағыз өнер, міне, бұл.

* * *

Өтеді де кетеді екен уақыт,
Жылағанды алдарқатып, жұбатып.
Мейманасы тасқандарды жылатып,
Тауды тас қып, тозаңға оны уатып,
Өтеді де кетеді екен уақыт.

Бәрі - өткінші,
Балдай бақыт, удай мұң,
Мен сондықтан сағым-бақыт қумаймын,
Мен сондықтан сұм-қайғыға
қыңбаймын.
Сыбағама тартса өмір қайсысын,
Сыйдай көрем, сыртқа теуіп
тұрмаймын.

Алаламан,
 адамға тән еншіні

Емес олар ешкім жекеменшігі.
Балдай уақыт, удай мұнның уызы -
Көздің жасы - бір дүние туысы,
Біл жүректің перзенттері - дұрысы.
13.09.81 ж.

САРЫ АЛА ЖАПЫРАҚ

Күз келді тағы...

саудырап сары жапырақ,
Сары ала сәуле сарғайды күллі атырап.
Кешегі анау - желегі жалау көк терек
Сып-сида болды,
қаққанша қасты қапыда-ақ.

Мезгілдің лебі демімен кеше үрлеген,
Көктерек еді -
көзімді қарып гүлдеген.
Мезгілдің көркін - мезгілдің желі «тонауын»
Түйсігім жетіп түсіне алмаушы ем мүлде мен...

Күз келген сайын келуші ем терек түбіне,
Теректің жүдеу қараушы ем аяп түріне.
Табиғаттың бұл қаталдығының «тіліне»,
Таба алмай жауап өтем бе деуші ем тіріде...

О, таптым, таптым!
Жалғыз-ақ екен жауабы;
Топыраққа - жапырақ тыңайтқыш екен дауалы.
Сары ала күзде саудырап жатқан жапырақ

Жүрегің сазып сағынтқан көктем хабары.

1981 ж.

СЕБЕП

(баллада)

Ашхабадта жерді сілкіп зардап жұт,
Қас-қағымда қалды сол жыл зарлап жұрт.
Көрші үйлерге тұтас келген апаттан
Тұтам өмір қалғанына таң қалдық.

Екі көрші үй –

ортасында ортақ бақ,

Қалың баққа өте алмайтын өрт аптап.

Мәулетті әулет –

екеуі де өскен үй,

Демалатын бақ ішінде жер баптап.

Екі әулеттің ең үлкені – қарт ана,

Жетпісте еді.

Екі үйге ортақ ортада.

Ең кішісі – екінші үйде жеті айлық,

Іңгәлайтын дауысынан бал тама.

Қақпасы бір, бақшасы бір есікте,

Ортақ ана алдын бірі кесіп пе?..

Таласатын екі әулеттің баласы

Тербетуге ортадағы бесікке.

Бір кіндіктен тумаса да, екі әулет,

Бір босаға, кеткендей бір отау боп.
Жұрт айтатын: “шын татулық осы-ау” – деп,
“Бір шаңырақ қой, екеу деген аты-ау” – деп.

Түркменнің бір әшмүңке көк шайын,
Ал немесе бір кездеме батсайы.
Бірі әкелсе: “сен іш, сен ки” десетін,
Есептемей тиын-тебен, ақшаны.

Бір-біріне көздің іңкәр нұрымен,
Ымыраласқан, ынтымақпен жібiген.
Баянды бұл татулық ед не деген,
Байланғандай жүректің қыл жiбімен.

Таңғажайып –
таңғы түстей тәтті өмір,
Кім ойлаған сап болар деп сәтте бір.
Сол күні апат – алай-түлей Ашхабад
Алай-түлей от оранып жатты өңір.

Екі көрші үй солқ еткенде сол алап,
Қақ жарылды,
жапырылып, домалап.
Оның несін... оның несін айтамыз,
Қос шаңырақты жұтты көзсіз жаманат.

Жо... жоқ, тоқта!
Табиғатқа таң қалма,
Кездейсоқтық себебіндей заң бар ма?!
Жетпістегі ана – баққа кетті ұшып,

Бала жатты мәуелі бақ – албарда.

Аруақтай ана жеңіл болғаны-ау,
Періштедей бала жеңіл болғаны-ау.
Алапат күш лақтырғанда екеуін
Бір алақан аман алып қалған-ау.

Қағып қалған бәлкім бақта жапырақ,
Қағып қалған бәлкім туған топырақ.
Сыртқа екеуін терезеден лақтырса,
Баласы мен әкесі деу мақұл-ақ.

... Қатал тағдыр кәріне ана қасарған,
Жетпісінде белді буып жасарған.
Тамырына қан жүгірген...

ал сәби

Уызына тойып қайта шашалған.

Аңыз емес, ертек емес – бұл шындық,
Мұндай шындық болмасын деп күрсіндік.
Ашхабадта – алты ұлдың әкесі
Сол “сәбиге” кездесіп қол ұмсындық.
1981 ж.

СЕЗІМ

Сезімімді сергелдеңге түсірдім,
Сезінуден ұшықтым да, ұшындым.
Сезімімнен ұшық алдым, тұшындым,
Сезім, сенің – құлыңмын да, құсыңмын,

Сезім, сені жаңа-жаңа түсіндім.

Кейде баймын,

кейде саған қысырмын,

(Қысыр қалған кездерімде қысылдым).

Мәрт кезінде мерт кезі бар мысыңның,

Кейде сақсың сауысқаннан бетер сен,

Сезім, сені жаңа-жаңа түсіндім.

Кейде от қып, кейде күл ғып ұшырдым,

Кейде тікен, кейде гүл ғып ұсындым.

Айырмасы нәсілің мен түсіңнің,

Айғағы емес нәпсің менен ісіңнің.

Сезім, сені жаңа-жаңа түсіндім,

Түсінгеннен өз-өзімнен қысылдым,

Қара тер боп суындым да ысындым.

* * *

Сен қайдасың,

мен қайдамын бұл күнде,

(Мүмкін сенің келмес оны білгің де...)

Жүрегінде гүлмін яки тікенмін,

Кездессең де басы алтын бір дүлдүлге.

Жүрегінде гүлмін яки тікенмін,

Жүрегіңе біткем,

бірге бітермін.

Шешімі жоқ сауалың боп мен сенің

Жүйкеңді әбден жұқартармын, түтермін.

Сен қайдасың,
мен қайдамын... белгісіз,
Оттай дүние опасызы-ай болды сыз.
Махаббатқа естен танып,
ес жисаң,
Тірілгенмен, тірі өліксіз - енді сіз.

СУ ЖОРҒА УАҚЫТ

Уақыт желіп жортып, желіп жортып,
Жылдардың біраз-біраз белін көрдік.
Өмір кейде айдардан желін «желпіп»,
Талай-талай көрсетер «тегін» қорлық.

Жә, тәйірі, оқасы жоқ, оның бәрі –
Нар көтерер жүктер ғой жолындағы.
Ештеңе емес жігіттің сүрінгені,
Ештеңе емес адасып, жаңылғаны.

Арам тер деп ойлама оның бәрін,
Оның бәрі – соқпағың, соңыңдағың.
Сол соқпақты қайтадан қайталасаң,
Әне, сонда болғаны сорың қалың.

Қайталамау керек-ақ, қайталамау,
Байқа, әке,
Байқа, ата,

Байқа бала-ау!

Үзеңгілескен ұрпақтың ырқын алып,

Су жорға уақыт шайқайды-ау.

шайқалады-ау...

ТӘУЕЛДІ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Махаббат деген - жүрек пен мидың «шаруасы»,

Жүрек пен мидың бағасыз сиқыр саудасы.

Келеді бітпей, келеді жүріп мәңгілік

Мәңгілік бітпес - бітімнің басы, дау басы.

Махаббат іздеп өтеміз біздің бәріміз,

Маңдайға жазған тағдырымыз сол - заңымыз.

Махаббат болып айналып бойда қанымыз

Махаббат болып тататын, татар дәміміз.

Алмасып жатыр,

ауысып жатыр күнбе-күн,

Махаббат шығар жылағаның да күлгенің.

Махаббат шығар жинаған дүние тірнегің,

Махаббат шығар тәтті үміт күтіп жүргенің.

Осының бәрін Махаббат еді демей-ақ,

Махаббатты іштей - тәтті бір түстей аялап.

Махаббат іздеп өтеміз біздер мәңгілік

Қалғандай оған мінеки, міне ...

таяу-ақ.

Мәңгілік іздеп

мәңгілік үзбес күдерді,

Махаббат бізге салған бір бұғау шідерді.
Махаббатқа адам тәуелсіз қалған кезінде,
Сыпырып таста,
адамдық, ардан жүгенді.

Махаббат, сенің сәуленді көргім келеді,
Сәуленді көрген әуелгің болғым келеді.
Тәнім мен жаным, санам мен ойым тәуелсіз,
Махаббат, сенің тәуелдің болғым келеді.
11.04.1981 ж.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Өле-өлгенше тигенше жерге басым,
Менің темірқазығым сен боласың.
Бағдарымның бір сәтке бұлжысаң-ақ,
Тайып мен де кетемін,
таң қаласың.

Мен жердемін,
әрине, көктесің сен,
Көкте туып, жұлдызсың көкке сіңген.
Мен жердемін,
ауытқып толқығанмен
Жаңылмаймын сәулеңнен дөп түсірген.

Мен ауытқып толқысам - сәл адасау,
Сен ауытқып тумасаң - қара басу.
Жеті қат көк, жекен су Жерде бірі
Қандай ғажап,
сенісу, араласу.

25.04.81 ж.

ТУ ТУРАЛЫ ЖЫР

Туыңды көтер,

туыңды көтер, туыңды!

Туыңды көтер, таптатпау үшін тұғырды.

Неліктен ерлер көтеріп туын жығылды,

Неліктен елдер астына тудың жиылды.

Осыны ойла...

туыңды көтер жоғары,

Туыңды көтер салтанаттарда саналы.

Жарыста озсаң, аласың қызыл жалауша,

Туменен түстес галстук балаң тағады.

Тулары бірге адам мен адам табысса,

Неліктен туды теңейміз ар мен намысқа.

Жеңіспен алған жерлерге неге қадаймыз,

Неліктен оны жібереміз біз ғарышқа.

Жүректе - шындық.

Шыққанда шындық жүректен

Жүректі және теңейміз туға дір еткен.

Неліктен туды көтерген әлем құлдары

Шынжыры бір сәт босаған кезде білектен.

Адамзат - болмыс,

жаралған күрес - қайнардан,

Революция қаны ғой - мәңгі айналған
Неліктен біздің революция тулары
Жүректің ісін,
жүректің түсін байланған.

Отаның - біреу,
Жүрегің - біреу,
Ту - біреу.
Сондықтан жөн ғой «жүректен туым туды» деу.
«Туыңдай берік бол!» - дейміз біздер сондықтан,
Рахат қой тудай - желбіреп, жану, үлбіреу.

Туыңдай берік, туыңдай нәзік бола алсаң,
Туыңды ұстау - аманат саған, саған сән!
Туыңды көтер,
туыңды көтер, туыңды
Өз Отаның мен өз жүрегіңнен жаралсаң!

ТЫҢНАН ТУҒАН ҚАСИЕТ НЕМЕСЕ НҰРҒАБЫЛ МӘЛГАЖДАРОВ ХАҚЫНДА

Қаперге өсек-аяң сөзді алмайтын,
Қолпаштап мақтағанға мәз болмайтын.
Кәдімгі құйма мінез қазақ осы,
Қара жер қозғалса да, қозғалмайтын.

Ал енді шару десе –
шырайлы адам,
Баладай, бал жүзіне нұр ойнаған.
Жаңағы маңғаз мінез қас қағымда
Мұнша тез өзгерер деп кім ойлаған.

Нақты сөз – орысша орам тіл ұшында,
Шалт мінез шешіміндей тұрмысында.
Мінеки, тыңнан туған қос қасиет,
Әуелде болмаса да тумысында.

Сөзге мәрт – айтқан сөзі атқан оқтай,
Намысшыл, намыстанса бет қаратпай,
Тілсіз бір қара күштей қарпып-қарпып
Жасайды қолға алғанын тап-тұйнақтай.

Сонан соң миығынан бір-ақ күліп,
Кепкасын мыж-мыж болған лақтырып,
- Ну, давай, демалайық, - дейді, - кәне,
Бойына лезде бір қуат кіріп.

Қонақжай – жиылмайды дастарқаны,
Қонаққа кәдесімен бас тартады.
Бәйек боп Ботан жеңгей қыста келсең,
Баптайды сере қазы, жас қартаны.

Ақылы Ақантаудың бауырында,
Өкілі – отыз ұлттың ауылында.
Бір кезде Құлагерлер жортқан жонның
Толқиды дән теңізі сауырында.

Ер диқан сері Ақанға үрім-бұтақ,
Сонысын білу үшін бүгінгі ұрпақ,
Салдырып сабантойда «Маңмаңгерге»
Отырар бір жадырап, бір жабырқап...

Баруға құмар емес облысқа,
Озаттар облыста жолығысса,
Жарыстас талай жылдан Довжик досы:
- Озуыңмен! – деп келіп, қолын қысса,
Бұл да қарап қалмайды:
- Сіз де озарсыз,
Дейді:– Сізден қайткенмен қолым қысқа...

Аға алдында әдепті, қыз мінезді,
(Аға дағы жек көрмес ізгі сөзді).
- Ну, да, - дейді, - кім озсын,
«тыңгерлер» - деп,
Бір атаумен атайды, сізді, бізді.

Дейді дағы,
екеуі қолтықтасып,
Миллиардтың буымен шалқып, тасып,
Кіре берер «Целинник» Сарайына
Дөп қағытып бір-бірін, дәл құптасып.

...Қара барқын даладай күрең өңді
Сарыарқаның сауырындай сүбе жонды.
Болмысы бар буыршын мұз балақтай,
Шаршағанда көп көрген түлегенді.
Алғысы бар қоғамға, заманаға
Соны айтуға мінеки... міне келді.
- Ну, да, - деп қап бұл жолы Мөлгаждаров
Съездер Сарайына кіре берді.

* * *

Ұстараның жүзінде жүрсін, жаным,
Бойжеткендей кінәмшіл қымсынғаның.
Қысылғаның ұнайды, қымсынғаның,
Қымсынуда білемін тылсым барын.

От шарпыған қанатын көбелегім,
Көбелегім, көзсізсің, демек едім.
Көріпкелі болады көзсіздің де,
Табиғат пен тағдырдың жебегенін.

Көріпкелі болады көзсіздің де,
Аман қалдық... сан рет ессіз мүлде.
О. Махаббат тәңірім, өзің сақта
Сені, сені берген жоқ ешкім бізге.

Кінәланба, қорланба, қапаланба,
Өкінгенмен онысыз опа бар ма?
Тек махаббат сыйлайды ортақ өмір
Бірер мезгіл, бірер сәт екі адамға.

... Туса перзент, дүниеден өтсе бір ұл,
Бір қуан да, артыңа өксіп, бұрыл.
Найза ұшында, жүзінде ұстараның
Өтер-кетер, қайтейік, өстіп ғұмыр.

ШАРУА САНЫ

- Ғажап, - дейді, - космостан қарасаң,

Жер бетінде жыртылған жер орасан.
Жыртылмаған, игермеген жеріміз,
Он есе артық -
өлшеп егер санасаң.

Демек, бізге Жерде жұмыс жетерлік,
Жер -анамыз жомарт еңбек өтерлік.
Жер өнімін алалайтын адам ғой,
Ал, әйтпесе, жасамас жер жоқ бөтендік.

Есептеші,
қанша бетпақ шөл жатыр,
Құрдымдарға құйған қанша көл қапыл.
Мұхит біткен бар байлығын теп-тегіс,
Бағаласақ бермек бізге, көр де тұр...

Тек бізге әлі керек текті қасиет,
Жер анаға жасап жоқтан қасірет.
«Кінәлі оған уақыт деп, ғасыр деп»
Әлдекімдер даурығады тас жүрек.

Жер-ананың құнары сел кезінде,
Әлдекімдер мұнары - сор көзінде.
Іздеп жүрген «жұмағы» сол -
жоғалтпақ,
Жерді, Бізді, өзгені де, өзін де.

«Жоқ... жоқ болмас,
жер жоғалмас» десек те,
Атом күшін, ғасыр күшін есепте.

Әлдекімдер май құяды бір өртке,
Әлдекімдер су құяды көшетке.

- Ғажап, - дейді, - космостан қарасаң,
Игерусіз жер он есе - орасан.
... Жерде жұмыс жетеріне сенесің,
Бақшаңдағы шаруаң санын санасаң.
5.05.1981 ж.

ШӨПКЕ БАРУ

Құбатөбел әкемнің күрең аты
Сүрінбейтін жануар сірә қапы.
Шана жегіп шаңытқан сары аязда
Шөпке бару - дүниенің рахаты.

Сары аязда ай сүттей болса жарық,
Сары адырда түн аппақ шамша жанып.
Қопа қалса бір жақта қамсауланып,
Қорым қалса бір жақта қоршауланып.

Қопа менен қорымнан өткенімше,
Маған уақыт соншалық көп көрінсе.
Мен күпіге қымтанып, кіріп кетсем,
Күбір-күбір ал әкем, жеткенінше ...

Әкем атты доғарып «келдік» десе,
Шыбыртқысын қолға ұстап мен бүктесем.
Мая қайсы?
Мұхиттай аппақ дүние,

Күртік қарға күрпілдеп мелдіктесең.

Әкем қарын маяның ойып атып,
Ат шананың шанағын жайып жатып.
Шотаяқты ұстатса...

әкемді аяп.

Қабырғама құйттай бір уайым батып.

Шотаяқты салғанда шөпке сосын,
Бір солқ етіп жөтелсең өкпе тұсың.
Танауыңнан шөп иісі миға тарап,
Көктемдегі сезесің көкпек иісін.

Еске түсіп шөпші ауыл жазды күнгі,
Киіз үйді ойлайсың боз құрымды.
Шөмелеші шалменен,
сол үйдегі
Ерте ағытқан ойлайсың боз құлынды.

Сол кезде әкең:

- Тарт,- дейді - қыл арқанды,
Тауып алып шанадан бұрау талды.
Бар күшінді сен дағы саласың-ай,
Бойды билеп тәтті ұйқы тұрар таңғы.

Сосын ырғып мінесің шөп үстіне,
Міне осында, рахат тегіс дүние!
Келе жатқан секілді кеме үстінде
Ұмытасың ылдиды, еңісті де.

Манағы ептеп әкеңді аяушылық,
Таңғы аяздай санаңнан баяу сынып.
Жайбарақат ғажап бір күй кешесің,
Шөп аумасын білесің, шанаң сынып.

Мас боласың шөп иісі бойға тарап,
Жұлдыз санап жатасың, айға қарап.
Қорым копа үрейін жоның сезіп,
Қалғисың кеп... ертегі ой қамалап.

26.04.1981 ж.

ШЫНДЫҚ - ЖҮРЕК

Шындық - сұмдық қаталсың да қаттысың,
Шындық - сұмдық ащысың да тәттісің.
Тусың - шындық.

Символсың сен шарттысың,
Шынсың - шындық.

Сондықтан да нақтысың.

Шындық іздеу, шындық табу - мәңгі арман,
Адамзатқа мәңгі мұрат сол болған.
Шындық үшін адамды адам алдаған,
Алдаған да,
алдай алмай алданған.

Шындық күшін шама-күш жоқ өлшеуге,
Оны жүрек соғуымен мөлшерле!
Шындық сәуле,
көре алмауың да мүмкін,
Шындық үшін құрбан болып өлсең де.

Шындық - жүрек,
соғуынан танысың,
Дана - жүрек,
сен алдында сәбисің.
Жүрегінді қолыңа ұстай алмайтын
Табиғаттың заңы тастай ...
налысың.

ШЫРМАЛА БЕРМЕ, ШЫРМАЛА!

Талабы таудай,
тағдыры түйткіл бір бала,
Тағдырға, тәйірі, шырмала берме, шырмала!
Болған соң тірлік кездеспей тұрмыс, мұң-нала,
Болаттай болса,
мұң-нала - сынақ, сын ғана.

Болаттай болсаң,
сындарға төтеп берерсің,
Тіршілік - парыз.
Парызыңды өтеп көрерсің.
Талап пен Тағдыр арасы десек екі оттың
Азамат болсаң,
өшірмей, өшпей жеңерсің!

Талап пен Тағдыр бақ пенен сордай тайталас,
Есімі бөлек, есігі бірге - байқап аш.
Тайталас етпей, тату да ету еркінде,
Егіздеріңе ет жүрегінді айқара аш.

Ешгіздеріңе Заманның жүгін арқалат,
Нар жүгін ғана көтере алады нар Талап.
Тағдырың сонда - таланың сенің секілді,
Табысса солар - Махаббат та сол, Мархаббат!

Талабың нарқың,
өзіндік сана иірім.
Тағдырың - халқың, халқыңды сенің сүюің.
Өзіңді өзің өзгертерсің де жасарсың,
Халқыңды жасау білесің, бауырым, қиынын.

Тағдырды қолдан жасаймын деудің қиыны -
Мінеки, бауырым!

Талай жер талап иіні.
Иінің талса, иіліп халқың демер-ау,
Бойыңнан биік секіре алмайсың - түйіні.

Талабы таудай, тағдыры түйткіл бір бала,
Тағдырға енді шырмала, берме, шырмала...

* * *

Япыр-ай, біздер тірлікте қандай қаталмыз.
Қағысамыз да, шабысамыз да жатамыз.
Даулассақ - жеңсек,
Жауласақ - жықсақ мәз болып,
Жеңілсек егер, жығылсақ егер - қапамыз.

Сен жеңдің дейік.

Жарайды ал мен жығылдым.

Керісінше болса, онда мен сенен мығыммын.

Ал сонда осы пайдасы бар ма жеңістің,

Абыройы үшін Адамзат тұрған тұғырдың.

Япыр-ай, біздер -

жұмсақпыз қандай мейірбан,

Жығылсақ егер тағдырдан тентек зайырдан.

... Біреуді жеңсем пенделік қой деп ойлаймын,

Жеңілу түгіл, жеңістен ауыз шайылған.

АУЫЛ МЕН АСТАНА

(1984 ж., «Жалын» баспасы)

АДАМ ЕРКІ

Адам еркі –

тағдырдың ырқында ма,

Тағдыр қысып, қымқырып, қымтуда ма?

Нала-мұңы жұғатын сыртында ма?

Бақыт-бағы кілттеулі құлпында ма?

Нала-мұңы неліктен бізге үйірсек!

Бақыты ғой аңсайтын –

біз күйінсек.

Тағдыр дейміз – сапарды бір қиыр шет,

Тағдыр дейміз – талқыны бір бүйір сот.

Тағдыр,

тағдыр... кейде ол күндей жарық,

Жүрегіңді жүргені бірге айналып.

Бірге күліп өзіңмен, бірге ойланып

Міне, осылай жүресің тағдырыңнан

Бір мұқалып,

жұқарып, бір қайралып.

Дей алмаймын:

біз оның ырқындамыз,

Айтайын ба,

айтайын, сыр тыңдаңыз:

Найзағайдай жарқылдап ойнағанбыз

Төніп келген тағдырдың бұлтында біз.

Тағдыр – тәлкек жасқанып бұқпаласаң,

Тағдыр – талқы,

талқыға тік қарасаң.

Бұқпалау мен тік қарау – жүрек ісі,

Жүрек ісі бола ма құптамасаң.

* * *

Ақ көңілімнен әуелден таяқ жеуші едім,

Сонда да бірақ «болмаймын арам» деуші едім.

Қиналған болса, кіммен де болса бөліскем,

Көңілімнің құйттай кебегі менен кеусенін.

Санымды талай соқтырған кейбір «соққандар»

Сонда да самғап кеткен жоқ асып көп таулар.

Мен болсам біраз барымның бәрін шашып ап,

Қиналдым талай,

қиын боп жасау жоқтан бар.

Сонда да бар ғой, мен дағы көштен қалғам жоқ

Аяңымда да, ілбуімде де жалған жоқ.

Ақ көңілімнен әлі де таяқ жеп жүрмін,

Бір мінімде де...

жалғандық бірақ болған жоқ.

АҚШЫҒАНАҚ

Шығанақ десе –

шығанақ,

Құп-құйттай мүйіс – шым қайрақ,

Күн нұрыменен бірге ойнап,

Жататын еді-ау,

жарықтық,

Бір жағын Тосын құм жайлап,

Бір жағын жазық қыр жайлап.

Азғантай ауыл анталап,

Алдымнан ылғи шығатын.

Көзімнің алдын қалқалап

Кіреуке мұнар тұратын.

Жолбасшы досым көлікті

Қорымға қарай бұратын.

Санам да сол сәт тыңайып,

Сағым да бір сәт сынатын...

Анау бір ылди анау сай,

Бөлек пе, құрғыр, ауасы-ай.

Балалық дәурен, балауса ай,

Бір ғана сәтке оралшы-ай....

АЛМАСЫ

Қайғырма, қалқам, белінді енді бу бекем,
Қазаға – қабір қара жер деген қу мекен.
Суытпай қоймас... қырық күн қара жамылдың,
Сыңсыды дауыс: «Сорлы боп неге туды екем».

Құйқа тамырды шымыр да шымыр қасыған,
Қайғыдан туған, қасіреттен туған – асық ән.
Жоқтаған кезде, жоғалтқан кезде туған ба,
Адамның бақыт айналып кетіп басынан.

СЫҢСЫДЫ дауыс.

СЫҢСЫТТЫ СОЗЫП СОРЛЫ ӘЙЕЛ,

Үздігіп үні үзіліп барып қалды-ай ол.
Қыршындай жігіт қиылып түссе көгінен,
Қайыспай қалай шыдасын мынау қайран ел.

Уыздай әйел уысында жүрген алтыннан
Айрылып қалып, маңдайын соғып шарқ ұрған.
Мереке – бақыт, мезгілсіз шақта мерт болды,
Арыстан – Арман айына қарай талпынған.

Қайғылы қаза осы деп пе едің ел көрген,
Бұдан да бұрын мерт болған Арман жерленген.
Талайлар қалған қанағат тілеп тіріге,
Талайлар қалған салауат сұрап өлгеннен.

Япырмай, бірақ,

санамда менің шырмалған,

Талдырмаш әйел талықсып, талып сұрланған,

Өлер-ақ деп ем, тірі екен, тірі!

Кейін мен

Жайлаудан көрдім, шығырдан және қырманнан.

Сиыр фермаға сүт алып келіп арбамен,

Ілесіп соған ілігімізге барған ем.

Жолшыбай соған жолаушы біреу кезігіп,

Қаралы жанды қажағаны үшін қарғап ем...

Қарғаппын бекер, қарғысым менің өтпеді,

Күйеуге шықты ол... Елес боп қалды өткені.

Сендер де қайта алмасады екенсіңдер ғой,

О, адамзаттың ызғарлы қысы мен көктемі!

* * *

Алыс-алыс, алыс қалды...

Туған ауыл қалды алыс,

Сағыныш та сейілгендей балалықтай алданыш.

Сары жотада біз иіскеген селдірепті боз жусан,

Сары қопада сыбызғыдай сидиыпты сары қамыс.

Саумал көлдер сабасынан ортайыпты, ашыпты,

Сағым белдер ажарынан әр тайыпты, жасыпты.

Сары даланы көктеп-шандып асфальт жолдар басыпты,

Көк «Волгалар, сұр «Волгалар» қаусырыпты қашықты.

Жә, несі бар,

көл орнында көлбеп жатыр көк егін,

Бел орнында – Байқоңыр.

Ел алдында көтеріп тұр қазағымның беделін.

Өзі көктеп, өзі өрнектеп құлпыртатын бұл дала
Көріп жатыр, көрсін енді... шебер қолдар «өнерін».

Сонда қалай?

Туған ауыл алыс дейміз неге біз,
Алыстаған ауыл емес, ауырлаған денеміз.
Қазір, сірә, ауыл үшін ауырмайды баяғыдай жанымыз,
Ал әйтпесе, сол орнында туған құйттай төбеміз.

Алыс-алыс,

алыстаса туған ауыл санаңда,
Туған жерді түрленттің деп кейімісің заманға.
Жер өзгерер, ел өзгерер... сен өзгерді екен деп,
Махаббатын өзгерте ме әлдилеген анаң да?

АРАЛТӨБЕ

Алакөлде

Аралтөбе

Неге жалғыз неге оқшау?

Жалғыз қалар –

Адам-пенде,

Төбе бірақ оған тең бе?

Өттең, сыры көмексі-ау...

Неге айрылған жотадан.

Жау бөлді ме,

Жел бөлді ме,

Бөлді ме әлде басқа зіл.

Алакөлде

Аралтөбе -

Мәңгі жаңа, мәңгі көне

Тірі ескерткіш – тас дәуір.

Қайырлаған кеме емес пе,

Майып болған дене емес пе

Мұз құрсаған заманда?

Кеме болса – тұрқы мықты,

Дене болса – рухы мықты

Айналғаны аралға.

Алакөлде

Аралтөбе

Жалғыз деме, бар жүзіп.

Айдындағы Жер елшісі

Ол мәңгінің көне елшісі,

Мәңгілікпен арамызға

Түсірмейік мәңгі жік!

АРҚАЛДЫ

Арқалды – ар жағы құм, бер жағы қыр,

Жолаушы құм жағында болған ығыр.

Жотаға шыққан бетте айқай салып:

«Арқаның басы ғой деп алдағы бұл».

Жотаға шыға сала бұлақ тапса,

Алакөл ар жағында сылаң қақса,

Зарығып туған жерге тисе табан,

Адамға рақат бар ма бұдан басқа.

Дәл сондай рақат кешіп көрмегесін,
Сағыну қиын туған жердің төсін.
Махаббат – арып-ашып сүйе білу,
Топырақ, жер киесін, ел мүддесін.

...Жас Шоқан Қашқар жақтан қажып өтіп,
Жотаға жеткен осы тәжім етіп,
Таяғын қадай салған шығар, бәлкім,
- Арқаның алды ғой, - деп қызық етіп.
Көк мұнар көлді көріп, одан әрі
Көкшенің түсті ме еске жағалауы.
Тұрды ма ес жия алмай сағыныштан
Көзінен жас боп тамып жан алауы.
Сол ма екен «Арқа алда» деп айқай салған,
Басқа ма,
кім айтқанын қайдам... қайдам?..
Сағынған Сарыарқаны біреу шығар,
Жер атын дәстүр жоқ қой ойдан қойған.

АТАҚ

Баяғыда көп қазақ Мекке барған,
Шығындалған, шашылған, көп тоналған.
Байлық шашып қажылық атақ алған,
Атақ болған –
ақылы жеткен арман.

Қол тапсырып, иіліп, хатым етіп,
Айырбасқа мал-мүлік, заты кетіп,

Атақ алып қайтыпты,
дүйім елдің
Байлығы мен атағын сатып өтіп.

Қажы болып басына сәлде салып,
Сәл қартайып келді ме... сәл жасарып.
Келді ме әлде атаққа сәл масайып,
Келді ме әлде ақылға сауда салып?

Келді ме әлде Меккесіз пана жоқ деп,
Дін бар жерде жазғыру, жала жоқ деп.
Келді ме әлде... Меккеден басы айналып,
Бар шашқаны бақ-дәулет, қаражат боп.

Ол арасын біз қазір білмейміз ғой,
Басты улаған бір пәле – дін дейміз ғой.
Атақ болса – жеткен жер ақылымыз
Дінге сенген дүмшемен бірдейміз ғой.

ӘУЕ ПОРТЫНДА

Боз жусанның түбірі әлі кетпеген,
Көк бетонды илеп әлі төкпеген,
Туған жердің құйттай әуе портынан
Қазір, қазір көтерілем көкке мен.

Қазір, қазір көтерілем көкке мен,
Қарлығаштай – құйттай самолетпенен.
Туған жерім төбесіне көтеріп,
Қала берер менен төмен... төп-төмен.

Қала берер менен төмен... төп-төмен,
Жүрегімді жылытып бір отпенен.
Мен ұшамын,

мен кетемін дәм айдап,
Тағдыр жазған сапарымды шектемен.

Тағдыр жазған сапарымды шектемен,
О, туған жер, келем бірақ, көп келем.
Кейде налып, кейде талып келермін,
Қарлығаштай – самолетпен, көкпенен

Қарлығаштай – самолетпен, көкпенен,
Сағынған сәт жаңылыспай деп келем
Алақандай құйттай әуе портыңмен
Қағып алсаң –
басқа бақыт жоқ дер ем.

* * *

Бар дүниенің бастауы –
Жан-дүниеңді жасытпа.
Бәрі өтеді...

қас қағым,
Ұмытуға асықпа.

Жәбірленбе, жеріме,
Жетер жебеп отттай нұр.
Егінің мен еліңе
Бір түйір дән баптай жүр,
Бір шырқар ән сақтай жүр.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫМЕН ҚОШТАСУ

Айтшы,

қайысты ма қабырғаң?

Қалай екен хас батырдан айырылған?!

Қайысты ма қабырғаң,

Қалай екен айырылған –

Дүбірлеген дабылдан,

Дәуірлеген айбыннан.

Намыстанса – найзағай,

Найзағайы жай бұған.

Еркелесе еліне,

Құлашы кең жайылған.

Тек дұшпанға оқ атқан,

Достары үшін ой қуған.

Қара нөсер үйіріп,

Құйып-құйып алатын.

Ну ормандай бұйығып,

Күрт түйіліп қалатын.

От пен судан жаралған,

Отаны үшін жанатын,

Бірақ аман қалатын,

Биік шыңға қанатын

От жалатып қағатын.

Соғыс салған жарасын,

Жолбарыстай жалайтын.

Алдарқатып санасын,

Жазылғанға санайтын.

Ол – солдатты сананың,

Ол – солдаттың серісі,

Өрісі мен жеңісі,

Шегінісі, еңісі,

Тегі менен тең ісі

Болды бақыт елі үшін.

Ол сен үшін,

мен үшін,

Арнады бар жеңісін.

Жанарында сөніп бітпей, жанып кеткен мұңы бар,

Ақ қағазға жазып бітпей, алып кеткен сыры бар,

Арманы бар Ер үшін,

Айтшы, халқым,

қайысты ма қабырғаң,

Қалай екен хас батырдан айырылған?

Айтшы, халқым, айтшы, халқым,

жарылшы бір ағыңнан

Батыр туған халықпыз ғой тұлпарлардың жалында,

Батыр туған халықпыз ғой революция – дабылда,

Батыр туған халықпыз ғой оттта, суда, дауылда,

От-жалынды майдандар мен бейбіт күннің бабында.

Айтшы, халқым,

Бауыржаның – бауыр етің, батырың ед –

ол қандай,

Орны қандай жүрегінде,

кейпі қандай келешекке қалғандай?

Келер ғасыр келбетіне, қарар ма екен таңданып,

Мылтық атқан соңғы комбат... аңыз болып қалғандай.

Мылтық атқан соңғы комбат,

Соғыс көрген соңғы солдат,

Аңыз болып қала ма?!

Сол аңыздың бас Батыры – Бауыржандай бауыр етің
бола ма?!

Айтшы, халқым,

енді соғыс болмайтыны рас қой,

Енді рас қой – атыспаймыз окоптар мен обада,

Енді рас қой,

Бауыржан да екінші рет тумасы,

Әлден аңыз... Бауыржанның тумысы мен тұлғасы.

Музей мүлкі күні ертең-ақ –

Бауыржанның қылыш салған қынабы

Ертең елес – Волоколам тас жолы мен

Жуалының жылғасы

Соғыс – шындық,

Жеңіс – шындық,

Ерлік – шындық, ендеше,

Ерлік жасау мүмкін емес Ер еліне сенбесе.

Айтшы, халқым, күні ертең-ақ келер ұрпақ сағынбай ма

Баукеңді

Шындық – ерлік, Ерлік – шындық шөліркетсе, шөлдесе.

БАЯҒЫ БАҚҚА

Баяғы баққа барайық бүгін,

Баяғыны еске алайық, күнім.

Жеңілдер ме екен, жеңілдер ме екен

Көп айып, мінім, көп айып, мінім...

Баяғы терек, баяғы бұтақ

Тұр ма екен, қалқам, бояуы жұтап.

Тағдырдың желі кеткен жоқ па екен
Байламын үзіп, баянын отап.

Баяғы шықтар, баяғы мүктер –
Байлаған бізді аяулы жіптер.
Қимастықпенен бір-бірімізге
Аялау менен аяуды жүктер.

Баяғы түбір болғанда шынар,
Баяғы гүлдер солған да шығар.
Өткеннің бәрін, кеткеннің бәрін
Табиғат дейтін жалған жасырар.

Сен менен бірақ жасырма түкті,
Сені ойлай-ойлай басым қатыпты.
Сенімен өткен бір минутымды
Айырбастаман ғасырға тіпті.

Баяғы баққа келсеңші бүгін,
Баяғы мені көрсеңші бүгін.
Өсіпті баққа еккен шыбығым –
Махаббатыма кеткен шығыным,
Келсеңші,
соны көрсеңші, күнім!

* * *

Бетегеден биікпін, жусаннан аласамын,
Бұған бірақ қалай мен жарасамын?

Болашақтың қамы үшін төзейін-ақ,
Болмысымнан бөлек пе болашағым?

Болмысымнан бөлекке үйлесем бе,
Өзім алдап өзімді күн кешем бе?
Сый бергенім сияқты қорыққаннан,
Үйленгенім сияқты сүймесем де.

Болмысымнан бөлектің,
не керегі,
Болмысымды шектейді ол, шегереді.
Бәрін-бәрін бойыма өлшеп берген,
О, табиғат, не деген шебер еді.

Болмысымның көгендес көгенегі,
Тыңдайыншы,
жүрегім не дер еді.
Күбірлейді, мінеки, құлағыма:
«Болмысыңнан бөлектің не керегі,
Болмысыңды шектейді ол, шегереді».

«Бетегеден биікпін, жусаннан аласамын»
Бұған бірақ қалай мен жарасамын?
Болмысымды түсінбей бұйрық берген
Мінездегі мініммен таласамын.

БІРЖАН – САРА

Біржан – Сара,
 Біржан – Сара,
 Біржан – Сара бір адам.

Бірдей адам. Бірдей ақын. Бір дәуірде жылаған.
Сол дәуірдің ызасынан бір-бірімен айтысқан,
Бір-бірімен айтысқан да,
 бір-біріне бауыр басып құлаған.

Бірдей адам.
 Бірдей ақын. Бір дәуірге өкпелеп,
Келгені ғой дәуде болса дәуірменен бетпе-бет.
Қайдан білсін, дәуірді бір жеңеміз деп ойлайды-ау.
Жырдан басқа,
Сырдан басқа,
Мұңнан басқа
Маңайында жоқ көмек.

Намыс-қайрақ,
Салды қайрап,
Қайралса да, өтпеді-ау.
Қайран дүлдүл,
Қайран бұлбұл,
Жараспайтын өкпе, дау.
Заманына өкпелесе – орны бөлек ол өкпе,
Сонда, олар, Поштабайға, Жиенқұлға
 өкпелеуі керек пе?

Содан, содан екеуі де
Заманына қапа болып,
Нала болып кеткені-ау...
Бірдей адам. Бірдей ақын. Нала-мұңы бір болған.
Бірдейлердің қашаннан да –
 жандануы, жаралауы бір болған
Екеуі де сом алтын ғой.

Сыналған да шыңдалған.

Шыңдалғанда шындық қалған,

Шындығында мұң қалған.

Бірдей адам. Бірдей ақын. Біреуі еркек, бірі әйел,

Әйелді еркек іздеп келген,

Сақ қараған, сынай ел:

Ақын Сара айтып салған,

Айтып салған Біржан да,

Айтып салу – азаматтық, таза мәрттік сыңайы ол.

Бірдей адам. Бірдей ақын. Бірдей түйсік-түйіні.

Іспейтұғын алқымдары, түспейтұғын иіні.

Бірдей екен Поштабайдан көрген Біржан қорлығы,

Бірдей екен Сара тартқан Жиенқұлдың күйігі.

Бірдей адам. Бірдей ақын.

Жыртқандары бір намыс,

Арғын-найман бірге туған – аралары бір қарыс.

Жаралары жүрегінде,

жараларын жалаған.

Іштей ұлып ілбішіндей,

ыңыранғандай бір барыс.

Бір заманның Біржаны ғой,

бір заманның Сарасы,

Бір заманның ырғағы ғой – сыры, мұңы, наласы.

Айтысқан жоқ Біржан – Сара,

Аңырап адал сыр айтты.

Ақындықтың адалдығы – ұлылығы, шамасы.

Біржан – Сара, Біржан – Сара,

Біржан – Сара бір адам.

Аңырап келіп, жамырап келіп, бауыр басып құлаған.

Періштенің қанатындай шындық жеңіп сол күні,

Біле білсе, Арғын – Найман арылды-ау бір күнәдан.

Біржан – Сара –

Жыр мен сана,

Сыр мен сана,

Мұң – Сана.

Мұндай сана қалай төзсін,

Қалай көнсін,

Тығырыққа, тұмшаға.

Сәулесі бар саналарды замандарға

Періште де, пір сана,

Біржан – Сара – сондай-сәуле.

Кер заманда,

Тар заманда,

Зар заманда туса да.

* * *

Былырғы ағаш қайтадан биыл көгерді,

Жапырағы көктеп, бұтағы түгел теңелді.

Айналасында көбелек қаптай жөнелді,

Жаратылыс-ай, көрмедім сендей шеберді!

Менің де биыл былтырғы жарам жазылды,

Жүзімнен сынық сейілттім мұңды, әжімді.

Келістіруі-ай кешегі менен қазірді,

Жаратылыс-ай, көрмедім сендей уәжімді!..

Адам мен ағаш сонда да бірақ бір емес,
Адамның көңілі көктеген ағаш бүрі емес.
Жазылған жара...

қайдан білесің, сол шығар,
Бақыт дегенің, бақыт дегенің – мұң емес.

БІЛЕСІҢДЕР ҒОЙ БӘРІҢ ДЕ!

Білесіңдер ғой,
білесіңдер ғой бәрің де,
Жүрегі құрғыр көңгісі бар ма әмірге.
Басыңда бар ғой, басыңда бар ғой бәріңнің
Жүрегі құрғыр төзгісі бар ма зәбірге?!

Басыңда бар ғой,
басыңда бар ғой бәріңнің,
Жүрегі құрғыр қырында жүрер «тәңірдің».
«Тәңірдің» қыры – өмір тықыры емес пе,
Жүрегі құрғыр қынында жүрер өмірдің.

Басыңда бар ғой,
басыңда бар ғой бәріңнің,
Жүректі алдап жүйкеңе талай бағындың.
Айдаудан асқан табылар талай қиянат,
Алдаудан асқан айласы бар ма зәбірдің.

Су етсе сезім –
суырып алған жүрегің,
Ду етсе бетің –

жылуы жанған жүрегің.
Мұхиттан асып, ғарышқа ұшқан заманда,
Миыңның құрал-мүлігі болған жүрегің.

Жүректі жалдап,
жүйкені жалғап рақатқа,
Жетіп те жүрміз... жеп-жеңіл даңқ-атаққа.
Бұл – құйттай жүрек ақылдың тартып жазасын
Жарылып жатыр, ұшырап жатыр апатқа.

* * *

Бір көкек биыл сұңқылдап көктем шықпастан,
Зарыға жүріп, сыңарын тауып жұптасқан.
Екеуі сосын көрінбей кеткен біраз күн
Ұядан шықпай үпілдірік пен мүк басқан.

Зарыға жүріп жалғаған жырды шырқамай,
Ғайып боп көзден жоғалған кезде бірталай,
Сұңқылы бөлек көкектің даусын іздесем,
Қаңырап маған қалғандай болар бұл тоғай.

Сұңқылдап жүріп сыңарын тапқан сол көкек,
Мезгілдік міндет, мезгілдік парыз болды өтеп.
...Ұлы бол мейлің, құлы бол мейлің мезгілдің,
Зая боп үнің кетпесе екен желге тек!

ДАУА

(баллада)

Кейуана өлді.

Ешкімі де жоқ артында.

Кеңсайдан құйттай қазылды қабір марқұмға.

Топырақ салдық.

Үйіне келдік – көршілер,

Ұмытпай ас-су беретін дәстүр-салтында.

Пенсиясынан жырымдап жиған тиынды

Жұмсадық шашпай,

өзіне бәрі бұйырды.

Көрші біткен мүсіркеп, қолы ашылып,

Жетісін, қырқын өткізер қаржы жиылды.

Ниеті ауып үлкен де кіші жұмыла,

Жүгірді істің ыңғайы менен ығына.

Үлкендер жағы «сауап қой» дейді күбірлеп,

Сауапты сыйлау – қарттықтың қатал сыры да.

Жігіттер жағы мекемеде әрбір – беделді,

Бірінен-бірі көрсетті асып «өнерді».

Дүкеннің кейде сөрелеріне түспейтін

Азық-түлікке кемпірдің үйі кенелді.

Әйелдер жағы үйіріліп қалып ұршықтай,

Айналып бәрі ас үйден ұзап жүр шықпай.

Дастарқан жайып, көңіл айтуға отырдық,

Көңілмен кеңіп кемпірдің үйі қушықтай.

Шынында өзі шындық қой айтып жүрерлік,

- Возможно, - деді ол, - туысы болса, болсын ал,
Алыста шығар, аурушаң шығар, кем шығар.
Советтік өмір салтымен қызмет көрсеттік,
Советтік семья бір мүшесіне ... несі бар?

- Иә, иә, - дедік,

- Дұрыс-ақ, дедік,

- Тым дұрыс.

Дымымыз шықпай қалыппыз тегіс тым-тырыс,
Сол, сол-ақ екен,

Жорабай әлгі жұлқынсын.

- Массың ба! – дедік,

- Отырсай тыныш, нақұрыс.

Ішкенде мұндай білмеуші ек бары бұрқағын,
Білетініміз – жұмыртқадан жүн қырқатын.
Білетініміз – пәленбай кілем үйінен
Шығарса сыртқа, көздердің жауын құртатын.

Білетініміз – бір жылда үш-төрт машина
Ауысып ылғи тұратын еді астында.
Білетініміз – қарамай үлкен-жасына,
Болмаса бастық, сөйлейтін еді басына.

Масайып алған морт мінез сынбай тынар ма,

- Возможнаң қалай?.. –

алды ол замды сұрауға, -

Қарға тамырлы туыссыз қазақ болмасын

Білмейтін бұл кім?.. –

қарады ол бізге, - милау ма?..

- Тек, - деді біреу,

- Тәйт, - деді біреу түршігіп.

Біреулер кейіп, біреулер күйіп, күрсініп.

Біреулер сәл-пәл миығын тартып күле алмай,

Қас қағым сәтте құбыла қалды тіршілік.

Күйіп-піскенмен Жорабайды жұрт қайда аяу,

Сол кезде біреу сыбырлады оған майдалау:

- Замнач қой бұл, Тәкең ғой біздің қадірлі,

Қара басқыр-ай. танымайтын ба ең, ойбай-ау...

Сол кезде Жөкең төбеден таспен ұрғандай,

Орнынан тұрды,

ырғала жаздап, ырғалмай.

Сол кезде Тәкең:

- Дәстүрлі салтты білмейтін

Қызметкер, - деді, - дөрекі, - деді, - бұл қандай?..

Кемпірдің солай тарқадық алып сауабын,

Жорабай қазір беріп жүр сотқа жауабын.

...Әділсің, Өмір!

Әдемі сәтін туғызған

Біреуге сауап, біреуге жауап – дауаның.

ДИҚАН ӘУЛЕТ

- Ал ертең, ертең орақ, - деген күні,

Терең ой тербетеді нелер мұны.
Аралап кетті ертемен егінжайды
Зерлеген жан-жағынан Зерендіні.

Күміс көл, айналасы алтын масақ,
Зергерлер жасағандай қолдан қашап.
Қария қарады бір туған жерге
Өткенді, кеткенді бір толғамға сап.

Қария шаруа жайлап шыққан кезі,
(Даламен, жұртты қайдам, жұп мәңгі өзі).
Өйткені дала болған демеушісі –
Тағдырдан жығылған да, жыққан кезі.

Сондықтан кіндік қаны тамған жерге
Тірлігін тамырымен таңған пенде.
Төбесі көкке жетіп сабантойда,
Ойлайтын: «Бар ма екен деп арман менде?»»

Арман жоқ, армансызбын, – десе дағы,
Тағдырға кеткендей бір есесі әлі...
Қу соғыс қатар алып қос боздағын
Қатты бір сынған жоқ па кеше сағы?

О, шүкір,
мұқалды да жетілді өмір,
Бақ емес келген бірақ кепілге бұл.
О, шүкір,
елі аманда, жері аманда
Қартыңа жолмайды жетім көңіл.

Ерге ортақ бар қуаныш – қартыңа ортақ,
Елге ортақ бар қуаныш – қартыңа ортақ.
- Заманнан айналайын, - деді қария, -
Жалына жармаса алмас жалқы, жалтақ.

Қайтсін қарт раза болмай заманға, елге,
Жан емес жетесіз ол жалаң кеуде.
- «Болса екен, - дейді қария, - қадірменде
Мәңгілік Жер – Адамға, Адам – Жерге».

Қашаннан ата қоныс – аты намыс,
Намыстың махаббат қой нәті нағыз.
Қария туған жерін сүйсе қалай,
Сүйеді оны солай жақын-алыс.

Ерлігін диқан әулет танытқанда,
Аумайды-ау Антей сынды алыптардан.
Арман жоқ артындағы мұрагерің
Болса егер, қолтаңбасы анықталған.

Арман жоқ дейтіні сол Нұрғабыл қарт
Сексенде,
 көрген емес бір дамылдап.
Жаз бойы қорықшы еді,
 енді, міне
Қырманның сыпырғышын жүр дайындап.

- Ал ертең, ертең орақ, - дегенді естіп,

Түнімен шықты дейсің ол дөңбекшіп.
Таң атпай көлді айналып, егістікке
Тартты қарт жалғыз, жаяу, терлеп-тепшіп.

Қатты ұрып, дүрсіл қағып қарт жүрегі,
Толқып бір қызыл күрең тартты реңі.
«О, тоба, биыл да астық бар екен-ау,
Ал онда диқан қолы бақ күреді».

Өз күшін диқан жұрты өлшегенде,
Алдымен арқа сүйер еңселі елге.
«Ғарыштың кемесінің жылдамдығын
Қайтер ең комбайнға берсе егер де?..»

Мырс етті ол:

«Бұл қиялым артық болар,
Дән-өскін – қауызына балқып толар,
Балауыз нәзіктік қой,
нәзіктікті
Абайлап, аялап, тек жиып алар...»

Арқада орақ алды ұрар бұршақ,
Ақ жаңбыр қолды байлап тұрар бір сәт.
Тауып көр, табиғатқа амал жасап,
Туады қиындықтар қыруар-қисап!

Аспанға бұлт жолатпай жылаукештеу,
Керек пе – өліарада қырау түспеу?
Керек пе – табиғатты тарс тізгіндеу,
Келе ме қолымыздан бұларды істеу?

Дәл осы ой шарпып өтті қарт санасын,
Серпіліп тапқан кезде сәт толасын,
Танаптың ар жағынан көзі шалды
Жеке қос – Гамбургтің төрт баласын.

Жеке қос – жаңа звено төрт Гамбург,
Шетінен сөз бен сертке оқтай жігіт.
Бұлар да осы топырақ перзенттері,
Тек тағдыр арғы атасын доптай қуып,
Осынау Көкшетаудан шыққан бір-ақ,
Осында от тұтатқан шаңырақ құрап.
Ал қазір бұл әулеттің осы ауылда
Зәузаты көп атадан салмақтырақ.

Құда боп әр румен қолы ұзарған,
«Жанмын, - деп, - басқа жерде бағы жанған».
Құрдас ед әкелері, Нүрекеңмен
«Қазаққа құтылман, - деп, - қарызымнан».

Қалжыңдап отыратын әккі егінші,
Бапкер ед – топыраққа бақ беруші.
Байыппен қолға алғанын бір-ақ жасар,
Болмайтын әнтек ісі, әттең ісі.

Құрдас-ты қос боздағы қос ұлымен,
(Бұларды іш тартады осы, білем).
Майданда олар қалды... бұлар келді,
Тағдырдың кете алмады кесімінен.

Құрдасы – әкелері дем бітерде,
Қойғызып жылы-жұмсақ дәмді төрге,
«Сырымды саған айтпай, Нұрғабыл-ау,
Айтайын, - деген еді, - енді кімге?...»

Мінеки, сірә, маған келді кезек,
«Пенде жоқ , - деуші едің ғой, - темір өзек».
Өзі емес, ұрпақ үшін өмір сүру –
Адамның қасиеті ғой – ең бір өжет.

Не нәрсе ұрпақ деген – ұл ма арттағы,
Немесе немерең бе құндақтағы?
Нұрғабыл, сен білесің,
бұл жағынан
Мен өзі жанған жанмын шындап бағы.

Әкеден он едік біз,
онымыздан
Бар шығар осы ауылда кемі жүз жан.
Көкшенің қойнауында шаруа бақтық,
Шыққан жоқ ұя бұзар тобымыздан.

Келсе де атам ауып, тағдыр айдап,
Кіндіктен осы топырақ қалды байлап.
Заманның арқасында табиғатқа
Бас иіп табындық «е, құдайлап».

Заманның жақсылығы – бұған қоса,
Еміреніп құшағына ел құп алмаса,
Ниетпен құламаса адамға адам,

Достық жоқ, мейлі, қанша ұран жаса.

Болса рас, достығымыз,

екі арысың –

Еді ғой екі ұлыммен қатары шын.

Бәрің де дәл бүгіннен бастап, міне,

Жан досым Нұрғабылдың – «отауысың».

Бұл менің соңғы сөзім – мәңгі сөзім,

Дегенде, жанарда ерек жанды сезім.

«Өлмесін... әке көзін көрген» деген,

«Нұрғабыл, енді әке боп қалдың өзің».

Шын достық сиқырымен дуаласа,

Кім бөгет бола алады, кім араша?

Достықпен, яки ұрпақ тамырымен

Махаббат бірден-бірге жұға қалса.

Өмірдің жалғасуы сол емес пе,

Достық бір тіршілікке желі емес пе.

Әкенің өсиетін сыйласа ұлы,

Бұлардың тірі әкесі мен емес пе?

Ә, бәсе, түніменен күпті адамдай

Шыққаным осы екен ғой ұйықтай алмай.

Диқан – қол, әке – алақан қақса арқадан,

Ол да бір қуат, дәрмен, құт болардай.

Нүрекең таяқ тастам қалды қосқа,

Бір «Волга» қылаң етіп арғы тұста,

Ол дағы қосқа қарай зымырады
Тақтайдай тегіс жолмен қалқып құша.

Көк «Волга» қосқа маңдай тірегенде,
Іргеге таяқ сүйей Нұрекең де,
Ілгері жылжи берген,
сәлем алып,
Көз жазбай жаңа түскен бұл екеуге.

Сәлем ап жан-жағынан, қарт қаудырап,
Бір кісі берірегірек топтан жырақ,
Байыппен қол ұсына берген кезде
- Баянжан,
Баянбысың? – деп қалды қарт.

- Иә, иә..., иә, Нүреке, саумысыз? – деп,
Хатшы да қартқа қайта сәлем түзеп,
Екеуі қайта ұмтылды төс қағысып,
Топты бір таңырқатты әдемі ізет.

- Япыр-ай, Баянжан-ау, бармысың сау,
Аяққа қарттық құрғыр салды тұсау.
Біз енді тілекшіміз өздеріңе
Тілек те тіршіліктің заңды ісі-ау.

Хатшыға тура қарап тілге келіп,
Лықсыған қуанышқа шым кенеліп,
Жарқ еткен Алтын Жұлдыз кеудесінде,
Қария азаматқа тұрды еміреніп.

- Дәм татып баяғыда үйден келіп,
Жүруші ең... қазір қолың тимей ме түк?
Жұлдызың құтты болсын,
құттықтауға
Барып ем, жатты былтыр бюроң болып...

Жер күтіп, топырақ еміп өскен ағаң,
Білесің, тірлік жоқ қой басқа маған.
Деген күн – ертең орақ, дәм татушы ем,
Ырым ғып мынау қара қостан әмән.

Қара қос – Қостомарда Гамбургтер
Бұлармен таласатын бар ма үміткер?
Бұлардың жолы да үлкен, жөні де үлкен,
Жолында жүк қалмайтын нар жігіттер.

Әкесін білуші ең ғой,
жоқты жасап,
Жүретін барды үйіріп, баққа бастап.
Әулетін өсиетімен маған теліп,
Әкелік махаббатын кетті тастап.

- Білмей ше, бұл әулетті білмегенде? -
Дегенде, күлкі тұрды нұрлы реңде.
Ауданда бүгін игі бас қосу бар,
Сізге де сәті түсті-ау бір жүсерге.

Білмесем, мұнда ат басын бекер тіреп
Келем бе, шынында ортақ екен тілек.
Дикандар әулетінің бас қосуы ед –

Ауданда орақ алды өтер слет.

Сөз етер сол слетте басты әңгіме –
Нұреке, осы жерде басталды де.
Диқандар әулетінің ғұмыр жасын
Жеткізу мың жылдарға – жоспар, міне!

Нұреке, дәл айттыңыз кара қос деп,
Ұлы әулет үлкен үйсіз қалай өспек?
Бұл әулет екі ғасыр диқаншылық
Көкшеде кешіпті өмір дала төстеп.

Иә... иә... екі жүз жыл – күллі ырғасы,
Бір әулет бір кәсіпке берген жасы.
Махаббат үлгісі бұл ұрпақтарға,
Болашақ диқандарға – жер жолдасы.

Әкесі өсиет етіп, құптаса ұрпақ,
Міндетті мойынға алып, нық басу шарт.
Нұреке, әкесінің осы әулеттің,
Қарауға қақысы жоқ жұрт тосырқап.

Басынан өткен бірге күллі ауыр күн,
Жинаған несібесін бір дәуірдің.
Қазақтың даласының Диқаны ғой
Әулеті Гамбургтің – Нұрғабылдың.

Білсе жұрт, түсінсе ұрпақ болды осыны,
Отан бір, топырақ бір, бір нәсібі.
Ендеше, Гамбург те, Нұрғабыл да,

Бір әулет – Диқан деген бір нәсілі.

Деді де, хатшы Баян Нарманұлы

Ашты есік,

отырғызып алға мұны.

- Нұреке, - деді, - қазір аудандағы

Маған да диқандардың бәр-бәрі іні.

- Ол солай, - деді қартың қостап оны,

Қарт қазір рухы үстем, асқақ еді.

Хатшыға еркін сөйлеп:

- О, жарықтық,

Пісті егін, орақты енді баста, - деді.

«Бастаймыз, бастаймызды» сәтте бірдей,

Бірге айтты: «ал кәнеки, әп!» дегендей.

Бәрі де көк «Волгаға» қалды отырып,

Көк «Волга» ерттеулі көк дөнендей.

Жалдап ап алтын зерлі кең алқапты,

Ұшты олар, диқан әулет, о, қанатты!

Зымырап, хатшы бастап, қарты қостап,

Алдынан Миллиардтың бара жатты.

ЕБІНІҢ ЖЕЛІ

Ерітші, еріт,

Ебінің желі

Емдеші қане,

демінмен деме.

Жел-құзымды алып көңілімдегі,

Аруларға ұқсап әдетің де жоқ керілер.

Жылылығыңды жұмақтың нұры депті ғой,
Салқындығыңды жұмбақтың бірі депті ғой.
Бірақ та қазір болжамның күні өтті ғой,
Ғалымдар айтсын...

Айтатын кезі жетті ғой.

Ғалымдар рас, қуатын-күшін өлшер де,
Жатқызар оны миллион аттық мөлшерге.
Ебінің желі жансыз жел десе сенбеймін,
Ғылымға-дағы, ғалымдарға да сенсем де.

Ебінің желі таулардың мүмкін тынысы,
Ырысы мүмкін, толғанда шашқан уысы.
Қасиетті мұндай берді деп қалай айтарсың
Таулардың жансыз қолаттары мен қуысы.

Ебінің желі-ай сипатпай өтіп жалыңнан,
Қақпадан шығып, қоңыр төс іздеп сабылған.
Мен туған дала – Торғайға дейін жетесің,
Аңсатқан сезім айырмай мені арыннан.

Суысаң – суы, жылысаң – жылы мезгілдей,
Саябыр тауып, селсоқтығыңды сездірмей.
Ебінің желі-ай, сағыныш лебі секілді,
Қашықтықтарды қаусыра берші көзге ілмей.

ЕКІ АБЫСЫН

Екі абысын –
Алпыстан кеткен асып,
Бұйдаласып, бірге өскен ноқталасып.
Бір әулеттің тілегін бірге тілеп,
Бақа тірес болмаған, бақ таласып.

Кіндіктеліп бір әулет көгеніне,
Бірге көрді жаңаны, көнені де,
Бір әулеттің тағдыры арқылы олар
Қарайды енді кең дүние көлеміне.

Кең дүниенің тарылып, кеңейгенін,
Татар дәмнің жалғасып көбейгенін
Көрді бірге... Бақтарды бастан тайған,
Ішкен ірің болған-ды, жеген желім.

“Елу жылда ел жаңа” деген рас,
Ат тұяғын тай басар – ел арымас,
Жігіттері серкедей сере құлаш.

Сол қайнаға, сол қайын...
со бір боздақ,
Қабырғаны, түссе еске, сөге жаздап,
Сөге жаздап сөге алмай кетті, бірақ,
Өтер уақыт –
жараның орнын жазбақ.

Екі абысын –
өткеннің бәрі ішінде,
Бергісін де біледі, әрісін де.

Ішке бүккен бір сырды бұл екеуі
Іштен шыққан айтпайды бала үшін де.

Бірі – ағаның әйелі, бірі – інінің,
Білдірмейді өткеннің жымып, жігін.
Кеше оттай шарпысқан абысындар –
Бәйбішесі байыпты бүгінгінің.

Бірі – қазір қалада, бірі – ауылда,
Екеуі де екі үйдің ылауында.
Қор болады кей-кейді күйіп-пісіп,
Келін менен баланың шылауында.

Бірі ауылдан ет пенен май жіберіп,
Бірі алма, не үнді шай жіберіп,
Екі абысын алмасып сәлем-сауқат,
Отырады өткенге ой жіберіп.

Көгенделіп, бір әулет көгеніне,
Өтті-ай, дүние...

дегенше «әне, міне»

Бір әулеттің әзірге сыйластығы, -
Екеуінің сыбаға-сәлемі ме?..

Екі абысын – алпыстан кеткен асып,
Бұйдаласып бірге өскен, ноқталасып...
Әлгіні ойлап қалады тызалақтап,
Табандарын алғандай шоққа басып.

Тамыр жайған емендей – екі абысын,

Күйіп-пісіп бір әулет атағы үшін,
Өмір сүріп жүргенін білмейді олар
От басынан басталған Отан үшін.

ЖАЛБЫЗ ТУРАЛЫ ЖЫР

Екеуміз сол көктемді сағынармыз,
Сағыныш - сары бояу, қанығармыз.
Сарыөзек сайға шығып,
қайда құрып
Кетті екен, қаймағы іріп сары жалбыз.

Қаймақтай қайран жалбыз көз суырып,
Көп еді соған құмар ессіз үміт.
Әрлі еді, әсерлі еді, әдемі еді,
Мен содан аман қалдым тез суынып.

ЖАЛҒЫЗ КЕЛІНШЕК

Бала бақшаға барады жалғыз келіншек,
Баласын алады күнде жалғыз келіншек.
Сәбиі кешке томпиып ерте ұйықтайды,
Томсарып өзі қалады жалғыз келіншек.

Қаланың үйі – қарауытқан төрт қабырға,

Көшені әбден тыныштық басқан шағында,
Тылсым бір күш кеп басады мұны иықтан,
Қашады ұйқы, қалмайды дегбір жанында.

Ұйқыдан тәтті тұрғысы келіп, тұра алмай,
Тұрады ертең буыны құрып бұраудай.
Жұмыста мұның сыртынан сөздер борайды:
- Бейшара-ау, – дейді, – беті-аузы неге бұлаудай?...

Сыбырдың бәрін сезеді ол да сыртымен,
Жалғызбастыға жабысқақ ғайбат ілкіден.
Жұмыс бабында жымыып қойған болады,
Көздегі мұңды көмгісі келіп күлкімен.

Көздегі мұңын көмгісі келер күлкімен,
Іштегі құмай арбасып сыртқы тұлкімен,
Өткен қызықты ойлайды ынты-шынтымен
Алдында бар ма?..

Жиырылар жаман кірпіден.

Өзегін өртеп өткендей болар бір уыт,
Өткендей болар жүректің қылын суырып.
...У тиген жерде сабағы қалған үгіліп,
Тамыры тірі келеді бір гүл тіріліп.

ЖЕР АТТАРЫ

Қара Торғай – Сары Торғай,
Қошалақ құм – Қарақұм.
Сары Тосын – сары атандай
Ботасындай – Балақұм.
Түйемойнақ, Ақшығанақ –
Қарт Торғайдың қанаты.
Ешкіқырған – Қазасалған...
Қандай-қандай жер аты!
Көнген бейнет, көрген қызық,
Келген бұйрық, кешкен тірлік –
Бәр-бәрінің мандаты
Кәсібінде, нәсібінде,
Жалғыз сөзбен танытқан.
Қалт кетпеген,
Мүлт кетпеген
Жібермеген сәл қапы.

Неткен халық,
Не қылған ел –
Маңдай термен,
Құса-шермен
Махаббатқа мәңгі шөлмен,
Атау жаумен аңдысумен,
Атамекен – Жерге жазған тағдырын.
Неткен халық,
Не қылған ел,
Қуанса да,
Жыласа да,
Тұла бойын мұң алса да,
Отанынан жасырмаған барлығын.

Жері жомарт,
Елі де мәрт,
Революция бораздасын
Тартты Торғай далада,
Ал Ыбырай
Алтын сарай салғызған жоқ
Салды сарай – санаға!
Ал Иманов,
Ал Жанкелдин
Жанталасқан жандар ма екен жаны үшін?!
Жан ұшырса,
Сағы сынса,

Ал немесе бағы туса,
Тек халқының қамы үшін.

Торғай алыс,
Торғай шалғай –
Құйттай Торғай картада.
Әлібилер елден алыс,
Жыртты намыс
Тарих дейтін – аренада,
Туған жерден алыс шалғай ортада.

Торғай түкпір,
Торғай қиян,
Бір жағында құрдымы бар,
Бір жағында Бетпақ жатыр,
Бетбақтырмай мың жылдар.
Сол өлкеге қоныс тепкен

Көзсіз батыр бабамыз.

... «Жүрек жұтқан» бабалардың
Жас ұрпағы бүгінгі.
Құрдымдарды құрғатты да
Құлпыртты ғой тыңыңды.
Боксит таулар –
Байқоңырлар шұғыласы боп құбылды.

Торғай алыс,
Торғай шалғай,
Құйттай Торғай кешегі.
Ұлы Торғай,
Жақын Торғай –
Жүрегіме бүгінгі!
Сендегі әрбір жердің аты –
Бабалардың махаббаты,
Бізге қалған аманаты,
Тілде қалған – тірі ескерткіш,
Тірі жеткен туынды!

ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫ

Әнеки, Жоңғар қақпасы,
Тіреген қос тау – қос қолдап.
Таулардың талай – алқасы
Қарайды көкке аспандап.

Барлықтың тауы, Тоқта тау,
(Бекер ат жерге қойған ба?)
Барлық көл келіп тоқтады-ау,
Барлық ел тоқтап байламға.

Немесе,
 жаудың бар күші
Тоқтаған шығар – тоқырап.
Тоқтатқан халық қарғысы,
Немесе кие – топырақ.

Немесе намыс не қайрат,
Немесе аққан қанды жас.
Қақпаға қарай атойлап,
Қиылып талай қалды бас.

Әйтеуір, қақпа аузында
Төгілгені рас қызыл қан.
Аққан да шығар қан-жылға,
Қақпа да, мүмкін, бұзылған.

Бұзылып қақпа бекінген,
Мүжіліп тастар, жетілген.
Шекарадағы тіршілік –
Қыл суырғандай өтіңнен.

Халықтың жаны ұшында
Болған бұл қақпа – жан алқым.
Заманның бейбіт тұсында
Ұмытпау керек соны әркім.

ЖҮРЕК

Бәріміз де Адамбыз – жүрегі бар,
Кермек дәмін тірліктің білер, ұғар.
Бірі – бірақ шын күліп, шын жылайды,
Жүре күліп, біреуі жүре жылар.

Барлық жүрек соғады бірдей, бірақ...
Бірақ, бірақ бермейді бірдей қуат.
Бірдей ысып, суынар барлық жүрек
Барлық жүрек тұтпайды бірдей мұрат.

Түсі бірдей, түрі де, көлемі де,
Ісі бірдей игерер денені де.
Біреулерге езіліп ет жүрегін,
Жібімейді біреуге... себебі не?

Алпыс алты тамырдың бәрін бірдей
Әдіптеген, тіршілік «тәңіріндей».
Тілсіз жүрек,
бірақ та сол жүректің
Бәрімізге өмір жоқ әміріндей.

Ақыл ісін жүрекке артамыз да,
Жүрек жара қуанып,
қорқамыз да,
Жұдырықтай жүректі додаға сап

Өтеміз...

Өмір деген ортамызда.

* * *

...Қара бұлтты үйіріп, селмен ұрып,
Дауылымен түйіліп желмен ұрып,
Тағдыр мені тезіне салып алып,
Жібергісі келді бір «пенде» ғылып.

Бұлт артында білдім мен шуақ барын,
Дауыл ғой деп – дәлемді құлатпадым.
Сырғақтамай, сырғымай қарсы алғанмын
Тағдырымның сыбаға – сынақтарын.

Өарсы алмасқа жоқ ешбір айла-шарғым,
Тағдырымнан қашанда қайда асармын?
Тағдыр, саған мың да бір рақмет!
Өкіндірдің. өксіттің, ойға салдың.

КЕРЕКУМЕН КЕЗДЕСУ

Баянауыл басында бұлт бар ма,
Керекудің көгінде мұнар бар ма,
Қалқаман мен Мамыр көл қосыла алмай,
Орны жатыр.

Баяғы құмар бар ма?!

Шідерті мен Шілікті арасынан
Тұз тасыған түйеге сыңар бар ма,
Махаббатқа «Қорландай» қойса ескерткіш,
Машақатын көрген кім,
сұрау бар ма?!

«Мен кедеймін, адастым, кім жазықты!»

Деп бозбала жаныман жылау бар ма,
Тағы да бір бозбала тау-тас кезіп,
Табанынан таусылып, шыдау бар ма,
Қара Ертістің суындай арқаланып,
Төгіп-төгіп алатын жырау бар ма,
Сері бар ма Шәкендей,
бала бар ма

Қабдікәрім ақындай қуанғанда.

Жә, жетеді тізбей-ақ

осылар да

Осынау топырақ аруағы бір аунауға.

Бар, әрине.

Бәрі бар. Бәрі орнында,
Бірі кейін, біреуі топ алдында.
Соған орай сыйы бар заманның да,
Соған орай салмағы бағаңның да.

Қосылмаса, көл шығар қосылмаған,
Ынтызарлық үлгісі ол – ғасырға аян.
Махаббаттың мұңына мәңгі ескерткіш

Қалқаман мен Мамыр көл, жасыл Баян.

Осы өңірде тұз жалап, суын ішкен
Сыңар түйе аумайды өң мен түстен.
Елестейді ол өркеші мұнара боп,
Пароход боп боздайды енді Ертістен.

Сол бір түйе енді елес...

ант атқандай,

Еңбегіне куәлік, мандат қалмай.
Екібастұз жылуын Орал тау мен
Европаға ең алғаш сол тартқандай.

Ол шөлдеген, ол білген, ол аңсаған,
Сүрлеу салып жасампаз, заман, саған.
Пирамида тасынан түрі бөлек,
Эйфель мұнарасынан биігірек,
Ең алғашқы кірпішті сол тасыған,
Сараыарқада салынған, канал, саған...

Қол жетпеген шын ғашық адамына,
Жеткізбеген Қорлан ба, заманы ма!?
Ол да білген,

бар мұңын кеткен айтып,

«Келер ұрпақ қарар деп қабағыма».
Бас ескерткіш – жүректе Естай әні,
Тас ескерткіш әлі жоқ... болады да!

«Мен кедеймін, неліктен?

Кім жазықты?» -

Деген ақын, мұң жұтты, у да жұтты.

Соның бәлкім, арманы орындалған,

Гүл-қауызда таскөмір бүр жарыпты.

Тау-тас кезген бозбала далаға ынтық,

Қуанышын ғұлама қабағы іркіп,

Менделеев кестесін Сарыарқа ғып,

Махаббаттан тұрар ед алабұртып.

О, жарықтық кең заман, неткен рақат!

Кен мұхиты – Кереку жатқан жалпақ.

Екібастұз жылуы енді бүгін,

Евразияға табиғи оттан да ортақ.

Онда Баян басының бұлты да ортақ,

Керекудің көгінде мұнар да ортақ.

Топырағынан алынған тас көмірдей,

Топырағымен жабылған мұңы да ортақ.

Онда мұңға малынған жыры да ортақ,

Мұңнан бақыт жасаған ұлы да ортақ.

Дос елдерге жарық та, жылу да ортақ,

ГРЭС-тердің, ГЭС-тердің атауы ортақ,

Алыптардың даңқы мен атағы ортақ.

Бәрі,

бәрі, бәрі жұп, бәрі де ортақ,

Жұп емес туған жерге – тек Махаббат!

* * *

Көктемгі қара жаңбырлар, қашан жауасыңдар,
Қырлардың көгін өсіріп, көңілін ашар дауасыңдар.
Қара жер қатаяр еді, аспанның нұры
Жасыл шалғындарменен жасауламасаңдар.

Сіркесі су көтермей – сонар даламыз,
Сендер сіркірегенше алаң боламыз.
Ұлан далаға көк, жасыл шалғындар шықпаса,
Қайрақ қырларға қажалып, тәмамдаламыз.

Беу, аспан,
Жердің әділ жанары, жылап тынасың сұстансаң,
Жалқы тақиям – қиналам апшып, қысқарсаң.
Жердің әділ жанары, сен жыламас та едің,
Көзіңе түспесе табанымнан ұшқан шаң.

Айлап жаумадыңдар, айлап жоқ болдыңдар,
Аңсап сағындық, қай жаққа тоқталдыңдар.
Жерден ұшқан шаң аспанның көзін ашытқанда,
Жерге ыршып төгіліп, қаймақ боп қондыңдар.

Жарықтық тамшылар жерге сүйсініп жеткесін,
Топырақ қалай түрленіп тіршілік етпесін.
Ақын аспанымыз – иіп тұрғанда,
Абай болайық, исініп кетпесін.

22.03.69 ж.

ҚҰДЫҚ

Торғай,

сенде құдықтар көп,

Шыңыраудан су тартқан.

Қара жердің жүрегінен,

Қасиетімен қыл тартқан.

Қапырық түтеп шөлдегенде,

Кәусарыңнан бір тартқан,

Жас сәбидей қуанушы еді,

Жаңа шыққан құндақтан,

Шеменіңде тағдыр жатқан,

Шыңырауында талшық жатқан,

Тамшысында сыр жатқан,

Торғай,

сенің құдықтарың

Аумайды бір жұмбақтан.

Кейде құмақ,

Кейде қырдан.

Кейде жырақ,

Құм-шағылдан

Саған жолым тірелер.

Келем саған мен қаталап,

Мейіріміңмен сен боталап,

Екеумізді тең махаббат

Мөлдіретіп жіберер.

Екеумізде бірдей шөл бар,
Бір кәусар бар,
Бірін-бірі қандырар,
Бір-біріне – махаббаттай
Мәңгі ынтық,
Мәңгі інкәр,
Мәңгі зар.

ҚҰЛ МЕН ҚАЙЫРШЫ

(аңыз)

Баяғыда,

ҚҰЛДЫҚ ҚОҒАМ ТҰСЫНДА,

Әлде Үрімде, әлде Мекке, Мысырда,

Әлде базар, әлде мазар сыртында,

Әлде... әлде... әлдекімнің жұртында

Кездесіпті қу қайыршы, шұнақ құл,

Құл шұнақтың жаны алқымның ұшында,

Қайыршының жұққан май бар мұртында.

Қу қайыршы екі аяқ жоқ – бір кәріп,
«Осы ғой деп ойлайтындай сорлы анық».
Қарны тоқ па,
 көңілді екен сол күні,
Қос балдақпен ұшатындай қомданып.

Құл бейшара,
құлақ кесті шұнақ құл,
Қарашықта қарғыс атқыр сұрақ тұр.
«Бүгін қалай, ертең қалай күн көрем?» -
Шешілмейтін мәңгі сұрақ бірақ бұл.

Құл асығыс,
ал қайыршы бей де жай,
Ертең түгіл бүгінін де ойламай,
Құлды келіп қағып өтіп аңдамай,
Шыр айналды сапсыз шолақ балғадай.

Алпамса құл салғысы кеп байбалам,
Құл емес пе,
даудың артын ойлаған.

Асыққаннан қаны тасып миына
Қан сорпадай зығырданы қайнаған.

- Әй, сен неме,
Сіз немеңе?.. – деп қалып,
Екіұшты оймен тұрғанында оқталып,
- Ғафу, ғафу, ғафу, - деді қайыршы,
Салмақты айтқан сұрағынан сақтанып.

- Ғафу, - деді үстін сілкіп, сілкініп,
Ғафу сұрап, тұр мысқалдап, тұр күліп.
Құл мүсіркеп аяушылық сезіммен
«Тұрсаңшы» деп тоқтап қалды іркіліп.

- Қарасаңшы, - дегенде құл, - көзіңе,
- Қарасаңшы, - дегені бұл, - өзіңе, -
Мен көзіме, сен өзіңе қарасаң,
Біз тағдырдың түсер ме едік тезіңе?..

«Тағдыры не бұл сорлының, тезі не?» -
Пәлесінен қашыпты бұл безіне.
Құл бола ма құлдық ұрмай басқаға
Құлақ қойса қайыршының сөзіне...

* * *

Мысқылдаумен, мүсіркеумен бір-бірін,
Құлдық қоғам сүйретті ұзақ шылбырын.
...Пролетарлар, бірігіңдер!

Күл болып
Көкке ұшады – қайыршылық, құлдығың!

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК НЕМЕСЕ ЖАЗУШЫ ШЕРХАН МҰРТАЗАЕВҚА СЫР

Сол келіншек сенің жеңгең, менің шешем еді ғой,
Сенің барың, менің барым – көңіліне сеп еді ғой.

Сен аяушы ең, мен аяушы ем.. ол аяйтын біздерді,
Бұл сезімді кеудемізден өмір көсеп еді ғой.

Бұл сезімді кеудемізден өмір көсеп... жылындық,
Аяулы өмір, аяй білсе тәтті екенін ұғындық.
Енді, міне, өтті бәрі, әттең, ғұмыр өтеді-ау,
Ал әйтпесе, қайғы да жоқ, бақыт та жоқ ғұмырлық.

Енді, міне, өтті бәрі... Үшеуміз де жетілдік.
Сенен, менен, одан-дағы кетті, әрине, жетімдік.
Екі еркекпіз, бір әйелміз – үш ұрпақпыз және де,
Аяп өскен бірін-бірі кешсек-тағы не тірлік.

Ол, әрине, шашы қудай, бетіне әжім түсті ерте,
Сенің-дағы балалығың бір жалт еткен түспен тең.
Мен кеңшілік күндерде өстім, еркіндігім – құспен тең,
Әке көрмей, көке көрмей алғаныммен іштен дем.

Сен алдыңда жеңгенді аяп, артыңдағы ініні,
Ал ол болса, біздерді аяп – жібіді де иіді.
Өзіңді аяп тұрғандарды – аяу екен қиыны,
Үштік одақ едік біздер – аяулы өмір түйіні.

Қаяу көрген, аяй білген – үштік одақ біз едік,
Қайырым үшін, мейірім үшін саппен санат түзедік.
Енді, міне, өтті бәрі... ғұмыр шіркін өтеді-ау,
Қаяу көңіл, аяулы өмір біткенінде мұзы еріп.

Бәлкім біздер көп қиындық көріп өскен, соңғымыз,
Өткенді ойлап, келеді рас, соңғысы да болғымыз.

Адамзатты мәңгі десек, табиғатқа теңесек,
Не болады еріп кетсе мәңгі мұхит – мәңгі мұз?

...Бір келіншек, бір бозбала, бір ерқара – ер бала,
Бірі – кемпір, бірі – азамат, енді бірі болды аға!
Енді, міне, бәрі бүтін, ғұмыр да әзір тұр жетіп,
Өтіпті өмір...

Кетік көңіл... Бататыны сол ғана.

* * *

Қырық жаста келіншек.

Қырық жаста.

Қырық жаста әйелде – ғұмыр басқа.
Қырау, қылау, бозқырау шалығына
Бұл жаста әйел үсімес, ұрынбас та...

Бұл жаста әйел болғанмен қанша нәзік,
Үйренеді сәл тоңып, сәл тоңазып.
Қол байлаған тірліктен мойны босап,
Азаяды зіл батпан арқада жүк.

Қыз бойжетіп, ұлы да тұр ержетіп,
Төрт құбыла қалғандай түгел бекіп.
Әкесі енді дүниені дүрмек етіп
Баяғыдай жүрмейді түнделетіп...

Жүрек емдеп немесе бүйрек емдеп,
Үйден ұзап шықпайды күйбелеңдеп

Ал бұл болса – дені сау, бойы сергек,
Мезі етеді бір сарын үйдегі ермек.

Той-думанға, қонаққа бара қалса,
Жүзінен нұр тарқамай, тарағанша,
Би билейді дөңгелеп, ән айтады
Шаршағанша, әуені жарағанша...

Бұл жаста әйел – ынжық та ұяң емес,
Бұл жаста әйел – шындық қой, қиял емес,
Бойжеткендей ішінен бір булықса,
Болмысы ғой...

болмысы зиян емес.

Бұл жаста әйел – ойнаған қолда алтындай,
Алтын құрғыр арбаусыз болмайтындай.
Қорқады өзін біреулер арбайтындай,
Қорқады өзін біреулер қорлайтындай,
Қорқады өзі. Қорқады,
қорықса да,
Көзге түспей, әйтеуір, қалмайтындай...

КІНДІК ҚАН

Шыр етіп түсіп шарана,
Шашалып барып, жұтты ауа.
Түскендей сынап бағана
Сылқ ете түсті жүкті ана.

Тоғыз ай, тоғыз күн күткен

Бір-ақ дем екен бар медет,
Жанарға сонда нұр біткен
Әлдебір ғажап әл демеп.

Шашалып сәби...

жұтты ауа

Басталғандай енді еркі.
Қуанды көптен күпті ана
Жылағанына перзенті.

Қуанды әке аптығып,
Албыртып жатты ана да.
Қамданып тойға жатты жұрт,
Қамсызы – құйттай шарана.

Кіндікті кесіп,
ал, міне,
Көтеріп алды басқа ана.
Бәрі де бір сәт... мәңгіге
Тамғаны – кіндік қан ғана.

МАҚАНШЫ МӘНЕРЛЕРІ

Қабдеш Жұмәділовке

Таулардың тарланы екен Тарбағатай,
Мінезі маң-маң екен Тарбағатай,
Қолаты қорған екен Тарбағатай,

Пай-пай, пай, оң қанаты-ай сол қанаты-ай!

Тұрқына тұғыры сай Тарбағатай,
Тұрпатқа ғұмыры сай Тарбағатай.
Ызғарға жылуы сай Тарбағатай,
Пай-пай, пай, Ебі желі – емге қат-ай.

Шыңдары қиыр-шиыр Тарбағатай,
Шежіре ию-қию Тарбағатай.
Асуың қиын-қиын...

асуы қиын,
Тағдырын түсіндім ғой енді, ағатай!

* * *

Махаббат болды ма өзі,
болып па еді?
(Махаббат деменіздер желікпелі.)
Махаббат болса – болды,
Онда оңды –
Мәңгі ме, минуттік пе – кемітпе оны.

Өйткені бір сәті де, мәңгісі де,
Жүректің жүгінгенде заңды ісіне,
Бағың боп,
Сорың боп та айналады
Кішкентай тағдырыңның «тәңірісіне».

* * *

Менің бүкіл өлеңім – Отан жайлы,
Отан берген бойымда от ойнайды.
Отан – жүрек,
жүректен нәр алмаған
Отықпайды ешқашан, отаймайды.
Отан – жүрек.
Жүректің әр дірілі –
Соққаны емес тамырдың, тағдыр үні.
Отан – жүрек,
жүректің иесі – біз,
Біздің қолда – мықтылық, мәңгілігі.

ӨЛШЕМ

Бәрі өлшеулі.

Деміңе дейін өлшеулі.

Тағдырдың салдар-себіне дейін өлшеулі.

Жаялық-құндақ, тал бесігің де өлшенген,

Жастанар құйттай жеріңе дейін өлшеулі.

Өлшейміз бәрін.

Алысты шырқау – жақынмен,

Жынысты-нуды жадағай-жайдақ тақырмен.

Гүлдерді оқпен салыстырамыз, атоммен,

Ақымақтықты салыстырамыз ақылмен.

Емшектің сүтін анаң де берген мөлшерлеп,

Мөлшердің бәрін атамаймыз ба өлшем деп.

«Көздің де жасы таусылады екен», - дейтұғын.

Соғыстан ұлы қайтпаған кемпір кемсеңдеп.

Салыстыру да,

Салғастыру да,

Бәрі - өлшем.

Таусылу, туу. Бітпейді өлшем өле-өлсең.

- Біткені, - дейді тайғанап кетсе табаның,

- Жеткені, - дейді жұлдыздай жансаң егер сен.

Сүріну де – өлшем, жүгіру де – өлшем, жүру де,

(Көнген ғой пенде өлшеулі өмір сүруге.)

Өткелек өмір – өрмекші құры секілді,

Салмағын соның болса ғой өлшеп, білуге.

* * *

Өмір жылдам атқан оқтай зымырар,

Көңіл – құбылаң. Құбыласына жығылар.

Біз – пендеміз өз билігін өзі әлі

Ұстай алмай от пен суға ұрынар.

Пайғамбар жоқ,

дін-шарғысы тозды оның,

Баса алмады ол ақыл-ойдың безбенін.

Бірақ әлі адамдардың көп көрем

Өз көңіліне өзі иілген кездерін...

* * *

Отанды сүй. Отқа түс – от лауласа,

Ал егер де, егер де... от болмаса,

Сүйгенінді Отанды көрсетем деп,

Жасай көрме, жарқыным, тек далбаса.

Кім анасын сүйем деп айқайлайды,

Сыйлағаны үшін кім той тойлайды.

Сыйлағанын, сүйгенін анасына

Айта алмайды айқайлап,

айта алмайды.

Отан-ана.

Сүйе бер, сүй үнсіз-ақ,

Сол махаббат – мәңгілік жылу-шуақ.

Отан-анаң алады түбі сынап,

Түбің шикі болмасын...

Түбі, шырақ!

Отанды сүю, өзіңді сүю – бір ұғым,
Отаннан тарар тамырың менен түбірің.
Отаның сонда жүрегің болып шықпай ма,
Өзіңнен артық кім білмек жүрек дірілін.

Отаның, демек, өзіңнің күйттай жүрегің,
Жүрегің қақса, сенің де заңды жүдеуің.
Жарыла жүрек қуанар кезің болса да,
Қабынып жүрек қорқа көрмесін, тілеуім.

Қуану, қорқу,
тұрар ма бірақ алмаспай,
Отаның – анаң,
төзіміне адам нанбастай.
Ауырса анаң, таба алсаң емін болғаны –
Еш жақтан сондай балгер де іздеп,
бал да ашпай...

Отаншыл сезім

Үлкен Отан, Ұлы Отан –
Балалық шақтан сезінген,

Сүйгеннен бауырың езілген.
Балалық шақтан бері біз –
Отанның құйттай төліміз.

Бір ауыз танбай сөзінен,
Бір елі таймай көзінен,
Бірге өсіп келе жатырмыз
Отанның Біздер өзімен.

Бар ұрпақ солай, әр ұрпақ
Отанға берер оттарын.
Отанға төлер тапқанын,
Отаннан алар жоқтарын...

Үлкен Отан, Ұлы Отан –
Ұлы тау яки ұлы таң.
Шыңына бір шығарар,
Шұғыласына бір оар
Әр ұрпақтың соқпағын.

Отанмен атам жолықты
Сардарға, мүмкін, ергенде.
Өз әкем, мүмкін, ауылда
Алғашқы туды көргенде,
Немесе сонау Берлинге
Сол туды ұстап келгенде.
Отаншыл сезім ешқашан
Қарамайды, әсте, көр-жерге,
Бөлектегенге, бөлгенге
Көнбейді ол, әсте, құлдыққа

Қорықпайды ажал төнгенде,
Өлмейді ол сен өлгенде!

...Қырықыншы жылдар соңының
Сөніп бір жанған жарығы,
Отаншыл сезім от болып
Біздерге қалай дарыды?
Аштықты біздер білмейміз,
Соғысты біздер көрмедік.
Терезе жұртпен тең болып,
Теңеді біздер өссек те,
Есерлікке ерік бермедік.
Жеңістің гүлі Біздерміз
Өртеңге өскен өң беріп.
Ғарышқа қарап талпындық
Аяулы ана – Жер болып.

Отаншыл сезім... біздерге,
Балалық шақтан дарыған.
Айрылған әйел жарынан...
Зәрезап едік зарынан.
Зарлай да жүріп сол әйел
Түйетін талқан тарыдан,
Түспейтін ұршық қолынан,
Сүйріктей саусақ кетпеннің
Сар мейіз еді сабынан,
Ұялап қалған сары су
Қақсайтын еді қарынан.
Сонда да... “колхоз шаруасы,
Қалды-ау деп бітпей” налыған.

Бір ғажап мейірім болмысы
Білінуші еді бабынан.
Садаға еді – сайтан сөз
Беттегі иман, арынан.
Бір үзіп берсе нанынан,
Шықпайтын едік жанынан.

Отаншыл сезім... біздерге
Балалық шақтан – бақ қонған.
Бар еді ағам балдақты
Аяғын соғыс ап қалған.
“Бір басқа бір көз, бір аяқ
Шүкірлік, қалқам, шақ болған”
Дейтұғын еді ол.
Бұл сөзі
Дүйім бір елге дэт болған.
Мінетін атқа бір ырғып
Сықырлап сол жақ қапталдан.
Түсетін аттан домалап
Құлаған тастай жақпардан.
- Өттік қой аман оттардан,
Қалдық қой тірі оқтардан...
Маңдайдан мені сипайтын, -
Сені тірі болсаң, -деп, - қарғам, -
Маңдайдан сипап бір күні:
- Ертеңің – ертек, - деп, - қалған.
Содан соң аз-кем тоқталған,
Артына мені мінгізіп,
Көпжиде жаққа ап барған.
- Көпжиде мынау шоқталған,

“Атамекенің” – деп, - қалған.

Кешегі қанды соғыста,

Бұл жерден, қалқам, алыста

Ағаларың да көп қалған...

Топырағын сосын уыстап

“Құнары-ай, шіркін” дегенде,

Көзіне тамшы кеп қалған.

Отаншыл сезім біздерге

Ағадан солай кеп қонған.

Дарыған бізге бұл сезім

Адалдық, ардан, серттерден.

Қалғанда Ер есен оқтардан,

Қалғанда ел аман оттардан,

Сондықтан да ол, бірбеткей

Туатын мәрттей серттерде.

Ертеңге өскен гүлдердей,

Тас жарған аумас шөптерден.

Отаншыл біздің сезімге

Ғарыштық дәуір дөп келген.

Сондықтан біздің бұл сезім

Өшпейтін өмір – от берген.

* * *

Отқа да салам өзімді, суға да салам,

(Адам ба – өзін суарып шындамаса Адам).

Өз жүрегіммен үрлеймін өз көрігімді,

Өз жүрегіммен өзімді бірге жасаған.

Өз көрігіммен өртеймін өзімді-өзім,
Көрігімдегі өмірім – сезім, мінезім...
Бақыт деп білем – оттарға төзудің өзін,
Балқып бір барып суықты сезінудің өзін.

Бақыт деп білем – буланып балкудың өзін,
Бақытты кезім – балқыған әр қилы кезім.
Қара темірмін,
менсінбен алтынның өзін,
Алтыннан гөрі қымбаттау жарқын мінезім.

Қара темірмін, сондықтан суарыламын,
От пенен суды мәңгіге мұра қыламын.
Отқа да салып өзімді, суға да салып,
Құлпырып қунап тот баспай – тұра да аламын!

* * *

Он жеті жастан, он сегіз жастан сүйгенмін,
Жиырма бес ерек...

Отызда бөлек күйге ендім,
Отыз бесте де, қырық бесте де сүйгенмін,
Сүйе беремін қурап қалғанша сүйегім.

Сүйгеннен ернім жұқарса, мейлі, жұқарсын,
Сүйгеннен жүйкем жұқарса, мейлі, жұқарсын,

Сүйгеннен көңілім мұқалса, мейлі, мұқалсын,
Сүйгеннен өмірім қысқарса, мейлі, қысқарсын.

Тек сүйсем болды –

минут па, әлде мәңгі ме.

Ұзағында ма, қысқасында ма – әңгіме.

Дәнінде емес пе, дәмінде емес пе – әңгіме,

Мәңгі есте қалар мәнінде емес пе – әңгіме.

Машақаты мен мұңында емес пе – сыры, ізі,

Буынға түскен уында емес пе уызы.

Мұннан да рақат, удан да уыз ұюы,

Сол емес пе екен – Адамды адам сүйюі.

Сондықтан сүйем,

сол үшін сүйем, сонша көп,

Мұннан да рақат, удан да уыз тамса деп.

Сүйе алмай налып болғаным да бар сонша әлек,

Сүйіп те қалып, күйіп те қалдым қанша рет.

Сонда да сүйем,

сонда да сүйе беремін,

Бәріңді сүйем... бәріңді иеленемін.

Сүйе беремін,

сүйе де сүйе шаршасам,

Махаббатыма маңдайды сүйеп өлемін.

СҰРАРСЫҢДАР

- Өмірбаян жазып бер, - деді маған,
(Өміріңді сұрай ма тегін адам...)
Өміріме аз емес өкпе-назым
Соны еске алу – өш ету мені маған.

Мені маған айдап сап, өш еткенмен,
Өртенбеймін... шоғымды көсеп көргем.
Өзімді өзім саламын отқа күнде,
Өкінішін өткеннің есептеумен.

Серігім ғой өкпе-наз, нала-мұңым,
Өмір бақи қалғытпас қарауылым.
Қарауылым – қорғаным, әділ қазым
Жүрегімнің қақ бөлсін қара қылын.

Мені маған сонда ешкім өш ете алмас,
Өмірімді зая да, еш ете алмас.
- Өмірбаян жазып бер, - деді маған,
Өмірімді жаздырар... жасата алмас.

Жазып берем...

Жазамын өмірбаян,
Жазған өмірбаяным – бәріңе аян.
Аян емес жерлерін сұрарсыңдар
Тағдыр деген тақуа қариядан.

ҚАСИЕТТІ ҚАС ҚАҒЫМ

(1985 ж., «Жазушы» баспасы)

ТАЛ ТҮСТЕ ШЫРҚАҒАН ТОРҒАЙ

Біздің жаққа бұлт аумай, жаңбыр жаумай құрғап тұр,
Күнде шығып күлән күн, көп бояуды ұрлап тұр.
Бір бозторғай төбеге қақырық түтер мезгілде
Боз көдеден биіктеп буынғандай жырлап тұр.

Жалғыз торғай жырлап жүр,
жалқы аспаны тыңдап тұр,
Сауырын созып селт етпей сұлық жатыр сұңғақ қыр.
Сай-сүйегі сырқырап барады босып боз бұлттар
Бейжай бір кезде бейсауат шырқырауын-ай,
тіл тапқыр.

Қарлығып шыққан құс даусы – қайраққа салған ұстара,
Қайрап қалдырған өткірлік бұйырады екен құсқа да.
Қарашықтай құс қажып кеп, қанаты талған кезінде
Қаймықпай кіріп кетердей уантып ұстар уысқа да.

Үніне сенген үмітпен аңқасы кепкен қырларға
«Ақ жаңбыр қашан төгер» - деп, жүйкесі құрып
тұрғанда,
Қара жер шөлдеп жатқан соң, шырылдап құйттай
бейбіт құс
Арбаған жылан аузына жем боп түсіп тынғанда,
Жабырқап қалар жалған да...

* * *

Телефонмен тіл қаттың маған,
Тіл қаттың дағы жыладың.
Мең-зеңмін мен де, жұмбақ бір ғалам –
Жалғыздық салды сынағын.

Сен жалғыз аңсап, мен жалғыз аңсап,
Күнәміз болса, кешірдік.
Қалды ма кейін сол минут, солай
Кетті ме өтіп, не сұмдық!

Мен кіммін саған, сен кімсің маған
Алыстан аңсап, абайла.
Мәңгі бір жүріп, мәңгі жасаған
Махаббат бар ма, соны ойла.

Телефонмен тіл қатшы маған,
Тар емес, дүние кең шығар.
Дүние деген – бір жақсы, жаман,
Жақсылығы да мол шығар...

ТОПЫРАҚ

Ағам Қамиқанға

...Туған жер саған тағы да міне оралдым,
Қайтқан бір қаздай қоңыр төбеме қонармын.
Қоңыр төбеме қоңылтақсып бір қарармын,
Қабірін көріп былтырғы қайтқан ағамның.

Қоңыр төбеден бір уыс топырақ алармын,
Көз жасыма илеп, басыңа барып салармын.
Алаңсыз, қамсыз жатқаны қалай,
мен үшін
Өзегін жарған өмірімдей қымбат адамның.

Өткеннің бәрін көрген бір түстей шолармын,
Көзімнің алдын көрсетпей жасқа шылармын.
Бәрі де елес.

Өткен бір өмір – мұнардың,
Мұхиттай шексіз мұңына малтып тұрармын.

Өткеннің бәрін көрген бір түстей шолармын,
Тұтанып өзім тұтастай іштей жанармын.
Сынық ай салған сынық сүйем тас алдында
Дәрменсізін-ай, жүректің, мидың, жанардың.

Туған жер саған – тағы да міне, оралдым,
Басына бардым былтырғы қайтқан ағамның.
Сыздады орны жарамның,
Көз жасыма илеп тағы да
Бір уыс топырақ салармын,

Салармын да үнсіз қалармын.
Айырып тұрған топырақтан
Амал не, бірге жаралдым.

ТОРҒАЙ ӘУЕНДЕРІ

О, туған жер, келдім саған,
сағынған соң – келгенім.
Тамып саған кіндік қаным,
сенде қалған жөргегім.
Сені аңсайтын себебім де,
салдарым да – сол менің.
Ал әйтпесе, аспан асты
кең мекенім – Жер менің.

Ал әйтпесе, жер бетінде –
жер жетеді пендеге,
жер жетеді – өзіңе де,
жер жетеді ерге де.
О, туған жер, тосырқама –
тосаң тарттың сен неге,
Көзім алды кіреуке боп –
босаң тарттым мен неге?
Талай жерде жүрдім, бәлкім,
ылдида да, өрде де.
Жүреледік төменде де,
оздық, бәлкім, төрге де.
О, туған жер,
сенде маған

Төмен де жоқ, төр де жоқ.
Құшақтасаң болды мені,
Қыссаң болды кеудеңе.

Сен өйткені – ата-баба,
әулетімнен бері қарай,
Тұқым-түбір, үрім-бұтақ,
зәу-затымнан бері қарай,
Бір кіндіктен туғандардың
кіндік қанын сіңірдің.
Анамдайын сендім саған,
бабамдайын сыйындым.
Кіндігімді кестің дағы
кіндігімнен байладың.
Туған жерден ажырасам,
кіндігімнен қиылдым.
Қиыны сол, қиыны сол,
қиыны сол – қиынның.

* * *

Түбіт бөкебай
Тартқан ботам-ай,
Өзің ботадай,
Көзің боталай,
Маған қараушы ең
Мейірім нұрына
Шөлдеп, қаталай...

Түбіт бөкебай
Түсті-ау басыңнан.
Дәурен ботадай
Ұшты-ау басыңнан.
Кеттің жат жұртқа
Құшты-ау қосылған.
Сен де алыстап,
Мен де алыстап,
Құштар басылған.

Түбіт бөкебай –
Тозды түбіті.
Тентек көңілдің
Озды үміті.
Қалды махаббат
Ұыты өзекте.
Қалды... қалғанын,
Қалқам, сөз етпе.

УАҚЫТ

Кеше бала ек, бозбала ек бозда ойнаған,
Уақыт қалай құйындай көз байлаған.
Адам қанша жаңылсын, жазғырылсын,
Зымырайды уақыт жазбай заңнан.

Адам – пенде,
жазар да жаңылар да,
Тауы тасқа мұқалып шағылар да.

Құлар, жылар,
сүрініп қайта тұрар
Адам деген аты мен ары барда.

Адам – пенде,
қайғырар, қуанар да,
Тағдыр сыйын тайсалмай қарсы алар да,
Ойлап тауып мың айла, мың шарғыны
Уақытқа таба алмас бір амал да.

Уақыт жазбай, жаңылмай ағар тынбай,
Буыменен арбаған сары алтындай.
Тіршілік те тұрмайды бір орнында,
Зымырайды орнында заман тұрмай.

Тербейді уақыт бесігі ұлы өмірді,
Ұйықтатады,
оятып біреуінді.

Уақыт үнсіз қаусырған құшағына,
Тілеуінді бергір ғой, тілеуінді!

АЙДАН АНЫҚ

Ақынның сезіміндей сиқыр бар ма,
Бағынбас цитаттарға, цифрларға.
Күш бар ма, құдірет бар ма ақынға тең,
Күмбірлеп кеудесінен күй туғанда.

Бұл өзі – таңғажайып ғажап болмыс,

Қылдай бір кірбіңнен азап көргіш.
Шар болат кейде бірақ шамырқанса,
Басына тамұқ туғыз, тозақ келгіз!

Қорықпайды қыпылықтап,
тайғанақтап,
Қаруға қарсы жүрер қойған оқтап.
Өйткені жүрегінде кіршігі жоқ
Ол адал,
Айдан анық – Айдан аппақ.

* * *

Ақ көйлек кидің,
Көк көйлек кидің,
Ұзынын кидің – қысқарттың
Өзіңе іштей қызығып жүрдім,
Үзіліп жүрдім – іш тарттым.

Іш тарттым құлап,
Ұстарттым бірақ
Іштегі құйын – сезімді.
Тізгіндеп өзім,
Тентек бір сезім
Тентіреп менен безінді.

Бойжеткен қалқам,
Ойы кеткен қалқам,
Талайдың және талайға,

Қысқартар көйлек
Ұстартар ой деп
Ойлама өмір, абайла!

АҚ СЕЛЕУ

Ілияс Есенберлинге

Әкем бе менің?

Қырық жыл қой баққан қазақ,
Құрық тимеген құр жылқы ойнатқан қазақ.
Серілеу ме еді, сал ма еді, салқылау ма еді,
Айыра алмаймын әйтеуір ғажаптан-ғажап!

Ғажаптан-ғажап сыйлайтын селеуін қырдың,
Ғажаптан-ғажап келетін себебін білгім.
Кейітін кейде «кебіннің керегі жоқ» деп,
«Ақ селеуімді оранып өлемін бір күн».

Мен кейін білдім.

Даланың ойланғанында,
Селеуді ол неге аймалап айналғанын да.
Адамның шашы сияқты ағарып кеткен
Қажығанын да, қайғырып, қайралғанын да.

Сүйемін селеу!

Шаштары – ойланған бастың,
Ойланған бастар ағарса, қайран қалмаспын.
Сол селеулердің түбірінен тірілер кейін
Жауқазын гүлдер –

жарықтық, жайрандап жас күн!

...Қадау да қадау қайда да асылдар деген,
Жатпайтын қаптың түбінде жасырғанменен.
Ақ селеу шашты ағалар селдіреп қапты-ау,
Ойлары бірге мұхиттай Мұхтарларменен,
Қайнары бірге кешегі Қасымдарменен.

АЛАҚАН

Туған жерде – аэропорт басынан,
Аяулы ағам қарсы алардай асығам.
Аяулы ағам білем, білем, жоқ бірақ,
Білгенімді білмегім кеп жасырам.

Өткен бір күн өң мен түстей – көз алдым,
Өткен дүние тарқауындай базардың.
Өткеніңді өзіңе әкеп өлшету,
О, туған жер,
ауыры екен жазаның.

О, туған жер,
саған аян мен білген,
Сен – анасың,
мен – перзентің жол жүрген.
Аяулы ағам қарсы алмаса – жазмыш ол,
Әлдилеген топырағыңа келдім мен.

О, туған жер,

құлыныңдай құраулап,
Сен қарсы алсаң – түсер ол да бір аунап.
Бір топырақтан жаратқансың әуелде,
Тілсіз рух құдіретімен бұғаулап.

Табиғатпен, топырақпен, ауамен
Сипайды кеп маңдайымнан бар әлем.
Мұның бәрін қалай теңей алармын,
Сенің,
сенің алақаныңа, аға мен!

...Қарсы аларсың,
шығарып та саларсың,
Желеп-жебеп, туған топырақ, қаларсың.
Алақанның орны бөлек бірақ та,
Сен өйткені –
адамсың ғой, адамсың!

ӘЛІППЕ АЛДЫНДА

...Адамзаттың әлі сәби жас шағы,
Ашық еді маңдай алды –аспаны.
Сонда да ол бір сәулені іздеді,
Сол сәулеге шарқ ұра бастады.

Жас сәбидей туа сала тырбанған,
Тірлік іздеп тылсымдардан, тыңдардан,
Бірлік іздеп қуаныштан, думаннан,
Шындық іздеп қайғылардан, мұндардан,

Бұл адамзат ізденумен шындалған!

Сонда Адамзат сол ізденіс – шерудің,
Мәңгі екенін білді өзіндей өмірдің.
Өмір – ғұмыр мақсаты да сол еді,
Көпірі де – күрестердің, жеңудің.

Сол мақсатқа бізді мәңгі жалғаған
Адамзаттың танымына таң қалам!
Өзіңді өзің таны деген әуелден
Табиғаттан табиғатың аумаған.

Сәуле құмар, нұрға құмар – сен гүлсің,
Басы тұнық бастаудайын – мөлдірсің.
Көкірегінді көк тұнығы сел жусын,
Қиялыңа қанат болып жел жүрсін.

Табиғаттан ал барлығын, ал іздеп,
Сен – адамсың,

мойыныңда парыз көп.

Адамзаттың сонда-ақ асқақ санасы
Салды бізді білім – қия, сан ізге.

Сонда адамдар аяған жоқ көз майын,
Ойлаған жоқ қара басын, өз жайын.
Білім деген – ақиқат қой,

сол үшін

Дар алдында тұрды талай сөз дайын.

«Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ» дегендер,

Заманынан ойы ілгері кемелдер.
Білім деген – келешек қой,
сол үшін
Тұрды дайын зынданға, тас шеменге.

Шіркеулердің қоңырауларын сом болат,
Сәулелі ойлар тілсіз матап, алды орап.
Біреулері отқа өртеніп, біреуі –
Көк аспаннан келешекке жол қарап.

Дүние сырын, шындық сырын жатты ашып,
Жатты Адамзат өзін-өзі тап басып.
Соның бәрі жарық сәуле секілді
Тапты келіп біздің дәуір қақпасын.

Біздің дәуір, біздің қоғам – білімге
Кең сарайын ашты кеше, бүгін де.
Жиырманшы жылдар есте кешегі,
Сауат ашқан жермай шамның түбінде.

Одан арғы, бергісі де ... бәрі есте,
(Егер, егер... ұмыт болса сал еске).
Бұл Адамзат болсын қанша білімді,
Әліппенің алдында әлі нәресте.

Бүлдіршінім,
ақ фартук, ақ жағалы,
«Әліппеңді» ал ұстай ғой, ал әне...
Мойыныңа асына ғой сумқаңды,
Бұл міндетің – келешектің талабы.

Ал соға ғой,
қоңырауыңды күмбірлет,
Талпын, талпын – дүние сырын білгің кеп.
Сенің соққан қоңырауыңның күмбірі
Адамзатқа тұрар жүктеп мың міндет.

Әліппесін аш кәнеки, әлемнің,
Дүние сырын қызғанады сенен кім.
Қарыздар ғой Әліппенің алдында
Кемел заман, кемел қоғам, кемел күн.

АНЫЗ

Ең ертеде, ең алғашқы, ең тұңғыш,
Бар екен бір ең ерке құс, еркін құс.
Еркін-ерке ұшады екен әрқалай,
Қонады екен,
Болады екен әр түрлі іс.

Тойлайды екен,
Сайрайды екен әр түрлі эн.
Аспандайды,
Аттамайды ар-иман.
Сиқырлы екен қанатына нұр сіңген,
Сүйкімді екен басы айналған бір сүйген.

Бір өзінде
Жер мен аспан – екі ана,

Жер мен көкте – болмапты оған шекара.
«Осындай бір еркіндік бар екен» деп,
Сұқтанды жұрт «Тоқта, тоқта, о, тоба!»

Сол ерке құс
күндерінің бір күні,
Көз тигендей болды тордың «тұрғыны».
Тор ішінде шырылдапты шыңғырып:
- Шығарсандар, шығарам, - деп, - бір бүлік.

Құс сайрапты шыбын жаны шырқырап,
Жұрт таң қапты, сай-сүйегі сырқырап.
Еркіндіктің есесіне торды ойлап,
Тапқан Адам,
Ал сол Адам –
Сұм бірақ!

ӘРІПТЕСПЕН ӘНГІМЕ

Мен – ақынмын,
досым бар драмашы,
Өнер – бір дерт, өзек – өрт, сұрамашы.
- Ойың, ойың, ойың аз, - дейді ол маған,
- Оқиғанды, - деймін мен, - сыналашы!

Бұл дүниеде айтпаған ой қалмаған,
Оқиға жоқ драмаға айналмаған.
Мен Абайдың алдында қайқаң қағам,
Ол Шекспир шетінде қайрандаған.

Ол екеуі – ойлы да, оқиғалы,
Мәңгі, мәңгі,
мәңгінің сақилары.

Ол екеуі – Пайғамбар,
біз – пендеміз,
Сатып алған сау басқа сақинаны.

Олар бізге қарайды төбемізден,
Біз қараймыз баладай елегізген.
Тар заманда туса да...
таңғаламыз,
Таланттырақ жаралған неге бізден?!

Деп екеуіміз,
мойимыз, мойындаймыз,
Өліп-өшіп әр сөзін пайымдаймыз.
Мықтылардың мысынан қайқаңдаймыз,
Мұхиттардың шетінде қайырлаймыз.

Сөйте тұрып жазамыз біз де бірақ,
Біздікінің әрине тұзы азырақ.
Тар заманда, тартыста, тығырықта
Жазған олар ащырақ, ызалырақ.

Біз де жақсы жазуға міндеттіміз,
Машығына кәсіптің тым ептіміз.
Драмашы, ақынбыз ел алдында
Әжептеуір біз дағы құрметтіміз.

Біздің заман,
 ұлырақ ол заманнан,
Шындық озған қиялмен болжағаннан.
Таптар менен тақтардың тартысының
Талай айла-амалы жолда қалған.

Біздің заман кер жорға – кемелінде,
Заманаға сай болды өнерің де.
- Сыйғыз соны, - деймін мен, - драмаңа,
- Көрсет соны, - дейді ол, - өлеңіңде.

Бәрі өзгерер...
заңың да заманың да,
Оқиғаң да, ойың да, амалың да.
Абай менен Шекспир мәңгі бірақ
Адамзатқа – азамат адалында!

Өнер деген – өмірдің лапылдауы,
Ой деген не?
Бар болса ақын жаны,
Өнер – бір дерт, өзек – өрт,
ал жанып көр,
Таста, досым, іздеме оқиғаны.

АУМАЙДЫ ТАҒДЫР ОТАННАН

...Тағы да бір жыл өткердім,
Тауқыметін де көп көрдім.
Тағдырың жазса – қабыл ал,
Тауқыметтің де дәмі бар,
Тағдырдан озып кеткен кім?..

Тағдырдан озып кеткен кім?
Шегіндім талай, шектелдім.
Шегініс жасап секірдім,
Ойыма бірақ жете алмай,
Бойыма ғана жеткенмін.
«Жазымыштан озымыш жоқ» деген,
Дедім де көндім, деп көндім.

Секірдім яки сүріндім,
Ұрынбас жерге ұрындым.
Құладым яки жығылдым,
Жүдедім яки сылындым.
Тайталас түсер тағдырмен
Мен дағы – қара сіңірмін.

Көндім мен,
 көнбістіктен бе,
Көндім мен жеңіс күткенде.
Сонда да бірақ жүрмедім
Тақтайдай тегістіктерде.
Аңсадым түстік аптабын
Адасып терістіктерде...

Тағдырды мен де сыйладым,

Тағдыр да мені қимады.
Түстік біз талай тайталас,
Ұмытпай ұят, ибаны.
Өзі ішкен суын ылайлап,
Кетпедік суатындағы...

Тағдырдан озып кете алман,
(Аумайды ол ерке ботамнан.)
Аяулы бола тұрса да,
Алмайды жүгін жотамнан.
Екінші тағдыр іздеуге
Амал жоқ бірақ жаһаннан.
Жалғыз-ақ тағдыр – пешенем,
Аумайды жалғыз Отаннан.

* * *

Аяз шытынап, ақ қырау дірілдеген,
Ай сәулесі шаңытып білінбеген.
Арқаның айлы жарық түнінде мен
Ат шанаға мініп ап, жол шығушы ем,
Жүректегі алысып дүбірменен.

Сықыр-сықыр сары аяз сықырлайтын,
Ай сәулесі сіңбейтін, жұтылмайтын.
Сылаң қағып, сынап ап сылқылдайтын,
Қарымынан тұяқтың құтылмайтын.
Көсем жорға делбені қақтырмай-ақ,
Делебені сезгенде қылпылдайтын.

Сан мың жұлдыз сәулесі таматұғын,
Дала – мұхит тұтасып жанатұғын.
Пердесіндей періште қанатының
Қабағыма ақ қырау қонатұғын...
Аңыздарда айтатын «қадыр түні»,
«Қадыр түні» – осы түн болатұғын!

* * *

Аян берген өзің бе едің,
Көрдім сені түсімде.
Жүзінде әжім, көзінде мұң,
Сұп-сұр сұлық пішінде.

Маған қаяу қабағыңмен
Салыңқылау қарайсың.
Айтпағымды жанарыңмен
Айтқызбай-ақ орайсың.

Үнсіз-түнсіз түсінісіп,
Үнсыз-түнсіз ұғысып.
Үнсіз сүйіп, үнсіз құшып,
Үнсіз-түнсіз суысып.

Судырлаған жібекке ұқсап,
Сыбдырлаған желге ұқсап,
Қолға ұстатпай жоқ боп кеттің
Жаһұттайын жалғыз сәт.

Жалғыз-ақ сәт!

О, тобасы,

Оның өзі түс қандай!

Осынау дүние шекарасы

Көзден бұл-бұл ұшқандай.

БАЛАЛЫҒЫМ ЖОҚ ДЕЙТІНІМ

Мылтық атып, мылтық оқтап көрмедім,

Құс құлатып, гүлді таптап көрмедім.

Зембілдермен жаралыны көтеріп,

Окоптардан қанды соқпақ көрмедім.

Көрдім бірақ...

Көп мүгедек кәріпті,

Көре-көре оларға көз қанықты.

Ести-ести жесір-жетім жоқтауын

Жырымда да содан салқын қалыпты.

Ол ерлік қой – қан майданда от кешсең,

Жауыңменен жағаласып кектессең.

Оқ та кешпей, от та кешпей...

зардабын

Арқалап көр бір тамшы жас төкпестен.

Соғыс көрмей, көр арқалап зардабын,

Көр арқалап соңындағы салмағын.

Сен әкеңнен, сен көкеңнен айрылдың,

Сұм соғыстың тауқыметі жан-жағың.

Ал көктеп көр, ал бүрлеп көр, қаулап көр,
Ал маздап көр, ал лапылдап, лаулап көр.
Соғыстан соң... аққан қан мен шыққан жан
Құнына сен күнәһардай жауап бер!

Сен жауап бер, келер ұрпақ, өтінем,
Дүниенің тік қарау үшін бетіне.
Соғыс, соғыс!

Тастап кеткен сауалың
Жеткізбейді шалғайың мен шетіңе.

Өрті, дерті – кетер соғыс зардабы,
Кетер кегі, қайғысы да қандағы.
Бұл жалғанда жалғыз бақыт – балалық,
Менде бірақ сол балалық болмады.

Мылтық атып, мылтық оқтап көрмедім,
Құс құлатып, гүлді таптап көрмедім.
Соғыстан соң... көрдім күллі зардабын,
Балалығым жоқ дейтінім – сол менің.

* * *

Бір еркекті сүйді делік, екі әйел,
Екеуі де өліп-өшкен от әйел.
Жар алдында екеуі де кінәлі,
Ар алдында екеуі де – сот әйел.

Жеке-жеке соттайды олар
өзді-өзін,

Өзі бояп жүргендей-ақ өз көзін.
Алдырғысы келмейді олар сезімге,
Қалдырғысы келмейді олар сөзге өзін.

Жар қадірін, ар қадірін біледі-ақ,
Оттың басын отыр ұстап – сыналап.
Жұрт қатарлы әйел болып келеді,
Көштен озбай, көптен қалмай тұралап.

Басы түгел,
бауыры бүтін,
оты аман,
Екі әйел – екі тағдыр, екі адам.
Бірін-бірі білмесе де, екеуін
Бірдей сезім бір адамға матаған.

Екеуі де айтпайды оны тіс жарып,
Айтпайды оны кетсе-дағы іш жанып.
Тарпаң сезім тар кеудеде тыпырлап,
Тынысы да келе жатыр қысқарып.

Ал еркек пе?..
Біледі оны бұл еркек,
Іші – дүлей, сырты – тылсым жүрер тек...
Махаббаттың оты өртеуден кеткен соң,
Қалғанының бәрі, бәрі – құр ертең.

Бір сезімнің сиқырымен үш адам,
Бірін-бірі матаған да, тұсаған.
Тамұққа да бармайды олар күнәдан,

Өлетін де олар емес құсадан.

Бірақ, бірақ... бір сезім бар ортада,
Шаншудайын тұрар сыздап арқада.
Өліп-өшіп сыйлайды еркек оларды
Ал сүйеге қобалжи ма, қорқа ма?..

Ол арасы, ол арасы дүдәмал,
Дүдәмалға дүбара боп жүр олар.
Өмір заңы осы екен ғой,
япырым-ау,
Сезімдерге шекаралар, сыналар.

ДИРЕКТОРДЫҢ «АШУЫ» ТУРАЛЫ ЖЫР

Қызылжар қыrmандары қызыл таудай,
Тастаған қатар-қатар тізіп баулай.
Немесе ол даладағы қан тамырлар
Жүрекке нәр беретін үзіп алмай.

Біреудің қабағынан кірбің көрсе,
Қара су батпай оған бір күн кешке,
Цифрды жоспардағы мың қайталап,
Жасап ап қиялында күннен десте..

Қиялдан әмір – шындық жұлып алып,
Қиялдың жібергенде «жынын» қағып,
Тұрады ол күлер сәтте жылай жаздап,
Тұрады ол жыларман боп жымың қағып.

Отыздың бесеуінде биыл жасы,
Кешегі бейбіт күннің тел құрдасы.
Тұрмыста әбеқоңыр, тату-тәтті,
Жары мен от басында төрт баласы.

Тірлікте,
тірлікте оның көп туысы,
Өйткені, әрекеті – көптің ісі.
Дау да көп – салқын сыңай,
қырау қабақ,
Сонда да өмір шіркін, оттың іші.

Отты өмір ортасынан қашқан емес,
Дау-дамай, жанжалшылдан сасқан емес.
Бастық ол бір ауылға...
басты мақсат –
Халқына қызмет ету, басқа да емес.

Серікбай Елемесов –
сол азамат,
Совхозын биыл жұттан санап озат.
Өмір ғой, опығы көп, тоқуы көп,
Әйтеуір қалды соқпай санын аз-ақ.

...Шалт мінез, шалымды ісі шапшаң басшы,
Шаруасы кейіншектеп, қатты састы.
Хатшы да қоңырау соқты «бұл қалай» деп,
Ұяттан өн бойында от тұтасты.

Қарқыны жігіттердің қарға адымдап,

Танапта жүреді екен түн жарымдап.
Тұралап тұрады бір комбайндар,
Дауысы бірде өшіп, бірде арындап.

Жас басшы ұстарадай қылпып тұрған,
«Не қырсық шалған, - деді, - бұл антұрған».
Сол күні алақанға шырт түкіріп,
Тыпыршып ұйықтай алмай, түннен тұрған.

Танапқа жеткенде бұл,
Қаби диқан
Жүзіне жалт қарап бір таңырқаған.
- Көрсетші, қирап тұрған қай комбайн,
Кәнеки, барайықшы соған таман.

- Әне, - деп Қаби диқан нұсқағанда,
Үлгерді штурвалды ұстап ол да.
Ышқынып мотор үні шықты бір-ақ,
Комбайын жатка жайып түсті жалға.

О, ғажап!
Қаби аң-таң. Төрт-бес жігіт
Әуелі андағайлап, енді ес жиып,
Жағдайды түсінгенде, айтты бірі:
- Ә, оны жөндеп қойғам мен кешкілік.

Директор қатты ашудан дір-дір етіп,
Қарысып штурвалда тұрды бекіп.
Қабиға қол бұлғаған қараған жоқ,
Танапты екі-үш орап, сырғи өтіп.

«Сынды» деп сау комбайн, сау машина,
Салмақ па ырың-жырың «саудасына».
Япыр-ау, қалай сонда Қаби аға,
Ренжіп қалғаны ма, болмашыға.

Мен рас, салғанда олар танапқа орақ,
Қолдағы мүмкіндікті сынап-қарап,
Су жаңа техника бере алмадым,
Сол дағы болғаны ма заматта гәп...»

Жас басшы сол «ашуы» тарқамастан,
Не тоқтап, не тынығып, не тынбастан,
Түспеген штурвалдан,
ауданда оны
Хатшы іздеп, кеңсесінде уәкіл тосқан.

Күте алмай шыққан хатшы осы жолға
Тап болған дәл осынау оқиғаға.
Шаң-шаң боп комбайннан түсе беріп,
Жіберген жыламсырап сақи «бала».

Сол кезде Қаби аға қоса жылап,
Жыламай басқалары, босап бірақ.
Тек қана күлген хатшы,
диқандардың
Баладай мінезінен жасарып сәт.

Содан соң «Көктерекке» ырыс тасып,
Кең арна тартылыпты табысқа ашық.

...Алдынан мол астықтың шықтым бірге
Солармен сабантойда қол ұстасып.

* * *

Дүниеде махаббаттың бары анық қой,
Бәріміз содан туып, тарадық қой.
Туамыз бір анадан,
таласамыз,
Бұл адам ішіндегі алалық қой.

Ойымыз кейде біздің осал әлі,
Баладай жағалаған босағаны.
Соғыстың соқпағына жүр сүрініп,
Ашуы ақылдан тез, асау әрі.

Десек те,
деп қалсақ та ара-тұра,
Әлемді сан айналған сағатына,
Көргенде корабльдер жылдамдығын
Қалайша балалықтың санатына
Қосуға қақымыз бар санамызды,
Қиялдан іс ілгері бола тұра!

Дүниеде махаббаттың бары анық қой,
Бәріміз содан туып, тарадық қой.
Туамыз бір анадан, таласамыз,
Бұл адам ішіндегі алалық қой.

Махаббат Анамыз ғой,
бары рас қой,

Бары рас ұлдары да тағы қаскөй,
Бары рас Адамзаттың болашағы,
Өйткені санасы мен жаны жас қой...

ЖАРА

Көршімізде тұрды бір тарлан солдат,
Иығына сұм соғыс салған салмақ.
Дәм бұйырып әйтеуір туған жерге
Тірі оралған жарты әлем жалған шарлап.

Омырауында көп емес орден-медаль,
Иығында жұлдыз жоқ –
мен мұндалар.

Қатардағы, кәдімгі қарапайым
Мұндай атақ, әрине, әркімде бар.

Әркімде бар жарақат бар мұнда да,
Әлі күнге сыздайды әрбір жара.
Соғыс салған жараның жалғыз емі –
Тазалығы солдаттық Ардың ғана.

Бұл да солай,
жазылған сол емменен,
(Табиғат қой жасаған – шебер деген).
Басқа ажалдан өледі,
енді ойы жоқ
Соғыс салған жарадан өлем деген...

Соғыс салған жарадан енді өлмейді,

Ауруға ем бар.

Аяныш емделмейді.

Соғыс салған жараның сыздауына

Ешбір ауру – аяныш тең келмейді.

* * *

Жиырманшы ғасырдың соңғы шені,

Неткен кемел, неткен кең, көнбіс едің.

Неткен шалтсың, шапшаңсың, шыдамсызсың,

Не болады... ертең енді сенің?

Сен бір жіптің дірілдеп екі ұшында,

Жанып тұрған жалынның отысың ба?!

Сөніп кетсең қайтеміз бір лып етіп,

Бір лау етіп уақыт қапысында.

Сонда мынау Адамзат болғалы адам,

Саған қарай үмітпен жол қараған.

Іргетас қып үмітке не қалаған,

Болашақты болжаса... не қараған.

Әлде саған сенген бе, сүйенген бе,

Сенгендігі – қасиет, киеңнен бе?

Кемел ғасыр, қаншама кең болсаң да,

Көнбістікті көнтері иемденбе!

Иемденбе,

иеленбе, берме иінді,

Көтердің ғой, көрдің ғой – не қиынды.

Санаңдағы салмақпен басып таста,

Шапшаңдықты, шалттықты – жел құйынды!

Жиырманасыншы ғасырдың соңғы шені,
Мен де иыққа көтерем сонда сені!
Сонда менде қорқыныш болмас еді,
Жіп ұшында дірілдеп жанған оттың,
Айтшы, Адамзат,
жарыққа бар ма себі?!

* * *

Қарағым, кешір,
кешіріші қалқам, ағанды,
Уақыт құрғыр есейтеді екен адамды.
Әйтпесе сені танымай қалам деп пе едім,
Шолпан жұлдызды танымағандай таң алды.

Қарындас, кешір!
Қарағым кешір, кеше гөр,
Көзіме бұлай түспегенің ғой кешелер.
Түспегенсің ғой,
піспегенсің ғой ол кезде
Қапылсың қандай, табиғат шебер, о, шебер!

Қарындас, кешір!
Кешір де дейтін жоқ күнәм,
Жүрегімді оттай жандырып өттің – жоқ күмән.
Есімнен танып жай оғындай бір соққыдан
Теңселіп тұрмын...

Көзімнің алды көк тұман.

Көз алдымдағы көк тұманым да ашылар,
Көңілімдегі көп алаңым да басылар.
Есіңнен тану, есіңде қалу, еске алу –
Өмірдің, қалқам,
қызығы деген осылар!

* * *

Қараңғы түсті.
Көз байланады,
Түнге айналады төңірек.
Аспанда жұлдыз маздай жанады
Әдеттегіден көбірек.

Қараңғы түсті.
Қарауытады
Қарауыл таулар тұлғасы.
Ақ қылау сәуле қылаңытады,
Жұлдызға тиіп шың басы.

Қараңғы түсті.
Қарағайлардың
Көлеңкелері көз байлап.
Көлбең де көлбең,
талай ойларды

Құлай да жаздап қозғайды-ақ...

ҚАРЫЗ

Есентайға

Есінде бар ма, Есентай,
Екеуміз екі тай мініп,
Қой бағып едік бес-алты ай,
Мінгендей болып сәйгүлік.

Есінде бар ма «Ешкіқырған»,
Есінде бар ма «Ұрыөткел».
Өткелде құйттай қос тұрған,
Қосылған құйттай жүректер.

Сол құйттай қоста - күркеде
Екеуміз бірге жатушы ек.
Әңгіме-дүкен бір төбе,
Арманға бөлек батушы ек.

Жұлдызға түнде қарадық,
Аспанның сәуле-от төрі.
Жігітке өзін баладық,
Жұлдызы биік көктегі.

«Адамда бір-бір бар арман,
Адамда бір-бір бар жұлдыз.
Дүниеге бірдей жаралған
Бәріміз – бір-бір жалғызбыз».

Деп іштей ойлап, дем алмай,
Тұңғиық көкке тесіліп.
Жататын едік таба алмай,
Жұлдызымыз да қосылып.

Көкте емес жұлдыз,
біз деген
Жерде ғой деп те ойлаушы ек.
Аспаннан жұлдыз іздеген
Пенде ғой деп те ойлаушы ек.
Аспаннан жұлдыз аққанда,
Аққандай алмас болатын.
Шашырап отқа, шоқтарға
Сәулесі жерге таматын.

...Жыпырлап жұлдыз жиі аққан
Тамыздың сондай бір түні,
«Ұрыөткел» жақтан – суаттан
Естідік таныс күлкіні.

Естідік таныс күлкіні,
Есте ғой сол бір шолжаң қыз.
Енді ойлап тұрсақ – күлкілі,
Орнын сипап қалғанбыз.

Он жеті жасқа толмай-ақ,
Махаббат іздеп, от құшып.
Жердегі жұлдыз болмай-ақ,

Кетті ол жерден көкке ұшып.

Екеуміз іштей жасырын
Іздеген жұлдыз сол еді-ау.
Бағасын бізден асырып
Кеткенмен, бір күн сөнеді-ау.

Деген бір ойлы пішінде,
Бекінген екі бозбала,
Күрсіндік күрке ішінде
Азғантай ғана, аз ғана...

КОММУНИСТІК ҚАСИЕТ

Жұмыр дүние дөңгелеп жаралғалы
Бір айырма – пенде мен Адамдағы
Бірі – қара басының қамын ойлап,
Ар алдында бірінің алаңдауы.

Ар алдында –
адамзат адамға тән,
Баршамызға – саған да маған да тән.
Қашан болсын адамдық қасиетінді
Ар ісімен өлшейді әмәнда Отан.

Революция!

Түсті ерлер отқа, суға,
Табанымен барды олар шоқ басуға.
Болашаққа ар ісін аманат қып,
Дар қамыттың киді олар ноқтасын да.

Сонда олар қаймықпай, шімірікпей,
Найзағайдай, наркескен іріліктей.
Ар алдында сүттен ақ, судан таза
Келешекті көңілмен тұрды діттей.

Кеше әкелер алқызыл арда Тумен,
Революция рухымен – мәңгі атымен.
Ар алдында жүрді олар арпалысып,
Ар алдында...

жүректің мандатымен.

Ал немесе,
сол әке, сол ағалар,
Түркісібті тартқанда далаға олар,
Қара нардай қайыспай,
туған жерге
Қабырғасын шыққандай қалап олар.

Сонда неге сөкті олар қабырғасын,
Айырбастап бейнетке жарым жасын.
Жо...жоқ,
олар мөп-мөлдір маңдай термен
Аспандата көтерді Ар тұлғасын.

Ал әйтпесе,
кешегі қанды майдан,
Шығара алмас ешқашан әркім ойдан.
Екі ниет – екі әлем айқасы еді ол,
Әділ қазы араға Арды қойған.

Сонда мың-мың боздақтар жас ғұмырды,
Ар алдында қорған ғып тас түйілді.
Отан ісі – Ар ісі,
Ар ісі үшін
Үйретті олар өлімге бас тігуді.

Ал немесе,
айтайық дәл бүгінгі
Бірге жұтқан таза ауа – таңғы нұрды.
Бірге жүрген замандас,
бірге жасап
Дүниені таңғалтқан сан дүбірді.

Оралды ма ол кеше ғарыш – көктен,
Мұхит кешіп сол ма әлде алыс кеткен.
Ол коммунист дер едім,
кім болса да,
Жаралған жан ар-ұждан, намыс кектен.

Солар, солар – дүниенің ар-ұжданы,
Адамзатқа таусылмас қарыздары.
Коммунистік қасиет дегеніміз
Жақсылық атаулының нағыз дәні.

Сол ізгілік бір дәннен өсіп-өнген,
Өсіп-өне береді осы жолмен.
Арың биік азамат бақыттысың,
Коммунистік қоғамның көшіне ерген.

* * *

Құм ішінде жалғыз қыстау – бір ауыл,
Бір ауылда бұйыққаның тым ауыр.
Сондай сәтте жалғыздық бір қинайды
Жалқы қалған адамдай-ақ туа бір.

Желкем соғып жел ызыңы естілмей,
Мал келмейді маңайға күн кешкірмей.
Құлан таза жүйткімейді бір сезім
Құмға омалып құлап қалған өскіндей.

Бұл тылсымға шыдар деуші ем,
тас құрғыр,
Бордай тозып болыпты ол да босқа үңгір.
Құйқа тамыр шымырлатып, мұздатып,
Сай-сүйекті сырқыратып, сыздатып,
Ең болмаса, ұлыса екен қасқыр бір.

* * *

Майдың гүлі
Қай бір күні
Күз гүліндей реңсіз.
Ойдың нұры
Қай бір күні
Сұрқай әрі сүреңсіз.

Қай бір күні,
Қай бір күні

Үсіген гүл үлпілдеп,
У жұтасың
Ойдың мұңы
Ұлылық па, мүмкін деп.

Мүмкін... мүмкін,
Бәрі мүмкін,
Мүмкіндігің көп, Өмір!
Дүние нарқын
Емен жарқын
Бағала да көре біл!

Қай бір күні,
Қай бір күні
Тамар көзден мол нұрлар.
Майдың гүлі,
Ойдың нұры
Семер дағы солғындар...

МАЙЛИН МЕН МЫРҚЫМБАЙ

(баллада)

- Әй, құдай-ай, ауылнай-ақ қорлады-ау,
Соған тыю, соған жаза болмады-ау! –
Деп Мырқымбай,
қаны қатып демінде
Қалш-қалш етті... жүрегінде жанды алау.

Тап сол кезде ағаш түрен морт сынды,
Арық жирен кирең етті – мерт сынды.
Үсті-үстіне жауды-ай келіп жұдырық,

Ал Мырқымбай тұтанатын өрт сынды.

Тұрды тынып, тұрды түтеп, түтігіп,

Тұтанатын жалғыз сәтті күтініп.

Бұл ашудан,

көтеремнен көк жирен,

Екеуі де атады ыза-ықылық.

... Тап сол кезде көктен бір бұлт түйілді,

Көктің бұлты жерден құйын үйірді.

Тап сол кезде туған топырақ – төркінге

Бейімбетке тағы бір жол бұйырды.

Көк бұлтымен, құйынымен даланың

Жаңа заман сездіргендей хабарын.

Революция бұлт астынан сәуледей

Шығады алып революция адамын.

Дауыл өткен... толас мезгіл болса да,

Дала күңгірт. Бұлт ала да, жер шола.

Сол даланың құйынындай ой-сана,

Жүрді ұйытқып – сала-сала, сан сала...

Ақын Майлин, өкіл Майлин,

баяғы

Бала көзбен туған жерге қарады.

Анау эне – Қоржынтмар, Қотыркөл,

Анау – Бөрлі бөрі аузындай жаралы.

Анау эне, Құрымбайдың қыстауы –

Жігіттік пен жоқшылықтың қыспағы.
Көкжиекте қайран «Шұға белгісі»,
Қылтылдайды... топырақтан тысқары.
Ақын Майлин, өкіл Майлин бұл жолы
Күрсінбеді, қуанып та күлмеді.
Өзек өртер өкініші халқыңның –
Сол-ақ екен дүние кілті, ділгері.

Сол-ақ екен дүние кілті, ділгері,
Көңіл-қиял болсын қанша ілгері.
Ақын – Майлин қуанбады, күлмеді,
Өкіл – Майлин ой үстінде бұл жолы.

- Бейімбетжан!

- Келіп қапты Биағаң!

Құйттай ауыл құрым үйге шұбаған.
Құрым үйде жоқ байлықтың белгісі,
Тек бесікте жас нәресте жылаған.

Жас нәресте – жаңа туған жас иіс,
Ақын үйге ене берді асығыс.

- Отағасы – өзі қайда Мырқымбай,
Келін қалай... құтты екен ғой осы қыс!

- Шүкір, шүкір,

аққа аузымыз тиді, аға,

Жаңа-жаңа бастадық қой илана, -

Деп келіншек,

апыл-ғұпыл жинала,

Абыржиды...

«Қайдан жүр, - деп, - сыйлы аға».

Сөйткенінше, үй сыртынан Мырқымбай,

Айқай салды ашуменен бұрқылдай:

- Әй, құдай-ай, ауылнай-ақ қорлады-ау,

Жүйкемізді жеген жегі құртындай!

- Оу. Мырқымбай!

Беу, Мырқыекем, бармысың,

Бәтірім-ау, қалмапты ғой қарғысың! -

Деп Бейімбет,

сыртқа ырғып шыққанда,

Жерге Мықаң тастай салып шалғысын,

«Биағалап» қаусырғанда бөктеріп,

Ырқы қалмай құшаққа бұл кетті еніп.

Мырқымбайдың бетке тиген демімен

Ақын Майлин, өкіл Майлин кетті еріп....

- Беу, Мырқымбай, жүрмейсің жай өзің де, -

Деп Биағаң ойнады әзіл көзінде.

...Ауылнай Мырқымбайдың жиренін

Жетектеп кеп тұрды іңірдің кезінде.

* * *

Бұл оқиға дәл де, мүмкін, дәл болмас,

Діттегендей дәл болуы – заң болмас.

Қара күші – таза күші дәуірдің –

Өзі де күш тазалықты танудың,

Майлиндердей Мырқымбаймен бол жолдас!

МЕНІҢ МАНДАТЫМ

Менің қызыл мандатым – партбилетім,
Кеудемдегі күнім ғой от беретін.
Адалдыққа, Шындыққа дәл осындай
Жоқ куәлік!

Дүниеде дөп келетін.

Күн нұрының жаралып шұғыласынан,
Адалдықтың шыңынан тұлға асырған.
Коммунистер мандаты – ленинизм,
Бір ғасырға биіктеп бір ғасырдан,

Тұлғаланбақ, дамымақ, дәуірлемек,
Шұғыла шашпақ, нұр төкпек,
сәуле бермек.

Ленинизм мандаты – мәңгі адалдық,
Адамзатқа адалдық – мәңгі міндет!

Ал ендеше, сол мандат – мына бізде.
Қиян-қиыр, ғарышта, құба түзде.
Яки мұхит, яки жер астында
Қиын-қыстау сын аз ба сірә, бізге,

Сондай-сондай тап келіп сын-сынаққа,
Елің үшін түскенде ыршып отқа.
Коммунистік мандатың төс қалтаңда
Жауап беріп тұрасың бір сұраққа.

- Коммунист кім?

Оның да жалғыз жаны

Ол да пенде, бар қарыз, парыздары.

Коммунистік партия не себепті,

Ақыл-ойы заманның, ар-ұжданы?

Сен сол саптың не үшін сардарысың,

Сол саптасың – сен қандай арман үшін?

Қанша-қанша коммунист қанын төкті

Адалдықты, шындықты қорғау үшін?

Сол адалдық кім үшін, кімдер үшін?

Ұрпақ үшін әрине, ілгері үшін.

Коммунистер бірақ та күреспеген

Ойлағаннан өз қамын, күн көрісін.

Адалдыққа, шындыққа, ар-намысқа

Адал болсаң - түсесің арпалысқа.

Адал болсаң сен нағыз коммуниссің,

Қала алмайсың шындықтан қалтарыста.

Қала алмасаң шындықтан қалтарыста,

Шындық үшін кеуденді шалқақ ұста!

Қызыл билет шындықтың куәлігі

Қызыл нұрға боялған сан тартыста.

Оқ та тескен партбилет, қан да тамған,

Қанға малып қолына солдат алған.

Нағыз ерлер ажалға бара жатып,

Коммунистік қолына мандат алған.

Жүректердің түсіндей қызыл билет,
Жүректердің тұсында жүрген демеп.
Күн нұрындай бояуы,
қызыл билет,
Ленинизм шұғыласы күннен де ерек.

Менің қызыл мандатым – партбилетім,
Күнім деймін сондықтан, от беретін,
Адалдыққа, шындыққа дәл осындай,
Документ жоқ дүниеде дөп келетін.

Мен мінеки, сол билет иесімін,
Отаныма көп қарыз – тиесілім.
Ленинизм күн нұры,
күн нұрына
Қарызымды мүмкін бе түгесуім?!.

МҰҚАҒАЛИМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

(ақын диалогтары)

М. Мақатаевқа ескерткіш

Вокзалда

Алматының вокзалы ығы-жығы
Вокзалдардың сәні ғой шуыл үні.
Вокзалдардың сәні ғой мың-сан киім,
Мың-сан бояу құлпырып құбылуы.

Біз вокзалда жүр едік.
жүрегіміз

Қуанышқа күпті еді, нұрлы өңіміз.
Алыс кетіп барады бір ағамыз,
Айрылғымыз келмейді бір елі біз.

Вокзал деген – жолбасы,
жол басында

Ырым болып жатады болмашың да.
Шампанымыз бар еді, Мұқаш аға:
- Әкел,- деді, - ішеміз, болды осында!

- Әбес емес ағасы, жол жүрерде
Жол шетінде ішті деп ел күлер ме?
Жер бетінде сапар көп,
жолаушысын
Жазсын лайым кәусардай мөлдіреуге...

Ақынбыз ғой... халықтың нөпір жерін,
Көрген жақсы күлгенін, өкінгенін.
Адамдардың қуаныш, мұңы арқылы
Кеудемдегі жанады отым менің.

Ал кәнеки, ағасы, осы вокзал
Толы адамды соларға қосу абзал», -
Деп қалғанда, тығыны аспанға атып,
Көгершіндей дүр етті көрші қыздар.

Тарту күштің қарамай әй-шайына,
Тартатындай аспанның айдауына.
Шампан сіңген тығының тулап келіп,
Біреуінің сарт етті маңдайына.

-Қап,- деп қалды ол,- ағасы-ай, көздегендей...

Жалт қарадық.

Ересек өзгелерден
Отыздағы ойнақы от келіншек
Сыңайы жоқ қашатын сөз дегеннен.

- Біз сияқты даланың қазағы да,
Ақындардың түскені-ау назарына.
«Шарфынды бер,- дерсіз бір,-
шарфынды бер»
Тағы да бір келсеңіз Қазалыға”.

«Шарфынды бер, қарындас, шарфынды бер,
Сырдың желі мойнымды қарпып жүрер...»
Өз өлеңін қайталап қалған-ды ақын,
(Ақиқат пен әзілдің нарқын білер).
- Қазағымнан айналдым, Қазалымнан,
Мә, қарындас, шампанды тартып жібер!

«Алып па «Аққуымды?..»

Ақынға артық не бар самал – ойдан,
Кезі екен даладай кең, даладай паң.
Кезігіп ұстай алды Мұқаш аға:
- Сары бала, бір сөзім бар, саған айтам...

Сен біздің Қарасазда болыпсың ғой,
Еркіннің үйіне кеп қоныпсың ғой,
Алып па Еркін менің «Аққуымды»¹

¹ «Аққулар ұйықтағанда» - өлеңдер жинағы

Ел – қорық, Еркін – менің қорықшым ғой.

Сондағы оқып па екен бір өлеңді? –

Деді де дегбірсіндеу түрегелді.

«Оқыған, иә, оқыпты!» - деп едім мен,

Орнына түскендей боп жүрегі енді:

- Ә, бәсе, бәсе солай болса керек,

Ақынға ақын жақсы ғой болса медет.

Сен, бала, білмейсің ғой, сол өлеңді

Жазам деп болғанымды қаншама әлек.

Мен үшін қонатын да, ұшатын да,

Сол Еркін кейде ренжіп, құшатын да.

Санаулы кітабымның бір-екеуі

«Қарлығаш»², «Аққу» деген құс атында.

Ақынды құс демесе жала сөз ғой,

Қорығы – Қарасаздар... Қарасаз ғой.

Өлеңмен бірге туған біздің қазақ,

Өлеңді түсінбейтін баласы аз ғой.

- Сары бала, саған айтам деген сөзім:

Өлең деп ұқпа барлық сен ел сөзін.

Бірақ та Қарасаз бар, Еркіндер бар,

Бар болса адамзатта егер сезім!

² «Қарлығашым, келдің бе?» - өлеңдер жинағы

ӨМІРДЕ БӘРІ БОЛАДЫ

Өмір ғой өмір,
өмірде бәрі болады,
Өмір бойы адам өмірден тәлім алады.
Өзекті өртеп кімде кім сүйе білмесе,
Тіршілік сырын тап басып танымағаны.

Өмір ғой өмір,
өмірде алдау жүрмейді,
Алдырмайды өмір, алдануды өмір білмейді.
Өмірді алдау – өзінді алдау емес пе,
Өз-өзін алдап ешкім де өмір сүрмейді.

Өмір ғой, өмір,
өксітіп өкіндіргенмен,
Жылатып алып, жұбатып жетілдіргенмен,
Бір күні сыртын, бір күні бетін бергенмен,
Ығыңа жүріп, ықтиярыңа көнгенмен,
Ойнама бекер өмір дейтұғын мергенмен.

ӨНЕР СЕРІСІ

...Баян бауырында кино түсіріп
Жатты бір жылы Шәкен Айманов.
Жүрді ол жүректен қиял ұшырып,
Кейде таңғалып, кейде ойланып.

Кейде қарайды ол тауға тәкаппар,
Кейде үңіліп ылди-қыратқа.
Кейде түңіліп ойы жік-жапар,

Кейде мінеді шабыт – пыраққа.

Кейде күмілжіп, кейде күбірлеп,
Кейде кейиді, кейде күледі.
Жүйке жұқарып, жүрек дірілдеп,
Шәкен Айманов шаршап жүр еді.

Бейнелі өнердің бейнет легі –
Түбін қақтырмай, түйін таптырмай,
Шәкен Айманов жүрді шаршаулы.
Дүйім дебютті жаны жақтырмай,
Жалғыз қимылды іздеп жан салды.

Жалғыз әрекет, жанды қимылдан
Шындық сәулесін іздеп суреткер,
Мәңгі азаппен, мәңгі қиыннан
Маржан суырып, тізер, тірнектер.

Сондай сәттерде... Шәкен Айманов
Қарап қалатын найза шыңдарға.
«Намыс – найзағай отпен қайралып,
Тас та қол созып күнге тұрғанда...»

Деп ол ішінен,
демде сілкінген,
«Өнер – халықтың намыс оты ғой!»
Шырқау шыңына шығып іркілген
Шіркін, Шәкендер шың ғой, шоқы ғой.

* * *

Өтті соғыс.

Зіл-заласы қалды артта,

Бас иеміз мәңгі алауға, мәңгі отқа.

Бас иеміз монументке, белгіге,

Сиреп қалған маршалдарға, солдатқа.

Бас иеміз, жесір ана, жетім ұл –

Бір шаңырақтың маздап жанған оты бұл.

Бас иеміз,

Бас иесің,

Бас иіп,

Көкірегіңе құйттай сырды тоқы бір.

Бас иеміз,

Бас иеміз бәріне,

Соғыс кәрін көрген жасқа кәріге.

Туған жерін,

Ұлы Отанын сүйгендер

Ұлы Отан соғысымен әлі де

Рухтанар,

Арқаланар,

Кектенер!

Егер балаң солай етсе «тек» деме!

Соғыстардың заңдылығын үйреткен

Өкпелесең, тек тарихқа өкпеле!

РЕВОЛЮЦІЯ ПЕРЗЕНТІ

...Алыс жолға кетті Адам жыраққа,
Тұрды алдында соқпақтар да, сынақ та.
Туған жердің жалғыз уыс топырағын
Қалтаға орап салған жоқ ол бірақта.

Себебі оның – сенді ол Адам атына,
Себебі оның – сенді ол махаббатына.
Себебі оның – туған жерге сиынса,
Жүрегінің жанар жарық оты да.

Жұмыр жерде – тірі пенде жүрсе есен,
Жүрегі оған – шын ақылшы, шын көсем.
Өзгермейтін жалғыз жүрек кеуденде,
Ауысады көйлек-көншек, күртешен.

Өзгереді ақылың да, санаң да,
Өзгереді байлық-бақ та, талан да,
Қас-қабағы құбылмалы заманда,
Қас-қабәкпен құбылады адам да.

Өзгермейді,
кұбылмайды тек қана,
Туған топырақ – анаң сынды әманда.
Жаралғаны рас болса, сол жерден
Туған жерге жетпей перзент қалар ма?!
Ол адамзат ораларын –
ойласа,
Жан қалтаға бекер топырақ салар ма?!

Жан қалтаға сол топырақты салмаған,
Туған жерді қиып, қоштаса алмаған.
Туған жерін сүйгеннен соң,

жат жұрттың

Өлкесінен жұмбақ - әлем шарлаған.
Жиһан кезген осы ғасыр басында
Жанкелдин деп есептеңдер әлгі Адам.

Ғасыр басы.

Осы ғасыр басында,

Дүние деген шыр айналды, расында.
Алмас сынды алдаспандар жарқылдап,
Жаныды өзін революция – жасынға.

Революция,

революция деген не?

Құс емес ол – ұшқан биік, төменде.
Түс емес ол – тәтті ұйқыңмен көретін,
Түрме де емес шегендеулі шеменде.

Рахат та емес,

ләззат та емес бір күндік,

Бәлкім кеңдік – бәлкім мәңгі еркіндік.
Адамзаттың көз жасын сол құрғатқан,
Адамзаттың арманымен тең тірлік!

Ал ендеше,

жиһан кезген әлгі Адам,

Туған жермен Жұмыр жерді жалғаған.
Осы өлкенің Прометейі сол шығар,

Өзін-өзі от-жалынға арнаған.

Ал ендеше,

ал ендеше сол Адам

Кеудесінде жүрсе шыбын жаны аман,

Туған жерге Адамзаттың арманын

Әйтеуір бір жеткізем деп санаған.

Жиһан кезген ... жиһан сырын жинаған,

Туған жерін еш асылға қимаған.

Ол өз атын, әке атын да өзгерткен,

Аты өзгерді, зады өзгермей жүрді Адам,

Болмысында ол – туған дала перзенті,

Ол төтенше комиссар боп тумаған.

Ұлы Ленин,

ұлы көсем – ұлы Адам,

Бұл адамды ой-көзімен сынаған.

Бүкіл дала уалаяты тағдырын

Содан алғаш, алғаш содан сұраған.

Қызыл мандат берген оның қолына,

Қызыл керуен берген қызыл Ту оған.

Жер бетінде жиһан кезген жан аз ба,

Сенген Көсем!

Сенімге енген бұл Адам!

Революция – сенімдермен, серттермен,

Сынақтарды, сабақтарды өткерген.

Ұлы Ленин – революция көсемі,

Революция перзенттерін дөп көрген.

Дала жайлы талай ойлар толғасып,
Көсем оған,
 бұл көсемге келді ашық.
Туған Торғай топырағында тұрғандай,
Кремльде тұрды аяғын тең басып.

Бәлкім олар – төс қағысты, қол алып,
Бәлкім олар – ортақ ойдан нәр алып,
Бәлкім көсем – дала дүрбелеңінен,
Тапты ма екен тағы да бір даналық!
Айтшы, тарих,
 айтшы, тарих – дәтіңмен,
Даламыздың ең тарихи сәтінен
Айтшы бізге, айтылмаған жаңалық.

Революция – мәңгі жаңа, мәңгі жас,
Бола алмайды ол тым-тырыс та, жым-жылас.
Өлшенбейді ол маңғаз монументтермен,
Қойылмайды оған ешбір құлпытас.

Революция жасарады, жаңғырып,
Шұғыласынан туатындай таң күліп.
Туған топырақ -
 жаңа ұрпақ,
 жас қоғам,
Жеңісі мен ескерткіші – мәңгілік!

Сол топырақта өсіп-өнген – Біз деген,
Жаңа ұрпақпыз – Жанкелдиндер іздеген.

Келешектей жоғарырақ, зорырақ!
Революция, жер бетінде сен барда
Перзенттері бола алмайды - әруақ!
Ал ендеше Жанкелдиндер рухы
Әрі талан, әрі тағдыр, әрі бақ.

САРЫӨЗЕК – САНДЫҚБИДАЙЫҚ

«Сарыөзек –Сандықбидайық»

Атауы- сәндікке лайық.

Атағы – қазақ даласы,

Атамыз өткен қой жайып.

«Сарыөзек – Сандықбидайық»,

Қырында өстім қой жайып.

Араға жылдар түсті де,

Соға алмай кеттім айналып.

«Сарыөзек – Сандықбидайық»,

Соға алмай кеттім айналып,

Тірлігімменен алыстап

Кіндігімменен байланып.

«Сарыөзек – Сандықбидайық»,

...Бір бала қойын жүр жайып,

Оның да ұшар басынан

Балалық дәурен – бір ғайып.

СОҢҒЫ ХАБАР

Диктор Сауық Жақановаға

Сауық диктор оқиды соңғы хабар,

Не айтар екен, япыр-ай, мен қуанар.

Мен қуанар,

менімен ел қуанар
Сауық диктор оқиды соңғы хабар!

Бір жаңалық айтады Сауық қазір,
Қуанышқа боламыз қарық қазір.
Сауық диктор,
сен неткен бақыттысың,
Дауысыңды таниды халық қазір.

Дауысыңды таниды халық қазір,
Дауысыңа қуанып қалып та жүр.
Ән айтпадым деме сен,
ән айтпай-ақ
Атақтысың талайдан анық қазір.

Ән деген не?..
Әуелі сөзі болмай,
Сөз деген не?
Салмағын сезіп алмай,
Сол екеуін сарапқа сала алар ма ең,
Сауық, сен сезіміңнің тезіне алмай.

Сауық, сен
сезіміңнің тезіне алмай,
Соңғы хабар оқыр ма ең сезіне алмай,
Соңғы хабар күтеміз сағат сайын
Қонақ күткен адамдай көзін алмай.

Сан мың адам күтеді соңғы хабар
Өзі және өзімен ел қуанар.

Соңғы хабар жеткізген бір ауыз сөз
Мүмкін... мүмкін құлақта мәңгі қалар.

Мүмкін қалмас,
ауамен кетер тарап,
Өтер секунд, минуттар, өтер сағат.
Мүмкін сол ма – бір хабар, бір ауыз сөз
Өміріңді өксітер қатал сабақ.

Тіршіліктің жүректе мәңгі жанар
Оты өшкенше –
 күтесің соңғы хабар.
...Сауық диктор оқиды соңғы хабар,
Не айтар екен, япыр-ай, мен қуанар,
Меніменен бірлесіп ел қуанар.

* * *

Тағдырдың басқа салғанын
Тауқымет деуге бола ма?!
Қаптаған қауым жан-жағың,
Жалқы жоқ деуге бола ма?!

Назамен сөнген намыстың
Нарқы жоқ деуге бола ма?!
Өзіңмен өзің алыстың,
Талқы жоқ деуге бола ма?!

Орыны толған дүние
Олқы жоқ деуге бола ма?!
Қалған соң дүние кімнен де

Көркі жоқ деуге бола ма?!

Бола ма кесіп-пішуге
Бола ма кесім айтуға?
Дүние осы пішінде,
Замана осы қалпында
Тұрады деуге бола ма,
Тұратын болса егер де,
Сәулелі оймен санаңа
Келешегіңді көгенде.

«ТАЗА БҰЛАҚ» БАСЫНДА

(баллада)

Құлашын Қызбел таудан соза құлап,
Ағады мөлдір бұлақ – «Таза бұлақ».
Бір кезде ағартушы Алтынсарин
Суреттеп жазған бұлақ, ғажап ұнап.

Бұл бұлақ көне дала өткеніне,
Білмейміз риза ма, өкпелі ме! –
Бір кезде диқан Қыпшақ Сейітқұл кеп
Сүйеніп тұрған мұнда кетпеніне.

Бұл бұлақ – бұла бұлақ, тұма бұлақ,
Тарихы одан да әрі жырағырақ.
Бір кезде ат суарған сардар, сарбаз
Атойлап қызыл туды қырда бұлғап.

Бұл бұлақ сан жолаушы, сан ұрпақты
Тазалық, мөлдірлікпен таңырқатты.

Айтқандай Алтынсарин, құйттай бұлақ
Даланың даналықпен бабын тапты.

...Сол бұлақ,
 сол бұлақтың жағасында,
Ауыл тұр қаққан жаңа қадасын да.
Ыбырай Алтынсарин атындағы
Жас совхоз – көне Торғай даласында.

Жоқ әлі бұл ауылда сән-салтанат,
 Әзірге өңкей үміт, өңшең талап.
 Жас совхоз кеңсесіне кеше көшті,
 Жаз бойы жүрген шатыр-кеңсе арқалап.

Құт қоныс құба жонға талай пайда,
Ақ шаңқан ауыл өсті алаңқайда.
Мың-мыңдап жер жыртқанмен,
бірақ, биыл
Бұл ауыл асықпайды сабантойға.

Шымырлап «Таза бұлақ» шым-шым ағып,
Барады әр тамшысы бір сыр алып.

Маңайда қарабарқын күздік жатты.
Мақпалдай топырағынан бу шығарып.

Бұлақтан әріректе қос басына,
Дикандар жиналған кез кешкі асына.
Құйғытып қара жолман келе жатты,
Сол кезде қос қапталдан қос машина.

Бәлкім, бұл жолаушы ма, әлде өкіл ме,
Басшы ма шаруа сұрар сол бетінде.
Жүр еді қос басында жас директор,
Қылпылдап сан сауалдың қалды өтінде.

Жас жігіт – жас директор тұрған қылпып,
Замана қызығына құмар да ынтық.
Шалт мінез, шапшаң да тез, қимылы ілез,
Шамалы шырғалаңды шығар жұлқып,

«Е, мейлі, кімде болсаң жолаушысың,
Бал бұлақ таңдайыңа болар сусын».
Әзілмен жұбанады жас директор,
«Бар ғой деп Ыбырайдай қолдар кісім».

Бұлаққа жеткенде олар дем арасы,
Байқалды анадайдан шама жасы.
Біреуі – «Бидайықтың» жігіттері,
Біреуі – ардагер қарт, ел ағасы.

Әп-сәтте сәлем беріп, сәлем алып,
Қауым жұрт алқа-қотан бола қалып,
- Жол болсын!
- Әлей болсын! –деп жатқанда,
Ортадан ардагер қарт дараланып,
Дауысы сәл дірілдеп, кетті сөйлеп:

- Жастықты бекер айтпас отпысың деп,
Заманның оты – сендер, шырақтарым,

Отымен Отан ыстық, - деп мүсіндеп,
Бейнелеп, теңей сөйлеп, тебіреніп кеп,
- Біз-дағы жерді баптап, жерді емдік, - деп.
Қоржыннан қолындағы ала берді
Ұқыппен әлденені келген бүктеп.

- Жылдарда жиырмасыншы ашпа-жалап,
Келдім мен бұл бұлақты баспаналап.
Сепкенмін қап түбінде қалған дәнді,
Әрқайсын көзден тамған жасқа балап.

Сонда мен санап сепкем түйір дәнді,
Түйір дән тіршілік боп бұйырған-ды.
Бұйырған сол тіршілік бір әулетке
Жалғады қияндар мен қиырларды.

Тараған сол әулеттен нелер ұрпақ,
Топырақ сендер басқан – жер жарылқап.
Суырылып ақын шықты сол ұрпақтан,
Қарайтын ғалым шықты ел таңырқап.

О, тоба, ең бастысы – сендер барсың,
Әуелі Диқан керек жер болғасын!
Диқанның еңбегінсіз күнің бар ма,
Кіндіктен қара жерге жалғанғансын.

Бұл бұлақ көп тірлікке болған талшық,
Талматқан талайларды қалған қаңсып.
Басынан шөл қанғанша өткен де бар,
Бекерге тебіренгенсіп, толғанғансып.

Зымырап өтті жылдар... күйті келмей,
Басына бұл бұлақтың үй тігілмей,
Бауырына бұл қыраттың дән себілмей,
Сол мені ойлантатын ұйқы бермей.

«Орнады жаңа совхоз» -

дегенді естіп,
Жаз бойы бір әулет боп елеңдестік.
Бар еді сол әулетке ортақ мүлік,
Хақында сол мүліктің көп кеңестік.

- Берсек пе! -

Бермесек пе?! –

Екіұдай боп,
Тыңдады олар мені тоқырай кеп.
Кемпірім кемсеңдеді: «Ең болмаса
Музейге бермедің-ау, бәтір-ай», - деп.

Ол мынау,

сынық кетпен – сүйем темір,
«Тәйір-ай» деп біреу күлер, біреу кейір.
Бұл темір көшпендінің көп әулетін
Тұяғы қалмағанда тігерге бір.

Асырап, алып қалған аман сақтап,
Сан ұрпақ талай шыңдап, талай саптап,
Сейітқұл кетпенінің бір сүйемін
Жеткізген сөйтіп бізге, заман – соқпақ.

Немере, шөбересі, шөпшегі ұстап,
Заманы Сейітқұлдың кетті алыстап.
Бұл кетпен енді бүгін өздеріңмен,
Көненің көзі болып төс қағыспақ,

Сол Қыпшақ Сейітқұлдың нәсілі ем мен,
Осы өлке, осы өңірде өсіп-өнген.
Жылдарда жиыrmасыншы жаңағы айтқан
Сау қалдым, осы кетпен, осы қолмен.

Сондықтан, сүйем темір – сынық кетпен,
Төрінде біздің үйдің тұрып көптен,
Мүлкіндей сақтап едік бабамыздың,
Қолымен керегеге іліп кеткен.

Қимадық ешбір музей сөресіне,
«Береміз, береміз» деп келесіде.
Әкелдім соны Ыбырай ауылына –
Дән сепкен «Сейітқұлдың төбесіне».

Сыйлаймын солардың жас әулетіне,
Ескерткіш болады деп елге түге.
Ал сендер, енді кетпен ұстамассың,
Тек, бірақ, табаныңды жерге тіре!

Осы сөз белгісі деп – осы мұра,
Теңгеріп бабалардың асылына,
Ұстандар,
 қайсың совхоз директоры,
Әкелдім ауылыңның шашуына.

Сол кезде жас директор тұрды ұшып,
Қарт оны бір минутке тұрды құшып.
«Бидайық» - көрші совхоз жігіттері
Әкелді алқа-масақ жүгірісіп.

ТЕПЕ-ТЕҢДІК

Денеме тарап деміммен жұтқан ауасы,
Туған жер, сенен жаралдым білем, шамасы.
Мен ғана емес, туған жер, сенің перзентің
Адамзат барда – адамның бүкіл баласы

Бұл жұмыр жерде туған жер емес жоқ нүкте,
Белдіктерде де, байлықтарда да, ендікте.
Сағыну керек, табыну керек сондықтан,
Туған жер деген табиғи тепе-теңдікке.

ТҮС

Көк аршасын Тосынның
Көрем кейде түсімде.
Көкорай құм – жасыл құм,
Жүрем соның ішінде.

Сонау жылғы сар бала,
Құм ішінде қой бағам.
Елегзимін сәл ғана,
Есесіне – ойланам...

Танауымды жарады
Көк аршаның иісі.

Әтірдейін бұрқырап
Тұрады бір құм іші.

Аспанда бұлт көк шұбар,
Айналамда – көк шынар.
Көзім алды – көк мұнар,
Көйлегім де көк шығар.

Дүние маған – көк арша
Көк қабығын аршыған.
Көзімді ашып қалғанша,
Қасқыр шапты қойыма,
Басқа түк жоқ қамшыдан,
Сол түседі ойыма.

«Қап, қап енді не істеймін?» -
Деп, ернімді тістеймін.
Көк аршаның бір түбін
Сойыл ету іштей мұң,
Іштей мұңнан қиналам,
Қасқырдан да қорқамын.
Бар күшімді жинаған
Бір-ақ рет сарқамын.

Не жеңілем, не жеңем!
Тәуекел,
 күш тежемен.

Сындырмаймын аршаны
Кейін тартып кежегем.

Жо... жоқ, дүние көкпеңбек,
Көк аршамды сындырман.
Оянам ақ тер, көк тер боп
Түс дейтұғын – құрғырдан.

ШӨПКЕ БАҒАНДА

Азам Төлеуге

Салыңқы,
салқы, сары күз
Айдау жол. Арба. Кер өгіз.
Шалғынның иісі – дәмеміз,
Сарыөзек жаққа келеміз.

Сыздана салып салмағын
Тобықтан түскен бозқырау.
Аяздың жақын қалғанын
Айтпадық...

Іштей сездік-ау.

Қамысы көлдің қау болып,
Сыбыры, сазы сиреген.
Саяқ жел қырда сау желіп
Сыңайын салқын билеген.

Сәскеде жалпақ жон үсті
Ақтылы тұяқ – құт дарып.
Қара оты қалған өрістің
Қайызғақ шаңы бүрк та бүрк.

Көрінді көздің ұшында

Ескі бір қыстау, кейпін көр.
Сен айттың: «Соның тұсында
Сандықбидайық – дейтін жер».

Содан соң өзің үнсіз қап,
Ойға бір баттың шамалы.
Көк аспан жүзі мұң сыздап,
Көмкеріп тұрды даланы.

- Әнеки, «Бұрылбидайық»,
- Әнеки, «Сандықбидайық».

Ойдым да ойдым шалғынға
Отар да отар қой жайып,
Сұйылды шөбі деп жүр ғой,
Сөлі де суға айналып.

- Жә, - дедің, - жә, сен көрмедің,
Менің де бала шағымда,
Осынау ойпаң шеңберін
Су қаптап жазға салымда,
Содан соң жарты ай өткенде
Бұла бидайық түрленіп...
Ішіне сүңгіп кеткенде
Құлын-тай тұрар күрмеліп.

Қылпылдап шалғы, орақтар
Түсетін ойнап жасындай.
Шалғышы біткен –
бәрі атпал
Жігіттер сайдың тасындай.

Сәріде салған шалғыны
Сәскеде бір-ақ суытып,
Саяға келіп барлығы
Шаршағандарын ұмытып:
- Жарықтық, - дейтін, - жерді бір
Жарылқап нұрдың сіңуі-ай.
Қимылдайық ал, енді бір
Ет-қызуымыз суымай.

Ат тырма жегіп, жұтынып,
Келуші ек біз де түсте де.
Аузын ашып құтының
Дейтінбіз: «Сусын іш, көке!»

Көк шөпке белден көміліп
Жатқанда көкке сүйсіне.
Шалғыннан шырын төгіліп,
Мас болушы едік иісіне.

Қол орақ, шалғы, тырманы
Көрдің ғой сен де,
дегенмен...

Анау бір, анау жылдары
Көбірек көрдім сенен мен.

Совхозда көп қой машина
Сұрасаң білем берерін.
Арбамен ертіп қасыма
Шөпке алып шыққан себебім:
Сондай бір шалғын иісін

Балалық тәтті елес қой, тәтті түс қой,
(Түс екеш түстің өзі қақтығыс қой).
Балалық – бейкүнә сәт, періште сәт,

Алғашқы және ақырғы ақтық іс қой.

Аңғармай алақаннан шашып алған

Бір уыс балалығың ақ күміс қой...

Сол күміс жылт-жылт етсе кейде бізге,

Үміттің желкені етіп келеміз бе?!

Қалмаса қорқынышты-ау,

бала күннің

Бір елес – бір белгісі денемізде.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ

(1986 ж., «Жалын» баспасы)

Айтсын ұрпақ атынан

(фрагмент)

Мен туғанда ұлы жеңіс жылы еді,
Сұм соғыстың бітті әйтеуір сүреңі.
Қуанышқа, қайғыға да күпті елдің
Түсе қойған жоқ орнынан жүрегі.

Түсе қойған жоқ орнына жүрегі,
Кіре қойған жоқ әлі де реңі.
Бес жыл бойы қайғы жұтқан қан жұтқан
Қайран елдің қандай жаны сірі еді.

Қайран елдің қандай жаны сірі еді,
Жылай жүріп, жоқтай жүріп... күледі.
Әр жүректе жара барын біледі,
Әр тілекте «тоба» барын біледі.
Өлгендердің оралмасын біледі,
Орнында бар оңаларын біледі.
Адамзаттың арын төккен соғыстан
Келер ұрпақ кек аларын біледі.

Ел біледі,
біледі ел барлығын,
Қолға тастай ұстайды енді тағдырын.
Уақыт – емші,
бірте-бірте құрғатар
Көз жасының көлшік-көлшік жаңбырын.

Ал әзірге жара сыздап, жан мұздап,
Талай жесір, талай жетім жалғыз қап.
Аяулы әке, адал жарын күтуден
Мың-мың көздер боталайды андыздап.

Біреу келді...

Келді ерте, келді кеш,
Енді біреу айтып кетті мәңгі «Қош!»
Соғыс бітті.

Бейбіт майдан басталды –
Махаббат пен шапағаты мол күрес.

Соғыс салған күйік пенен жараны,
Тек махаббат, мейірім емдей алады.
Жүрегі удай ашыса да,

сондықтан
Емен-жарқын еді елдің қабағы.

Жарым көңіл көтерумен келісіп,
Өле ішкенше,
қолда барды бөле ішіп.

Жүдеу иін, жыртық иық жамиғат
Жарық дүние көргені үшін көрісіп.

Жылап-сықтап, көздің жасын бір сығып,
Бір уһілеп, алады бір күрсініп.
Одан кейін тірі пенде қыбырлап,
Басталады жеткізбейтін тіршілік.

Біреу әне, аяқ молақ, қол шолақ,

Ерден ұстап аттан түсті домалап.
Енді біреу шолақ қолын демеу қып,
Шөмелеге салды айырын шамалап.

Енді біреу атын да ерттеп міне алмай,
Түп етектен шорт кесілген шынардай.
Болса-дағы,

тамыры аман қалған соң,
Бұтақ жайып кетті көктеп суалмай.

Енді біреу бұлт айналса төбеге,
Оқ тигендей қалшылдайды денеге.
Кегі қайтқан,

жан жарасы жазылған,
Тән жарасын қайсар солдат жеңер ме?

Жеңе ала ма,
оқтың уын, уытын,
Жарық дүние жағар ма екен үмітін.
Енді біреу... қалш-қалш еткен қария
Қалды ұрпақсыз,
соны ойлайды күндіз-түн.

Ал біреуде жар некесі алғашқы,
Тағдыр заңы...
амалсыздан алмасты.

Ал бір үйде әкесі жоқ ұл туды,
Әкесі жоқ.

Өмір бірақ жалғасты.

Жер бетінде сан мың адам жылады,
Біреу қайыр, біреу көмек сұрады.
Мұның бәрі сұм соғыстың кінәсі
Сол соғысқа бірақ адам кінәлі.

Сол кінәні жуып-шаяр –
тірі адам ,
Ал күнәһар құтылмайды күнәдан.
Бүкіл, бүкіл соғыстардың мойнында
Келіншектің көз жасы бар жылаған.

Мен де сондай жылап туған шарана,
Бейбіт күннен берді жарық замана.
Іңгәлаймын тал бесікте бөлеулі,
Тылсым заңмен ұмтыламын Анама.

Анам маған ақ көкірегін ашады,
Ана сүтін аузыма әкеп тосады.
«Уызыңа жари көрші, жан ботам! »
Алпыс екі тамыры иіп босады.

Мен білмеймін,
сойқан соғыс өткенін,
Сан жүректі күлпаршалап кеткенін.
Мен білмеймін,
дүние – дүние болғалы
Көз көрмеген азапты адам шеккенін.

Мен білмеймін,
дерті, өрті соғыстың

Соғыстан соң сансыратып Жер үстін.
Сан ұрпақтың кеудесінде тас болып
қалатынын жібімейтін беріш-мұң.

Соғыс заңы – не өмір де, не өлім!
Соғысқанның ұраны тек «жеңемін!»
Соғыстан соң ашу керек, Адамзат,
Жеңу менен жеңілудің себебін.

Қара күш пе,
 әлде айла-амал ма,
Беріктік пе, бекініс пе, қамал ма?
Келешектің құрбаны еткен әлде өзін
Ырқы күшті, рухы күшті адам ба?!

Соғыстан соң – бәрін елеп, екшесе,
Онда адамзат қанын судай төкпес ед.
...Тауқыметтің кім біледі біз білмей,
Соғыстан соң өртеңіне көктесек.

Соғыстан соң –
көз көргеннің барлығы,
Адамзаттың соғыс салған тағдыры.
Сұм соғыстың зіл-заласы соңында,
Соңында ғой қайғысы мен зар-мұңы.

Соңында ғой – күйініші, күйігі,
(Соңында ғой – бар дүниенің түйіні).
Жесір әйел көрсетпейді көз жасын,
Жетім ұлдың бүлкілдейді бүйірі.

Кемтар-кәріп құнын кімнен сұрайды,
Сұрамайды,

жыламайды –

шыдайды!

Ерлігіңе көзі жеткен күллі әлем
Соғыстан соң төзімді сынайды.

Төзді.

Күтті,

сары алтындай сабырмен,
Көктен көмек сұраған жоқ, тәңірден.
Уа, туған ел, соғыстан соң сен бізді
Толғатқансың жарақатты тәнімен.

Соғыстан соң... соғыстан соң барлығын
Танып өстік туған елдің тағдырын.
Ал сан ұрпақ қырық жасқа келіпті,
Қырық жылдай жұтып бейбіт таң нұрын.

Біз сол ұрпақ - өртеңге өскен көк құрақ,
Соғыс көрмей, көргеніміз көп бірақ.
Зіл-заласы соңындағы соғыстың
Санамызға батты біздің қаттырақ.

Ал сол ұрпақ айтсын соғыс соңынан,
Көз көргенін...

сәби шақтан таныған.

Алдыңғыға баға берер соңғы ұрпақ,
Айналайын, Заман – тарих заңынан!

АҚЫН МЕН АҚ ҚАҒАЗ

Ақ қағаздың отырды ақын алдында,
(Ақ қағаз ғой оған талан, тағдыр да!)
Дастарқандай жатты ақ қағаз жаюлы,
Ал айтып көр,
Ал жазып көр
Ал жырла!

Ал айтып көр, ақ қағазға жаз бәрін,
Заман қамы – қоғам қамы, өз қамың.
Адамзаттың озығын айт, озғанын,
Қай машығы шірігенін, тозғанын.

Айт, аянба,
айт аяма, айт ашып,
Дүние сенің даусың барын байқасын.
Шындықты айту оңай емес,
шырылдап,
Ақын болсаң – сен бәрібір айтасың!

Ақын болсаң – кім айтады сен айтпай,
Бұл ақ қағаз сауалдарға сауаптай.
Адамзаттың ойын қосқан ақ қағаз
Құрылтайдай, съездердей, сенаттай.

Сол ақ қағаз жатыр әне... сүттей ақ,
Ақын оған жалғыз әріп түртпей-ақ,
Төрт құбыласын дүниенің бір сәтке

Қас қағымда қиялымен шықты орап.

Дүние мынау – күнді айналған жұмыр жер,
Уақыт-ұршық иіргенде дірілдер.
Әрбір ұрпақ өтер жасап өз ісін,
Әр ұрпақтың таңы қайта сібірлер.

Ұрпаққа ұрпақ жалғасар да алмасар,
Сүрлеу таптап біреу жаңа жол жасар.
Ақ ниетпен, ақ жүрекпен қашанда
Қара ниет қас мекерлер арбасар.

Біреу жеңер, біреу жылар, жығылар,
Біреу сезім, сенімінен суынар.
Туған жерін іздеп біреу таба алмай,
Сары уайым сағыныштан сылынар.
Мұның бәрін қайталаған сан ұрпақ,
Бұған ешкім қарамайды таңырқап.
Мұның бәрін жазған, айтқан ақындар
Қиссалармен, дастандармен жарылқап.

Мұның бәрі Өмір заңы – заңды заң,
Қарсы тұра алмайды ешбір жан бұған.
Ақ ниет пен қара ниет қарсы боп,
Қашан құрыр адамды адам аңдыған.

Ақ қағазға мұның бәрін – саны ұзын,
Түсіргенмен өтеле ме парызың?!
Жетеді ақын,
жылнамашы сенсіз де,

Жер бетінде бала Жамбыл бар еді,
Жер бетінде жаңа Жамбыл бар еді.
Дана Жамбыл жүзге жете көз жұмды,
Бала Жамбыл он-ақ жасар бала еді.

Дана Жамбыл ақ батасын халқына
Шабытпенен бере салды – шалқыма.
Бала Жамбыл басы айналып қарады
Алатаудай ақиықтың даңқына.

Дана Жамбыл ол да қимай қарады
«Ізбасарым кім екен» деп артына.
Бала Жамбыл бата сұрап баруға
Жетпейді әлі шамасы да, шарқы да.

Дана Жамбыл ізбасарын білген жоқ,
Сенді бірақ,
табиғаттың шартына.
Бір топырақта бір дана мен бір бала
Алмасатын дүние заңы, салты да!

Міне солай!
Алмасты да жалғасты,
Дана Жамбыл қайтпас сапар, жолға асты.
Сол топырақта, дәл сол кезде бір бала
Күбірледі...
өлең жолын алғашқы.

Тұмаш аға,
сен емес пе сол бала?
Ес біле сап ел мұңына толғана,
Ел мұңымен өз мұңыңды қосқанда
Ең алғашқы жырың сенің болды, аға!

Мұңмен бастың ең алғашқы мауқыңды,

Гүлмен аштың сезімінді, зауқыңды.
Мұң мен гүлдің арасынан бал беріп,
Сен тәнті еткен Тұманбайсың халқыңды.

Ал бірақ та сол Тұманбай болғанша
Жүрегіңмен кештің сапар, жол қанша.
Мұннан бақыт жасау үшін, гүлден – бал,
Сен өмірді сүйдің естен танғанша.

Адам – перзент,
Ақын – перзент қолынан
Сүю келсе – келсінші тек молынан.
Мен Тұманбай жыры арқылы әуелден
Халқын сүю қасиетіне табынам.

Халқын сүю, халқын сыйлау арқылы,
Мүмкін ақын күйді, жанды, балқыды.
Талай жаңа махаббатты тұтатты
Тұманбайдың жырларының шарпуы.

Сол Тұманбай – той иесі бүгінгі,
Сан мың жүрек түкпіріне үңілді.
Махаббаттың сөз кезегі келгенде
Халқы талай Тұмашына жүгінді.

Махаббаттан бағы жанған Тұмағаң,
Махаббатпен жасады ылғи тұғырды.
Барлық ақын махаббаттан туды да,
Соқпақ іздеп сан тарапқа жүгірді.

Ол елуде,
еркелетсе елі оны,
Еркелетер бар ғой оның себебі.
Қаншама жыл...
түн ұйқысын төрт бөліп,
Туған халқын жүрегіне бөледі.

Ол елуде,
көтерсе елі төбеге,
Одан, сірә, аласарып, шөге ме?!
Қаншама жыл жүрегінен жұлып ап,
Жылу берді басқа тән мен денеге.

Бала Тұмаш – бала Жамбыл баяғы,
Аға болды айналасы саялы.
Халқынан ол қашан жанын аяды,
Халқы да оған құшағын кең жаяды,
Жыр – Жамбылдың қонды оған киесі,
Қонсын енді бақытының баяны.

...Жер бетіне жаңа Жамбыл келер деп,
Бала Жамбыл жаңадан жыр берер деп,
Кей күндері жыр жазбасаң, Тұмаға,
Келешекке көз қырын сал, елеңдеп.

Сонда, ағатай, көп қызықты көрерсің,
Өнер – бәйге,
Өнер – сайыс, сенерсің.
Сол бәйгеден малтыққан бір жүйріктің
Жүйріктігін тани қалсаң... демерсің.

Демерсің де,
демінді бір аларсың,
Бала Жамбыл жолыққандай боларсың.
Бала Жамбыл болса өзіңе лайық,
Ол баянды бақытыңнан хабаршың.

БАҚЫТ ДЕП БІЛЕМ

Отқа да салам өзімді, суға да салам,
(Адам ба - өзін суарып шындамаса адам).
Өз жүрегіммен үрлеймін өз көрігімді,
Өз жүрегіммен - Өзіңді бірге жасаған.

Өз көрігіммен өртеймін өзімді- өзім,
Көрігімдегі өмірім Сезім – мінезім.
Бақыт деп білем оттарға төзудің өзін,
Балқып бір барып суықты сезудің өзін.

Бақыт деп білем –
буланып балқудың өзін
Алтынан гөрі қымбаттау жарқын мінезім.

Қара темірмін,
сондықтан суырыламын,
От пенен суды мәңгіге мұра қыламын.
Отқы да салам өзімді, суға да салып,
Өмір бойы өзім өзімді сынап аламын.

* * *

Бала деме,
баласынба баланы,
Оның сенен оттырақ қой жанары.
Көп нәрседен аз болғанмен хабары,

Көп нәрседен қиялы оның жоғары.

Бала деме,

баласынба, ертең-ақ

Тасты жарып шыға келер өр талап.

Заманыңның жасырма одан шындығын

Өсірме оны,

көлеңкелеп, қалқалап.

Бала болса, бала шығар бүгін-ақ,

Уақыт ертең теңестірет зымырап.

Ол да ертең мұңаяр да өкінер,

Басын тауға, басын тасқа ұрып ап.

Қайта қунап,

қайта түлеп қуанар,

Тағдыр «сыйын» тәрк ете алмас,

құп алар

Топырағыңның қуаты мен құнары

Уақыт шайқап,

көрсө байқап сыналар.

Бізге де уақыт берер сонда бағасын,

Ұрпағыңның көрерсің көзқарасын.

Балалық шақ оралады қайтадан

Сүю-күю арқылы өз баласын.

Бала деме,

баласынба баланы.

Оның сенен күрделірек заманы.

Сен жетпеген жерге әлі-ақ жетеді,
Сен таппаған асылды әлі-ақ табады.

БАЛАМЫН ӘЛІ

Баламын әлі...

Басымда менің көп қиял,
Басымды ертең тауға да, басқа соқтырар.
Заманның жал-жал толқынына да лақтырар,
Суығына да, салқынына да тап қылар.

Баламын әлі...

Бәрінен әзір бейхабар,
Тіршілік заңы бұлжытпай бәрін қайталаар.
Қиялдың бәрі шындыққа қарай ойысып,
Сарыауыз сана сарғаяр дағы шайқалар!

Баламын әлі...

Баланың бәрі бір емес,
Көз алдыма көлбеңдей берді бір елес.
Көктемнің бәрі дөп келгенімен – жылы емес,
Беткейдің бәрі көгергенімен – гүл емес.

Баламын әлі...

Аңғарып соны қалам-ау,
Күн шайдай ашық.
Қар жауып кетсе, тоңам-ау.
Алмасулардың, жалғасулардың астарын
Аңғарып қалдым, себебін, сірә, табам-ау.

Баламын әлі...

Басымда қиял, көп үміт,
Бәрі де маған оттан да ыстық көрініп.
Өзіммен өзім.

Ойымнан өмір өріліп,
Қиялмен жеңіл, қиялдан ғана жеңіліп,
Баламын әлі,
 баламын әлі,
 баламын,
Бауырыңа, өмір, енемін міне, емініп.

Бөле

Кішкентайдан бірге өскен бөлем едің,
Көгендесім, тамырлас көгенегім.
Сенің орның бөлек қой...

 не дегенің,
Балалықты сағынсам себебі едің.

Бөз көйлекті бір киген бөлем едің,
Қарындастай - қасымда демеу едің.
Сенің орның бөлек қой...

 не дегенің,
Елге келсем еркелер желеу едің.

Құлын-тайдай бірге өскен бөлем едің,
Сәл мұңайсам желер де, жебер едің.
Тағдырымен қосқандай қос ағашты
Таспасына құсаушы ең керегенің.

Қабағы ашық, жаны жаз бөлем едің,
Қыз Жібектеу тап келіп Төлегенің.
Жазғы тандай жап-жарық сүт пісірім
Қос шаңырақты сәулеңе бөлеп едің.

Бөлем едің бірге өскен,
бөлек едің,
Өнерінен туғандай өнегенің.
Аз ғұмырда қыз болдың - қылығы ерек,
Ана болдың, жар болдың және келін.

Неге бізді «бөле» деп атады екен,
(Бөлектеген сөз болса қатал екен.)
Қатал болса қайтпекші,
қош бөлежан,
Өмір солай сан бөлек сапар екен.

03.81 ж.

БІР БЕЛГІ

Балалық шақтан салғанмен аулақ іргенді,
Балалық шақтан қалуға тиіс бір белгі.
Алғашқы қиял,
Алғашқы арман,
Тәтті үміт,
Солардың бәрін балалық бермей, кім берді?!

Алғашқы түйсік,

Алғашқы ағат түсінік,
Алғашқы ізет – кішкентай ғана кісілік.
Солардың бәрі алақынымен көтеріп,
Азамат етіп жіберген жоқ па ұшырып.

Сүрініп алғаш...

жығылмау керек соны ұқтың,
Жарыла жүрек қуандың дағы қорықтың.
Алғашқы мұңмен – жалғыздықпенен жолықтың,
Зеріктің алғаш, жабықтың бәлкім, жалықтың.

Алғашқы бәрі.

Барлығы тұңғыш, бастапқы,
Үйрендік алғаш ымдасу, әзіл-оспақты.
Кейбіреу күллі адалдығының барлығын
Балалық шақтың босағасына тастапты.

Ал одан әрі басталды үлкен –

ұлы Өмір,
Азамат бол да, сол Өмірді еркін сүре біл.
Балалық шақтан бір белгі қалмай жүрмесін
Бойында түбі –
жүре де жүре, жүре бір....

Бір қарлығаш

Бір қарлығаш қонды кеп,
Тереземнің түбіне.
Неге жалғыз қалды деп,
Жаутаңдаймен түріне.

Қанатыңмен су сеуіп,
Қайырымсыздық көрдің бе!
Іздей-іздей бір серік
Ізін тауып келдің бе?!

Қабактағы неткен мұң,
Жанардағы неткен наз.
Иә, бәсе, өткен күн
Мұң ба бәлем, өткен жаз.

Кел, кіре ғой бөлмеме,
Қорықпа мұннан - мұңдаспыз.
Құс секілді пенде де,
Жалғыз жүрмей тұрмаспыз.

Жалғыз кейде қалғанда,
Жабарқама, торықпа!
Жалғыздар көп жалғанда,
Жамандықтан деп ұқпа.

Кел, кіре ғой бөлмеме,
Дедім, ойым дөп түсіп.
Қанатты құс - пенде ме,
Лып етті де, кетті ұшып.

ЖҰТПА ТАРТҚАНДА НЕМЕСЕ ЖЕЙДЕ ТУРАЛЫ ЖЫР

Сәбила, сәбилік күн – сайран сағым,
Қай қырдан асып кетті, қайран сағым.
Сағымның толқынындай кетті алыстап
Балалық – балбұлақтай қайран шағым.

... Жүгірдік, жүгірдік те, жарыстық та,
Алыстық, жағаластық, табыстық та.
Жағалап жардың бойын, салдық ойын,
Қыл баулы қалтамызда таныс жұтпа.

Бір күні жұтпа тарттық қайықпенен,
Қайықты мен есіп ем байыппенен.
Жұтпаны сен ұстадың жұтынған қыз,
Қалтқыдай қозғалғанда ғайып денең,
- Қайықты аударасың, - деймін саған,
Бұл иірім, қара, терең, жауың, - дегем.

Сақтанар қауіп те бар шат өмірде,
Ал сенің сескену жоқ қаперінде.
Тепкенде тентек толқын шайқалып кеп,
Қайығым кіліт тоқтады қапелімде.

Сәбила айқай салды:

- Қапты, - деді,

Қарлығып кенет шықты қатты демі.
Қара күш үркіп тартып, сілкіп тартып,

Құп-қу боп кеткен екен аққу өңі.

Қара күш қайық басын бұрды келіп,
Қыл бауды қаршадай қыз тұрды керіп.
Әл бермей бұла шортан шоршып-шоршып,
Қайықты құйрығымен ұрды келіп.

- Тарт, - дедім, - тарт, - дедім мен
қайықты есіп,
Үніме салмақ қосып, байып қосып.
Біз тұрмыз жан ұшырып...

өзен жатты
Толқынын жайма-шуақ жайып көшіп.

Тістеніп, тіреп тартып зорландың-ау,
Зәрең ұшты-ау... қайықта толғандың-ау.
Қарыссаң қара тастай қайсар едің,
Қара күш болмаған соң қор болдың-ау.

Бұл судан бұрын мұндай бұла көрсең,
Жағада қармақ салып тұрар ең сен.
Жалқы үйдің шолжаң өскен жалғыз қызы-ау,
Қайықта қапа болып жыладың сен.

Жұтпаны тартуға мен оқталған ем,
(Балада болады ғой мақтан деген).
Жігіт боп жейде киіп жүргеннен соң,
Көмекке көңілің қалар деп бармап ем.

Қарадың сонда маған сен шағына,

Тұрдым мен мысым құрып, тау шағыла.
...Шындықты жейде қалай жасыра алсын,
Жар сүйіп, сәби сүйді сол Сәбила.

* * *

Заман – бізге,
Біз – заманға
Берешек те
Алашақ.
Бермеген де,
Алмаған да
Асар бастан санасақ.

Соның бәрі
Ағымдағы
Күйбең болып кетер ме!
Өмір сүрдік,
Іс тындырдық
Дерміз онда бекерге.

Заман – бізге
Біз - заманға
Берейік те алайық.
Атақ-мансап,
Саудадан сақ,
Бір қасиет табайық!

ҚАЛДЫ-АУ...

Ол бір ессіз-түссіз күндер,
Ерке күндер болатын.
Ерке-тотай қыз шіркіндер
Көздің жауын алатын.

Дүние дертіп, біздер елтіп,
Мас қылатын буымен.
Бірде шайқап, бірде желпіп
Тұрды жастық туымен.

Ләззат, рақат, бал махаббат,
Таудай талап анталап.
Көк сағымдай қудым қызық
Көп үмітті арқалап.

Қуып жеттім.

Қапы кеттім,
Жете алмадым, «қап» дедім.
Көрші санап,
қайсысы көп
«О, пәлі!» мен «әттеңнің».

Көбін-азын тарт, таразым,
Тарт, таразы – жүрегім!
Қылмай жазым, бір лажын
Табарымды білемін.

Ол бір ессіз-түссіз күндер
Енді маған қайда бар?!

Қайда ерке қыз шіркіндер
Періштеге айналар?!

Періште жоқ, пейіш те жоқ,
Жас дәурен бар жалғыз-ақ.
Ғажап елес, ғайып сурет
Қалды-ау, қалды-ау, қалды ұзап.

* * *

Қалқан құлақ баяғы қара бала,
Талайларға бастапты аға бола.
Айтқан сөзі, ақылы, әрекеті
Сәйкеседі сәтімен заманаға.

Қара бастың қамы емес ойлағаны,
Бес ешкі емес ысқырып айдағаны.
Бар болмысын бабымен әдіптепті
Әрекет пен астарлы ой заманы.

Емеурінді ұғып тұр ебіңнен-ақ,
Демегінді біліп тұр деміңнен-ақ.
Азамат-ақ болғалы тұр екен-ай,
Арманына түрі бар берілген-ақ.

Қимылында бір артық әрекет жоқ,
Пиғылында пәле жоқ, пәлекет жоқ.
Келе жатқан құрақтай жаңа көктеп,
Судырлайды құрақтай және де ептеп...

Талант емес,
 дана емес туған асып,
Заманына бірақ та тұр жарасып.
Тап осындай көп қазір інішектер
Бір-бірінен аумайды тұлғаласып.

Өсер перзент уақытқа, заманға сай,
Заман заңын алмайды жалаң жасай.
Заман жасау адамның қолында ғой,
Заман қамын ойлайық, замандас-ай!

* * *

Кейде түн ішінде, кейде таң алдында
Күбірлеймін ақталып ар алдында.
Заманыма көп екен бермегенім,
Бермегені бар маған заманның да.

Есе ала алмаппын мен заманнан,
Өзім екем кенде де, кенже қалған.
Көкке ұша алмай, бауырлап
жерде қалған.

Мен өзімді осылай кінәлаймын,
Кінәлі өзім... Өксимін. Жыламаймын.
Еңбегіммен бәрін де өтеп алам!
Заманымнан жалынып сұрамаймын.

Ал бірақ та, бірақ та заман-ана
Қамқор болмай, ұл ұлы бола ала ма?!

Кіжін, күйін, кінәлан,
қайта қуна,
Заманыңа аз болмас айтарың да.
Анаң сені тыңдайды –
адал айтсаң,
Ал ақ сүтін тиіссің қайтаруға!

Қоңыр төбел көк қозы тілік құлақ,
Түлкі құрсақ,
өзі сақ, сұмдық қу-ақ!
Қимылыңды таниды анадайдан
Қусаң - құйын.. құлағын жымып бірақ.

Момын түлік төлі-ау деп ойламайсың,
Алатайдай үркітіп айналасын.
Көгенделмек ойы жоқ көк қозының
Зыр қағады ... сокса да қайда басын.

Қыл көгеннен көк қозы сондай запы,
Құтылуды ойлайды қалмай қапы.
Көк қозының енесі сақа саулық
Құнарлы мал - қайтпаған бар қайраты.

Қошақанын иіскетіп енесіне,
«Хош, хош», - деп бір қол тисе денесіне.

Сақа саулық күрпілдеп күллі емшегі
Қозысыз-ақ иійді келесіде.

Енесі оның құнарлы дегеннен бе,
Көк қозыны құмармыз көгендеуге.
Көк қозыны кім бұрын ұстап алса,
Тап сол күні сол бала керер кеуде.

Көк қозы емес көк қозы - көк көжектей,
Бізді көрсе қашатын тек безектей.
Біз де оны қуушы ек о жарланып,
Ойын емес, әрине... жекпе-жектей.

Ұйқы-тұйқы қотанды үркітуші ек,
Көк қозы да сидіған шырпы тірсек.
Саулықтардың бауырымен сүңгіп-сүңгіп,
Шетке шығып кететін бір кідірсек.

... Жеңгем маған нұсқады көк қозыны,
Көзім түсті - көк қозы бөрте жүні.
Бұйра-бұйра марқайып қалған екен,
Сол қалпында сақтығы, еркелігі.

Назарымды аударып басқа жаққа,
Басқа сыңай үйіріп қас-қабаққа.
Ниетімді білдірмей жақындадым
Енесіне жанасқан «ашқараққа».

Көк қозы да бардай-ақ көріпкелі,
Жаурынымен қалғандай көріп мені.

Сирағынан шап берген кезімде мен,
Ол да кейін сирағын серіпкені.

Енесінің бауырынан ырғып бір-ақ,
Ыршып-ыршып жөнелді жымық құлақ.
Езуінде көпіршіп тәтті иінді,
Сілекейін үлгірмей жиып бірақ.

Қуыс-қуыс қотанның қалтарысын
Қуын қара,

қуалап жалтарысын.

Мен де қуып келемін жау қуғандай,
Ол да қашып барады жан-тәні үшін.

Ұстататын түрі жоқ, ант атқанның,
Жеңешемнен қысылып жалтақтадым.
Белімдегі қыл бас жіп сап етті еске,
Қыл бас жіпті тұзақтап, сәл тоқтадым.

Сәл тоқтадым саулықты көлегейлеп,
Қыл тұзақты жібердім көлбей сермеп.
Бір серпіліп көк қозы бір-ақ сәтте
Еркелігі сап болды желдей сергек.

Беу, бейкүнә!

Төлі ғой момын малдың

Не екенін білмейтін жалынғанның.
Көк қозының қоп-қоңыр көздерінен
Көрдім мұхит - мұнарға малынған мұң.

Көрдім... бірақ мен оны еледім бе,
Төбел қозы тұрды сол көгенінде.

Кейін білдім -

қиын көген емес,

Көндікпеудің көгенге,

көнерінде!

03.05.1981 ж.

* * *

Көк шалғында көбелек қудық,

Көбін ұстай алмадық.

Көбелекті неге көп қудық

Көлбеңдегеніне алданып?

Көк көбелек қолға қонбаған

Көз ұшында – сағымға сіңді.

Көбелектен көбелек таңдаған

Аптық-арын басылды.

Көктем жазға ауысқанда

Көк көбелек сиреуі қалай?

Шіліңгір шілде қысқанда

Қанаты күйгені қалай?

Көк шалғын сарғая бастады,

Көбейді шегіртке шырылы.

Сары ала жаздың аспаны

Ақ шарбы бұлтын сылыды.

Бұлақтың сылдыры азайды,

Құрақтың сыбдыры азайды.

Таңғы шық сулана бастады,
Шалғындар қуара бастады.

Көктем – көбелек қанатың,
Қолың жетпес ұшпақтай.
Өтті-ау дәурен – заматың
Сырғып сынаптай ұстатпай.

* * *

Көктемгі дала...
Кең дала,
Бусанып жатты жер жаңа.
Ала қанат төскейге
Қадады уық ел жаңа.

Боз жусан басы көгерді,
Төскейге жаңа төл өрді.
Көкжиек жақтан көк сағым
Көзіңді арбай жөнелді.

Ауада жаңа – жас иіс,
Албарда құйттай – жас шыбыш.
Аузымыз тиді-ау аққа да
Баянды болғай осы ырыс.
Жөңкиді бұлттар асығыс,
Бүркеді жаңбыр жас иіс.
Қатал да болса қайырымды,
Қайырымды болды-ау осы қыс.

* * *

Өмір – сынақ,
өмір – сабақ, әрине,
Оқисың да тоқисың ғой бәрін де
Мың меһнат, мың машақат жатады
Сол оқу мен сол тоқудың мәнінде.

Махаббатты меһнаттан іздерміз,
Жүрегінде түгі барлар – Біздерміз.
Мың өліп, мың тірілерміз,
сондықтан
Өмір сүрдік дей аламыз Сіз бен Біз.

Өмір сүру, өмір кешу мәніне
Жеттім деген жан көрмедім әлі де.
Тойдым деген жан көрмедім және де
Махаббаттың ащы, тәтті дәміне.

Өмір сүру...
күю-сүю әлі де,
Сан ұрпақты салар әрі-сәріге.
Махаббаттың топырағына гүл өсер,
Қадіріне жетіп, түсін мәніне.

ОТАНЫҢА ҚЫЗМЕТ ЕТ

- Отаныңа қызмет ет!

Қызмет ет Отанға!

Балам, саған осы менің –

бұйрығым да батам да!

Қатардағы солдат болу – жүру емес қатарда,

Қатарды құр көбейткеннің қатарында атанба!

«Қатарыңнан оз» дер едім,

оған көзім жетер ме,

Оза алмасаң, озбай-ақ қой,

тек алқынба бекерге.

Туған жерді мен сияқты түк қалдырмай арала,

Бара алмасаң, бармай-ақ қой,

мен бармадым шетелге.

Мен жимадым,

жинамасаң. жинамашы дүние,

Мен сияқты оны өзіңнің жеңдір көңіл күйіңе.

Мен сияқты кеш оралма келініме, үйіңе,

Жан жарымдай жарың болса-ау көнтұғын иіңе.

Мен сияқты, мен сияқты...

(Мен кімге үлгі болып ем),

Жүрдім бірақ Отанымның сүрлеу,

соқпақ жолымен.

- Отаныңа қызмет ет! Қызмет ет Отанға!

Осы ұранға рухтан да, осы ұранға тебірен!

ТАЙ БӘЙГЕ

(баллада)

Соғыстан соңғы бір жылы
Дуанда үлкен той болған.
Он сегіз колхоз тұрғыны
Ағылды дейсің әрқайдан.

Аттылы, жаяу, арбалы
Қалмады жеткен аяғы –
Сықырлап біреу балдағы,
Тықылдап біреу таяғы.

Той десе қу бас домалап,
Өкпесін алып ел ұшты.
Біреуді біреу шамалап,
Таныса болды – көрісті.

Жанышқан қайғы қабағы,
Жүйкесі бостау жаралы ел.
Тартады дымқыл жанары
Мүсіркей қалсаң сәл егер.

Жүрегі жұрттың күпті еді,
Жаутаңдап үміт – жоқ іздеп,
Көрініп топтан күткені
Кездесіп қалар тәрізді ед...

Әркімде бір-бір бар үміт,
Әлдилеп іштей алданған.

Сағыныш дейтін сары жұрт
Біреуде жалғыз сол қалған.

Бірде –
бар тұяқ тігерге,
Ол да жоқ енді біреуде.
Кеудеде орден тірелген
Аяғы келмей тіреуге.

Біреуде шала от қалған,
Біреуде құйттай шарана.
Барда да арман,
жоқта да арман,
Ешкім жоқ түскен сабаға.

Күпті боп келген көп бүгін,
Күтініп келген жоқ ешкім.
Бақытты топырақ жоқ бүгін
Үстіндей осы дөңестің.

Бақытты бала жоқ еді,
Тап мендей бүгін дәл мұнда,
Тайымның құйттай төбелі
Жұлдыздай жанып алдамда.

Он сегіз колхоз үй тіккен.
Шықтық біз дөңес үстіне.
Қараймын көкті тінтіп мен
Таяды сәске түс, міне...

Он сегіз колхоз үйлері
Қоңырқай.

Көзге көрінді.
Әйтсе де тойдың күйбеңі
Көтерді бірден көңілді.

- Жаратқан өңшең тай неге,
Көп екен? – атам деп қалды.
Түсетін тұлпар бәйгеге
Жоғы еске түсіп тоқталды.

Қылмиған өңшең кілең тай,
Үйіріле берді үркердей.
- Бәйгеге! – деді бір айқай,
Атамның жүзін бір көрмей,
Айтар бір сөзін ұға алмай,
Атылып оқтай жөнедім.
Шыға да бере шығандай
Тайымның көрдім төбелін.

Тайымның құйттай төбелі
Жұлдыздай ағып келеді.
Жұлдызым маған жеткізбей,
«Жетем» деп қуам мен оны.

«Озам-ау» деген жоқ-ты ойым,
Демеп бір шабыт тереңнен,
Сондықтан жұрттан оқ бойы
Желпініп озып келем мен.

Бауырынан бәрі жараған
Болашақ тұлпар – бала тай.
Жұлдызға өзін санаған
Үстінде бір-бір балақай.

Айқайлап, кейде қиқулап,
Алдынан жаудың шапқандай.
Бәйгенің күші сиқырлап
Бойды алып бара жатқандай.

Енді бір сәтте жан-жақтан
Тістесе құйрық қапталдап.
Артымда мана шаң қапқан
Бір-екі, үш бала аттандап,
Алдымды орап барады,
Көтеріп, демеп бір-бірін.
- Қанатым қайда жаңағы, -
Тебініп алға ырғыдым.

Тайым да менің бір ыршып,
Тайпалып қайта жөнелген.
Мойнына қарай құнысып,
Сипадым жұлдыз төбелден.

Жөнелдік тағы қара үзіп,
Жүйрікке, шіркін, жоқ дауа!
Мәреге жетсек ағызып –
Ендігі мақсат сол ғана.

Атам да менің тұтанып,

Тұтанып, жанып тұр білем.
Қарайды бізге топ халық
Көлегей көзбен, дүрбімен.

Жо... жо... жоқ, жүйрік тек қана
Біз емес екен, көп екен.
Заулайды бәрі оқтала
Нысана жалғыз мәре екен.

Тұтанып тұрған тек қана
Жалғыз қарт емес,
жалпақ ел.
Жоғалтып барын, жоқ қарап
Зәрезап болған... қорқады ел.

Мінеки, соңғы белеңге
Жұлдыздай шықтық жыпырлап,
Тістесіп құйрық, тепеңдеп,
Тұрдық та қалдық тыпырлап.

Мәреге біздер жете алмай,
Ел бізге қарай жүгірді.
Өңшең тай, өңшең балақай,
Аман-сау қолға ілінді.

...Көздерде көлкіп көлшік – көл,
Тәуба етті тайлар шабысын.
Біз болсақ қайттық меншіктеп
Колхоздың бір-бір намысын.

Тың көтерген жыл

Тың көтерген жыл...

Май айы

Аспанның ашық арайы.
Ашылған дала талайы,
Бұйра да бұйра боразда
Біздің ауылдың маңайы.

Көкемнің биыл көк «ДТ»
Көктемнен мінген тұлпары.
- Кіреді жомарт жер құты, -
Дейді де жерді жыртады.

Ал біздер,
біздер топ бала -
Түспеген құлын ноқтаға.
Егістік жаққа оқтала,
Оқтала қарап ойлаймыз,
«ДТ»-ға мінсек деп қана.

Ал біздер,
біздер топ бала,
«Тың» деген сөзді тақтаға
Жазамыз тұңғыш, септейміз.
Жіктейміз дағы, көптейміз.
Япырмай, үш-ақ әріптің
Мағынасы қандай көп дейміз!

ТІЛЕК

Дүние зыр-зыр
Көзден бұл-бұл
Дем арасы ұшар ма?
Қағып сыңғыр
Уақыт құрғыр
Көнбей ме екен тұсауға?

Өткен-кеткен,
Көп селдеткен,
Сарқыла ме сезім-сел.
Көп індеткен,
Көп күнге өткен
Ал өкпеле, өзің сен!

Өкпеле де,
От денеңе
Сабыр күзет қойып қой.
Көктемеңе
Кет те деме
Қоштаса біл, кейітпей.

Тауға бас ұр,
Тасқа бас ұр,
Дауысыңды асыр, даурықпа!
Ұлан асыр,
Ұлы ғасыр,
Ұлысың ғой, ұмытпа!

Ұя

(баллада)

Сонау жылы -

Ақшығанақ - Ақсайда,

Бір жас бала - жақсы бала, жақсы ойда.

Қой қайырып, қозы жайып жүруші ед,

Төбел тайы сылти ма, әлде ақсай ма?...

Онда ойы жоқ,

ойы - тіпті басқада,

Көз алдында - қызыл-жасыл астана.

Төбел тайдың шіренетін үстінде

Проспектіде тұрғандай боп,

масқара!

Қала деген тек түсінде әлі оның,

Карта арқылы - алақанда әлемің.

Пәле бала көріпкелі бар дерсің,

Бәрін білед қаладағы "пәленің".

Алматыда қанша ақын, жазушы,

Қайсы нашар, қайсы мықты, азулы.

Еңбектерін саралайтын солардың,

Соларға өзі үйреткендей жазуды.

Аға шопан:

– "Тәйт,– дейтұғын,– тәйірі алғыр",

Бірдеңені соғасың-ай ойдан кіл.

Тазала анау көк қозыда тоңғақ жүр,

Қияли боп туған неме, қайдан бұл..."

"Қияли боп туған неме қайдан бұл..."

Осы бір сөз жаман тиіп жайдан бір.

Кілт сергитін тәтті қиял, ойдан бұл.

Тап сол кезде шыбын жаны шырқырап

Бармақтай құс ұшты дейсің сайдан бір.

Бала сол сәт қалды қарап сол құсқа,

"Бейкүнә құс кеткені ме алысқа,

Қайтар ма екен орта жолда талықса?..."

Сай ішінде қалды туған ұясы,

Орап салған үпілдірік қамысқа...

ФЗО-ҒА КЕТКЕН ЖЕҢЕШЕМ

(баллада)

– Жеңеше! – дедім,
Жеңешем маған жалт қарап,
Боталап көзі жылауға өзі шаққа қап.
– Кенжем-ау, – деді, – ертең-ақ келем,
дәм жазса,
Соғыс жоқ онда... алдымда тұрған оқ борап.

– Келем ғой, келем, дәм жазса, келем, – деді де,
Белгісіз діріл бөгеліп қалды деміне.
Орамал ұшын апара берді көзіне,
Көзімді мен де көлегейледім жеңіме.

Көрісіп жылап,
көрсетіп жылап көрмеген,
Көкемнен келген қара қағазға сенбеген
Жеңешем менің бойжеткен қыздай әлі де,
Жолына тағдыр қалайша тұрмақ көлденең.

Жеңешем менің жер басып жүрер болса егер,
Отауын іздеп осылай қарай жол шегер.
Жеңешем менің көкемнің ғана теңі ғой
Көкемнің орны кімменен оған өлшенер.

Сондықтан сенем, келеді жеңгем оралып,
Шақырса Отан, отырар кім бар омалып.
ФЗО-дан менің он тоғыз жасар жеңешем,
Келеді ертең өмірдің сыйын мол алып.

Жеңешем менің –

аққудың көгілдіріндей,

Жүзінде нала, мұңы бар көңіл білінбей.

Үстіне, әне, ақ жібек көйлек киіпті,

Жеп-жеңіл екен ақша бұлт жеңілдігіндей.

Ақша бұлтқа ұқсап, кетеді шарлап қиырды,

Кетеді қазір. Жүрегім неге жиі ұрды?

– Тезірек кел, – деп

соңғы рет айттым жеңгеме,

Жеңешем де маған сұқтана қарап қиылды.

Атам мен әжем де:

– Тағдыр солай бұйырды.

Біріне-бірі сүйеніп тұрып, сыйынды.

Ырдуан арба қозғала берді сықырлап,

Арбакеш бала шыбыртқы сонда үйірді.

Сонымен, менің он тоғыз жасар жеңешем,

Келіп боп түсіп, шымылдық көрді демесең,

Қабағын ашып, қауызын жара алмаған

Артығы жоқ-ау, гүлге де оны теңесең...

Жеңешем менің жанымдай жақсы көретін,

Жан көкем үшін жүрегін жұлып беретін...

Көкемнің кеткен жолымен ол да жөнелді,

Келетін сынды.. көкемді алып келетін.

Жеңешем құрған шымылдық жерге сусыды,

Шешемнің үнсіз көзінен жасы ыршыды.
Көкем де жоғын, бөпем де жоғын ойласам,
Кеудемнің менің қаттырақ соқты дүрсілі.

Соңғы бір күндер сарғайып өңі суалған,
Сағыныш сылып, үмітпен ғана жұбанған.
Жеңешем менің шешімі батыл жан еді,
Ауданға барып ФЗО-ға өзі сұранған.

Ауылда біздің әңгіме тиек ағытты:
– Пеленшенің келіні кетіп қалыпты.
– Қалаға кеткен..
– Далаға кеткен десейші,
– ФЗО-ға кеткен,
– ФЗО-сы несі, бетім-ау,
– Күдерін үзіп біржола кеткен десейші.

Қып-қызыл өсек қыздырма сөздер кеу-кеулеп,
Соғыстың кезі (сөйлейтін ауыз семген жоқ).
Көңілім күпті, сенімім мықты, ал шындық –
Келмейді көкем,
жанымда және жеңгем жоқ.

Жеңешем бірақ күдерін бізден үзбепті,
Келін боп түскен Отауын – Отын іздепті.
Магниттау деген қаладан жазған хатында:
– Заводта қазір жасаймыз жарақ біз депті.
Дегбірсыз әжем, соңына хаттың шыдап па,
– Көкеңнен қалқам,
хат-хабар барын сұрап па,

Сұрап па? – деді,
– Сұрапты, – дедім бөгеліп,
Ең тұңғыш рет өтірік айттым бірақ та.

Өтірік емес,
 шындығым еді – ол менің.
 Жан көкем менен жеңешемді бұл бөлмеуім.
 Келмейді көкем,
 Жеңгемді бірақ ешкімге,
 «Бермеуім керек, бермеуім керек, бермеуім!»

«Бермеуім керек!»

Бозбала балғын ниет бұл,
Үмітімді менің жеңешем ғана сүйеп тұр.
Қаусаған кәрі, қауқарсыз бала бұл үйде,
«...Келеді жеңгем!» —

Ортадағы ортақ тілек бұл.
«Есен-сау жүрсін жолынан қыдыр жолыққыр!»
Қарайды әжем, төрт қанат үйді шолып бір.
— Қайтейін, — дейді, — Отаудың көркі, ботам-ай,
Отаудан гөрі Отанға керек болып тұр».

Отаудан гөрі Отанға керек болғасын,
Заводтың барып ұстады жеңгем балғасын.
Мыңдаған жесір, мыңдаған жетім балалар
Жетілмей жатып жалғады ұрпақ жалғасын.

Оқ пенен оттың ортасында олар ес білді,
Махаббатпенен маңдайдың терін сес қылды.
– ФЗО-ға кеткен,

– ФЗО-ға кетті, – деген сөз,
– Майданға кетті, – дегенмен бірдей естілді.

Менің де жеңгем сол ұрпақ, сол топ ішінде,
Темірдей тәртіп тезіне түскен пішінде.
Көксеңгір завод, көкпеңбек құрыш илеген,
Жеңгемді кейде көретін едім түсімде.

Темірдей тәртіп, темірдей тезі Өмірдің,
Жеңгемді менің шыңдағандай боп көрінді.
От көйлек киіп ойнады ол құрыш темірмен,
Айналасында қып-қызыл жалын өрілді.
Қып-қызыл жалын араны бөліп, жеңешем.
Бермеді қолын, бермеді, кейін шегінді...

Түсімді бірақ жорытқам да жоқ, жорымай,
Сынаптай ойым сарсаңға түсті қорымай.
Жеңгемнен бір сәлемдеме келді – о, ғажап,
Ақ тілегімнің оңғарып жолы болуы-ай.

Кездеме бөзін, әшмүшке шайын азғана,
Бүкіл бір ауыл бөліскен кезде мәз бола,
Атам мен әжем қасқайып жұртқа қарады,
Сап тынды сонда қып-қызыл өсек, сөз-жала.

– Пәленшекеңнің ФЗО-ға кеткен келіні-ай
Бір жерден түбі шығады, – дейтін ел ұдай.
Мінекей шықты, ақыры шықты, жеңешем,
Газетке шықты: суретін қалдық танымай.

Өкпеммен қоса газетті сонда қолға ұстап,
Ұштым-ай дейсің, қонғандай басқа болды
ұшпақ.

– Көрдіндер ме? – деп, жеңгемді менің, –
жүгірдім,
Шаттығым өзі шартараптарға жол нұсқап,

Сүйінші сұрап ес біліп, етек жапқалы,
Көрмеген бала, сезімі көзсіз, қатты әрі.
– Жеңешем менің, ФЗО-ға кеткен жеңешем,
Отаумен бірге Отанның, міне мақтаны.

Табаным жерге,
тимеді төбем көкке елі,
Өттең-ай, әттең, жеңгеме қолым жетпеді.
Стахановшы, жүлдегер дейді жеңешем,
Кім екен оның... өнеге көрген мектебі?

Біздің үй ме екен, Магниттау ма, завод па,
Соғыс па, әлде соғыстан көрген сабақ па?
Тағдырға деген ащы ызасы ма әлде оның,
Махаббаты ма тастамас мәңгі талаққа?

Артында қалған сәлемі ме әлде бізге оның,
Білдіргені ме біздерден күдер үзбеуін?
Тұмардай тағып жеңгемнің құйттай суретін,
Көз қиығынан қимастық сезім іздедім.

Атам мен әжем көз жасын іркіп жинаған,
Айтатын сөзі жасына көздің сыймаған.

Алдым да хатты, өксіп те өксіп жыладым,
Өзімнен-өзім ең тұңғыш рет сұрадым:
«Жан көкем неге майданға кетті сұранып,

Жеңешем неге ФЗО-да бағын сынады?»

Жауап берді әжем:

«Отаудан гөрі Отанға

Керектігіңді сезінсең ерлік туады».

Ал олай болса,

ФЗО-ға кеткен жеңешем

Жұлдызы жанып алдымнан ертең шығады.

ДӘУІР – ДАСТАН

(1988 ж., «Жазушы» баспасы)

* * *

Адамның бар ғой – іштегі ала-құласы,
Санаға тиген өмір – сабақтың кінәсы.
Әйтпесе сәби арамдық ойлап тумайды,
Таза ғой адам табиғатында туасы.

Таза ғой адам табиғатында, тумыста,
Көнбіс қой адам көндіге берер тұрмысқа.
...Бірте де бірте көз үйренеді сұқтанып,
Сұғанақ неме, қол үйренеді қылмысқа.

Бірте де бірте ой үйренеді ұрланып,
Бой үйренеді бой тасалауға қуланып.
Бой үйренеді, бой үйренеді бәріне
Бой үйренеді ушығып, ұйып, уланып.

Санаға ерік, денеге желік бітеді,
Желөкпе әсер жүйкені жүндей түтеді.
Сыртында мін жоқ, ішінде дым жоқ, көз күйік,
Пайда болады жараның нағыз бітеуі.

Көлеңкеге ұқсап, көлбеңдеп қоғам соңынан,

Қоғамды бұрыс тартады түзу жолынан.
Сынайды дағы, салады қоғам тезіне,
Өз балаасы ғой, өлтіре алмайды қолынан.

Өз баласымыз, өз перзентіміз қоғамның,
Тездерге түсіп көрерміз талай топ алдын.
О, Отан-ана, «баланы бастан»... деуші еді,
Қолыңнан бізді, қолыңнан бізді алар кім?!

* * *

Әйелдің бар ғой, көрдің бе, жақсы көргенін,
Тіл ұшыменен тіршілік дәмін бергенін.
Өліп те талып Өмір сыйлаған сол әйел,
Көрдің бе сосын, өсек-ғайбатқа ергенін.
Әйелдің бар ғой, көрдің бе, тылсым қылығын,
Жан сарайыңды хан сарайындай тазартса,
Хақ емес пе еді, ханнан да биік тұруың!
Сүттен ақ, оның судан да таза кезінде,
Қасиетін күзет... кірпікті қақпа, көз ілме!
Батырларыңның құдай боп кетер сәті сол,
Батырларыңның жағасын жыртар езің де!
Ынтықтығынан сылқ етіп "өлген" сәтінде,
Өмір мен Өлім – өліарасы сол нәтінде.
"Тірілте көрші, тірілте көрші" дер ме едің,
"Бәтірекесі, бәтірекесі, бәтірге."
Тамырынан лыпып, қан тамған сәтін көрдің бе,
Сұрамай сенен ант алған сәтін көрдің бе?
Өз қабырғаңнан жаратқан әйел, әуелде
Қамырын таппай қаңтарған сәтін көрдің бе?!
Әйелдің бар ғой, көрдің бе жараланғанын,
Көрдің бе сонда, әлгінің бәрі жалғанын.
Ілбішінге ұқсап жазылмайтұғын жарасын
Көрдің бе, қалай көрсетпей жалап алғанын.
Алданған сәтін, аһ ұрған сәтін көрдің бе,
Қайғырған сәтін, қапылған сәтін көрдің бе?
Тастағы қына, шөптегі шықтай дірілдеп,
Артынан оның ақылман сәтін көрдің бе.
Көзінде жасы, сөзімен қарғыс айтпай-ақ,
Дүниеде сенен аяулы жалғыз жоқтай-ақ.
Әйелдің бар ғой, көрдің бе жақсы көргенін
Тіл ұшыменен тіршілік дәмін бергенін...

* * *

Ақ келіншек киіпті қара көйлек,
Ойласын дегені ме, дара ғой деп.
Қозғап-қозғап қояды паң мүсінін
"Көздің жауын жаула да ала ғой" деп.

Ажарында – сыпайы сыздану бар,
Назарында – қас-қабак, жүз бағу бар.
Тереңінде тәкаппар міз бақпайтын,
Бет жағында жылымсып міз бағу бар.

Ерсі мінез, қимыл жоқ ебедейсіз,
Қабағы ашық, қарайды көлегейсіз.
Молшылықтың белгісі үйіндегі
Қарашықта қалыпты себеп ойсыз.

Әтірін айт, бір иіс гүлге сіңген.
Мұрын жарып талдырар мүлде есіңнен.
Шым етеді жүрегің, пайда бар ма,
Үлдесі мен біреудің бүлдесінен.

Жас шамасы қырыққа жетер-жетпес,
Жастық шағы басынан өтер-өтпес.
Сірә, өлердей сүйеді-ау, замандас та
Бір тілегін сондықтан екеу етпес.

Әйел заттың сұмдық қой – сұлулығы,
Сұлулығы – киелі шымылдығы.
Шымылдыққа сұқтанып көп қарайтын
Бейбақ еркек біткеннің бір ұрлығы.

Әлгі әйелге сол көзбен мен де қарап,
Келісімін, кемшінін тең бағалап:
– Жасандылау болғанмен әлсіздігі,
Жақсы-ақ әйел, – дедім мен сәл жобалап,
Сұлулығың өзіңе... мәңгі аманат.
Сол сұлулық қайғыдан қара кесе,
Сонда обал-ақ, обал-ақ, сонда обал-ақ...

АҚ-ҚАРА

...Сондай да сондай болады сәттер басында
Сондайда бірақ тағдырға құлап бас ұрма!
Сондайда бар ғой өзіңнен өзің ашынба,
Үйір ғой тағдыр иықтан ылғи басуға.

Үйір ғой тағдыр иықтан ылғи басуға,
Тұйыққа тіреп, алдыңды орап тосуға.
Ақылыңның да айдарынан жел аз есер
Айласы шексіз, амалы шолақ ғасырда.

Айласы шексіз, амалы шолақ ғасырда,
Бақ тайса бастан «бақытсызбын» деп шошынба!
Жалған дүниеде жалғыз сен емес, жарығым,
Жазым да болған тағдыр дейтұғын жасынға.

Сондайда бар ғой, жалғыз өзіңді антқа ора,
Жазым да болсаң жасынға тіктеп жалт қара!
Көзіңнің нұрын қарып түсерде байқалар,
Ақ пенен қара, ақ пенен қара, ақ-қара.

* * *

Алатаудың басына бір шөкім бұлт
Қайдан ғана ойнақтап шыға келді.
Ұлы адамға оралған мұң секілді
Тарқатылып түбіттей тұнады енді.

Бір шөкім бұлт таралып, тарамдалып,
Ордаланып, орнығып, орамдалып,
Қарлы боран немесе қара нөсер
Құяды-ай кеп, құяды содан барып.

Тау етегі содан соң бір сілкініп,
Басталады басқана бір тіршілік.
Тау екеш тау қайтсін-ай, айналасын
Көгертеді басынан бұлтын сығып.

Алатаудың басына бір шөкім бұлт
Шыға келіп шұбайды қау секілді.
Ұлы адамға оралған мұң секілді,
Мұңсыз адам бұлты жоқ тау секілді...

* * *

Ауылда тудым.

Қалаға келдім.

Далалық едім.

Қалалық болдым.

Ортама қарай өзгердім.

Заманнан талай жаңалық көрдім,
Жаңалыққа орай жаңғырып көрдім,
Тамырын танып сезгенмін.

Заман да жылдам,
адам да жылдам,
Құламай ұстап заман жалынан,
Қоғам заңынан айналдым!

Жарылған кезде Заман ағынан,
Айла аспас кезде адам ойынан,
Адамға зауал – адамға сауал,
Амал барына қайранмын!

29.12.1986 ж.

БАЛАМА

Шайқалмаған сары уыз балапан бала,
Көргенің сенің әлди мен алақан ғана.
Қиялыңменен аймалап Айнакөлдерді
Көзіңнің нұрын сүйкейсің Алатауға да!

Көк пенен көлдің арасын шайқағың келер,
Жүрек пен мидың қатпарын байқағың келер.
Қызылшақа қиялың жалаңаш әлі,
Қаттыға тисе, қиын ғой ... қайтарым берер.

Қызылшақа қиялың сана болғанша,
Уыз – жүрегің ушығып, жара болғанша.
Жара жазылып, уыты тарағанынша,
Ұшырасың жүректі зәрені алғанша.

Заманың жылдам болғанмен тез жетілетін,
(Тез жетілетіндер әдеті тез кетілетін).
Көзге шыққан сүйелдей сыңарлық жаман,
Құмарлық жаман – қамшыдай көзге тиетін.

«Құмар болма анаған, не мынаған»,
Дейміз біздер.

Дегбір жоқ. Көңіл алаң.
Себеп-салдар ойлатып маған Заман,
Себебімен қарсы етер сені маған.

...Шайқалмаған сары уыз,
шайқайды заман,
Шайқайды заман, бағыңды байқайды заман.

- Сенікі дұрыс, қайткенмен, Заман сенікі,
Заман сенікі,
жақсы ғой, пай...пай, Заманаң!

* * *

Басымды салдың-ау сарсаңға,
Жүрегім айналды шаршауға.
Жүйкем де жұқарып барады
Не істейін, не істейін мен сонда?.

Жанымды жедің-ау жегідей,
Дел-салмын.
Жын соққан перідей.
Алдамай, арбамай билейсің,
Сенікі не құдірет, не дүлей.

Билейсің ырқымды,
Білесің мен білмес
Сөйлейсің мың түрлі,
Білесің мен білмес
Сиқырлы бір тілді.

Жап-жаңа өзіңнен шаршаған
Жүрек те, жүйке де
Қайтадан тімтінді,
Өзіңе ұмтылды...

* * *

Ғашықтық — азап,
азабы ғажап бірақ та,
Дертінде тозақ, деміндегісі жұмақ па?!
Шын ғашық болсаң, бірінді-бірің жылатпа,
Жылаттың екен,
жыласын ғашық, жұбатпа!

Жыласын ғашық,
жылауы әбден тарқасын,
Күйігі бойға, күйініші ойға тарқасын.
Ғашықтар жылап, дүние құлап қалған жоқ,
Дүние — жалған ғашықтығынан қорқасың!

Дүние — жалған
ғашықтығына кім бірақ
Құламас дейсің, көзі мен көңілі бұлдырап.
Бір құлатарың, бір жылатарың болса да,
Қызықсың дүние-ай, қызыл түлкідей, құрғыр-ақ.

Қызықсың дүние-ай, қызыл түлкідей алдарсың,
Алданыш — тәтті, бар болғыр, бәр сәт бар болсын!
Қумасқа болмас қу қызық сені қайтейік,
Адам ғып жүрек, сүйетін құдірет бергесін!

Адам ғып жүрек, сүйетін құдірет бергенмен,
Махаббат дерттің дауасын тапқан кемнен-кем!
Зарығу болған, тарығу болған мүмкін ол,
Тұратын шығар табынып, жылап, еңіреуден,

Тұратын шығар табынып, жылап, еңіреуден,
(Жыр жазған шығар мендей бір ақын
тебіренген.)

Дүниені жуып, дүниені шайып тазартқан
Ғашықтық дерті аумайды жаңбыр, желдерден.

Ғашықтық дерті аумайды жаңбыр, желдерден,
Жаңбырым, желім – жалғызым менің, кел бермен!
Тазарсын менің бойдағы пәле-құзғанам,
Бір ғана дәттен, бір ғана сәттен сен берген.

Бір ғана дәттен, бір ғана сәттен сен берген,
Сен де өлмейсің ғой, ал одан кейін мен де өлмен.
Басымызға біздің Қозы мен Баян секілді
Ортақ құлпытас қоймайды ешкім өлгенмен.

Бір ғана белгі қояр да, қоймас, қоя алмас,
Тас қойып барып табынғанға ешкім оянбас.
...Демінді үрлеп, дертінді қалай беріп ең,
Одан да маған соны айтшы, қалқам, ең алғаш.

Демінді үрлеп, дертінді қалай беріп ең,
Еркімді билеп, еркінді қалай беріп ең.
Сертімді алып, сертінді қалай беріп ең,
Махаббат - уға елтуді қалай үйретіп,
Өртінді талай өшіріп барып өліп ем.
- Өлтірдің! – десең, өліп те саған сеніп ем,
Сенімен бәрі,

болды ғой бәрі сенімен...

Шын ғашық болсаң – сен дағы мені бір жылат,
Тәтті бір түстей көзімнің алдын бұлдырат!
Жұмағың - жұмақ, тозағың да қат, қимасым,
Көзіңнен бір күн ұшармын мен де біл, бірақ!

* * *

Кеттің ұшып, қалдым жерде,
Сағынышқа салдың демде...
Сен – көктесің, мен – жердемін,
Сен – періште, мен – пендемін,
Жаутаңдаймын әркімдерге...
Кеттің ұшып, қалдым жерде,
Жаутаңдаймын әркімдерге.
Көкте кімге жолығарсың,
Жерді бірақ сағынарсың,
Тәлкектейді, тағдырға ерме!
Тағдырға ерме, тәлкек етер,
Сені мен ғой еркелетер.
Мүмкін жұрттың не демеуі,
Болма көктің көбелегі
Елтең етер, селтең етер.
Болма, көктің көбелегі,
Өзге оттың не керегі?
Ессіз-түссіз бір сезімді,
Еске түсір бір сөзіңді,
Жеке... жеме-жемедегі.

* * *

Кеттің ұшып құс секілді,
Көргеніміз түс секілді,
Қорқам бірақ жоруға.
Рақаты көп түс секілді,
Қылмысы жоқ іс секілді,
Қалқам бірақ соңында.

Суға шайған нәл секілді,
Тарағанмен бар секілді
Денемізде дағы әлі.
...Түн түндігін қаша түрді,
Қайта еңкейді, қанша өкінді,
Жазды уақыт жараны.

Құс секілді қайта қондың,
Қайта қондың, қайда қондың?..
Қайран өмір қақтығыс.
Қырды шарлап, ойда жүрдің,
Төлкегін-ай, тәйірі, өмірдің,
Тәтті дүниең – тәтті түс.

КУӘ ҚАЙДА?

Есімде жоқ ең алғаш жылағаным –

- Айды әпер, - деп аспаннан сұрағаным.
Бақыт деген сол шығар жылағанда, -
Білмеу шығар – жанында куә барын.

Одан кейін есімде жылағаным –
Естен танып, жер сүзе құлағаным.
Жер ұшықтап, ұрысып әлдекімге
Білем, әжем біреуді сыбағанын.

Тайға міндім одан соң – шын құладым,
Бас айналып, көз алдым бұлдырады.
Қай жерімнің білмеймін ауырғанын
Бұрап мені ызаның қыл бұрауы.

Шын жыладым, қайнады зығырданым,
- Қап, қап! – дедім, құлағым шыңылдады.
Езу тартып күлді әжем, ұнады ма
Баласының жыламай жығылғаны.

Қайдан күлсін, күлген тек сыңайы ғой,
Сырт күлгені – іші айтқан «құдайы» ғой!
Шын құлаудың ойлады-ау басы осы-ау деп,
Құлау, тұру ұдайы, ұдайы ғой...

Жығылғанда үйрендік жыламауға,
Көз жасы тек кеудеге мұң орауда.
Жығылған кім,
Жыққан кім,
Жылаған кім?
Әже, сендей араша – куә қайда?!

* * *

Құс қанаты талса – қонатын шығар,
Адам қанаты талса – жүрегі соғатын шығар,
Адам жүрегі құс қанатындай,
Соға-соға ғұмыры қысқаратындай,
Бір күні демалатын шығар...

Құс қанаты талса – қауырсын құйрығымен қонар,
Адам қанаты талса – тағдыр бұйрығымен қонар.
Құс сайрайтын шығар,
Адам ойлатын шығар,
Тоймайтын шығар «қу дүниеге» олар.

ҚЫРЫҚТАҒЫ ҚАЙЫНАҒАЛАР

Бұл кісілер – біреудің қайынағалары,
(Қайынаға болып туды деп ойлама бәрі.)
Ойнақтап кеше отыздың орғылында олар,
Жайқамағаны қалды ма, жайламағаны.

Шайқамағаны қалмаған, байқамағаны,
Жан қалтасында жүргендей той-томалағы.

Шашылып шалқып, думан мен дырдуға малтып,
Айта жүрері бар бұлар... айта қалары.
Сүрнігіп жүріп, сүрініп, сонар қуалап,
Қырықтан аса қырқадан қайта қарады.
Қайта қараса – қапылып, қараталасқан
Дүниенің бәрі – талайдың қайталағаны.

Сөйткенше болмай,
 қара шаш қылтанақтанды,
Қипалақтады ағалар, бұлталақтады.
Сонарға құмар сол көңіл алағзығанда,
Кеміс боп жүрді қайтсін-ай, бір тояттауы...

Сонда да бірақ азаймас көздегі сұрақ,
Көздегі сұрақ – бұл кезде көздегі сынап.
Қырықтағы еркек әйелге өліп-өшпесе,
Өлуі мүмкін әйелдер өздері құлап.

Қырықтағы еркек шоқ сынды қоламтадағы,
Қызуы бойда, үрлесе заман талабы.
Шайқалып барып түскенде сабасына адам
Санасын сонда қайтадан жаңарта алады.

Қырықтағы ереке қалады қайынаға болып,
Қайынағалықтан зиян да, пайда да көріп...
Серілік дәурен бәрібір байытпайтынын
Байыптай келіп, біледі ойлана келіп.

Бұл кісілер – біреудің қайынағалары,
Сыпайы тартып сондықтан – майдалағаны.

Қырықтағы еркек қаншама қайынаға болсын,
Замандас болмай бәрібір қайда барады?!

МІНЕЗІМ

Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім,
Жеңе алмауыма себепші – бірден-бір өзім.
Өзімді-өзім кінәлап салыстырамын,
Қабілетім кімнен кем еді, кімнен мінезім.

Бойымда барды ұқсатып жарата алмаған,
Өзім ғой – өзім, дұшан жоқ атар оқ маған.
Дұшаным жоқ деу, әрине аңғалдық болар,
Тышқанның мұрнын адалмын қаната алмаған.

Адалдығыңнан не пайда? Әрекет егер,
Қаракет жасай алмаса қара көтерер.
Ақ көңіл сенің айтқыштық мінезіңді де
Астарлап алып біреулер пәлеге теңер.

Еркелігіңді біреулер есерлік дей ме,
Өзіңе сену өзіңе кесел жүктей ме?
Ығына қарай уақыттың иіле берсе,
Біреулер соны заманға төселдік дей ме?

Заманға сонда жаялық төсеніш болса,
Есебін білсе, ешкіммен есеп ашпаса,

Өзгерсе заман біз дағы жалт береміз бе,
Бүгін басқаша, едік қой кеше басқаша...

Заманға менің өкпем жоқ, қоғамға тағы,
Өкпемнің бәрін таңбаймын адамға тағы.
Жеңе алмай жүрген өз-өзін мен бе екен

жалғыз,

Білмейді-ау көбі, сол мені алаңдатады.

Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім...
Іздеймін кейде мен сондай күндердің өзін.
Өзімді-өзім жеңемін, өлемін бір күн,
Өлтіре жаздап жүр мені құрғыр мінезім.

* * *

Табаным талай шоқ басып,
Қып-қызыл отқа күйді ерін.
Тарпаң ем, тағдыр ноктасын
Салғызбай басқа сүйредім.

Салғызбай қайда барайын,
Артық деп пе едің мен кімнен.
Кең еді дүние сарайым
Қор болмасыма сендім мен.

Ноқтаға басым маталып
Ноқта - аға болдым амалсыз.

Ұшатын күндер от алып
Ұшты да кетті хабарсыз.

Періште боп та, пенде боп
Амалсыз талай алмастым.
Арамдық деген менде жоқ,
Екі аяғымды тең бастым.

Екі аяғымды тең басып
Келемін жердің бетінде.
Тағдырдың күллі таңбасын
Тәнтімін өтіп көруге.

Табаным тиген шоқтарға,
Күйдірген ерін оттарға.
Еркіндігіңде жақсы өмір,
Тағат та керек, тоқтам да!
Ырзамын тағдыр бәріне
Жүрек пен махаббат барда!

* * *

Тағдыр, басқа не салсаң да көнермін,
Қасарсаң да, қабарсаң да көнермін.
Тұтылармын, ұтылармын мен сенен,
Шым-шымына кім батпайды тереңнің.

Тағдыр, мені шылауыңа орадың,

Ылауыңа жегіп едің жарадым.
Тұрқыңды мен сүйрей алмай барамын,
Ырқыңды мен билей алмай барамын.

Тағдыр, саған кейде күйіп келемін,
Өзімді-өзім илеп, иіп келемін.
Шындық дейтін шылбырыңның бары рас,
Шылбырыңа сүйретіліп өлемін!

* * *

Шашыңа ақ кіріпті ғой, айналайын-ай,
Уақыт сені де жіпсіз байлағанын-ай.
Өмірге опынушы едің, опасыз жалған,
Осқылап «бет-жүзің» демей ойнағанын-ай...

Өмірге опынушы едің, беу, қарағым-ай,
Тәніңді тәттісіменен аулағанын-ай.
Санаңды ащысыменен тұздықтағаны-ау,
Сөйлеуші ең, «әйге» қарамай, «шайға» қарамай.

Санаңды ащысыменен тұздықтаған-ау,
Мән бермей қарайсың түрлі қызыққа мынау,
Шашыңа ақ кірген сайын аяусыз уақыт
Аяулы сезімдеріңді сүзіп қалады-ау.
Аяулы сезімдеріңді сүзіп қалады-ау,
Жүректе күрмеу де күрмеу үзік қалады-ау...

* * *

Шаштым, төгілдім, шайқалдым,
Жастық буы бар, «сайданның»
Уын ұрттадым, уыт қайтардым.
Буы биледі, уын ұрттадым
Шаштым, төгілдім, шайқалдым.

Шаштым, төгілдім, шайқалдым,
Аштым өзімді – айқардым.
Көңіл мәселін мың-сан қайтардым,
Өмір есебін шештім деп қалай айтармын.
Басып қамшымды, барыммен байқалдым.
Кімде жоқ дейсің өксік-өкініш,
Мүмкін кейіндеу бармақ тістермін,
Мүмкін мен дағы басты шайқармын.
Шаштым, төгілдім, шайқалдым,
«Өмір сүрдім!» деп айтармын!

БІР МЫСҚАЛ

(1996 ж., «Жазушы» баспасы)

АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ

Ой мұңын емген,

қайғыны жеңген қайырымсыз,

Кейпіңіз – адам, адамға бірақ айбынсыз.

Ақындық деген адамдар үшін жаралған,

Жаралғаннан соң ақиқат үшін айнусыз.

Ақиқат атап, шындық деп айтар жартассың,

Жел-құздар қағып, жағаңа толқын жармассын.

Тәніңді егер табиғат шайып тауысса,
Табиғат сынды ұлылығына болмас сын!

ӘБІҚАЙ АҚЫННЫҢ МЕШІН ЖЫЛҒЫ МОНОЛОГЫ

Елуде көрдік жылды Мешін деген,
Жұмбағы алда жатыр шешілмеген.
Ер жігіт, таланыңа бұл бір заман
Талғамай табылғанды жесін деген.
(Әбіқай Нұртазаұлы)

Қиямет деген осы ма,
Қарғыс деген осы ма?
Ел еңіреп босыған,
Ер елінен шошыған,
Қай заман бұл, қай заман?
Нар түйеде жая жоқ,
Ну орманда сая жоқ,
Намыс бар да, нану жоқ,
Нақыл бар да, ақыл жоқ,
Найза бар да, батыр жоқ,
Нарқы бар да, парқы жоқ,
Надан елдің салты деп,
Налиды да жылайды,
Құдай мұны қарғаса,
Бұл құдайға құлайды.
Жар астында жау деген,
Жол үстінде апат бар.

Нәлет тағдыр, әуреле,
Аямасаң, тапап қал!
Әбіқайды аяма,
Өлсем сүйек көмілер –
Бақыт мені табалап,
Қайғы маған егілер.
Қабырғаммен қайысып,
Мен ел қамын ойлаймын.
Дем біткенше таусылып,
Һәм денемнен жан шығып,
Домбырамның дауысын
Долы үніме қайраймын!

1965 ж.

* * *

Адал әйел – ақ періште...
барлық еркек арманда,
Кездесетін пәк пейіште,
о дүниеге барғанда.
Армандайды бірақ бекер –
арман емес дүниені,
Махаббатқа бас тікпейтін әйел бар ма жалғанда.

Махаббатқа басын тіксе – барлық әйел періште,
Махаббатқа жасын төксе – адалдығы,
теріс пе?!
Бас тіккен жан, жас төккен жан –

әміріне жүректің,
Ол жүрегін сала алмайды одан кейін бөліске.

Бір-ақ Өмір, бір-ақ Тағдыр, бір-ақ Уақыт,
бір-ақ Дәм,
Болашағы болжаусыз ғой,
болжамына сұрақ тән.
Қаталдығын суырады катігез бір қынаптан,
Адал әйел...
айрылады пейіштен де, жұмақтан.

Кім кінәлі, кім кінәлі,
кім күнәһар... кім, кім, кім?
Адам, сенің өзінде ғой күллі еркің, күллі ырқың.
Бір жасыннан бір жазымды
тастай салар тосыннан,
Бір басыңнан айналатын тағдыр деген бір бұлтың...

* * *

Ажалдан қорқып, Өмірден қорғалақтама,
Қорғалақтама,
бекерге қалбалақтама!
Қорыққаныңмен қоймайды тура келсе Ажал,
Қарамайды Ажал – ешқашан сорға, баққа да!
Қарамайды Ажал – жалғызға,
жалқыларыңа,
Қармағаныңа қарамай, қамтығаныңа,

Бәрін де Ажал тып-типыл теңестіреді,
Шашылып кеше, шайқалып, шалқығаныңа!
Байлыққа, баққа, беделге сөзге ермейді Ажал,
Қапыда кілең... қайырылып кез келмейді Ажал...

АЙҒА АТЫЛМА!

(әзіл)

Көз сұғыңды қадама жас балаға,
Кездесерсің кездейсоқ масқараға.
Өз теңіңнен іздесей махаббатты,
«Алла асыраған пендесі аш бола ма?..»

Көз сұғыңды қадама тәйірі алғырға,
Тәйірі алғырды бекерге ойландырма.
Өз теңіңнен іздесей махаббатты,
Маймыл болма ойнаған айна алдында.

Ажарың да жақсы ғой, айбатың да,
Қалжыңың да тәп-тәуір... қайратың да.
Адам биік секіrmес өз бойынан,
Арыстаным,

абайла, Айға атылма!

* * *

Әлди, әлди, әй, бөпем,
Ақ бесігің жайлы екен.
Періште перзент шаранам,
Тамырыма исің тараған.

Таланым болып өс, бөпем,
Тәніме қуат қос, бөпем.
Заман мен тағдыр түйінін,
Адамдық армен шеш, бөпем.

Ашық қой, бөпем, қабағың,
Бес елі шығар таланың.
Көшелі кемел заманың
Әлдилесін, қарағым.

Заманға ботам, сай болар,
Ғарышқа барар, Ай барар.
Жеті қат жерді зерделер,
Әлемді шарлап айналар.

Анасын бөпем ұмытпас,
Кіндіктің қанын суытпас.
Жер Анасындай бөпемнің
Жүрегін ешкім жылытпас.

Азамат болар ақ бөпем,
Адамзат үшін бақ па екен.
Ұмытпа, бөпем, бесігің
Тұғырға да тең, баққа тең.

Ақ сүтті ботам, ақтарсың,
Келешек кием – сақтаушым!
Сүтіммен сіңген махаббат
Сүйегіңменен сақталсын.

Адамға бесік – жұмыр Жер,
Саған да бесік – жұмыр Жер.
Бесігің сынды, ақ ботам,
Тербетіп сені дірілдер.

Заманың бір күн келгенсін,
Өзің де бесік терберсің.
Махаббатыммен, ақ ботам,
Аналық әлди дем берсін.

АМАЛДАР

Тапжылмай тұрған таулардан тыпыршып соғып самалдар,
Батқанда жерге үш жұлдыз басталады бір амалдар,
Әуелі жаңбар сіркіреп керенау кербез бұлттардан,
Көбік боп жерге қонады былтырдан қалған адау қар.
Қара оты қырдың шыланып, қадалып төскей тола мал,
Қайыруға шыққан қара шал қаусырма тонға оранар.
Қураған қымыс құламай, қалтылдап қана тұрады-ай,
Шәлісі кетіп, шаң борап, көң исі шыққан қоралар.
Көң исі шыққан қыстаудан көңірсіп түтін көлбесе,
Көңілде сонда кешкі асқа асыққан тәбет меңдесе.
Қымтанып тұрып қара шал «амал ғой бұл» деп ай санап,
Кемпірі құяр кешкісін қанкүрең шайға шөлдесе,
Сағынып қалған мезгілдің салқындау желін елемей,
Созылтып күйсеп қаракер қайырып мойнын желдесе...
Батқанда жерге үш жұлдыз басталады бір амалдар.

1969 ж.

АРЫЛУ

Тәубаңа мені түсірші, Өмір,
Таупиық маған берсеңші!
Тазалығымды түсінсеңші, Өмір,
Сенбесе де ешкім, сен сенші!

Пәледен сақтар тұмар болсаңшы,
Еркіме көген, желі боп,
Ұрысып өзің тұрар болсаңшы,
Өлгің кеп жүр ме пері деп.

Мен дағы сені айырбастаман,
Алдыңнан әр кез табылам.
Қиналғанымда қарайласпаған
Өмірді бірақ не қылам?

9.09.1987 ж.

ӘУПІРІМ ДОС

Менің бір досым әйтеуір әупіріммен,
Ақырын, еппен, тартыссыз, тартынуменен,
Әдіспен ғана, тасбақа аяңмен ғана

Қатардан қалмай келеді малтығуменен.

Алқыну деген ол үшін қорлықтан да әрі,
Өшкен жоқ оның өкпесі сондықтан дағы.
Жарыла жаздап жүрегі қуанды ма екен,
Қорқақтығы ғой – қолдағы барлық құралы.

Білімі бірдей бізбенен – жоғары білім,
(Жоғарыларға көрсетпес жоғарылығын).
Жақсыға құмар,
сондықтан без-без етеді
Ауызға алмай халқының «жаман ырымын».

«Қатардан қалмау» дейтіні – пайдалы кеңес,
«Қатардан озу» дегенді ойлаған емес.
Қатардан қалса ішегіне ас айналмайды,
Қатардан озып шалқып бір тойлаған емес.

Әупірімменен әр ізі – аяңындағы,
Сондықтан он жыл тозбайды аяғындағы...
«Жұрттың еркегі сияқты» деп ұрысса да,
Әупірімменен ұстап жүр әйелін дағы.

Әупірімменен қызмет, жұмыс бабында
Тастан да қатты тырашың тырысқанында,
«Жәрекемалла» демейді түшкірсең саған,
«Ау, пірім!» дейді бастығы ұрысқанында.

Әупірімменен ол талай тау қопарады,
Тасада тұрып тастарды ауната алады.

Бәсеке, даусыз бәсеңдік қаруыменен
Азаматтығы –
«башма-баш» - сауда талабы.

Бетбұрыстардан шетбұрыс қала береді,
Беті мен сыртын талайдың ала береді.
Жарықтық заман осылай жақсы боп тұрса,
Әуірім досым жанымда бола береді.

БАР ЕДІ БІЗДЕ МАХАББАТ

Махаббат бізде бар емес пе еді дәл кеше,
Махаббат бізде бал емес пе еді дәл кеше.
Құлдырап қашқан құлын еді ғой махаббат,
Алпыс екі тамыр, жұлын еді ғой махаббат.

Қызғаныш еді қанталап көзі арландай,
Жұбаныш еді жарқырап түнде жанғандай.
Мүсәпір еді су кеткендейін мойнына,
Кісәпір еді тағына қайта қонғандай.
Аптапта тоңып, аязда терлеп жүретін
Бар еді бізде махаббат деген сормаңдай!

* * *

Биылғы жыл ...

бұралаң иір-қиыр,

Иір-қиыр, құйындай үйірді бір.
Қап-қара бұлт төбесінен түйілді бір
Қара дауыл қапталдан шүйілді бір.

Қап-қара бұлт бұршақпен, селмен ұрды,
Қара дауыл түйіліп желмен ұрды.
Тағдыр мені тезіне салды білем
Илеп-илеп жіберер «пенделерді».

Бұлт артында білдім мен шуақ барын,
Дауыл ғой деп, дөмемді құлатпадым.
Сырғақтамай, сырғымай қарсы алғанмын
Тағдырымның сыбаға-сынақтарын.

Қарсы алмасқа жоқ та еді айла-шарғым,
Тағдырымнан қашқанда қайда асармын?
Биылғы жыл ...

бұралаң иір-қиыр
Өкіндірдің, өксіттің ... Ойланармын.

* * *

Буфеттерде, барларда
Өткен сәттер ұшаны –
Қырық таяу қалғанда
Қабырғамды қысады.

Тістелеймін бармақты
Түндер бойы ұйықтамай.

Құр жаюлы, салмақты
Құрт-майы жоқ шыптадай

Өзімді өзім бос санап,
Бас даңғырап шаршадым.
Жоқ баяғы жас сана,
Жоқ баяғы аусарым.

Өзған кім де, қалған кім,
Алақанда бәрі де.
Бағы мықтап жанған кім,
Кім тәлкек боп тәңіріне.

Кім жүйрік боп алда екен,
Ілбіп жүріп бар озған.
Айтсын, озған бар ма екен
Уақыт деген сабаздан.

Озбаса, оған жоқ дауа,
Дүние дәурен таусылмас,
Әй, кешегі сары бала,
Мә, шарап іш – мауқың бас!..

Біз ғасырдың туғанбыз бел ортасында

Біз ес білгенде –

ғасырдың бел ортасы еді,

Бүгін міне, ғасырдың соңғы ширегі.

Қобалжиды адамзат қорқа соғып,

Қорқытады әлі – қордалы соғыс үрейі.

Біз ес білгенде –

бөз көйлек үстімізде,

(Танысқанбыз атом күшімен,

Адам күшімен).

Жасанды Жер серігі,

Зымыран корабльдер ұшты лезде,

Біздің ауыл, сіздің ауыл...

барлық ауыл үстімен.

Біз ес білгенде –

Тыңға түрен түскен,

Біз тайға мінгенде – Гагарин ғарышты айналды.

Біз бозбала болғанда БАМ жаққа рельстер

Жатты тасып даладан асығыс – қайнарды...

Біз ес білгенде – біз айтқан ән:

«Бейбітшілік туы берік қолда!»

(Бірдей әсер етті ме халықтарға).

«Ақ көгершінді» ән етіп ұшырғанмен,

Күллі әлем аспанына қалықтар ма?!

Біз ес білгенде – біз айтқан ән:

«Бермесін табиғаттың тартып алған»...

Болды ма,

жалпақ әлем, жұмыр Жер –

жалпыға ұран.

- «Артық жасап, дегендер, - артық алам!»

Бүтінделіп көрді ме төрт құбылаң?!

Табиғатқа жасаған артық залал

Арылтпайды бәрібір тыртығынан.

Біз ес білгенде –

ғасырдың бел ортасы еді,

Бүгін міне, ғасырдың соңғы ширегі.

Қоғам – күрделі,

Қол – ұзын,

Заман – көшелі,

Арылған жоқ бірақ та соғыс үрейі.

Біз есейгелі, әрине әндер өзгерді,

Заңдылықтар, жарлықтар, заңдар өзгерді.

Болашаққа көзқарас өзгерген жоқ,

Уәделер, байламдар, болжам өзгерді.

Шалыс басқан қадамдар өзгерген шығар,

Шалық соққан саналар өзгерген шығар.

Екі дүние қаншама қажасқанымен

Адамзат адам болып...

қалатын кез келген шығар.

Жиырманасыншы ғасыр бұл!

Жеңісі де көп,

Жазымы жоқ демейсің көзге жас алар...

Біз ғасырдың туғандар бел ортасында,
Бәрін де көрдік... болған соң ел ортасында.
Таразы басын теңейтін Біз секілдіміз,
Ақылман болып барамыз келер ғасырға.

Біз атом күшінен ат күшін айыра аламыз,
Жалаңаш-жайдақ өскенбіз... мойымағанбыз.
Боз көйлек – лыпа, бір үзім нансыз да қалған,
Соғыстан басқа.. басқаға пейіл адамбыз!

Біз де міне, қырықтан елуге асамыз,
Көргенімізді айтамыз – қабылдасаңыз.
Келер ғасыр жетеміз көзіміз тірі
Екі ғасырға жанынан жалын қосамыз.

Жететін бізбіз көзтірі келер ғасырға,
(Келер ғасырға бұл үрей бара алмасың да!)
Келер ғасырға бұл үрей баратын болса,
Келешек ұрпақ алқымнан алатын болса,
«- Не істедіңдер, - деп, - апыр-ау, әуел басында?..»
Талай ғасырдан таппаған сауалдың кілтін,
Табан астында мүмкін ғой таба алмасың да...
Замандас, ойла осыны Заман жақсыда!

* * *

Біз кедейміз ыңыршағы айналған,
Дүниеге емес, дүние ділі ойлардан.
Біз кедейміз, біз не дейміз, бірақ та
Алдыңғы ұрпақ шыға алмаса қайраңнан.

Біз кедейміз жан дүниеміз жалаңаш,
Біз кедейміз,

ал кедейлік шала мас.

Біз кедейміз,

ал кедейлік көрсоқыр,

ашпа-жалап айналаға қарамас.

(Ақыл-ойдан кедейліктің қимылы

Әрі оспадар, әрі ожар, әрі оғаш).

Біз кедейміз,

киімге емес, асқа емес,

Көңіл күй ме?..

Оны да ешкім пәс демес.

Қос-қос жүзік, қос шығыршық қос-қостан

Саф-саф алтын,

саф-саф бәрі, қоспа емес.

Саф-саф алтын, саф-саф күміс, саф бәрі,

Сонда да бір әлдененің жоқ нәрі.

Біз кедейміз,

не нәрсеге кедейміз

Ойымызға орала ма ол жағы?

Біз кедейміз, кедейміз,
Кеш ойлансақ, кедей емей не дейміз?
Адамзаты, ақыл-ойдың алдында
Кәне, кімбіз тұт жалаңаш емей біз?

Бір мысқал мұң

Жалғыз қалғанда жанымда болған сенбісің,
Арман да болған, арым да болған сенбісің.
Тойларым менің андыздағанда,
артынан
«Сап, сап»- деп, мені сабырға салған сенбісің.

Тәуекел берген,
тауپیық болған сенбісің,
Күрмеуге келмей, артылып қалған сенбісің.
Дәм біте жаздап тұрғанда жіптің ұшында,
Жартыкеш айдай – жарты үміт болған сенбісің.

Ақылысың ба, ашуысың ба Анамның,
Темірқазығы сен емессің бе санамның.
Бақыттың, бақтың, рахаттың құны бір тиын,
Бір мысқал мұңы болмаса егер адамның.

Бір мысқал мұңым,
кеудемнен менің кетпе ұшып,
Өзіңнің арқаң жүргенім менің от құшып.
Пендемін ғой мен, кешіріп және келесің,
Күнәмнің талай төбесінен де дөп түсіп.

Бір мысқал мұңым,
көрінбес көзге періштем,
Мәңгілік рух, мен тірі тұрсам – сен үстем.
Сен үшін мен де адалдыққа әмен тырысам,
Күресем кілең, жеңілсем-дағы беріспен!

Бір мысқал мұңым,
мен үшін талай көр бейнет,
Болмысы – сәби, алдайтын фәни ер ғой деп.
Өлімнен емес, өзіңнен ғана қорқамын,
Сен тастап кетсең –
тірі өлік деген мен ғой деп.

* * *

Ғарышкер жолдас!

Үш жүз күн кеңістік кезген
отандық біздің ғылымға жеңіс күткізген...
Сен білмейсің ғой, ғарышқа сен ұшқан күні
ақ боран соқты,

жел тұрып терістік түзден.

Сол Байқоңырдың жан-жағы мелшиген дала,
Сен білмейсің ғой,
тіршілік жол – сүрлеу ғана.
Меңіреу дала қойнында қойшы үйлерінің
Жарығы діріл қағады әлсіздеу ғана.

Сен білмейсің ғой,
атомнан әл алған «Батыр»
Жерге емес көзі ғарышқа қадалған «Батыр».
Сен білмейсің ғой –
сен ұшқан дала мынау
Екі ұшы жіптің секілді замана жатыр.

Бір заман сенсің сынаптай лықсып аққан,
Бір заман анау – қойшы үйі сықсима жаққан.
... Қоғамның күллі кереғар құбылыстары
басталды іштей алысқан ішкі жырақтан.

Сен ұшқан күні,
сол күнгі ақ түтек боран
ақ кебінге ұқсап,
түп-тұтас жер-көкті қаптаған.
Ұйпап та ұйпап даланы бауырына басып,
Жыраға, жонға құйыны жоқ тұрақтаған.

(Үрейін ажал ұшырып санадан замат)
Ақ түтек боран – ақ кебін ауа қармалап.
Бір отар қоймен кетті ығып қарашадай бір қыз

Көмегің сенің жоқ кәзір...
қол ұшың қысқа,
Қол ұшың қысқа жетпейді – алыс-алысқа.
Көктегі сенен көмек жоқ,
жердегі бізден
Қорғансыз бейбақ шырылдар жаны талықса.

Көктегі сенен көмек жоқ,
жердегі бізден,
Табиғат – апат, әлі күн ермегі біз бе?
Ғарышкер жолдас!
Бола ма ғарышты игеріп,
Жердегі жел-құз, бораннан – енді өлуімізге?!

27.11.1988 ж.

Ғафу Қайырбековке

Ә, Ғафеке,
келдіңіз бе алпысқа,
Олай-бұлай қарап көрші, әр тұсқа.
ақын жаны айналмайды жыртысқа,
ақын жаны тола-тола қыртысқа
ақылманға айналады бұл тұста!

Ақын жаны – ақылманы халқының
Ар алдында арқандаулы тым қысқа.
Ақын жаны алабұртып күн кешер,
Теперішті төзбес тағдыр тұрмысқа!

Ақын жаны алтын сынды бір мысқал,
Аунатқанмен былғанбайды қылмысқа.
Ақын жанын қайта-қайта, қайтадан,
Қайта құрып жасаған ғой тұрмыста.
Қайта-қайта туар ақын қазақта,
Қайырбеков туылмайды бір нұсқа!

Иә, Ғафеке!

Сіз ақынсыз біртуар
Ілгеріге ілес туған ілкі нар.
Кейінгімен қатар өскен буыршын,
Қабырғаңыз қақырап бір жыртылар.

Соңына еріп сүмелек боп тусақ біз
Біздің емес, сіздің мүйіз сырқырар.
Қазақ жері тұлпар туар, шын туса,
Африка емес қой ол – піл туар.

Тұлпарларды тұлпарлар кеп тықсырса,
Алдыңғысы ышқынар да ұмтылар.
Соңыңа ерген аз қараңың бірі едім
Болмысыңды іздегенде бір тұрар.

Ытырынып ышқынғанмен талайлар
Жабылардың таңы бекер жыртылар.
Құтырынып құйқылжыса шын тұлпар
«Тәубе» айтқызар,
шыбын жаның шырқырар.

Алпыс жасқа ағып жеттің осылай,
Менің сізден қасиетім сол – пір тұтар.
Ойбай, Ғафа! «әке болдың» демесек,
Серілікті Серікпенен, Шөмішбаймен
бір жүріп,
Әлі талай түріңіз бар сыңғытар.

Иә, Ғафеке, ақыны көп заманда,
Ақынына зақымы көп заманда,

Алпыс жасқа жету оңай емес қой,
Желіп жеткен секілдісің талайға.

Алтын шашқан адам көрем мен Сізден
Мынау біздің алмағайып қоғамға.
Талантыңа тамадалық тап келіп,
Ағыл-тегіл шашылғаның содан ба?

Ғамзатовтан айтқыштығың кем бе еді,
Кулиевтен кем түстің бе, солардан?
Олар сынды талантыңыз болғанмен,
Одақ жақта жете алмасаң оларға –
Өз жанынан жібермейді халқыңның
Тұспалдары тұсау болған саған да!

Біздің халық ішкі ұйқасым сенімді,
Махаббаты сөзінде емес, жанарда,
Жанарына көз саламын халқыңның,
Бір құйтырқы, бір шикілік жоқ онда!

Қостанайда той өткіздің,
қостырып,
Үлкен Торғай облысы тарарда.
Иә, осындай бақыт берсін ақынға,
Иә, осындай талант берсін Адамға.

Иә, Ғафеке, айтар сөзім көп менің,
Уақыт тығыз – шектелдім де, шектедім .
Талантыңа тағдыр берген шығар-ау
Ақ Бәдештің арқасы ғой, өз теңің,

Талантыңа тәнті қазақ ретінде
Сүйетұғын орын болса бетінде,
Мен де бүгін сүйейінші теп-тегін.

1988 ж.

ЕКІ ҚАЗ

Көліме былтыр ерте қонып ең, екі қаз,
Көлімнің бетін күлімсіреткен екі наз.
Кешіктіңдер ғой, сыңайы салқын аспанның,
Жылым сулардың болғаныменен беті жаз.

Кешігіп биыл талықсып ұшып келгенде,
Тәнті етер сыйлық таба алмай жүрмін сендерге.
Көк құрақтарын көп орып едік өткен жаз,
Қарсы алар ма екен жатырқап жайдақ көлдер де.

Көк аспаныңның кеңістігіне тайғанап,
Аққуларменен араласып кел ай қабақ.
Жалаңаш көлді айналып өтіп, аяп кеп
Қоныс тебіңдер қоңыр суыңды аймалап.

Елу жетінші жылғы жетінші қараша

Кебек пен кеусен ас та төк болған сол күзде
Алысқа кеткен ағамыз келді елді іздеп...
«Бір сауын сиыр, бірер қап бидай бар бізде»
Шекеден қарап «енді біз кімнен кембіз» деп.

Ағайын-туыс шабылып оны шақырып,
жамалған жыртық, кетіктің орнын көрсетті.
Ағамыз болса, ішінен ғана аһ ұрып,
ойменен жүдеп алыс жылдарға жол шекті.

Көзіменен қарайды бізге, мың қатпар
Өзекті жарды өзі арқалаған салмақтар
Көзінде оның аманат атты тіл-хат бар,
Сөзінде оның сызы өткен күннен зардап бар.

Жөтеліп күрк-күрк...

шекесі зыр-зырқ солқылдап,

Көгеріп барып, сазарып, өліп тірілген.

Тамағын сосын сөйлейтін еді сәл қырнап:

- Әкелген менің сыйым ғой, - деп, - бұл Сібірден.

- Әкелген менің сыйым ғой, - деп, - бұл Сібірден,

Қабағы кенет қас-қағым сәтте қасарды.

...Баламыз біздер сүйінші сұрап жүгірген:

«Жасанды жердің серігі ұшты! – деп, - Жасанды».

Әкелген сыйы көкжөтел ме деп Сібірден

Көкшулан шашты қараймыз көксау кісіге.

Қабағы қату, дүниеден бірақ түңілген

қалпы жоқ адам, үйіріп жұртты ішіне.

Үйіріп тартып ірімдеріне жанының,

Жүректе сызат, сөзінен сыздап салқын мұң.

- Көретін менің кішкентай ғана жарығым,

Бұйырған күйттай дәм-тұзы-ау, - дейді, - халқымның.

«Жазмыштан озмыш осы шығар-ау, -деп, - жоқ деген»

Шайқайды басын,

сыпырған тағдыр ноктасын.

Көргеннің бәрі той емес бірақ көппенен,

Қараптан қарап қиянат дәмін татысқан.

Мен емес жалғыз жазықсыз жапа шеккен жан,

Мен емес жалғыз жазымнан ғана сотталған.

Мен емес жалғыз,

тартқанда тағдыр көкпардан

айырылып таңы...

әрең де әрең, шақ қалған...

Мен емес, - дейді, - емеспін, - дейді, - мен жалғыз,

Күлтілдеп ісіп, көзінің алды боталап.

Баламыз біздер, сеніп те сенбей аң-таңбыз,

«Жазықсыз адам соттала ма екен, о тоба!»

Жазықсыз адам соттала ма екен, о, тоба!

(Ақталса-дағы іздейміз астар-сырды біз...)

Қызыл қырманда қызыл ұшықтап жотада

Мәре де сәре – елу жетінші жылғы күз.

Мәре-де сәре – елу жетінші жылғы күз,

Қапталып қанар, қапшық та қапшық ақ бидай.

Арқамызға бір жыламық тиіп күлліміз,

Арқамыз кеңіп көрмеген шығар тап мұндай...

Шәйі жібекке ауысып сәтте боз көйлек,
Шәйдің де түрі, шәйнектің түрі өзгерген.
Келі мен келсап кешеден қалған көз ғой деп,
Көзмүлік етіп сақтатып қойды көзкөрген.

Қол диірмен тартып қолтығын сөккен жеңгелер,
Элеваторға тартырып биыл бидайын.
Ішкі жақтардан жақсы сөз жетіп, жел берер
Шолақ белсенді шолтыраңдардың ыңғайын.

Ымменен жасқап,
күлкімен мошқап жіберіп,
Бір қырман дәнді арттырып бір-ақ мезгілде.
Жиырма жылғы ашу алқымдарына тіреліп,
айтатын кезі келгендей талай сөздің де...

- Күйеуім менің ақталды, - дейді бір жесір, - атылып кетті жақсылық көрмей жалғаннан.

- Бар болғыр, мынау астықты қара, көл-көсір. Аштықта кеше бір түйір дәні зар болған.

- Әкемді менің ақтады, - дейді бір әйел, -
Сүйегі бірақ қайда қалғанын білмеймін.
Үрейден әбден шайлығып қалған жүрегі,
Жаутаң да жаутаң басыр ғып кеткен зілдей мұң.

- Сен оны айтасың, комиссар менің көкеме
тыңшысың деп шетелдің жала жапты, - деп,
Шабактай шоршып, шыжғырған тағдыр – табада,
Тағы бір әйел кешегі күнді жатты іреп.

Сол сөздің бәрін алыстан келген әлгі ағай,
Жүрекпен сезіп, ту сыртымен тыңдады.
Ақыры бір күн... айтатын сырды келді орай,
Тәлкекке түскен шешілді тағдыр жұмбағы.

... Ұлы Октябрьдің мерекесі еді.

Салтанат...

Ауыл-ауылдар орталық құлап сан тарап.
Жиналушы еді Ұлыстың ұлы күнінде
Ала жаз бойғы сағыныштарын арқалап.

Барымен мәзір жасайды халық той-думан,
Тоятқа толы қанағат пенен қайырымнан.
Жұпыны халық ықылық атып тойған жоқ,
Сыпырып алып қаймағынан кіл айырылған.

Сонда да бірақ тай-торыларын жаратып,
Тоқты-торымның тұмсығын тойда «қанатып»,
Жарықтық халық жарқырап шыға келеді-ау,
Тот басқан тұсын алтынменен жалатып.

Ал биылғы жыл...

Елу жетінші жыл күзі,

Қайтадан жанған талайдың сөнген жұлдызы.
«Табындық дейміз жеке адамға біз неліктен,
Тарихты іздейміз көмілген кеше құмға ізі».

Ал биылғы жыл...

Ас та төк астық ақ бидай,

Тойлатпай қоймас... тағы да байыз таптырмай.
Аузынан толып ауылдың құйттай клубы
Салтанат жиын болмаған көптен тап мұндай.

Арқасы кеңіп, айызы қанып тойлап ел,
Беріліп жатты береке жылғы бәйгелер.
Біреуге кілем, біреуге бостон көк костюм,
Еңбегі менен еленуіне сай келер...

Тың жерде тұрған үр жаңа совхоз басшысы,
Үрейден ада, салтанат құмар жас кісі.
- Осындай астық тапсырсақ, - дейді,
келер жыл,
миллион сомға жетеді совхоз кассасы...

Халық қой, халық,
бәсеке-бәйге, дау дамай,
Бейтарап қарап қала алмайды ағайын бей да жай.
«Сен алғаныңда қаламын – дейді, - мен қалай?»
Бір-бірін бірақ қалады қалай қайрамай?

- Бізге ше, бізге? Бірінен бірі жұтынып,
Бір атпал жігіт тапты бір сөздің ұтырын.
- Бәйгемді менің беріңдер, - дейді ол, - беті ашық
ХТЗ-менен өнімін бердім ДТ-ның.

- Ал мен ше? – дейді Хайролла деген қайрақшы,
шалғыларыңды көрермін енді майлатсаң...
Аспазшы жеңгей «әдірам» дейді бәріне,

«Қара суымды берермін енді қайнатсам».

У да шу халық,

шуласып қалып шарпысып,

дау менен дамай... келе ме қалай сәл пісіп.

Сол кезде залдан алыстан келген ағамыз

жан даусы шығып,

сап тыйып жұрттың талқысын.

Жан дәрмен қалпы, зал толы жұртты қақ жарып,

мінберге қарай ышқына тартып долданып.

Көнетоз қаптал өңірін ашып қолдары,

көзінен жасы ытқып та ытқып парлады.

- Мінеки, жұртым, сендерге мынау бас бәйге,

Ортаңа кәзір ашамын дағы тастаймын.

Мінеки Сәкен,

мінеки мынау Бейімбет,

Ілияс мынау жиырма жыл жатқан тордағы.

Күлдіреп біткен,

сарғайып кеткен үш кітап,

Солардың менде сақталған әрең томдары.

Үшеуін-дағы сыйлаймын бүгін сендерге,

Сорды ғой уақыт,

сорғысын енді сорлары...

Түзелді заман,

кебек пен кеусен көп болар,

Рухтарыңды жоғалтпасаңдар болғаны.

ЕРТЕ КЕЛГЕН КҮЗ АЙЫ

Ерте келген күз айы – тың жыртқан жыл,
Ерте жинап жайлау - ел, етек жеңін.
Салқын бұлттың сезді ме мекер демін,
Сарқопаға айналып, малын жайып,
Сыналасып, лажсыз лекерлеуін...

Бұлт айналып бүйірден жетті-ау желіп,
Сәркіл жаңбыр селдетіп төкті-ау келіп.
Оймақ көлден ұшты әне, оншақты құс
Оқтай түзу тізіліп оқтау болып..

Артта қалып жайдақ көл – туған лашық,
Құстар ұшты қанаты судан малшып.
Көкке қарап қыңсылап күрке алдында
Тұрды біздің көктемде туған қаншық.

Қорғасындай түйіліп екінді ауыр,
Киіз үйге арқан сап бекінді ауыл.
Құс семіріп... соңынан мал кеміріп,
Көл бойында күз бойы отырды ауыл.

Соңғы ұлпасын сар қамыс көлге ұрлатты,
Мойылдай көл шайқалмай мөлдір қапты.
Қоңданса енді қотыр қыр – қазынасын
Қотармасқа қамданып сергек жатты.

1965 ж.

ЕРТІС ПЕН ЕСІЛ

Қара бір көздер еңіреген
Егілсе – кешу туған.
Дала бір кезде еміренген
Ертіс пен Есіл туған.

Ертіс, Есіл – екі өзен,
Екеуі де ерке өзен.
Тасыған жыл – шипа өзен,
Тасымаса – дерт өзен.

Сарыарқа жайлы мекені,
Тасиды жылда екеуі.
Қатып бір қалған шерменде –
Құяды келіп көлдерге.
Тобарсып, тозып тұрғанда,
Толқын боп жетті құмдарға.

Дала сан ғасыр жасап,
Ертіс пен Есіл туған.
Тасып ап, басылмаса,
Төгіліп шашылмаса,
Өзен боп несін туған?!

Көлге құйсын, шөлге құйсын – ұрдың ба,
Тек әйтеуір құймаса екен құрдымға...

ЕСКЕРТКІШ

Соғыстың соқалары бар,
Соны сүйреген тайынша, таналары бар,
Жұмысқа ысылған олар, қамыттан жараған олар.
Бүгінгі елдің ағасы – заманның қабағын баққан,
Кешегі қара табандар – ірің көз қара балалар.

Соғысқа қан бере алмаған, соғысқа жанын
бергендер,
Шолақ қол басқармалардан солақай зәбір
көргендер,
Дүниенің қаталдығынан қайысып тәлім көргендер
Шыбықтай солқылдап жүріп, майысып бәрін
жеңгендер.

Махаббатты үйренген қулар қам көңіл жеңгелерінен,
(Қыз емес жеңгесі деген, махаббат көрген ерінен...)
Атпа атқан, торғай қорыған, сельсовет хатшысы
болған,
Еңбегін есептей берсең, кем емес Еңбек ерінен..

Бертінде әкім болғандар, белгілі ақын болғандар,
Евней Букетовтер мен кәзіргі Ғафу болғандар
Әрине азамат олар... құр емес пенділіктен де,
Әрине арқалары бар, әрине ақылдары бар.

Соғыстың соқалары бар,
Соны сүйреген тайынша таналары бар.

Тайынша таналары сынды –

қан жұтқан балалары бар.

Соғыстың ескерткіші көп,

бұлардың ескерткіші жоқ,

Бір күні шығып кетпей ме бұлдырап санадан олар?

18.12.1987 ж.

* * *

Жазады уақыт барлық жараны,

Оң қараса егер тағдыр қабағы.

Табылар керең сордың да амалы,

Табылар терең ордың да амалы.

Табылар жерде қардың қалауы,

Табылар перде ардың бодауы.

Табылар қиық, табылар құрақ,

Құралып кетер жанның жамауы.

Табылар үміт, табылар күдік

Тағы да мүмкін алдыңды орауы!

Жарамды жалап жолбарыс - тағдыр

Тіміскілейді тарғыл танауы...

26.08.1987 ж.

Жайсаңбек Молдағалиевке

Туған жерге аз күн аунап,

Туған топырақ берді дем.

Молайғандай – азын-аулақ,
Көбейгендей – кем дүниең.

Туған елге бір еркелеу,
Туған жерге бір аунау.
Тірліктегі тым келтелеу,
Жалғыз рахатты ұға алмау –
Сорылылық қой,
бұдан өткен,
Сорлы бар ма, уһ, алла-ау!..

2.11.79 жс.

Жамбыл мен Мұхтар

(баллада)

Жүз жасаған Жамбылды Мұхаң «ғасырым» депті
көзі тірі,
Екі заманға – таразы тәтем, екеуі де оның өз тілі.
Тоқсандағы ақын шалымын көріп
«солмайды-ау, - депті,- хас талант»,
Дария тілдің ағынын көріп «болмайды-ау,-
депті,- сөз түбі».

Мұхтарды көріп Жәкең де сонда Абайдың жана түрі деп,
Заманы бірге жас Абайына сүйкеніп апты бір рет.
- Басқасын қайдам... басың жақсы екен,
осындай болсын бас болса,
Шақша бас пенен шоқша бастардың болады, - депті, - міні көп...

- Біздің де баста мін жетеді, - деп күліпті Мұхаң кермиық.
- Өз мінін біліп өзекке тепсе, - Жәкең айтыпты, - Ер биік.
- Кемелім, келші бауырыма! – деп,

Мұхаңа Жамбыл ұмтылған,

Ойлапты Мұхаң:

«Тоқсандағы ақын секілді ғой,- деп, - ор киік».

Тапқыр да тұтқыр, ұрымтал ұтқыр –

астарлы ақыл шымшулы-ақ,

Қамқалы зерден әзілмен Мұхаң тін суырыпты шым-шымдап.

Келгенде Мұхаң тоқсандағы ақын тоғытады екен төкпе жыр,

Көтеріп көкке Жамбылды Мұхаң

«тұрсыз, - дейді екен, - қылшылдап».

Сол кезде қунап Жәкең де ширақ,

шираған үсті шираған,

Қос бірдей дана бір-бірін сонда сыйлаған үсті сыйлаған.

Екеуі бірдей қисынын тауып қайырған кезде қиуадан

Екі бір тұлпар жарысқанындай – жарасымы аспай ибадан.

...Сол Жамбылына келеді Мұхаң қабарған қабақ қатулы,

Ақын жарасын айықтыра алар –

қандай сөз айтса татымды.

Аянышын бір айтса ма екен Абайдың ешкім білмейтін,

Айтса ма екен жаңа қырынан Сұраншы, Саурық батырды.

Айтса ма екен Үрімде туған екі аңызды бір жаңартып,

Қосса ма екен зәредей әзіл, мысқалдай күлкі сәл артық.

Соғыстың зілін, жеңістің құнын –

айтса ма екен тарихтан

Адамнан адам шыбын жаны артық,

болмайтұғынын қаны артық...

Айтса ма екен Алғадай өлсе «алғалап!» барып өлді деп,
Келгенмен ажал,

арттағы бізге рухы медет болды деп...

Үш жүз күн қамау, үш жүз күн жарау орыстың өрен
бір ұлы
Өлер алдында жырыңды оқып еңіреді деп соңғы рет.

Айтса ма екен, ол-дағы ұлың, бұл-дағы ұлың, бәрі ұлың,
Ұлы соғыста ұлы қайғыны көтеру – ұлы тағылым.
Немесе анау Ғалиы жайлы айтса ма екен бір әзіл,
Айтса ма екен соғыстан жазған Қасымның жыры тәуірін.

Дем бітпес пенде жоқ десе ме екен...

«өлмейтін темір өзекті»,

Тірлікке мәңгі теңесе ме екен біткен дем - өмір мезетті.

«Әкенің ұлы... адамның ұлы... қанадан шыққан ел ұлы
Болғанмен дана... бауыр ет – бала»,

ойдан ой көңіл тежетті.

Айтса ма екен...

айтпаса ма екен...

«Қайырын бер деп артының».

Қиысынды жерде қиқарлау пенде аңғарымы артық
қартының.

«Қайғысыз шаңырақ қайда бар кәзір?»

Қиналса қартың қайтесің.

«Жоқшысы ма ед, - деп, бүгінде Жамбыл

жалпының емес, жалқының».

... Сол Жамбылына келеді Мұхаң... көреді Мұхаң тап кәзір

Айқарып барып жаяды құшақ – шокқа да әзір,
отқа әзір.

Халықтық алып ақынды Мұхаң жүрегін ашып көреді,
Қайғысы бар ғой... адамдық қайғы.

Аржағында тек жоқ па зіл?
Халықтық алып ақынға Мұхаң айулы көзбен қарайды,
Халықтық алып ақынды халық жүрегі ғой деп балайды.
Халықтың алып жүрегін Мұхаң жүрегіменен тыңдайды,
Аялайды оны,

Аймалайды оны,

Аймалаған жоқ Абайды.

Құшағына оның құлайды кәзір, басылар мүмкін мауқы да,
Ойласа көптен ой жібермепті халық пен перзент нарқына.
Халық қой Жамбыл.

Алып қой Жамбыл,

Ұлы да болса, ұл Мұхтар,

Біріне-бірі айтпай-ақ көңіл тумыстан тұтас тірлік бар.

Айтпайды көңіл.

Айтпайды көңіл.

Айтпайды көңіл халқына,

Халқына мұңын айтады бірақ – айтылмақ керек шындықтар.

... Сол Жамбылына келеді Мұхаң көңілдің мұңын ашуға,
Ғасырдың ойы ұйысып баста, шуда да шуда... нар шуда.
Халық қой – Жамбыл,

алып қой – Жамбыл,

құшағына еніп барады:

- Көзі тірі менің ғасырым, -дейді, - ғасырым, аман-барсың ба?

Жаңылдым жаным, өмірдің көп есебінен,
Жаңылмағанда жұмбақтай көрешегім ең...
Өліп те өшіп өз жаныңды жаралағанда,
Қарағанымда немкетті неге сеніп ем?

Ал мен айтушы ем,
Уысқа уыстамаған
Елесің, тәйірі, алтын ба, күміс пе маған.
Маған айтатын,
Түсінбес махаббат мәнін
Сен екенсің деп кеудесі қуыстау адам.

Сен не істеуші едің, сол кезде мен еледім бе,
Күнімдей болдың, көзі жоқ көбелегім де.
Қатал ғой адам түспесе басына ғана,
Басынан бар ғой, басқаны тебе беруге...

Басыма түсті, басқа жан тепті басыма,
Немкетті саған қараған текті басыма.
Махаббат маған сен берген ұшпақ осы ма,
Ал саған оның тигізген септігі осы ма?!...

21.IX.1988 ж.

Жапырақ

Қайран жаз, қапы мезгіл қандай келте,
Шілде де сүт пісірім таңдай келте.
Сызданып сарғайды өлке,
жаурайды өлке,
Жайдақ жел жауар жонды баурайды ерте.

Жайдақ жел бозторғайдай шулайды ерте,
Желпілдеп камысақ көл, қурайлы өлке.
Жайдақ жел ексінгенмен, тепсінгенмен
Қырдағы қоңыр жиде сынбайды ерте.
Жалқын шаң, күлгін түтін көп сіңгеннен
Қаланың жапырағы қурайды ерте.

1968 ж. қыркүйек.

* * *

Жер бітінде жарық сәуле бар екен ғой,
бар екен,
Мен түндермен көп тілдестім, ол –
қарабет, қара екен.
Жарық сәуле, саған құмар барлығы,
Мен де сенен бір жақсылық дәметемін,
дәметем.

* * *

Жұқарған менің жүйкелерім-ай,
Үйкеледім-ай сендерді.
Сүйкенбес жерге сүйкегенім-ай
Көтеріп көкке кеудемді.

Сүйемес жерге сүйеп денемді,
Сүлдерім сүйреп құтылдым.
Сайтанды сезім иектегенде
Санадан нокта сыпырдым.

Санадан нокта сыпырдым-дағы,
Санаттан кейде сытылдым.
Өректіп, өршіп құтырдым-дағы,
Өмір – есептен ұтылдым.

Өмір – есептен ұтылдым-дағы
«Опасыз – ол» - деп, опындым.
Тәттісін сезіп жұтындым-дағы
Көбірек таттым қату-мұң.

Тәтісі неге тіл үйіреді,
Ащысы неге ашутас.
Күндерім болды тірі мен өлі,
Ара жігі, әттең ашылмас.

Солардың жігін ашпаған сендер,
Сорлаған жүгін арқалап.
Тигенде талай тасқа меселдер,
Қайтқанда тауым шалқалап.

Жанымда жалғыз сендер болдыңдар,
Жалғыз емес көп едіңдер.
Ішіме тынып сөнген жалындар,
Дегенмен демеп едіңдер.

Сендердің әрбір талшықтарыңды
шашымды, жұлдым жұлғандай,
Жегідей жедім, жаншып жанымды,
Жындана жаздап, жынданбай.

Жындана жаздап, жынданбай қалдым,
Мұң-нала қоздап жүректен.
Жүрегім қызыл тудай, байрағым
Лүп ете қалған, дір еткен...

Лүп ете қалған, дір еткен жүрек,
Жүректен күреп бір қуат...
Сендер айттыңдар: «жүдепті жүрек,
білетін оны кім бірақ?»

... Білетін мен ғой, өзім емес пе?
Өзімнен шошып ес жидым.
Айналды рахат көзім елеске
Кеш қапылдым, кеш күйдім.

Күйігі бойда, күйініші ойда
Қиын іс – айла таба алмай.
Тәубаға сезім қиылысарда
Тәуекел тұғыр бола алмай.

Өзімнен өзім алаң боламын,

Заманға тағы сүйкендім.

Жоғалды жылдар...

жоғалмағаным,

Тоналған, тозған жүйкемен.

Жоғалды жылдар...

жоғалмағаным,

Тоналған, тозған жүйкемен.

Жұқарып жүйкем, Адам қоғамы,

Сүйемін сені, сүйкенем...

ЖҮРЕККЕ ЖҮГІНУ

... Екеуміздің арамыз он жас еді,

Жан ағамдай көруші ем сонда сені...

Елуінші жылдардың ен ортасы,

Балалықтың қаз-қалпы қалды әсері.

Түтін түзу, тіршілік болмашылау,

Болмайтын кез қарыз бен қауға сұрау.

Соғыс біткен. Тек соған ел риза,

Жанын жалдап әдеті жан асырау.

Не бір нәубет үйреткен зәресін ап,

Жанын жалдап көнбіс ел жан асырап.

Еңбеккүнін қолхозшы - әрең-әрең
алатын кез, алғандай пара сұрап.

Соған енді – бөз көйлек, бөз орамал,
тиын тиді қатық пен көже болар.
Белсенділер біршама бәсеңсіді,
«аттырам да асам» деп көзі аларар..

Мұң кетер ме жесірдің қабағынан
жалғыз сиыр құтылмай «налогынан».
«Уполминзаг» шайқаған сары майын
жырып алды жетімдер тамағынан.

Жырып алды...
демедік не себепті?..
Соғыс-сойқан, сұмдығы кеше бітті.
Алмақ шығар әл жинап деп ойладық,
Ұлы Сталин болғанмен неше мықты.

Мен баламын,
сен онда бозбаласың,
Жай оғындай жалтылдап қозғаласың.
Өртеңге өскен күлі ащы гүл секілді
түсің шымқай болғанға мәз ғанасың.

Жолбарыстай ыңыранып өзі жалап,
қайран халық жатты емдеп өз жарасын.
Темір тәртіп тезіне сталиндік
айта алған жоқ әлі ешкім көзқарасын...

Тартыстардан тайынбай талай ақтық,
Отан жалғыз деп біздер сана ояттық.
Айла барын білмеуші ек, отандасты
алалайтын астыртын алаяқтық.

Жалғыз сиыр сүт-майын сылып беріп,
ақ май ағар күндерден үмітті едік...
Басымыздан сипардай көсеміміз
Қабырғада қара мұрт – сұлық, керік...

Сен соғыстың баласы ең,
мен жеңістің,
Екеуміз де қиян шет жердегі өскін.
Кеше ғана келсем де дүниеге,
Көсемім кім?
Даңқына кенде емеспін...

Мен – шәкіртпін,
сен маған ұстаз едің,
Бозбала – ұстаз қысқа жіп, қысқа желің.
Ұстаз едің сен онда, білімі аздау,
Біліміңнен биіктеу ішкі әлемің.

Алыс ауыл. Қиян түз. Шым мектепте
оқушы едік домбығып, дірдектеп те...
Көз қуаныш біз едік,
ал ел болса,
кетпейтінін біледі тірнек текке.

Құмырсқадай қыбырлап таң сәріден,
Қара жерді тырмалап саусағымен.
Шойырылма шал, шолақ қол бригадир,
Жесір әйел құсалы қан-сөлімен.

Соқа тартып атпа атып, торғай қорып,
Аш өзекті шалаппен жалғай келіп.
Күзге қарай көбейіп кебек-кеусен,
шыға келер жалымыз жардай болып,

Біз тоқ едік – тоғайдық ниетпенен,
асып-төкпей таупиық жиектеген.
Алты ай бойы жан анаң кетпен шапса,
айырасың сүйелді сүйекпенен.

Біз тоқ едік – тоғайдық бөле-жарып,
әне, жетім демедік, әне, кәріп.
Көрші ауылдан той тойлап қайтатын жұрт
аяқ-табақ, ас-суын ала барып.

Біз тоқ едік —
тоғайдық үмітке біз,
талай сынға түскенмен сілікпеміз.
Қаныменен Отанға серт берген ел,
Күбір-күбір ...
әлі де күдіктеміз.

Күдіктеміз көсемге кім адал деп,
Кім пітінә, кім таза пірадар деп.
Отан – өзің...

Жаумыз ба өзімізге?
Өзді-өзінен әлі ешкім сұраған жоқ.

Адалды арам көзіне шұқиды кеп,
Жазаменен, жаламен, нұқып, іреп.
Қатар екі үй, бірі – әскер семьясы,
Бірі – «халық жауының тұқымы» деп.

Қара нанды бір бөліп, қара суды
бірге ішісіп, жаутандап қарасулы.
Қайран халық білмейді кінә кімде,
іш қазандай қайнайды, жан ашулы.

Мен білмеймін – осы ма жеткен ұшпақ,
білетінім – көп жеңіс кеп тоғыспақ...
Білетінім – емшекте сен қалғанда,
«халық жауы» әкеңді кеткен ұстап.

Мен білмеймін –
жау болған әкең неге,
Мен білмеймін –
Сібірде, шет елде ме?
Адамға жау адамды көріп жүрміз,
«халыққа жау» кірмейді қаперге де.

Мен білмеймін –
бай болса, жау болған ба,
кімнің жауы – айдатып, аударғанда?

«Тіл кеспек жоқ» демей ме,

айтқыштарды

алып кеткен неліктен даудан дарға?

Мен білмеймін –

не нәрсе тағдыр деген,

Тағдырына ие ғой әркім деген,

Абай маған әлі де алысырақ,

Жаттап жүрмін саңқылдап Жамбылды мен.

Мен білмеймін Сәкенді, Тұрарды да,

Жан салмасын Ілияс жыр алдына.

Көрбілтелеп оқисың «Шұғаны» сен,

Жұрт көрсетпей оқып жүр құранды да...

Мен білмеймін –

сен неге қобалжисың,

адал сөйлеп, ақ ішіп, адал жүрсің.

Сен әкеңнің дидарын танымайсың,

Әкеге емес, өсірген заманға ұлсың!

Әкеңді емес мен, аға, білем сені,

Үлкен адам боласың бір еңселі.

«Сабыр түбі...» болады білем, аға,

Мықты адамда болмасын жігер жігер шегі.

Мен солдаттың ұлы едім медаль таққан,

(Бар сыбаға замандық талан – бақтан).

Қабағыңнан мұң сенің ыдырады,

«Халық жауы» деген сөз алаңдатқан.

Арта-арта шаршадық үмітке жүк,
Заман сынай, сындарлай біліп пе едік.
Қара табыт үстіне жантайды кеп,
Қабырғадан қара мұрт сұлық, керік.

Көлкілдеттік көз жасын сен де, мен де.
Сүйе ме әлде...

Бұл халық пенде ме әлде?
Көсемдердің бағасын келешекте
Титанға әлде, тиранға теңгере ме?

Айбарлы елді бір ызғар тұрды буып,
Әркім-әркім соны ішке жүрді бүгіп.
Табиғаттың заңындай тоң жібітіп,
Келе жатты жылтырап бір жылымық...

Одан кейін... бәрін де білем, аға,
Күреңтөбел тіршілік құба ғана.
Сен соғыстың баласы, мен – жеңістің,
бірге үлестік замандық сыбағаға.

Одан кейін келгендей бүтін бақыт,
Қарсы алдық па біз соны күтіп жатып.
Одан кейін тың жырттық тусыраған,
Тракторлар шынжырын сықырлатып.

Біз даланы бұйралап бораздамен
жырта бердік... шаруа жоқ, көп, азбенен.

Мыңдар емес, миллиард цифрларды
жасап жаттық... ақпармен, қағазбенен.

Сонау алыс қиян түп шет ауылдан
Астанаға үміттің оты ағылған.
Сен де кеттің, мен кеттім,

Кетуші едік:
«қалмаймын,- деп бәріміз, - қатарымнан!»

Қатар кім деп, тең кім деп терезесі,
білім алу – білдік пе ережесін.
Тез тұрғызсақ үйлердің кенересін,
тез суарсақ шөлдердің кенезесін.
Біз асықтық кешегі жесірлерге
Сүйгізсек деп тезірек немересін.

Көп қажалған елміз ғой қайғы-мұңға,
Көптеу қақтық, дырду той делебесін.
Обалы не, салдық біз ғимараттар,
Осал, олқы құйғанмен кейде іргесін.

Сен – ғалымсың, мен болсам,
болдым ақын,
«болдық, толдық» деп кейде кеуде ұратын.

Сұрақ барын білуші ек...
екеуміз де,
сұрайтын күн келгенде жаудыратын.

Біз сұраққа қайтардық сұрау-жауап,
Шындықтарға қарадық сыңар қабақ.
Біреу озды біреуден-біреуді орап,
Біреуге – сор болды озу, біреуге бақ.
«Озу керек» - дедік біз, мінбені ұрып,
оздырмасын уақыт біле тұрып.
Ойдан талай «қиялдар» туып жатты
оза алмастай, айтпасаң бір өтірік.

Қос-қос кілем, қос-қос үй, қос машина,
жағдай жасап талайлар бас-басына.
Дүние – айдын, айдында айбын – кеме,
тірелдік кеп тоқырау тоспасына.

Аға, сен де жасырма, мен жасырман,
Күн болған жоқ кездейсоқ көмбе ашылған.
Маңдай тері халықтың борша-борша –
Қазынасы қоғамның әр ғасырда.

Сен екеуміз білуші ек тердің құнын,
Маңдай тер мен көз жасы – Ар бірлігін,
ашпа-жалап жылдарда сол екеуі
сақтады аман – қараса тағдыр қырын.

Санамызға сәулелі ой оты дарып,
Ар-ұжданы заманның –
атын алып.

Аға, сен де жасырма, мен жасырман,
Неге біздер көп жылдар тоқырадық?

Уақыт емес тоқырап, баяулаған,
Адам өспей, өседі қалай қоғам?
Тоқыраған заводтар өнімі емес,
Санамыз ғой шамадан кем ойлаған.

Тоқыраған уақыт, кезең емес,
Зая жылы – талайдың біз өрелес.
Аяулы Арал!.. Біз бүгін ойлай қаппыз,
Көзге түспес көл емес, өзен емес.

Ойлай қаппыз тың дала құм, боранын,
жайлаулардың жыртылып, қалмағанын.

Сен ғалымсың,
неге ерте барламадың?
Мен ақынмын – сол жалған миллиардқа
Талай рет мақтау жыр арнағанмын.

Аға, сен де жасырма, мен де бүкпен,
арылатын кез келді пенделіктен.
Еркін ойлап, ер сөйлер кезің келді,
Кезең келді – тыс сөйлер енді еріктен.

Еріктен тыс сөйлетіп жүрек - өмір,
Жүрек соқса, жылай біл, қуана біл.
Тоқыраудан, тоқтаудан болады аман
Жүрегіне жүгініп құлаған ұл.

Қайта құру – бәлкім бұл қайта арылу,
Сезім жалтақ болмауы ой тарылу.

Кешегінің кемшінін айта білу
Келешекті кең пішіп, байқап, ұғу,

Қайта құру – бәлкім бұл қайта қунап,
Тоқыраған толқынын шайқап ырғап,
Жүрегі бар, Ар-ұждан азаматқа
Ғасыр соңы... жаңаша айтар ырғақ.

Енді әр затты атаймыз атыменен,
Ойланамыз кеткенін қапы неден.
Табиғаттай тазару қандай ғажап,
Ар алдында адамдық дәтіңменен!

Міне мінбер,
ал сөйле, тазар, арыл,
Өз қоғамың – сырласу өзара бұл.
Аздау беріп қоғамға көптеу алсаң,
Көптеу бер де, ал енді, аз ала біл!

Өтті нәубет, соғыс та, тоқырау да,
Не қытымыр шалындық, не қырауға.
Адам болып қалады Адам бірақ,
Жүрек барда, Ары мен аты барда.

Қайта құру – қайтпас күш еркі бірде
Шындық күші шымырлап серпілуде.

Жүректерге жүгініп жеңер Шындық
Түптің түбі... түбінде, ең түбінде.

Сен де, мен де жүрекке бір жүгініп,
Безбен жүрек бәрін де тұрды біліп...
Табиғаттай тазара бастадық біз,
Тарих білер қалғанын...

кімде Ұлылық.

21.06.1988 ж.

* * *

Қабдеш Жұмаділовке

Көрінген көз ұшында Тарбағатай,
Шіркіннің оң қанаты-ай, сол қанаты-ай,
Бойында шекараның шер төгісіп.
Түсіндім тағдырыңды енді, ағатай!..

* * *

Қанатымыз қатаяр да... ұшармыз,
Нысанамыз болар біздің ұшан құз.
Ұшан шыңда басқа ұшпақ айналса,
Бақытына жеткендерге мысалмыз.

Бәріміз де тапқымыз кеп сонар құз
Бірімізді біріміз он орармыз.
Тапсақ жақсы,

таба алмасақ түбінде

Қара жерге қайта айналып қонармыз.

Қара суға семірген қамсыз күнім –
Қара қырда қап қойған сансыз гүлім.
Қарауытып қаштыңдар мен нақақтан,
Жігіт шақтың көтердім заңсыз жүгін.

Бейқам күндер бейуақыт тастап кеткен,
Бозбалалық – басқа жол бастап кеткен.
Қаймағымды қайнатпай сыпырып ап,
Қазаныма тұрмай жүр қаспақ көптен...

Бір жаңбырдан қақ тұрған қара тақыр,
Лайынды ылғалға жарата тұр!
Тез кеберсің,
 шөлдеуге төзген ерсің,
Жаңбыр жауса жарылқап, өзгерерсің.
Бір жаңбырдан қақ тұрған қара тақыр,
Бір жаңбырың келеді, кара да тұр!

Жаңбырың бар шөліңнен қанағаттар,
Жазылады өңіңнен жара-дақтар.
Тұзға піскен балықтың бауырындай
Түзде қалған бір уыс қара мақпал.

Құның төмен қай құмнан, қасиетің кем,
Әлі ісің жоқ – әспетпен, әсіре күймен.

Бояуы бар боркемік таңсық маған,
Беу... беу, мақпал, табанға басып жүріп,
Бас иетін бе ем мен саған, бас иетін бе ем?

1966 ж.

ҚАШАРДЫҢ ӨЛІМІ

Құмнан ауыл көшкенде жазға салым,
Төбемізге төнеді – тозбаса күн.
Алақанат ашылған жерді көріп,
Қуанғаннан мөңкиді боз қашарым.

Алты ай қыстан тірі жан сарылған-ау,
Жануардың жаз исін танығаны-ау..
Адау шөптің түбірін тімтініп жүр,
Тірі тамыр тіліне танымал-ау...

Қар астынан қимылдап құмның шөбі,
Ағылады аспанның сылбыр селі.
Аққа аузымыз тиген жоқ әлі біздің,
Қаңсып-қаңсып апамның тұр күршегі.

Күн қыздырып қолатта құба дөңді,
Шұбар төскей шым-шымдап шуақ емді.
Қашар біздің қашқақтап қыр жақта жүр,
Желіні толды, таяуда туады енді.

Құс үнінің естиміз көлден нәшін,

Көктем келді көсілтіп кер жорғасын.
Әкем айтты: «Боз қашар бошалап жүр,
Босып кетіп қасқырға жем болмасын».

Маңып есіп, маңайда жел де қалғып,
Жылы нұрды жұтып ап бел де балқып.
Сайлаукүл мен Сайранкүл шақырған соң,
Көшер күні таңертең көлге бардық.

Көлден келсек, жүк тиеп ауыл жатыр,
Біздің үйдің алдында Қабылда тұр.
Күзетші шал Қабылда қолын нұсқап,
Апам менің абыржып жанында тұр.

Апам айтты:
- Қасқыр ақыр қашарды жарды, - деді,
Қабылда айтты:
- Сүйегі анау жықпылда қалды, - деді.
Мен ойладым: «Қара жер шақырған-ау,
Қара жерді көргенде қарғып еді».

1966 ж.

* * *

Көзімді ашып қараймын кейде өмірге,
Басымда бар жұрттағы ой менде де.
Басымда бар жұрттағы ахуал,
артық-тыртық тұсым бар кейбір жерімде.

Мен де жұрттай күліппін, өкініппін,

Мұқалып та жұқарып, жетіліппін.

Мен де жұрттай, иә, иә, иә,

Мен де жұрттай

болғым келер періште шаң жуытпай.

Мендей адам жоқ бірақ,

Қит еткенде,

Жолдан тайып кеткенін қалған ұқпай...

Композитор Нұргиса Тілендиевке

Талантсың-ау, тентексің-ау, тектісің,

Сенің дағы зая кетті көп күшің...

Сырың бермей, сен де кәзір сыртыңа

Күлуге де, мұңаюға ептісің.

Өткен күнге ішің удай ашитын

Жоқ па сәтің, соны ойласаң жаситын.

Шын талантты жаратқанда табиғат,

Рахатын да бір жаратса, о, шіркін!

КӨҢІЛ

Ұйқым қашып, ұйпалап едім жастықты,

Зауқайыр зауқы ұйтқыған көңіл бастықты.

...Ақ боран соқса, ащы ұлып алып аш қасқыр,

Қанталап көзі ойлайтын еді қастықты.

Қанталап көзі қораға қарай ілбіп кеп,
Тоқты-торымды арқасына алып бір бүктеп,
Аласұрғанда, арланнан ада ауылдың
Шау қаншықтарын кететін еді бірге үптеп.

Қақпанын құрса – саққорда қыстау шалдары –
Аш қасқырды алар, жалғыз-ақ айла сол дағы...
Бастықты көңілім... басылып әлде қалады,
Зауқы ауған затын бас салып әлде алады,
Зәредей жанға болмайды бірақ залалы,
Болмайды бірақ зауалы...

ҚҰРТ КӨЖЕ

Ақ малта ащыласаң – айызың қанған,
Құрт көже, ұмыт болдың қай жылдардан?!
Тортадай тоңмай қатқан торы көже
Таусылмай қайтпаушы еді Хайролламан.

Хайролла кекіріп ап, кеселейді,
- Сегізкөз салқын тиді кеше, - дейді.
Қасарып қасат қырдай қатпар маңдай,
Шық сіңген қоңыр құмдай мақпалданбай,
Сіркесі су көтермей отырғанда,
Қайысы күнге күйген сақпандардай.
Бәйбіше бәйек болып еселейді,

Тоңмайды омырып сап ақ қарлардай.

Содан соң сеңсең ішік жамылып ап,
Қынулы ас қатқан тердің дамылын ап,
Таралып алпыс екі тамырына,
Жүрелеп отырады жіпсіп бойы,
Жамбастап жайланып ап жатқан нардай,
Маңдайдан бір арам тер ағылады,
Мыңқ етпей алты ай бойы жатқан қардай.
Қарысып үнсіз қалған Хайрекең қарт
Со кезде шешіледі сәт таңдамай.

Ақ малта ащыласаң – айызың қанған,
Құрт көже, ұмыт болдың қай жылдардан?!

1968 ж.

* * *

Кімде жоқ дейсің бұл арман,
Менде де болды бір арман,
Сенде де болды бір арман,
Ащы ішек болып шұбалған
Ащы көліміз суалған.
Аңқамыз кепкен күндерде,
Ашыған көже секілді
Арылтып еді құмардан.
Арқамыз қозып жүргенде
Алқамыз сөзін бергенде,

Табысып едік дуаннан*.
Ақсорпа болып алшы аттай
Тайпалып келіп тамсатпай,
Буына кеткен саусақтай,
Сүйріктей сөздің саласын
Салалап тұрып самсатпай,
Айтылмай қалған кеудемде
Менде бар еді бір арман,
Сенде бар еді бір арман.
Меселімізді қайтармай,
Айтатын кезде айта алмай,
Өрмектің құры секілді
Сезімдеріміз шайқалды-ай...
Кеулеген арман кеудемді,
Тұла бойымның тұрғынын -
Толғайын десем енді-енді,
Сенде де бар ғой бір арман,
Менде де бар ғой бір арман.
Жанығып кетіп бір-бірін
Жандырып жібереді де,
Қанамыз-дағы құмардан...
Қаламыз бірақ айта алмай.

* * *

Кірпік қаға алмай кейбір түндерде,
Тулап жатамын төсек – «түрмемде».
Жастық, көрпемді жаспен шылаймын,
Мұңға булығып, мас боп жылаймын.

* қала

Озған күндерім алыс маздайды,
Қолым жетпейді,
жүрек сыздайды.

Бұл бір ауыр түн әлі-ақ серпілер,
Аздап адамды тәубаға келтірер.

МАХАББАТ ЖАСЫНЫ

Әлде жаз ба еді, әлде күз бе еді,
Әлде сая ма, айдай түз бе еді.
Жалғыз білерім – әйел жынысы,
Әлде келіншек, әлде қыз ба еді?!

Әлде құштым ба, әлде қаймықтым,
Ашып айтар ем – әттең-ай ұмыттым...
Майып еттің махаббат күркірі,
Қара жер сияқты мен жасын жай жұттым.

МОЙЫНДАУ МЕН МОЙЫНДАТУ

Сүймейсің мені,
Айтпаймын саған бұл сырды...
Айтатын болсам егерде,
Асқар шың болсам, шөгем де
Кетемін сенен төмендеп.
Махаббатыңда жазылып қойған заң жоқ қой,
Сүйетін пендең секірсін деген төбеңде.

* * *

- Сүйдің бе мені,
Солай ма екен, сендің бе?
Айтайын енді... қайтайын енді райдан,
Төбеңе шығып, секірсем-дағы көндің бе?
Ұят-ау бірақ,
Махаббат деген «құдайдан».

Мұхтар мен Қаныш (баллада)

Мұхтар мен Қаныш кездесе кетті бір жылы
Біреуі Мәскеу, біреуі Жезді тұрғыны.
Ұлылық жанған жанарларының түбінде
Бар сияқты еді кіреуке мұңның кірбіңі.

Әуелі Мұхтар:

- О, пәлі... Қаныш!.. - деп қалған,
Қас-қабағын да аңғарған еді қапталдан.
- Жездінің шаңы үстіңдегі аздап болмаса,
Жез киік сынды бозбала қалпың сақталған.

- О, пәлі! – деді, -

сүйекке сіңген дағдыны-ай
Тау-таста жүр ғой, болмас деп едім дәл бұлай.
Даланы сүйіп, күніне күйіп көрмеген
Көрінеді де тұрады маған сорлыдай...

- Сіз-дағы Мұха-ай,

айтасыз-ау бір аңызды,
Астана жақта атқарған істер маңызды.
Тауы мен тасын тапсыр да бізге даланың
Атқара берші одан да үлкен парызды.

Біріне-бірі ілтипат жасай иіле,
Біреуін бірі сүйсінте күліп, сүйсіне.
Халқының қамын тұрғандай еді бірге ойлап,
Халқының жанын жан жүрегіне үйіре.

Жанарларының түбінде жатқан көлшік мұң,
Дария шайған шылауындай-ақ шалшықтың.
Жоғалып кетті!

Жомарт мұхиттар толқыны
Қалдыра ма исін шылаулар менен қаңсықтың.

- Айтыңызшы, Мұха,

Арқаның қолат, иірі –
Менделеевтің кестесі жатқан бұйығы.
Керек қой кені, қайткенмен біздер алармыз,
Кенінің ділін, құрамын іздеп табармыз,
Тарихтың тілі – қиынның, Мұха, қиыны!

Тағы да Мұхаң «пәлімен» бастап қолдауын,
- Қосатын кімдер тарих пен халық жолдарын?..
Менделеевтің кестесі жатқан даланың
Ойлайсың қалай, Академиясы болмауын...

Ғұлама қабак, сұңғыла сағақ бітімі,
Сауалмен берді келген бір сөзді ұтыры.

Қаныш та сол сәт данышпан ойды дәл басып,
Айтатын сөздің келгендей екен күтуі.

- Бұл сөзің, Мұха, сауал да, сын да, арман да,
Жіп ұшын беріп демей ме қазақ, ал жалға!..
Іліккен жіпті екі қол ұстап сүйресе,
Жүк қала ма екен, намыспен тартса нар жолда.

Соңғы жол сөзді, тек айтпады Қаныш тілімен,
Көзімен айтты,

Мұхаң ұқты ділімен,
Академиясы құрылып біткен адамдай,
Жайраңдайды олар біреуі өтіп бірінен.

Сол кезде Мұхаң қақпағы шалқақ кеудемен,
- Аман болсын де – болады бәрі – ел деген.
Көрдің бе, Қаныш, Арықты көше бойынан
Керемет көрініс тұрмын көріп көрмеген.

Көрдің бе, Қаныш, күншығысында көк белес,
(Таң атар жақта тау биік болу шарт емес).
Тау жаққа қара – Медеуге маңдай тірелер,
Ой жаққа қара – ол-дағы жазық дөп-дөңес.

Шіркін-ай, мынау биіктеу дөңес сұлаған,
Ескерткіш қойса – Абайдай тұрар ұлы адам.
Академияның есігі қарап жазыққа
Алдында оның сәуледей түскен сынадан.

Тұрар ма Шоқан сынадан түскен сәуледей...

Тұрды олар үнсіз біреуін бірі сәл демей.
Осынау сөзді айтты ма олар естіртіп.
Айтты ма әлде көңілдің ділі ой көмей.

Келешек жылдар өтті ме көздің алдынан
Ғұлама мидың қатпарларымен қарғыған.

Мырс етіп Мұхаң:

- Орын жоқ, Қаныш, - деді де
- Орын жоқ артық... тарихтың берген орнынан.

Орнында бәрі.

Орындалды арман.

Қалпында.

Ойлаған ойлар – орамы қалды артында.
Академияның тізесін қосып ой толғап,
Даланың бірге көтерді биік даңқын да.

Орнында бәрі.

Орындалды арман.

Қалпында.

Әуезов дейтін әлемдік ойда бар тұлға.
Сәтбаев – тұлға,

Жездінің мысы секілді
Жарқылдай берер қарылған сайын шарпуға...

Ғұлама ойдың, көреген көздің жарқылы,
Табиғат заңы – табиғат саған тартуы.
Кезінде көрген керемет құбылыстарды
Жүреміз ұзақ кері әсер ету арқылы.

Мұхтар мен Күләш

(баллада)

- «Сандуғашыңды» сайратшы, Күләш,
Сал болып кеттік, - дейді екен Мұхаң.
- Отымызды бір ойнатшы, Күләш,
Шал болып кеттік, - дейді екен Мұхаң.

- «Сандуғашымыз» садаға, Сізге!
(Мұндайда ес пен түс қала ма екен).
Ағаның соңғы сауалы есінде,
Сазына әннің күш салады екен.

Мұхаң да сол сәт ән буыменен
Әлденеше рет құбылады екен.
Сиқырлы дыбыс әр дірілінен
Ұлы адам ұлы сыр ұғады екен.

- Ақжүніс болып ойнашы, Күләш,
Адамдық негіз - әйелде! – деймін.
Ер мінез әйел пайдасы, Күләш,
Еркектен артық, қай елде мейлің...

- Ақжүніс пенен Құртқа болуға
Талпынғаныммен, тамсанғаныммен,
Олардай елге тұтқа болуға
Әлім жете ме - ән салғаныммен.

- О, пәлі! – дейтін, Мұхаң абдырап, -

«Өнерге елдік ер мінез керек»
Өлшем жоқ бірақ, баға жоқ бірақ,
Өлшеп тастайтын «Женді!», «Озды!» деп.

- О, пәлі, пәлі, таптың! – дейтін де,
Бір сұрланатын, бір сызданатын.
Қабағы қуқыл, қатқыл кейпінде
Томсарып Мұхаң үнсіз қалатын.

Салады Күләш «Сандуғашына»,
Басқа әуен, басқа тылсымға тайқып.
Өнердегі ұлы тағдырласына
Қиямет - өнер...

бір сырларды айтып.

Қырық құбылып, қырық құйылып,
Бір сыңғыр дыбыс, бір сынап сәуле.
Жібітеді әлгі, қабақты үйіріп,
Құйылғанындай күн шуақ демде.

- О, пәлі! – дейді, - адамдық ләззат
дың еткен дүние дыбысында ғой.
Жіберсе уақыт санаңды қажап,
Жаңарту - әнші уысында ғой.

- О тәйір-ай, Мұха!

Сіздегі сана

сия қояр ма біздің уысқа.
Жетпейміз құрап, жүз жамаса да,
Маңдайға біткен Сіздей ырысқа...

Тоқтайды Мұхаң тайпалып алып,
Сындарлы сөзі – дәуір сырындай.

Күләш та сонда қайта бұралып,
Жеп-жеңіл құстың қауырсынындай.

Сыңғырлап келіп төгілуші еді,
Өнердің мөлдір айдын – Күләші.
Ой қабырғасы сөгілуші еді,
Жоқ оған бірақ ойдың кінәсі.

Тап осы сәтте – көз болса көрер,
Көз болса көрер –
көңіл жетелер.

- Бар екен, - дер ең, - дүние шебер,
- Бар екен, - дер ең, - перизат өнер!

...Ашылып Мұхаң қабағы көптен,
Күләшті құйттай билепті жүрек.
Қайтерсің, тарих таланыңа, әттең
Қайтып бұл келмес сирек күдірет!

Не боларың білмейсің тағдыр таңда,
Жалғыз тиын бақырсыз жанқалтаңда.
Мүмкін бай боп кетерсің...
әй білмеймін,
Болса-дағы сенбеймін сол дарханға...

НЕ ҚОРҚЫНЫШ?

Көлеңкеңнен қорқасың құр бекерге,
Адам деген бірде – адам,
бірде- пенде.

Бірде тұрып жүрмей ме, бір сүрініп,
Бір қатерден кездесіп бір қатерге.

Бірде өкініп жүрмей ме,
бірде опынып,
(Кемшілігі болмай ма бірді-екілі...)
Шындық шіркін жақсы ғой,
амалсыздан
Айтып қалсаң қайтесің бірде өтірік.

Ол да адамдық белгісі,
осы жері
Қорқақтықтан осалдық көш ілгері.
Қорыққан адам, о, шіркін, өлмесе ғой,
Мүмкін мәңгі өлмес пе ек?!

(Кешір мені).

Кешіре гөр, келеңсіз сұрағыма,
Қорыққаннан мүйізі шығады ма?
Кім ертерек түсерін кім біледі,
Қылп-қылп еткен ажалдың құралына.

- Мынауың сор болды, - деп, -
мынауың сор,

Сүйретіліп жүресің, шылауың сол,
Қорқасың-ай, қорқасың, қорқасың кеп,
- Сонда неден қорқасың?

Сұрауым сол.

Қорықпайсың әлемдік апаттан сен,
Аман-саусың албаты шатақтан сен.
Бұл қалпыңмен ұрмайсың жауыңды да,
Қол-аяғын алдыға матап берсем.

Өз-өзіңнен қорқасың, өз-өзіңнен,
Өзіңе лайық емессің, сеземін мен.
Көлеңкеңнен қорыққанмен құр бекерге,
Дәм біткен күн кетесің кезегіңмен.

- Қорықпа деймін!

Қонбайды саған ақыл,
Қорқа-қорқа болмайсың және батыр.
Қорқасың кеп, қорқасың...

Сонда неден?

Тірі жүріп көргенің – заманақыр.

* * *

Өзім менің, өзім менің –
Түні бойы көз ілмедім.
Адалдықты сол кезде сезінгенмін.
Арамдықты сол кезде сезінгенмін.
Екеуіне дәнекер бола алуға
Менің дағы жетер ме төзім, демім.

* * *

Өзімнен өзім қараптан қарап жатқан ем,
Біреу кеп мені бауыздап кетті мақтамен.
Күнәдан таза періштемін деп айтпаймын,
Бұл жолы бірақ күпіршіліктен аппақ ем.

Тапа-тал түсте ажалым жетпей мен өлдім,
Нахақтан өлдім, тұяғым серіппей тек өлдім.
Япырау, бірақ араша неге түспейсің?
«Аққа – жақ» деген ақ сөзін ойлап мен елдің.

Бозарып көзім, сазарып жүзім жаттым да,
Әділет жоқ па, әділет жоқ па?.. жоқ мұнда...
Атаңа нәлет!

Қап, бәлем, онда, - дедім де,
Білмеймін қайдан...

Керемет қайран таптым да.

Орнымнан ұшып, оқтаудай болып тұрдым да,
Қан толып көзім түстім де кеттім ырғынға.
Мақтамен емес, қолменен баудай түсіріп,
Білмеймін, бірақ тепкіледім бе... ұрдым ба?..

Барша да борша,
арса да арса, арса боп,
Осылай өстіп «төбелес» көрдім қанша көп.
Өлесі болып, соңынан өксіп жыладым,
Енді ме енді, енді бір «ақыл» қонса деп.

Жыланның жатқан сонда да біреу құйрығын
Құйтырқы басып көрмек болады қимылын.
... Дәл мендей біреу табады ойлап түбінде,
Адамға адам тиіспес амал «ғылымын».

22.11.1988 ж.

ОЙНАҚТА МЕНІҢ ШАБАҒЫМ

Қара жерлердің төсінде қарақат көлдер мойылдай,
Мойылдай көлге малшынып, кетерсің қалай
шомылмай,
Малтадай майда толқынға шолп етіп түскен шорағай,
Сабалап сірне тулақты сынатын сабау сойылдай.

Көк иірім суды соққылап, кетер ме екен сындырып,
Жағалаудағы көк құрақ майысар ма екен бұрлығып.
Сайысар ма екен шолпылдап шолпыдай сансыз
шабақтар,
Қайысар ма екен қара су тұнбадай бетін тұндырып.

Солықтап тұрған сәскеде солқылдар ма екен су беті,
Суырып сазан суды ұрып, жарқылдар ма екен суреті.
Сүйкімді көлдің шабағы тулаған көлін тыншытса –
Үйретұғын ұршықша бойына сіңген індеті.

Алабұғалар қарғындар, сәулелер сіңсін бауырыңа,
Сәуле өткізбейтін айдынның араласыңдар дауына.
Ойнақта менің шабағым, ойнақтап барып оралшы,
Оралар болсаң ақыры ақылдылардың ауына.

* * *

Өмір сенің айқұш-ұйқыш өлшемің,
Өлшеміңе риза емеспін мен сенің.
Өмір сенің шимай-шимай есебің,
Есебіңнен қайтты талай меселім.

Өмір сенің айғыз-айғыз көйлегің,
Өйткені онда – кейде рахат кейде мұң.
Өмір сенің ойқы-шойқы мінезің,
Мінезіңе түсінесің бір өзің.

Мен сан рет кергілестім Сенімен,
Сен сабадың... пергілестім Сенімен.
Сен сабадың,

Сен жеңесің соңынан,
Әйелімдей өлдім-өштім, Сені мен.

21.11.1988 ж.

ОҢАША ҚАЛСАМ . . .

Өзекті жарған өзімнің құйттай мұңыммен

Тағы да міне,

оңаша қалдым бүгін мен.

Құп-құйттай мұңым,

қалайша жүдеп үгілген

Сонау бір жылғы аумайды жүдеу інімнен.

Аумайды сол қалқан да құлақ інімнен

Панасын көріп соңымнан қалмай жүгірген.

Қалқан құлағым,

сыбырлаушы еді құлаққа

Сыбырлайды бұл жүрегімдегі дірілмен.

Сыбырлайды бұл жүрегімдегі дірілмен.

Сыбыры сонда санамды бойлап жүгірген.

Оятқанында,

аяулы асыл сезімді

Аяулы дүние аумайды сол бір інімнен.

Аяулы дүние –

аумайды сол бір інімнен

Бейкүнә, бейбіт – аңқаулық аңқып түрінен . . .

Өзекті жарған

өзімнің құйттай мұңыммен

Оңаша қалсам

өзімнен өзім үгілем.

* * *

(романс)

Ақылымнан адастырып көр, кәне,
Құлың етші,
 құсың етші тордағы,
Жоқ... жоқ, енді билетпеймін еркімді,
Қажет емес махаббаттың ойнағы!

Таңғы тұман. Таңғы тыншу. Солғын нұр
Терезеден ене алмай тұр төрге бір.
Аршын төсті ашып тастап төсекте
Тәтті ұйқыда сен жатырсың, бар болғыр!

Анау иық, анау ерін, төс анау –
Қарамаймын.
 (Қол бұлғайды қос анар).

Анау саусақ, аяқ-қол да бәр-бәрі
Бар өзімде, таңсық па екен, жә, солар!

Деп қалсам да кете алмадым қасыңнан,
Ток ұрғандай ой сап етті тосыннан.
Жанарыңда жәудіреп бір көл жатыр
Тәтті ұйқыдан жаңа ғана ашылған.

Деп қалсам да,
 тәйірі, әйел деген зат
Сәуле сынды өте шығар көз арбап.
Деп қалсам да,
 бас иеміз бекерге,

Өлең арнап, имандай сыр – сөз арнап.

Деген бір ой,

жә енді оған жолама,

Санамда тұр (жеңбей бірақ бола ма).

...Құрсағыңа қолым тиіп кеткенде,

Кешір, кешір, келдім сонда тобама!

Сен – екеусің, екеусің сен, екеусің,

Кешір мені, сүйгенім сен екенсің.

Әйел-заттың махаббатын тек қана

Адамзаттың бақытымен өтерсің.

С. Балғабаяевқа

Сұлтанәлі, сенікі ненің шөлі,

(Әлденеге сусатты-ау өмір сені).

Сен әйтпесе, әуелден ашқылтымға

Жоқ жігіттің бірі едің көңілшегі.

Шөлдегеннің оншалық жоқ зияны,

Шөлің қанса, жаның бір жаңғырады.

Шөлдегеннің ең ғажап рахаты сол –

Шөлің қанса, о, шіркін... бар қиялы.

«Шөлім қанса, о, шіркін, шөлім қанса»,

Қанар шөлің дәм болса, өмір болса.

Махаббаттың шөлі ғой басылмайтын,

Досқа ренжіп шөлдейсің... көңілің қалса.

Алда үміт алаңдап, алағзисың,
Артта өкініш... айылын қалай жисын.
Үміт пенен өкініш екеуі де – у
Іше-іше өлем деп қобалжисың.

Шөлдің осы сойқаны, сойы емес пе,
Қабырғаны қаузайтын ой емес пе?!
«Ой түбіне жетпейсің» дейді қазақ,
Ойыңменен ойнама, қой егеспе.

Ойың ояу болған соң, сезім сергек,
Өз ойыңа өтесің өзің шөлдеп.
Өз ойыңа өте алсаң – толдың өзің,
Арылмасын шөлінен көн кенезең.

САУАЛ

Бомба үстіне бозторғай жұмыртқалар ма,
Дүние сонда дін аман,
жер үсті ұйық болар ма?
... Көтерем етіп жер жыртсақ көк өгізбенен,
Көк езу біреу соқа ұстап,
көк иық болар ма?

Орақ сабынан ойылып,
қол күстенер ме,
Шөпші ауыл болып шай ішсек...

Тал түс төбеде.

Ел шөлдеп әлек, бір бала ойымен әлек,
«Біздің ауылға биыл жаз әртіс келе ме?...»

Зеңбіл аспанның жұп-жұмсақ жиегін тіліп,
Шаншылып сүйір тұсмығын сүйей ұмтылып.
Шуда бір түтін төнеді көк төбемізге,
Қараймыз үнсіз жанарға үрей іркіліп.

«Құрбан шалмасаң, жақсылық жасап па құдай»
Ойлайды бәрі: «Тұр-ау деп нысап байымай».
Құрдасына әкем тезірек білдіреді ыңғай,
«Тұсақ жоқ қонды дәл сенің тұсақ қойыңдай».

Бомба үстіне бозторғай жұмыртқалар ма,
(Қой үстіне қонғаны ұмыт болар ма?)
Өмір – үміт, бомба, сен күдіксің ғой,
Сен құрымай ойлашы, күдік қала ма?

* * *

Сені ме сені, сені ме сені,
сенбеймін саған сұм жалған,
Бір күні мені жалғыз тамшыдай –
жылт еткізесің жылғаңнан.
Сені ме сені, сені ме сені,
сенбеймін саған сұм жалған,
Білемін, білем,
бір күні мені таралған шөптей

тастай саласың тырмаңнан.

Сені ме сені,

сұм деп-ақ тұрып сенбесем-дағы

сыйласам,

Ұлтаныңа ұйысқан сенің

біз деген бұйра-бұйра шаң.

Есімнен танып қиналған кезде,

көзімнің алдын жарқ еткіз,

О, жалған дейін,

о, жалған дейін,

жамантыңа қимасаң.

21.11.1988 ж.

СЕРІКБАЙҒА

...Соныменен Оспанұлы Серікбай,

Жар жағалап сазға біткен борықтай,

Қырық жасқа келді бүгін, мінеки,

Жетіммін деп желкесінен су кетпей,

Жалғызбын деп жалтақтамай, қорықпай,

Топты қыздың ортасынан шықты өніп,

Әйелзаттың мейіріміне зарықпай.

Талай отқа, талай суға күмп беріп,

Құдай қағып жаманатқа жолықпай,

Басы бүтін, бауырына басты бұл

Бұйырғанды, бұйрыққа обал дарытпай.

Жиырма жасқа жетіп-жетпей үйленді

Райханның оң мен солын танытпай.

Қармағына жемқапқыш бір неме еді,
Қағып алды қармағымен балықтай.
Қайран ана жаялық қып жүрегін
Тегі бардың тентектігін танытпай...
Жалғыз ұлым өтсін дейтін тарықпай.
Біз бәріміз сол анадан тәтті дәм
Татқандармыз тары құмар тауықтай.
Қырық жасар бөбегінің дауысы
Жер бетінен жетіп сәуле жарықтай,
Топырағынан аунап түсіп сол ана
Жер астында жатқан шығар «боталап»
Үш жыл бойы ішпей кеткен ұлына
- Іш, - дер еді ол, - бүгін, ботам, шамалап.
Мейлі ішіндер, мейлі ішпендер, осы тост
Сол ананың аруағынан аманат!

... Ал жолдастар!

Сәл шегініп, сәл алға,
Қырық жаста керек дейді қарауға
Егер еркек қырқылжың боп кетпесе,
Бағы тайып, бастан тағдыр теппесе,
Қырық жаста қақысы бар ол өзін,
Өзін-өзі Пайғамбардай санауға.
Пайғамбар ғып ешкімді ешкім жібермес,
Мынау біздің Пайғамбарсыз заманда!
Қырық жасқа жақсы болды жеткенің
Серікбай боп, азамат боп одан да.
Ақын болу керек дейді артынан
Үлестірсе рахатынан, даңқынан,
Алдыменен сол түсер ед талауға.

Талантқа сай талан берген Райхандай,
Тағдырына жақсылыққа жарауға!
Қырық жаста енді сенің хақың жоқ
Жан-жағыңа жалтақ-жалтақ қарауға.
Қырық түгіл отыз тоғыз жасымда
Мына мен де ұяламын расында
Көздің сұғын анда-мұнда қадауға.

Бұл әзіл ғой...негізгі сөз басқаша,
Тағдыр бізді туа салып қоспаса,
Біз осылай әзілдесе алар ма ек,
Қатал жандар буып бізді тастаса.

Әй, Серікбай, мен сені алғаш көргенде,
Сайтаның бар бала екенсің кеудеңде.
«Ақ ішейік, сақ ішейік» дедің сен,
Біз Серікпен қызыл әкеп бергенде.

Әй, Серікбай, сен сырықтай бала едің,
Арықтығың – іштегі ақын әлемің.
Ақын болмай, арақ ішсең сен бар ғой,
Түрмелерді тауысатын «пәле» едің.

Әй, Серікбай, қолың сенің тигеннен,
Адам түгіл қара тас та именген.
Сенің тылсым Аплотон күшіңді
Райханға рахмет айтам игерген.

Рахмет поэзия – өлеңге,
Артық күшті сылып алған денеңде.

Бұлтақ жолға түсірмеді ол сені,
Жібермеді құдилауға төменге.

Бірі – жарың, бірі – арың Ақындық
Ақын етіп алып шықты сені елге.
О, шүкір ғой, үш жұлдызың жанып тұр,
Үш жұлдызың жарқырап тұр төбеңде.
Дача да бар, басқа да бар бұл күнде...
Қолдың кірі... керек дүние дегенде!

Ал, Серікбай, қырықтан соң ең керек,
Жұмыр басың өмір сүру дөңгелеп.
Дүние тәтті, дүние шәрбат, дүние бал,
Соны жұтып тауысатын дем керек.

Ал дем үшін болу керек бас аман,
Аман болу керек алтын босағаң.
Адал жарлар аман болсын алдымен,
Босағаның қос көсігін жасаған.

Ақындық та, байлық та бар өзінде,
Кенде емессің ыстық-суық сезімге.
Ойдағыңның бәрін-бәрін берер ем,
Қырықтағы қомағайлау кезінде.

Тек, қайтейін ...

Әттең көбі жоқ қолда,
Тілегімді ал, тілек барда тоқталма!
Қырық қырдан Райханыңды қолтықтап,
Ал тартшы бір, елу деген қапталға.

Жалғыз тартпа, бізді де ерт соңыңа,
Заманы бір, амалы бір, жолы да.
Қарасын ел, таласқан да, жаласқан
Бірге туған ұяластар тобына!

30.03.1985 ж.

СЕРІККЕ

Серік-ау, сен де қырқаға шықтың жүгіріп,
Ұршықша уақыт қырық жыл ғұмыр үйіріп.
Жаныңнан мен де бір елі қалмай келемін
Ес біліп, етек жапқаннан бері киініп.

Ұялас едік,
бауырымыз жазып бірге өрдік,
Тағдырдың дәмін, таланның дәмін бір бөлдік.
Бозда ойнап жүрген бозбала кеше едік қой,
Қапыда қалай қырыққа жетіп үлгердік.

Қырыққа жеттік,
қырқаның шықтық басына,
Соңында менмін, алдымда сенсің асыға.
Дүниенің біз де оң-солын танып қалдық па,
Қарайтын боппыз адамның қабақ-қасына.

Қырыққа жеттік,
қырқаға шығып қарашы,
Адамның бұл бір толысар кезі ғой санасы.

Қазақтың білдей ақыны болды бұл күнде
Жұмагүл дейтін кемпірдің жалғыз баласы.

Адамдық көзбен, ақындық көзбен қарасаң,
Бітіргенің бар, бітпеген ісің орасан.
«Есінде бар ма, есінде бар ма?» дей берем,
Өткеніміз бен кеткенімізді санасам.

...Есінде бар ма,
Ақшығанақтың ар жағы,
Үркердей ауыл үрпиіп сонда қонғаны.
Есінде бар ма, соғыстан келген әкеңнің
Тәндегі жара, іштегі жалын – зардабы.

Қараша қоста, қолында құйттай домбыра,
Жаралы жанның асылдың неге мойнына.
Ақындық деген – әулие дүние, әкеңнің
Көз жасы болып басыңа сонда қонды ма?!

Сен білген жоқсың, әкеңнің демі аз қалған,
Жолбарыс сынды жарасын жалап қозғалған.
Дүниені қимай, тағдырды сыйлай өткенде,
Артында жалғыз медеті болып – көз қалған.
Есінде бар ма, салқындау сызды сол көктем,
Есінде бар ма, жиналған халық жер-көктен.
Есінде бар ма, анаңның салған дауысы
Жиналған жұртты егілтіп сонда еңіреткен.

Есінде бар ма, соғыстан соңғы елдегі
Керемет пейіл, тұрмыстың бірақ кем жері.

Мырзабек шалдың ақыретке деген ақ бөзін
Есінде бар ма, беліне буып келгені.

Соңынан шалдың қалмайтын еріп бір бала,
Сол баламенен ойнадың ғой сен ұрлана.
Келешегіңе көрінген шығар, осынау
Көзіңнен бірақ көрмедім сонда мұң, нала!

Мұң, нала саған байқатпай анаң қабағы
Қырыққа дейін күзетшің болып бағады.
Есінде бар ма, төртінші класс біткен соң,
Бесінші класс... Түйемойнақтың сабағы.

Бесінші класс... интернат наны, паёгі,
Борщы бірақ аса бір тәтті дәм еді.
Сарөзек жақтан қалта да қалта сөк, тары
Келетін еді – сауыншы анаңның сәлемі,
Есінде бар ма, сәлемдемені сақтайтын
Аузы ашық сенде қобдиша сандық бар еді.

Қобдиша сандық сондағы сөк пен тарыдан,
Бөліскен дәмнен тағдыр да бірге дарыған.
«Ішкен соң болды арақты» дейтін өлеңің
Газетке шығып, ақын деп сені танығам.

Сұраса сабақ, шығатын біз ек соңғы үні,
Өлең боп кетті ермегіміз де ендігі.
Ақынға әкім әуелден әуес әдеті
Жүнісов Кәдір старостамыз, сол жолы
Есінде шығар, шолтитып бір жыл шаш қойдық,

Шашпенен бірге махаббатқа бас қойдық.
Өлеңмен жазып, хат тасып жүрдік қыздарға
Класс жетекшіміз жасаса да «қаскөйлік».

Болмадық біз де,
 бозбала дәурен жол берді,
Өлеңімізді, өнерімізді ел көрді.

Дүниенің заңы, өмірдің заңы деп білдік
Геометриялық бұрыштар менен шеңберді.

Қойға да бардық, шөпке де бардық сұранып,
Қойды да бақтық, шөпті де шаптық сыбанып.
Солқылдап біз де жігіт боп қалдық сол кезде
Қыздардан бұрын... шараппен ерін шыладық.

Есінде шығар, алғашқы басты мақала,
Есінде шығар, алғашқы қаламақы да.
Есінде шығар Алматы жақтан хат жазған
Кеңшілік деген талапкер ақын хаты да!

Есінде шығар, көктемдер менен көрген күз,
Ұзақ жыл оқып... оқуды қиын жеңгенбіз.
Біреулерге ұқсап сығалап, сықсындамадық,
Біреулерге ұқсап біреуден көмек сұрамадық.
Әдебиеттің есігін ашып әдеппен,
Әдебиетке емін де еркін келгенбіз!

Есінде шығар, есінде шығар дей берсем,
Қырыққа бүгін келгендей өзім тебіренсем,

Айтатын менде әңгіме бүгін тым ұзақ,
Кешегілерді бүгінгілермен теңгерсем.

Есінде бәрі, есінде бәрі – себебі,
Ақын деп бүгін еркелетеді сені елің.
Басың да аман, бауырың бүтін – Азамат,
Анаң да аман – жапырағын жайған терегің!

Жайдақ та жалғыз қалтылдап өскен шыбықсың,
Қайырлы болсын,

желкілдеп жалғыз шығыпсың!

Мәуеңе міне, маңайың тегіс қарық боп,
Қалтылдамай да, солқылдамай да тұрыпсың!

Тұра бер, Серік, тамырың тартсын тереңге,
Шыға бер, Серік, биіктеріңе өнерде,
Қарабас таудың бауырында туған адамсың
Қарақан басың жүрмеуге тиіс төменде.

Қырықтамын деп жоғалпа жастық желігін,
Жоғалтпа, Серік, серттері бар ғой серінің,
Он сегіз болсын, жиырма бес болсын көңілің,
Тек сонда ғана жетеді жүзге өмірің.
Топырақпенен, табиғатпенен, қанменен
Көрейін соны –

тағдырлас менің Серігім!

СӨЙЛЕЙІК

Мемлекеттік масштабта, кел көсіліп сөйлейік,
Еркін-еркін ... онда не тұр ... еркін болсақ,
еркесініп сөйлейік.

Әлеуметтік маңызбенен, азаматтық парызбенен
өремізді көрсетіп,

Азаматтық ой-пікірмен
аренада өркеш ұрып сөйлейік.

Ауыл-үйдің пыш-пышынан алыс шығып сөйлейік,
Тереземіз кімдерменен тең екенін
таныстырып сөйлейік.

Бұрынғыдай бардың-жоқтың дақпыртына мәз болмай,
Құр мақтанды қанағатқа ауыстырып сөйлейік.

Көрінгенге құлдық ұрмай сөйлейік,
бұйрық ұрмай сөйлейік,

Дәл ғылыми дәлелдермен, шиге ұрынбай сөйлейік.
Жайма шуақ жария етіп, мамыражай мәміле етіп,
дау-далаба тудырмай,

Жеделдетіп уақыттың қимылындай сөйлейік.

Бүйрегіңді бүлкілдетсе, күңкілдемей сөйлейік,
Жатып атқан жұмбақтарды кім-кім демей
сөйлейік.

Тұлай бойың тілегенді, тіл ұшына келгенді
Лажсыздан ыркында ұстап іркуде үдей ... сөйлейік.

Астарласақ, астарлайық,
астамсымай сөйлейік,
Жаманатты қайда болсын жасқаусымай сөйлейік.
Баяндауыш боп сөйлейік, бабы жанған іс болса,
Бастауышты табу оңай...
қостаушыдай сөйлейік.

Өткен күнге өкінгенмен, түкірмей-ақ сөйлейік,
Бүгінгіңде аз ба өкініш ... «Шүкір!» деп-ақ сөйлейік.
Бітеу-бітеу жарамыз бар,
бітіспейтін жау да көп,
Берік бірақ бітім жасап, бітірмей-ақ сөйлейік.

Ішкі есеппен сөйлесейік,
ішкі әлеммен сөйлейік,
Өлі балық секілденбей, құштар өңмен сөйлейік.
Жүзіқара сөйлемейік,
шындықты айтып өлейік,
Жүзінде ойнап керек болса...
ұстараңмен сөйлейік.

Ал сөйлейік,
Сөйлейікші мемлекеттік масштабта,
Адамзаттық аренаға одан әрі асқақта.
Ал сөйлейік,
Кімбіз біздер –
алмайық тек байқатып,
Қыза-қыза байқаусызда барысқанда бас жаққа.

Мәуленов ақын мәуелі жырдың алқабы,
Тойыңыз тойға ұласа берсін торқалы.
Әуенің сенің көлдердің күллі құйылысы,
Құйылысы көлдің шым тереңіне тартады.

Поэзия – аспан,
Сырбайдай нұрлардың бірі,
Поэзия – дала, Сырбайдай қырлардың бірі.
Біздің Торғайдың өзеніндей,
күрдимға күймай,
Құрлыққа күйған,
жаса, Сырбайдың жыры!

Табиғат деген тағдырым менің –
Табиғатыммен мәңгі біргемін.
Табиғатыммен тайталасам деп
Өлекке түстім... білмедім.

Табиғатымды танымадым мен,
Басына тептім –бағыма мүлдем.
Табиғатыма қарсы жүзем де,
Тағдырға тайқып... жалынамын мен.

Табиғатыма берік болмадым
Белгілі тағдыр ерікті алғаның.

.....

* * *

Тағы да көктем,

Тағы да келді – мәңгі май,

Мойылдай көктің мөлтілдеуін-ай, мөлдірі-ай,

Аспанның жүзі ашылды ма екен дәл бұлай,

Анау бір бұлттың балаусасын-ай, балғыны-ай...

Балаусасын-ай, балауызын-ай, балғыны-ай,

Аймалап көкті ауаныменен қалғуы-ай.

Қалғып та тұрып басынан қапыл етер ме,

Бір сәті рахат, бір сәті апат – мәңгі май.

* * *

Тасым өрге домалайды,

домалайды күрт төмен,

тасы өрге домаласа,

тас боп қатып жұрт деген,

Әлін біліп әлденеден, әлібінен түртпеген.

Тасым өрге домалай гөр,

домалай бер төменге,

Болмысымнан басқа бірақ бағынбаймын

«өнерге».

Тентек тағдыр, құмарсың ғой,

тәлкектеуге адамды

Бірақ сені өле-өлгенше ойнатпаспын төбемде.

* * *

Тел өскен тең құрбыңмен қатар өскен,
Сен маған мүшел үлкен апа емес пе ең!
Бір үйдің бозтайлағы ең,
қыз ғып беріп,
Табиғат тек сол жерден қателескен.

Ерке едің, еркін едің – шолжың емес,
Бір үйдің байламы едің, болжамы емес.
«Тағдырың қосақтайды кімге сені»,
Кез еді сағым-сауал ол жағы елес...

... Қойлы ауыл қоңыр төске кеп қонғансын,
Кез еді көктемде ойнап өткен жасын.
Сынағы – кәмелеттік аттестаттың
Кез еді кәмелетке жеткен жасың.

Кез еді қырмызы гүл қырдың үсті,
Кез еді көл күмбірлеп мың дыбысты,
Жарықтық жан иесіне қанат бітіп,
Көбелек көк көдеден ырғып ұшты.

Бұл неткен албырт көктем, аңғал көктем,
Сәріде самалы есіп салған беттен,
Деміндей мынау жап-жас дүниенің
Сайды өпкен, саланы өпкен, аңғарды өпкен.

Ұлдары ек қойлы ауылдың жалаңаяқ,
(Даланы сыйлап өстік, даланы аяп...)

Қозысын көк тұсақтың құнан қойға
Телуші ек шешемізге қарамай-ақ.

Әз апа, қойлы ауылдың қызы едің ғой,
Сол көктем қыз боп сен де түзедің бой.
Келгенде демалысқа апаң айтты:
«Қарағым, бар қарамыз бір өзің ғой».

Көзіңнен керемет бір нұр жүгіріп,
Қарап ең о, ғажап-ай, тірлік –үміт.
Бір жәндік... дәуіт екен шаңыраққа
Шыға алмай тал уыққа тұрды ілініп...

Көк көйлек киіп қызыл, жасыл көйлек,
Иіс май, әтір сумен шашыңды өңдеп...
Келуші ең әр емтихан өткен сайын,
Үйің той, жатушы еді шашу көл боп...

Айтты әкең: «ақ тайлағым, алаң білмей,
Оқи бер сәулеленіп сонау күндей».
Жұрт айтты: «жолы нәзік, беу бишара-ай,
Ата-ана қабағына қарап жүр ғой».

Әз апа, иман жүзді арға толы;
Әкеңіз ашық дүние – малға қолы.
Қаракөл ауылының қарт қойшысы –
Жан еді қарапайым шаруа торы.

Көбік сөз айтпайтұғын, көлгір мақтан,
Әр сөздің артын күтіп орнын баққан.

Мал үшін қырық жыл ұйқы-күлкі бөлді,
Жоқ бірақ омырауына орден таққан.

Байсалды мінезбенен, парықпенен
Қатардан көрмеген жан қалып төмен.
Айтпақшы, алған бір жыл құрмет қағаз
Алтынмен айналысын әдіптеген.

... Бір күні ауыл сырты қара жолға,
Бұрқ етіп шыға келді қара «Волга».
Жүр едім қозы қайырып қыр басында
Тұмсығын сіздің үйге қадағанда.

Оқыс бір сезім теуіп сананы кеп,
Дір етті... әлденеге бала жүрек.
Әз апа, сені ойладым... жүдеді-ау деп,
Соңғы айда сын тапсырған сабағы көп.

Әз апа, сені ойладым, аяулы апа,
Көңілі болмаса деп қаяу-қапа.
Құбылып бала қиял... көкірегімде
Керемет құдірет күш оянды, апа.

Әз апа, сені ойладым, алтын апа,
Маңдайы кере қарыс, жарқын апа,
«Жалғыздық, жат жұрт» деген екі сөздің
Салқыны мені келіп шарпыды, апа.
Бір ғана сәулесі боп нұрдың, апа,
Сен менің қиялымда тұрдың, апа.
Мен саған осы барлық сезімімді

Есейіп айтсам дедім бір күні, апа,
Өзіңе айтсам дедім бір күні, апа!

ТИТИМДЕЙ КӨҢІЛ

Қайғысыз адам қайда бар,
Қайырымсыз хайуан сол шығар.
Қайғысыз емес айналаң
Араласпай ма, ол мұндар.

Түспейді қайғы аспаннан,
Түсің де емес ол сенің.
Жанарды көрсем жас тамған
Сол деймін жанның өлшемін.

Сол деймін дағы,
солықтап
Сонымен бірге жылаймын.
Аламын жігін анықтап
Адамдар менен «құдайдың».

Ашыса жаның адамға,
Адам боп жылай алсаң ғой.
Қашанда, қайсы заманда
Адамдық бақыт сол, сол ғой.

Сол, сол ғой,
сол ғой – бір қарау,

Көз жасын нарау бір сығып.
Жаны ашығанын бұлдамау –
Титімдей көңіл тіршілік.

* * *

Түйсігім менен түсінігімнің арасы,
(Мәңгілік жұмбақ әлемім сол-ау шамасы).
Түйсігім менің тұспалымменен бал ашып,
Түсінбес соны түсінігіме, қарашы,

Түсінігім-ай, түсінігім-ай тәуелді,
Әдемі еді ғой алған бағытың әуелгі.
Сау басыңа сақина тілеп аласың,
Сарсаңға салып айналаңдағы сау елді.

Түйсігім айтқан құп-құйттай ғана түйінді
Тыңдамайсың-ау ақыл ғып басқа құюды.
Жақсы көресің ақылман болып көзге ұрып,
Жақсырақ жүріп, жақсырақ күліп, сүйөді.

Өзіңдей мынау құп-құйттай ғана түйсігім,
Ол да біледі барлығын дүние исінің.
Ол да біледі дүниенің түзу жолдарын,
Қиюлары мен қиырлары мен қисығын.

Кеңістік әлем – дүниенің көзсіз қармалап,
Жетелеп сені, келеді сені қорғалап.
Он рет сенің маңдайың тасқа тигенмен,
Сан рет сені сақтап та қалған сол ғана.

Сен бірақ оған көтересің кеп кеуденді,
Сен көкірексің, ол неге сонда көргенді?
... Бір шыбықпен айдай-ақ алмай өтем бе,
Өзекті жарып өзімнен туған сендерді.

22.11.1988 ж.

ТҮН

Тас төбеден үркер әлі аумай-ақ,
Самал соқты селқос тұрған тауды аяп.
Сердір шалғын арасына шық ұйып,
Сылбыр құмға жатыр құнын саудалап.

Анда-санда саңқ-саңқ еткен қырғидың,
Дауысы ғана шатқалдарға ырғиды.
Ойлы аспаннан оймақтай боп бір жұлдыз
Ойнап шығып көкжиекке сүңгиді.

Мына түнге тұра алмайсың сүйінбей,
Мұндай түнді «мен тудым» деп тұр шілде.
Күн қақты құм жыбырлатты мұрынды.
Қоламтаға піскен нанның иісіндей.

Мақпал емес... мауыты емес жоқ сонда,
Бұл қандай түн, жарық та емес, ақ шамдай.
Жер ошақта жанған оттың түтіні,
Көрінбейді, түннің түсі тап сондай.

Бір дыбыс жоқ, бұл маңайда енді артық,
Түн құшағын тоңазытты жел шалқып.
... Күрең бие құлынынан қыр жақта
Айырылып қап, кісінейді жер тарпып.

ТУЫС ҚАН ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

... Әкем менің соғыстан тірі келді!
Үміт дүние-ай,
Жанданды, жібиді енді.
Сегіз құрсақ көтерді шешем сосын,
Тәй-тәй басып өстік біз Ұлы жерді.

Сау тамтығы аз әкемнің денесінде,
Сап-сау еді сырт өңі... ел есінде.
Сықырлатып балдағын ойнаушы еді
Сылқ-сылқ күлген тағдырдың төбесінде.

Әкем – шаруа, мал бақты, тың игерді,
Жарасы ескі жаңғырып тілімденді.
«Соғыс салған жарадан өлмеймін» - деп,
Білмейтұғын тірліктен түңілгенді.

- Мен ажалға адаммын тік қараған,
«Шықпа жаным» күнім жоқ шықпалаған.
Ажал сұм да тайқиды адалдықтан,
Адал емес ажалдан бұққан адам.

Заңы солай,
соғыстың, солдаттың да,
Адалдыққа ешқашан жер қаптырма!
Денемізге жан берген қан секілді
Дүние демін адалдық жалғап тұр ма,
Деп ойлаймын?..

деді әкем шынжау адам,
Айтқысы кеп арылып зіл-заладан.
Сал төсекте сарсылып жатты ұзақ
Құр сүлдерін қорғасын қузалаған.

- Қалқам! – деді, - ажалға жеңілмесе,
Мен жеңілмен, - деуші едім көңіл кеше.
Үш адамның ғұмырын сүрем деуші ем,
Тағдыр түйткіл себебін, себін берсе.

Үш адамның ғұмырын сүрем деуші ем,
Бірақ тағдыр түйткілге тіленбеуші ем,
Сүрем деуші ем үш ғұмыр,
үш құрбаным,
Жер астынан жебесен, жігер берсең...

Үшеуі еді майдандас қанкөйлегім,
Үш ғұмыр сүрем деуім сол ғой менің.
Үш боздақтың үш тамшы қаны шығар –
Сегіз сәуле үмітім сендер менің!

Үш танкист ек,
айласы жаннан асып,
Тап болғанда ажалға жанталасып.

Аспан асты... жатыппыз үшеуміз де,
Қара жерге құшағын айқара ашып.

Үшеуміздің ортада қаршадай қыз,
Қаршадай қыз не істеп жүр,
байқамаймыз,
Қаршадай қыз қан беріп, қан құйып жүр,
Ал біз болсақ «су, су» деп қайталаймыз.

Біз білмейміз,
өліміз, тіріміз бе,
Бірімізден қан құйды ол бірімізге.
Қайдан бірақ қан түрін анықтасын,
Қарап таныр зат емес түрімізге.

Бірінен қан біріне ала берген,
Әлсіздеуге әлдіден,
әлдәрменнен,
Бірдей, қалқам, бір түйір қан бергенмен –
Жарық дүние тұтас бір жалған берген!

Сол үшеуден мен ғой, - деп, - тірі қалған,
(Әкем бір сәт күрсініп ыңыранған).
Бейбіт заман сипалап айдарымнан,
Қолтықтады төрт бірдей құбыламнан.

Өліп барып тірілдім –
елге келдім,
Сеніп барып,
сегіз от – сәуле көрдім.

Үш құрбанның үш түйір қанымен мен
Қарақтарым, десеңдер мен деген кім?..

Үш боздақтың қаны бар, қалқам, менде,
 (Қан кетердей мойнымда қорқам кейде).
 Жүктелген қан емес ол –
 аманат қан,
 Аманатты қалдырмай ортан белде.

Денемдегі соның әр түйірінен –
Сегіз перзент сендер боп бұйырып ең...
Қандарыңда үш қанның құрамы бар,
Қиюласқан тағдырдың қиюымен.

Қасиетіндей құрбанның мұра болар,
Қандарыңда үш қанның құрамы бар.
Ол үш боздақ үш халық перзенті еді,
Қасиетті қанда бар шығарыңдар!..

Қасиетіңді қанда бар көрсет, қалқам,
Бір тамшыңмен адамға бол сеп, қалқам,
Дауа деген – қанға – қан, жанға – жан да,
Қанға – қан, жанға – жанды емші ет,
қалқам.

Кемсеңдеп жас көрсетпей солдат жылап,
Артынан білді деді санбат бірақ.
Бір екен қанымыздың құрамы да,
Жіберген мына мені жалғап құрап...

Табиғат кездейсоқ қой салдар-себеп,
Ойлаймын кіл осылай оңғарса деп.
Әуелден адамзаттың туыс қаны
Табиғи тегіменен жалғанса деп.

Сонда маған кім екен болған медет,
Құларымда құлатпай қалған демеп.
Енді ойлаймын,

жастықта кінә - кінә,
Күнәһарлық дегенің жалған ба деп...

* * *

Үркердей ауыл, үкідей шалғын айнала...
Үркеді бұлақ, жатады қырат ойлана.
Үрпісі иіп желіге жеткен жылқылар
Солықтап келіп сауырын созса жай ғана.

Сағатын шайқап жанаспақ болса жас құлын,
Сауыны жетіп шұлғыса қулық бастығып.
Мойылдай жанар мөлт еткен кезде шашырап
Қайырып мойнын иіскеп тұрса хас түлік.

Бөгелек тиіп, бипаздап алып терісін,
Аңсаса әлгі отығып қайтқан өрісін.
Асығыс үйден жеңешем шықса желіге
Жолшыбай шалғын жаласа қайыс кебісін.

Күрпілдеп көпсіп иіген кезде екі емшек,
Мезгілі өткен сауынның есесі өтелсе.
Қыр шөбі сіңген қымырандай қулық саумалы
Қолқаны кеулеп кенеттен жеңгем жөтелсе,
Жөпелдемеде сезімтал жылқы селт етіп,
Жиырылып қалып шап бауырын сәл-сәл көтерсе...

ҰСТА СОҚҚАН БАЛҒАДАЙ

Бақыткерей Ысқақовқа

Тәуекел деп тас жұтады талғамай,
Ас жұтады тас жұтқандай аңдамай.
Тамағынан өткен-кеткен ас болды,
Түйілмеді, бір құдайы болды Абай.
Асқазанын жаратқан соң жақсылап,
Бас қазаны – бас терісі ол да бай...
Басты есептен жаңылған жоқ Бақошы
Сүйресе де ию-қию жол қалай...

Асыққанда – алаңғасар дер едім,
Біткен ісі ұста соққан балғадай.
Қаудырлап-ақ, салдырлап-ақ жүрсе де,
Қарекетін қалған емес қамдамай.

Алдыңды орап жасайды ол жақсылық,
Салмағындай салмақ түсіп қалмағай.
Ақын – сері! Шашады да төгеді,
Ынсап берген Жанаржандай жан жары-ай.
Қылшылдаған ақ алмаспен алысып,
Қырық жаста қынабына салғаны-ай.
...Қырықтағы, қынаптағы бауырлар,
Енді сирек суырыласың, жалған-ай!

..Лездеме, мінездеме бұл құйттай,
Бақош, саған баршаға айтар шындықтай,
Қырық жас бұл, қырық секунд емес бұл
Өте шығар шашасына су жұқпай.

Қырық жас бұл көргенің мен түйгенің,
Жасуынан өтетін кез иненің.
Өлшейтін кез берсе дүние безбенін,
Тартатын кез тегершігін диірменнің.
Құдайы бар қағатын әр пенденің,
Құдайы бар қолдайтын әр пенденің.
Құдай өзі көп қолдаған Бақоштың
Сөз билігі – жазушылық билеті,
Ең бірінші бақытыңды сол дедім!

О, Бақошы, білсең сенде көп бақыт,
Аузың тиген азаматсың аққа тік.
Кейін жазып, кеш келгенде ортаға
Өлеңінді оқи сала мақтадық.

Оқасы жоқ кейде кеміс, олқылық,
Оның орнын шараппенен толтырып,
Серік пенен Серікбайдай емеспіз,
Ішсек болды шығушы едік желпініп.

Натураммен саған жақын мына мен,
Бас ауырып тарпа талай сынап ем...
Менен гөрі құмар ең сен қызылға,
Сенен гөрі мен қыздарға құмар ем...

Керісінше емес пе бұл ... ойланам,
Пәтерлерің қыз базары – айналаң.
Басыбайлы бала едім мен, үйіңе
Барып қалып көзім оттай жайнаған.

О, Бақошы, соның бәрі кеше еді,
Уақыт қалай зымырайды, еседі.
Бір шаңыраққа шынар болдың сен бүгін,
Азамат та, ақын болдың көшелі.

Берік болсын босағаң да, ірген де,
Толсын үйің жақсы жыр мен гүлдерге!
Құнты менен құнын білген жырыңның
Туған жердің арқасы бұл білгенге!

Ал, Бақошы, қырық жаста қылшылда,
Марқайдым деп, қартайдым деп қымсынба!
Жыр дейтұғын байлығың бар уысында,
Құдай қағар қасиет бар туысында,
Тартып жібер! Маған қарап тұрсың ба?!

1985 ж .мамыр.

* * *

Ұят та болса, уыздай қызға көз тастап,
Күмілжіп қалдым, кете де жаздап сөз бастап.
Бір ыршып түскен көбелек сынды, пәтшағар,
Қалпымды танып, қимылымды білген
жазбастан.

- Бірдеңе, ағай, сұрамақ па едіңіз?..

деді де,

Сұлулық сұмдық сиқыры сыйып денеме.

Не деген ақыл, не деген астар, неткен ой,
Аударып көзін көмкеріп дүние көгіне.

Тас мүсін болып жүрегім соқпай мен қалдым,
Мынау бір сурет – тылсым бір құдірет,
таңғалдым.

Бәлкім мен мұны мың рет көрген шығармын,
Қасиетін бірақ ең тұңғыш рет аңғардым.

23.11.1988 ж.

ШАТҚАЛДА

М. Мақатаевқа

Нарынқол –

Саржаз, Қарасаз,

Лабасы тұрды қапталда.

Күз еді. Жаңбыр. Дала – саз.

Тау жолы тайғақ шатқалда.

Жолаушы ауыр автобус,

Моторы ұшқын атқылап,

Ілбиді... біздер теп-тегіс

Тілейміз соған дәт, қуат.

Қараймын тысқа әйнектен

Алаңдап ойға әрқалай.

Құтылсақ шатқал – бейнеттен

Зымырар ек-ау әрі қарай...

ЫБЫРАЙ АЛТИНСАРИН МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ОЙ

Сарыөзек сартап сағыныш сынды
саралжын алқап Торғай төріне
Алтынсарин кеп мектеп салыпты
мехнатты елдің маңдай теріне.
Балғожа бидің немересі еді ол,
кенеулі елдің кенересі еді ол,
нені көкседі, нені ойлап?
Орынборда оқып. Омбыға барып,
орыстар жазған томды қотарып,
дүниені шолып, абайлап.
Ильминскиймен ілінісіп қалып
идеясынан шаң шыққан,
«Қазақтар деген қараңғы ел емес,
көрсоқыр емес тұншыққан.
Қазақтарды тек оқыту керек – орыстық ұлы текпенен
Орысқа бірақ айналдырудың қажеті әсте жоқ» - деген.
Алекторовпен теңескенде иық
амалсыз ырза лебізбен
Писарьға ғана жарайтын
жұртты «хорунжий мырза» дегізген.
Орыстың өңкей зиялысымен замандық ойды тең жеккен.
Мүсіркеп арқа қақтырмаған ол,
Омырауға алқа тақтырмаған ол –
мысқылмен берер шен-шекпен.

Мысырға барып молда болмаған,
Мекке барып ишан болмаған,
(білген болар-ау өз нарқын).
Жат жұрттан алған күллі атақ жалған,
бермеген соң өз халқың.

Мысыр мен Меккем –
Сарыөзек сартап сарадыр Торғай сенсің деп,
Ол-дағы біздей сағынышы сыздап
келді ме бір кез кемсеңдеп.
Көне даланың топырағына көз жасын шылап тұрды ма,
Келешек ұрпақ,
Сен бір байырқап –
көзімнің жасын көрсең деп,
Көз жасыменен күпті көңілдің құс қанатында дірдектеп,
Ғасырлық ілім ұясы болып көтерді бойын бұл мектеп.
Қоңырау емес қағылған сонда –
көтерген құйттай күн еді,
Жолбарыс жүрек, жалаңаш қолмен жинаған жылу тірнектеп.

Кішкентай Күннің қызуы сосын Замана үрлеп жанданды,
Көшпелі халық көшелі ел болды,
Дүние –әлем таңданды.
Аласапыран замандар өтті, алмағайып тым заң өтті,
артында талай ақтаңдақ қалды,
беріш боп қатып қан қалды.
Даланың құйттай дәрісханасы –
Алтынсариннің мектебі
Сіміріп сонда тұрдың-ау сен де
Замана қаққан шаңдарды.

Табиғат қаққан шаңдарды бірақ
табиғатыңмен тазарттың,
Осынау мектеп – осынау өлке, өңірдің
Жаялығы мен жайнамазындай болған-ды!

Жасырар не бар, жасқанар не бар енді айтпай,
Көп көрдік кеше – шетқақпай менен қолқақпай.
Тарихымыздың бетіне кейде түкірдік,
Тағдырымызды алаңғасарлық ойлатпай.
Анамыз сынды Алтынсариннің мектебін
Бұздық біз сонда –
бульдозерлермен жайдақтай
«Қазақ кім?» десе,
«Көз ашқаным» деп көрсетер,
Қазынамызды маңдайға біткен мандаттай.

Оралды-ай жылдар...
ойланып барып өкінер,
Тағдыр ғой, тағдыр – кетілер-дағы жетілер.
Қасиетінді ұмытпаса болды, киелім,
Тарихқа куә, қасиетіңе кепіл ел.

Жүз жылдар өтсін,
Алтынсариндей алыпқа
Мінәжат жасап, береміз біздер Ант та.
Мәңгілік саған – Музейміз дейміз біз оған,
Экспонатың – біздерміз дейміз біз оған
Айналмайтұғын ешқашан басқа халыққа!

АҚ ДҮНИЕ

Талай да талай күн өтті,
Қарай да қарай жан-жаққа.
Ағарып атқан таң да аппақ,
Артымда қалған шаң да аппақ.
Ақ иық жерге салмақ сап,
Алдымда тұрған тау да аппақ.
Ақтара салған шарбы май,
Ақ бұлттар менен аулақтап,
Алқымы кеппей қалқиды
Алқынып жетер тауға ықтап,
Алғашқы қарлар жаулық сап,
Ағарып қапты бар қыстақ
Ашулы бұлақ ол да ақты
Ақ көбік – бұйра жалға ұқсап.
Ақ айлар туды қылыштай
Алшыдан жатып қалғанда.
Жұлдыздар шұғыла шашқанда
Ақ сәуле ұйып аспанда
Ақ жалқын сәуле тарайды
Қап-қара қайсар тастан да.
Күңгіртті сырып тастауға
Ақ жарықтарға мастанба.
Жазбай-ақ жыр да, дастан да,
Ағармас бірақ шаш бар ма?
Талай да талай күн өтті
Қарай да қарай жан-жаққа.
Арман мен ойды елеп боп,
Жолдарға шықтық дедектеп.

Сорларға мүкті су құйдық
Суалмау үшін шелектеп.
Аппақ дүние көз қарып.
Адасып кетпеу керек деп.

* * *

Сұңғыла шалдар бар еді
Сүмбіле шашы қара еді.
Суырылып шығып сөйлесе,
Көтерген сөздің әруағын.
Аманкелдінің сарбазы,
Әліби батыр сардары.
Таңдайдың майын тамызған
Термені судай ағызған
Домбыраларын күйлеген
Шежірелері алуан-ды.
Жыраулар еді шетінен
Намысын жыртқан шаршының
Арқасы жерге тимеген
Және де көбі палуан-ды.
Өткенге айтып салауат,
Кеткеннен айтып аманат,
Тілейтін еді қанағат.
Аттамаушы еді ала жіп
Ағайындарды алалап.
Тұрып ап таңда сары ала
Шығатан еді далаға.
Қайырлы болсын айтатын

Қатардағы қай үйде
Туса да сәби-шарана.
Сұңғыла шалдар бар еді
Шетінен бәрі нар еді.
Селдіреп кетті сетінеп,
Селдірегені жаман, ә?...